Fe	b1	-1,44499	-1,99401	3,26471	-6,45161	1,25	1,25	7,45161	-2,26471	0	6,19048	-2,14072	-3,84615
	b2	0	2,99401	-2,26471	7,45161	1,39474	-2,27957	0	0	2,99401	-7,19048	-1,44087	2,84615
	b3	2,44499	0	0	0	-1,64474	2,02957	-6,45161	3,26471	-1,99401	2	2,13661	2
	b4	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	2,44499	0
Al	c1	1	1,37995	-2,70368	5,34293	0	0	-30,28249	9,2035	-4,98266	-4,2841	1,48148	2,66172
	c2	0	-2,072	1,87552	-6,17108	-3,7619	6,14849	-4,98266	-4,98266	-3,65494	4,97615	0,99715	-1,96967
	c3	0	1,69205	1,82815	1,82815	0	-9,91039	31,50324	-7,98275	4,87569	-1,38409	-1,47863	-1,38409
	c4	0	0	0	0	4,7619	4,7619	4,7619	4,7619	4,7619	1,69205	0	1,69205
Si	d1	0	3,99401	-6,53922	25,80645	0	0	-24,80645	7,53922	0	-6,19048	0	3,84615
	d2	1	-2,99401	7,53922	-24,8064	-5,57895	9,11828	0	0	-2,99401	7,19048	3,84615	-2,84615
	d3	0	0	0	0	6,57895	-8,11828	25,80645	-6,53922	3,99401	0	-2,84615	0
	d4	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

Продолжение таблицы 2

Исходные компоненты	Коэффициенты	Пентатопы, их объемы и коэффициенты трансформации											
		13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24
		CrSi2-Si-FeSi2-FeAl3	Fe-Cr-Cr2Al-Fe2Si	Fe-FeAl-Cr2Al-Fe2Si	Fe2Al5-FeAl-Cr2Al-Fe2Si	FeAl3-Cr2Al-Fe2Al5-FeSi	FeAl3-Cr2Al-Cr5Al8-Cr5Si3	FeAl3-Cr4Al9-Cr5Al8-Cr5Si3	FeAl3-Cr4Al9-CrAl4-Cr5Si3	FeAl3-Cr2Al11-CrAl4-CrSi2	FeAl3-Cr2Al11-CrAl7-CrSi2	CrAl4-Cr5Si3-CrSi-FeAl3	FeAl3-Al-CrAl7-CrSi2
Объемы		0,142136	0,042	0,05135	0,035076	0,011575	0,02445	0,008517	0,025534	0,01401	0,009128	0,028988	0,045851
Cr	a1	2,079	0	0,55209	-0,80825	-2,73677	0	0	0	0	0	0	0
	a2	-1,079	1	-0,81792	0,54242	1,26582	1,86066	-5,34118	4,96323	-10,2272	18,23256	3,33333	-3,62963
	a3	0	0	1,26582	1,26582	2,47094	-0,86066	6,34118	-3,96324	11,22728	-17,2325	-2,33333	4,62963
	a4	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Fe	b1	0	1	1	-1,46396	-12,43182	2,44499	2,44499	2,44499	2,44499	2,44499	-2,14072	2,44499
	b2	-1	0	0	2,46396	0	3,23346	-9,28192	3,45309	-7,11547	7,25855	2,31912	-1,44499
	b3	2	0	0	0	13,43181	-4,67844	7,83693	-4,89808	5,67049	-8,70353	-1,62338	0
	b4	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	2,44499	0
Al	c1	0	0	-2,07692	3,04054	10,29545	0	0	0	0	0	1,48148	0
	c2	0,69205	-3,7619	3,07692	-2,04054	0	-2,2377	6,42353	-2,38971	4,92424	-5,02326	-1,60494	1
	c3	-1,38409	4,7619	0	0	-9,29545	3,2377	-5,42353	3,38971	-3,92425	6,02325	1,12346	0
	c4	1,69205	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Si	d1	0	4	-4	5,85586	24,90096	0	0	0	0	0	0	0
	d2	1	0	0	-9,85586	0	-5,73386	16,45955	-15,2948	9,47846	-16,8976	-6,19048	3,36388
	d3	0	0	0	0	-26,90396	2,65222	-19,5411	12,21323	-10,4052	15,97082	7,19048	-4,29066
	d4	0	5	5	5	3,003	4,08163	4,08163	4,08163	1,92678	1,92678	0	1,92678

№ 2 секция.
Е.А. БӨКЕТОВТІҢ ӘДЕБИ ЖӘНЕ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

ӘОЖ 418.2

Е.А. БӨКЕТОВ - ЭЛИТАРЛЫҚ ТІЛДІК ТҰЛҒА

Адилова А. С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Касаинова А.А., "Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейі" КММ, Қарағанды, Қазақстан

Ұлттық мұратқа, өз халқының химия, металлургия, ғылым және мәдениет саласындағы дамуына айрықша үлес қосқан тұлға – Евней Бөкетов.

Дүниежүзілік ғылыми кеңістікте Букетов-Баешов әдісі эпонимімен белгілі Евней Арыстанұлы Бөкетов "Атан қомында туған адамнан" бастап, қазақша, орысша ғылыми, көркем прозаның, публицистикалық туындылардың авторы ретінде қалың көпшілікке кеңінен танымал. Алайда бұл атақты тұлғаның ақындық таланты да бар екені мәлім. Бұның дәлелі ретінде оның ағасы Қ.А. Бөкетов құрастырған "Ебінейдің бұлағы" [1] кітапшасын атауға болады. Қамзабай Арыстанұлы бұл шағын жинаққа ғалымның мұрағатынан табылған 9 өлеңін, сондай-ақ оның адамгершілігі мен ерен еңбегін көрсеткен белгілі ақындардың (Ә. Тәжібаев, М. Адамбаев, К. Салықов) және қызметтестерінің (М. Шарипов, М. Жамбеков, Ш. Амерханова) арнауларын енгізген. Осы кітапшада ерекше назар аудартқан шығарма - Евней Арыстанұлының өз ғылыми жұмысына берген поэзиялық сипаттамасы.

Біздің ойымызша, Е.Бөкетов – әдеби тілдің барлық мүмкіндіктерін еркін қолдана алатын, сонымен бірге тілді пайдалануға шығармашылықпен қарайтын, тіл мәдениетінің барлық нормаларын меңгерген *элитарлық тілдік тұлға*.

Қазіргі лингвистикалық зерттеулерде тілдік тұлғаның көп типтері анықталған. Мәселен, қазақ ғалымдары Н. Уәли [2], Ж. Манкеева [3] элитарлық, ұлттық тілдік тұлғаға тән ерекшеліктерді санамалап көрсетсе, мәдени жағынан В.И. Карасик *сөйлеуші тілдік тұлғаны* [4], Ю.Н.Караулов *орыс тілдік тұлғасын* [5] зерттеген, сондай-ақ *тарихи тілдік тұлға*, *элитарлық тілдік тұлға* типтері бар. Тілдік тұлға түрлерінің жіктелуі негізінде тілге байланысты адамның вербалдық іс-әрекетінің қайталанып отыратын ерекшеліктері анықталады. Ғалымдар тілдік тұлға типтерінің әрқайсын ойлауы, сөйлеуі, сөзқолданысы, мінез құлқы, жүріс-тұрысы, әлеуметтік дәрежесі, білімі және т.б. байланысты бөліп қарастырады.

Тілдік тұлға тақырыбына байланысты ғылыми еңбектерде «тілдік тұлға» ұғымынан басқа «ұлттық тілдік тұлға», «көркем тілдік тұлға», «күшті тілдік тұлға», «бірегей тілдік тұлға», «қазақи тілдік тұлға», «ұлттық тілдік тұлға», «екінші тілдік тұлға», «элитарлық тілдік тұлға» т.б. терминдері де қолданыста кездеседі. Бұл терминдердің «қарапайым», «дағдылы» тілдік тұлғалар мен өзіндік сөзқолданысы бар жоғарыдағы атаулармен аталған тілдік тұлғаларды ажыратып көрсету үшін қатар қолданылғандығы байқалады.

Сонымен, тілдік тұлға ұғымы адамның тілді жоғары дәрежеде меңгергенін көрсететін түсінік. Тұлға белгілі бір мәдениеттен сусындап, салт-дәстүрлерді бойына сіңіріп өседі де, ол оның тілінің қалыптасуына әсер етеді, сондықтан зерттеуші ғалымдар тілдік тұлғалардың мынадай типтерін атайды: м*әдени тілдік тұлға; екі немесе көп тілді меңгерген тілдік тұлға; екінші тілдік тұлға; этникалық тілдік тұлға; көп ұлтты тілдік тұлға; лингвомәдени тілдік тұлға; этномәдени тілдік тұлға; еуразиялық тілдік тұлға; ұлттық тілдік тұлға (қазақ, орыс, ағылшын т.б.); субмәдениетті тілдік тұлға; элитарлық тілдік тұлға.*

Элитарлық сөйлеу мәдениетінің иесі – бұл әдеби тілдің барлық нормаларын меңгерген, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктерімен, әдебиет, сурет пен музыка жауһарларымен таныс, ойын тілдік көркемдеуіш құралдармен әдемі жеткізе алатын тұлға. Элитарлық тілдік тұлға сөздің мәнін түсініп қана қоймай, тілді шығармашылықпен қабылдауы тиіс. Бұл оның сөйлеу барысында сөзді ойната білуінен, сөйлеу мәтінінде әдеби цитаталарды, әзілдерді, афоризмдерді орынды қолдана алуынан көрінеді. Ғылыми айналымда орныққан пікір бойынша, жазушылар, ақындар, ғалымдар, екі не одан да көп тілді жетік меңгерген адам, теле- және радиожүргізушілер, аудармашылар элитарлық тілдік тұлға деп есептеледі.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, көркем мәтінде ерекше тілдік код болады, яғни автор айтпақ ой-сезімін тілдік бірліктер арқылы кодқа салады. Мәтіндегі айтылған ойды түсіну үшін, оқырман санасында тілдік білім болуы керек. Ал тілдік білім деп сөздің мағыналарын түсіну, сөйлемнің мағыналары мен құрылымдарын білу дегенді айтамыз.

Нақты атау берілмеген өлеңде ұлттық таным лексикасы (*ару, жыныс, ер, хал-хадар, әл-перi*), эмоционалды-экспрессивті бірліктер, терминдер, динамикалық етістіктер қолданылған.

Жазушының өзіндік түсінігінен пайда болып, өңдеуден өткен тілдік бірліктерінің негізгісі – индивидуалды-авторлық қолданыстар деп саналады. Шындық әлемнің тілдік болмысын танытуда Е.Бөкетовтің туындысыы негізінде қаламгердің *тілдік тұлғасын* айқындайтын *авторлық қолданыстарды* атап көрсетуге болады. Мұндай *окказионалдық бірліктер* жаңа концептуалды мазмұнда өзіндік қалпымен, жаңа бояуымен ерекшеленеді, ұлт болмысының табиғаты жарқырай түседі.

Мысалы, Е.А.Бөкетов туындысынан үзінді келтірелік:

Күкірт, теллур әм селен-
Үшеуі де – халькоген!
Бұл үшеуі, жобасы,

Нәзік жыныс *болғасын*
Жүрмесе тек біреумен
Құшақтасып қолдасып,
Сезеді ешбір оңбасын.(Евнейдің бұлағы, 9 б.).

Бұл өлең жолдарындағы *нәзік жыныс* метафорасы – автордың тілдік тұлғасын сипаттайтын жеке қолданысы болып танылады. Ең алдымен, автордың сөйлемде өзек етіп алған «*жыныс»* сөзінің мағынасына келсек, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» ж*ыныс* I 1. Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің аталығы мен аналығы. 2. Тұқым, нәсіл, зат.II Жер қабатының әртүрлі құм-тастары. III Ағаш қалың, ну өскен орман-тоғай [6,333]. Бұл үзіндіде *жыныс*сөзін қаламгер «Қазақ тілінің түсіндірмесөздігінде» берілген бірінші *адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің аталығы мен аналығы*мағынасында қолданып тұр. Мәнмәтінде халькоген тобына жататын үш элемент – күкірт, теллур, селенді автор нәзік жыныс деп атап отыр, яғни олардың *жалғыз* жүрмей, құшақтасып қолдасып жүретінәйел затына тән қасиеттеріне ұқсатып автор өзіндік сөздік қорымен оқырманға жеткізіп отыр. Мұндағы *нәзік жыныс* қолданысы ұқсастық ұғымдардың бір-біріне қатыстылығынан туындаған окказионалдық метафора ретінде тануға болады.

Автордың шығармашылығынан туған метафора заттардың ұқсастығына байланысты жазушының дүниетанымынан пайда болған деп түсінеміз. Химия саласын зерттеуші Е. Бөкетов үшін металдарды метафорамен атау - олардың қасиеттерін жете түсіну нәтижесі. Ойымыздың дәлелі ретінде Е.А. Бөкетовтің сол өлеңінен алынған тағы бір үзіндісіне назар аударалық:

Темір, мырыш,қорғасын,
Қалайы, мыс, никельдей
Мықтылармен *табысып,*
Жанын алып, жабысып
Әл-перідей арбасар (Евнейдің бұлағы, 9 б.,).

Мұндағы окказионалдық метафора *мықтылармен табысып* автор тілінің ерекше поэтикалық таланты және химия ғылымы белгілеріне тән ойлау қабілетін байқатып отыр. Ғылыми ойлау мен көркем шығармашылық адамның айналасындағы дүниені танумен тікелей байланысты. Мәнмәтіндегі нәзік жандар жеке дара тұрғаннан гөрі химиялық қасиеті өздерінен басым элементтермен бірігіп, жаңа қосылыс жасауға ұмтылады. Ал, керісінше, осы үш сұлудың арбауына түсіп қалатын *мықтылар* – темір, мырыш, қорғасын, мыс және т.б. Күрделі химиялық реакцияларды әдеби тілмен суреттеп, элементтердің тотығу процесін адамдардың табиғи әрекетіне балау мақсатында жасалған авторлық метафора деп ойлаймыз. Мұндай нысандардың өзгешелігі ұқсастықты тануға, айқындауға көмектеседі. Автор қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстар өзгешелігін оқырманға ерекше әсерлі жеткізіп тұр:

Осы ***үш ару, үш сұлу****,*
Батырларын *шұбыртып,*
Іздегені болып су,
Айдынына күмп еткен,
Күмп еткенде оттегі
Жолыға қалып кенеттен,
Әрбіреуін айналар,
Қолданып талай айлалар,
Тотықтырып жіберер.

Бұл жерде халькогендерді *ару, сұлу* деп, металдарды *батырлар* деп авторлық метафораларды жасаған. Осы өлең арқылы автор химия ғылымындағы металдар мен халькогендердің бірігу және тотығу нәтижесін образды тіл арқылы сипаттап тұр.

Оттегі, сірә, бұл жерде
Д' Артаньян сияқты
Мушкетерге ***дәнекер***
Болғандықтан ***епті ер****.*

Үзіндіде белсенді элементтер жанған кезде оттегімен тотығу процесі, яғни оттегінің дәнекер ретінде қызмет атқаратыны сипатталады. Автор оттегіге *епті ер* деген балау жасаған. Бұл да химялық элементті метафоралау, яғни Е.А.Бөкетовке тән ерекшелік. Реакцияларды суретті тілмен бейнелеп, химияны түсіну жолын жеңілдетіп отыр. Осы үзінді ғалымның тек ұлттық танымдық кеңістігі ғана емес, энциклопедиялық танымдық базасынан да хабардар етіп тұр, яғни ондағы теңеу прецедентті онимге негізделіп, интертекстуалды байланысты көрсетеді. Атос, Портос, Арамис онимдерімен берілген метафоралар да - осының дәлелі. Бұл Е.Бөкетовтің химия саласының білгір маманы, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық танымды, әлемдік әдебиет, мәдениетті ұштастырған элитарлық тілдік тұлға деген қорытынды жасауға негіз деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Букетов Қ.А. Евнейдің бұлағы. – Қарағанды, 2000, 76 б.
2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт.... дисс. – Алматы, 2007. – 357 б.
3. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері / Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: 2014. - "Абзал-Ай".
4. Карасик Г.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. М., 2004. -200 с.
5. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. - М.: Наука, 1987. – 263с.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (15 томдық). – Алматы: Арыс, 2006, 2007, 2014, 2015. I-XV том.

ӘОЖ 82.4

ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Амангелдиева Г.С., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Тофлу М., Анкара Хаджы Байрам Вели университеті, Анкара қ., Түркия

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ журналистикасының түп-тамыры публицистік ой мен қаламгерлік шеберлікке негізделді. Қоғамды толғандырған, іштен жегідей жеген мәселелерді көтеру арқылы қазақ публицистикасы ел мен жер, тіл мен діл, салт-дәстүр, білім мен ғылым тақырыптарын қамтыды.

Қазақ журналистикасының корифейі Н. Омашев: «Батыр бабаларымыз елін, жерін білектің күші, найзаның ұшымен қорғаса, өткен ғасыр басында қазақтың оқыған азаматтары өршіл рухымен, қалам қайратымен ел іргесінің бүтін болуына барын салды» – деп бағалайды [1, 4].

Қазақ журналистикасының бастауында тұрған тұлғалардың әрқайсысы белгілі бір саланың білікті маманы болды. Алаштанушы, журналист-ғалым Қ. Сақ: «Қазақ журналистикасы тарихындағы ең айшықты кезең – Алаш кезеңі. Өйткені ол уақытта баспасөз тек газет қызметін ғана емес, қоғамдағы басқа да басқару институттарының да қызметін қатар атқарды. Мысалы, ол Парламенттің, атқарушы биліктің, оқу-ағарту, ғылым және білім министрлігінің де қызметін арқалады» – деп баға береді [2]. Демек, журналистика – ақпарат таратумен қатар, халықтың сауатын ашып, білім мен ғылымға жол бастайтын маңызды құрал.

М.И. Фетисовтың Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев публицистикасын зерттеуін М. Қаратаев пен А. Брагин былай сипаттайды: «М.И. Фетисов сосредоточил свое внимание на самых дорогих для казахского народа деятелях прошлого – Чокане Валиханове, Ибрае Алтынсарине, Абае Кунанбаеве. В их многогранном творчестве он исследует преимущественно публицистическую сторону, не отрывая ее от науки – у Чокана, от педагогики – у Ибрая, от поэзии – у Абая» [3, 6]. Бұл пікірден қазақтың ұлы тұлғаларының публицистикасы ғылыми негізден ажырамағанын көреміз.

Ғалымдық пен публицистік қыры қатар өрілген тұлғалар қазақ қоғамында көп болмағанымен, олардың еңбектеріндегі ғылыми дәлдік пен ұлтқа жанашырлық журналистика мәртебесін көтерді. Ш. Уәлиханов пен Қ. Сәтбаевтың ізін жалғаған, қаламгерлік қабілеті мен ғылыми таланты үйлескен тұлғалардың бірі – Евней Арыстанұлы Бөкетов.

Химия ғылымының өкілі Е. Бөкетов қазақ публицистикасының маңызды саласы – ғылыми журналистиканы өркендетті. Оның публицистикалық мұрасының басты өзегі – жас ұрпақты парасаттылық пен адамгершілікке тәрбиелеу, ғылым-білімді меңгеріп, Отанға адал қызмет етуге шақыру, табиғи байлықтарымыздың қадірін түсініп, табиғат пен рухани құндылықтардың қасиетін бағалау.

Зерттеу жұмысының мақсаты – кәсіби журналист болмаса да, қаламы жүйрік, ой-өрісі биік тұлғаның жазу шеберлігі мен стильдік ерекшелігін ашу. Е.Бөкетовтің публицистикасының айрықша қыры – химия саласының маманы бола тұра, қоғамның өзекті мәселелерін, білім мен ғылымдағы проблемаларды батыл көтеруі. Оның ой толғамдары терең, ғылыми негізі мықты шығармалары Ш. Уәлиханов пен Қ. Сәтбаевтың мұрасымен сабақтас.

Мақаланың ғылыми жаңалығы – ғылыми журналистиканың дамуына назар аударып, заманауи журналистикадағы экологиялық тақырып пен фактчекинг тәсілдерінің көрінісін анықтау. Ғылыми журналистикаға тән нақтылық, дәйектілік және болашаққа болжам Е. Бөкетовтің әр жылдары жарық көрген мақалаларынан айқын байқалады.

Қазақ қоғамындағы ғылыми тақырыптардың ашылу деңгейін қарастырғанда, «селені мен өлеңі» қатар жүрген Евней Арыстанұлы Бөкетовтің мақалалары мен әр жылдары жазған хаттары назар аудартады. Химия ғылымдарының профессоры бола тұра, түрлі химиялық процестер мен құбылыстарды түсінікті, жатық тілмен жеткізе білуі – оның тіл мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Е. А. Бөкетовтің баспасөзде көтерген негізгі және өзекті тақырыптарының бірі – ғылым, техника және өндіріс мәселелері. Бұл бағыттағы мақалалары («Алып адам», «Қара металлургия алыбы», «Өндіріс пен ғалым егіз», «Қарағанды химиясы және оның болашағы», «Щедрость земли», «Институт и опытная база», «Облик нашего дня») қаламгердің ғылыми-публицистикалық қабілетін танытып, техника ғылымының докторы ретінде саланы еркін меңгергенін және проблемаларды шешу жолдарын нақты көрсете білгенін дәлелдейді.

Зерттеуші Қ. Асанов: «Е. Бөкетовтің ғылыми публицистикалық очерктерінің ерекшелігі мен құндылығы – тақырып мәселесін терең білетіндігі және оны шешу жолын көрсете алатын ғылымдылығында» [4, 22] – деп атап өтеді.

Өндірістің ішкі құрылымын жетік меңгерген ғалым ретінде Е. А. Бөкетов күрделі ғылыми процестерді қарапайым тілмен түсіндіріп, шешу жолдарын айқын ұсынады. Мәселен, «Табиғат ананы аялау білейік» мақаласында: «Облыс орталығы – Қарағандының өз басына келетін болсақ, мұндағы атмосфераны ластайтын ұсақ қалдықтар мен автомашиналар легі әжептәуір. Жаңа Майқұдықтағы сантехника бұйымдары зауытындағы газбен істейтін вагранкаларды электр пештерімен неге ауыстырмасқа?» – деп, экологиялық проблеманы шешудің тиімді жолын ұсынады. Мұндай нақты ұсыныстар оның көптеген публицистикалық еңбектерінде кездеседі.

Е. А. Бөкетов өмірдегі қарапайым фактілерді мысал ете отырып, ұлттың даму болмысын бейнелейді. Ғылыми пайымы мақалаларына теориялық негіз берсе, жатық тілі мен ой қорытуы проблемалық тақырыптарды терең талдап, олардың шешу жолдарын көрсетеді. Мәселен, «Жас замандас келбеті» атты мақаласында: «Жақсы инженер, жақсы техник, жақсы дәрігер өз мамандығына қаншалықты машық болғанмен, Пушкин мен Абайды оқымаған болса,

Моцарт пен Чайковскийдің, Құрманғазы мен Мұқан Төлебаевтың әуендеріне құлағы жабық болса, ондай адам мәдениетті, білімді адамның қатарына жатпайды» [5, 96] – деп, мәдениеттің өлшемін айқындайды.

Жалпы, Е. А. Бөкетов публицистикасының өзегі – өнер, ғылым, білім және эстетикалық тәрбие мәселелері.

Бір сұхбатында ол: «Қазір психологиялық күрес майданы, яғни ғылым да, ғылым иесі адам да күрделеніп барады. Бастағы, мидағы екіұдай талас, ғылым адамының ішкі сарайындағы шым-шытырық ойлар көркем туындыда сәулеленсе ғана бүгінгі ғылыми-техникалық революция заманына лайық образдар жасай аламыз» [3, 126] – деп, ғылыми-техникалық дамудың адами өлшемін көрсетеді. Бұл пайым бүгінгі жасанды интеллект пен нейрожелілер дәуіріне сәйкес келетін алдын ала болжам ретінде де қабылданады.

Өз дәуірінің ғылыми тынысын зерттеп, өндіріс саласының болашағына жасаған болжамдары да ерекше назар аударарлық. «Қарағанды химиясы және оның болашағы» атты мақаласында: «Химияның болашағын болжау – Қазақ ССР Ғылым академиясының борышы. Ертең электр энергиясын өндіруге атом күшін кеңінен қолданғанда көмір өндірісі жабыла ма? Жабылмауы тиіс. Ол кезде көмірді түгелімен химия бұйымдарын өндіруге пайдалануға болады» [6] – деп, болашақтағы өндірістік бағыттар жөнінде нақты ұсыныс білдіреді.

Е.Бөкетовтің ғалым, публицист, ғылыми журналистика саласын дамытушы ретіндегі артықшылығы – сөзінің дәйектілігі. Заманауи тілмен айтқанымызда, ғалым бола отырып, ол қазақ, орыс әдебиетіндегі түрлі құбылыстарға фактчек жүргізеді. Мысалы, «Алып адам» мақаласында Қыз Жібек қиссасынан:

Жаратты бір қара көп тұлпаратты,

Өзі жорға жануар құс қанатты,

Тұрманының барлығын алтындатып,

Күміспенен төрт аяғын тағалатты, – деген жолдарын келтіріп, қымбат металлдардың жұмсақ, иілгіш келетіндігін айтып, образды түрде қолданбаса, нақ жүзінде атты күміспен тағалаған жағдайда жануардың тұяғы зардап шегетінін дәлелдеп шығады. Зерде журналында басылған «Көмір мен судан: мұнай, бензин, керосин және басқалары» атты мақаласында С.Есениннің «Пугачев» драмалық поэмасындағы «Как керасиновую лампу в час вечерний, зажигает фонарщик из города Тамбова» деген жолдарына тоқталып, керосин шамын Пугачев көтерілісінен кейін 80 жылдан кейін поляк ғалымы И.Лукасевич ойлап тапқандығына да тоқталады. Е.Бөкетовтің ғылыми танымының зор болуы С.Есениннің бір шумақ өлеңінен өрбіген ғылыми-танымдық мақаланың өмірге келуіне жол ашып, нақты ғылыми дәйектемелер келтіреді.

Е.А.Бөкетовтің ғылыми мақалаларында қазіргі уақыттағы Data-журналистика элементтері де байқалады. Мысалы, «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін» мақаласында «Адам күші аса қуатты. Ол қазір жер шарындағы құрлықтың 55 процентін, өзен-суының 12 процентін, орман-тоғайдың жыл сайынғы 50 процент өсімін пайдаланып, құрылыс пен кен қазбалары үшін 4 мың шаршы километр парода алуда. Қазір жер қойнауынан жыл сайын 100 млрд тонна руда алынып, шамамаен 7 млрд тонна отын шығарылады. Сөйтіп жыл сайын өзен аңғарына 600 млрд тонна өнеркәсіп пен тұрмыстық қалдық сулар құйылады. Орташа есеппен 800 млн тонна минералдық тыңайтқыш сіңіріледі, төрт миллион тонна улы химикаттар себіледі. ...Бұл цифр екі мыңыншы жылға дейін дүние жүзі бойынша 4-5 есе өспек» деп, ақпараттарды жинау, ретке келтіру, талдау, болжам жасау және жариялау міндеттерін атқарады.

Қара металлургия тақырыбы Евней Арыстанұлына етене таныс, ежелден қанығып, біліп өскен тақырып. Сондықтан оны бүге-шігесіне дейін білуі, оның өсіп-өркендеуі дамуы жайында айтқан ғылыми негіздері мен тұжырым, болжамдары өз уақытындааса маңызды болды. Журналистік шығармаға тән негізгі қасиеттің бірі факты болатын болса, оны Е.А.Бөкетовтің өндіріс-өнеркәсіп турасында жазған очерктерінен молынан ұшыратуға болады. Кейде очеркте ресми деректер келтіру, цифраларды қолдану Евней Бөкетовтің публицистикасындағы ғылыми журналистика элементтеріне дәлел келтіреді.

Әсіресе, «Өндіріс пен ғылым негіз», «Алып адам», «Қара металлургия алыбы» сияқты күрделі проблемалық мақалаларынан анық байқауға болады. Бірақ, кілең факті мен цифраға құрылған деп айтуымыз да ағаттық. Т.Амандосовтың «жай фактінің өзін журналистің ой-қиялынсыз жазу мүмкін емес. Фактіні суреттемес бұрын журналист өмірлік фактіден қажеттілік тауып алады, оны жан-ақты зерттейді, қоғамдық-әлеуметтік мәнін ойластырады» деген түйінін Евней Бөкетовтің проблемалық очерктері дәлел.

«Алып адам» очеркінде қара металлургия өндірісінің өсіп-өркендеуін көрсететін хронологиялық дерек-көрсеткіштің берілуі шығарманың ғылыми әлеуетін арттырады. 1938-1960 жылдар аралығындағы қара металлургияның өсіп-өркендеу болмысы цифр тілімен-ақ публицистикаға қажетті информацияны оқырман санасына еш қиындықсыз жеткізеді. Осынау ауыр өнеркәсіп өмірнамасының хронологиялық жүйесі осы тақырыпта көлемді материал жазушыларға бағыт береді.

«Өндіріс пен ғылым егіз» атты мақаласындағы «Ұқыптылықтың ең бір ұтымды жолы –коксті үнемдеу», «Алдағы мақсат – химия технологиясы мен металлургия саласында жаңалық іздеуді тоқтатпай, табылғандарын жан-жақты зерттеп, өндіріске енгізу» сияқты ғылыми негіздегі ұсыныс, болжам тілектерді кездестіреміз. Бұл цифрлар мен фактілер негізінде құрылып, мақаланың тұтас болмысын аша түседі.

Публицист ретінде Евней Бөкетовтің ойы жерастындағы кен болса, соны жарыққа шығарып, бұқара халық игілігіне жарататын құрал – оның тілі. Көңілегі көрікті ойдың өз қасиетін жоғалтпай, жарқырай көрінуі тіл шеберлігіне көп байланысты. Е.А.Бөкетов шығармаларындағы ғылыми ойлау мен шебер тілдің үндестік табуы қаламгердің болмыс қасиетін айшықтай түсетін критерий.

Евней Арыстанұлының публицистикасын үнемі бір-бірін толықтырып, проблемалық сипаты мағыналас мәндес болып келетін күрделі екі топқа жатқызуға болады. Оны ғылыми түрге бөлсек, гуманитарлық және жаратылыстану саласы дередік. Жалпы, баспасөзде күрделі тақырып саласына жататын өндіріс пен өнеркәсіп, ғылыми техникалық прогресс, кен-металлургия, химия сияқты жаратылыстану ғылыммен байланысты жазылған мақала очерктерінің өзегі көбіне дерек пен дәйекке құрылып, сол арқылы мазмұн-мағынасы ашылып жатады [7, 11].

Мысалы, «Қарағанды химиясы жәнеоның болашағы» мақаласында «Біріншіден, ацетилен затын ацетальдегид сұйығына айналдыру үшін реакцияны жеделдету мақсатымен сынап қолданылады. Сынап әрі қымбат, әрі адам

денсаулығына өте зиянды зат» немесе «Мысалы, қазіргі синтетикалық каучук сырттан әкелінетін екі затты стирол мен гидролир спиртін тоғыстыру арқылы өндіруге болады» деген сияқты тұжырымдар жасап, ғылыми дәйек пен деректерді орынды қолдана біледі. Әрі бұл дәйек пен деректер жалаң ғылыми тілде емес, публицист шеберлігінің нәтижесінде оқырманға түсінікті ғылыми журналистика тілінде жеткізеді.

Ғылыми техникалық прогресстің өсіп-өркендеуі мен қарқын ала дамуы Е.Бөкетов публицистикасында уақыт үрдісіне сай жан-жақты, жалпақ аудиторияға түсінікті болып жазылған. Кен-металлургия химия ғылымдарының қоғам игілігі үшін қаншалықты маңыздылығын ғана айтып қоймай, өзі айтқандай «Бұны оқырман дұрыс түсінуі тиіс» деген мақсатпен сол ғылым әлемінің көптеген беймәлім құпияларын бұқараға қара сөз, қазақы ұғыммен жеткізуі ғалым-публицистің қаламгерлік шеберлігі мен үлкен білім иесі екендігін танытады.

Көптеген қаламгерлерге тән ортақ тақырып табиғат, адам, қоғам бірлігі Е.А. Бөкетов шығармаларының да негізгі объектісі. Осы үш тағанның өзара байланысын қиюластырып, әдемі жеткізе білу қаламгер ойының тіл кестесімен шебер ұшатасады.

Е.А. Бөкетов шығармаларындағы ой тұтастығы берік. Өйткені, белгілі бір тақырып аясында жазылған проблемалық мақала тілінің бір-бірімен жымдаса өрілгені соншалық, оның бірер сөйлемін оқшаулаудың өзі ағаттық. Бұл жағдай әсіресе, қаламгердің ішкі толғаныстарына құрылған «Адам болам десеңіз», «Алғашқы сабақ», «Алтын босағаны аттағандарға», «Табиғат тіршілік көзі» атты мақалаларында айқын байқалады.

Ғылыми журналистиканың дамуына өзіндік үлесін қосқан тұлға ретінде Евней Бөкетовтің журналистік еңбектерінің астарында экологиялық ахуалға алаңдаушылықты байқалады. Жоғарыда аталған, «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін», «Қара металлургия алыбы», «Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақалаларында әлемдік экологиялық ахуалдың жай-күйін, оның жергілікті халық өміріне әсерін жетік тілде жеткізеді.

Қандай тақырып болмасын, Е.Бөкетов шығармаларында міндетті түрде ғылыммен астасып, дәйекті, жатық тілмен шынайылығын растап, көтерген мәселесімен өзектес. Артында қалдырған публицистикасының негізгі арқауларының бірі – жалпы адамдық, адамзаттық жайлар, жастарды патриотизмге тәрбиелеу, ғылыми прогресс, экономика және экология мәселелері болды. Бұл тұрғыдан алғанда, Е.Бөкетов публицистикалық мұрасы аз болса да, ғылыми тілімен, мәнділігімен ерекшеленеді.

Жалпы Евней Арыстанұлы Бөкетов шығармаларында сан алуан тақырып мазмұнын көтерер идеясы үш түйіннен құралады: білім, парасат, адамгершілік. Ғалым Ұ.Есенбекова:«Журналист пен ғалымның арасындағы коммуникация күрделі және табандылық пен уақытты қажет ететін процесс» [8, 94] дейді. Мейлі, өнеркәсіп, өндіріс, ғылыми-техникалық прогресс, әдебиет, өнер, оқу-білім, табиғат экологиясы болсын, бәрінің де шешім табар арқауы білімге, парасатқа, адамгершілікке байланысты болып келеді. Мысалы, «Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақаласында «Өйткені, Алексей Максимович Горький айтқандай, химия ғажайыптар қоймасы, адамзаттың бақыты осы химияда, адам өз ұшқыройының асқақ жетістіктерін дәл осы химия саласынан таппақ» деп, ғылымға деген жарқын көзқарасты қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Омашев Н. Жиырмасыншы жылдар журналистикасы- Алматы : –2006.- 1 т. .– Б. 317.
2. Қазақ журналистикасының тарихы қалай оқытылады? https://egemen.kz/article/367423-qazaq-dgurnalistikasynynh-tarikhy-qalay-oqytylady?ysclid=m9rc0ymzjn4964702 (қаралған күні: 21.12.2024)
3. Жақып Б. Публицистика негіздері [Мәтін]: оқу құралы; Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
4. Асанов Қ. Евней Букетов – публицист. - Қарағанды: ҚарМУбаспасы, 2005.–Б. 196.
5. Букетов Е.А. Көкейкесті. – Алматы: Қазақстан, 2000.–Б. 196.
6. Букетов Е.А. Қарағанды химиясы және оның болашағы//Социалистік Қазақстан. 1969, 21 наурыз
7. Асанов Қ. (2020). Академик Е.А. Бөкетов шығармашылығының ұлттық публицистиканы дамытудағы рөлі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы, 131(2), 8–Retrieved from https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/236
8. Есенбекова Ұ. (2021). Журналистің ғылымды насихаттаудағы кәсіби және когнитивтік деңгейі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы, 134(1), 91–96. Retrieved from https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/209

ӘОЖ 82.8

ПУБЛИЦИСТ Е.А.БӨКЕТОВ МАҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫ

Әбікеева Н.М., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақ журналистикасындағы ғылыми-танымдық журналистика өкілі ретінде – Евней Арыстанұлы Бөкетовтің публицистикалық мұрасы зор құндылыққа ие. Химия ғылымдарының докторы, академик-ғалым Е.А.Бөкетов ғылым саласындағы тың тақырыптарды ашумен шектелмей, өзінің түйіп білгенімен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бөліскен, біртуар азаматтың бірі.

Евней Арыстанұлы Бөкетовтің шығармашылығын зерттеу алдында, ғылымда жүрсе де қазақ публицистикасында ерекше орны бар Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтпаев сынды ғалымдардың өмір жолына көз жүгіртеміз. Журналистика зерттеушісі отандық ғалым Н.Омашев «Біз кейде журналистикадағы ғылыми мінбелерді мойындай да, қабылдай да бермейміз. Өйткені, «ғылыми стиль»дегенді жалаң фактілер мен нақпа нақ айтылған

тұжырымдар тізбегі деп білеміз. ...Ғылым – ол тек ғылым үшін жеткізе білу емес олардың санасына саңылау салу арқылы толығады, дамиды. Мұндай ғылымға журналистика, яғни бұқаралық ақпарат құралдары – газет, журнал, радио, телевизия, баспасөз көмекке келеді» еген сөзін назарға алуымыз керек [1, 165]. Көпшілік игілігі үшін зерттеліп атқарылатын жұмыстарды ғалымдардың өздері бұқараға түсінікті етіп жеткізе білуі, оларды шабыттандыра білуі үлкен механизмді іске қосады. Ол алдымен бұқараның сауаттылық деңгейін арттырып, белгілі бір әрекеттер арқылы тұрмысын жеңілдетеді және ең бастысы ғылымның сол саласына қызыққан жаңа толқынды қалыптастырады.

Е.А.Бөкетов шығармашылығын зерттеуші ғалым Қ.Асанов Е.Бөкетовтің публицистикалық мұрасын күрделі үш топқа бөліп қарастырады. Біріншісі – оқу, білім-ғылым саласы, екіншісі әдебиет, өнер, тағылым хақында, үшіншісі – өнеркәсіп, өндіріс, экология тақырыптары [2, 22]. Алдыңғы екі үлкен тақырыпқа қалам тербеген қазақтың зиялылары кем де емес. Ал, өнеркәсіп, өндіріс, экология тақырыптарын жатық тілмен санаға жетімді етіп жазған ғалымдар саусақпен санарлық.

Ал, Е.А. Бөкетовтің баспасөзде қозғаған көкейтесті мәселелерінің бірі де бірегейі ғылым мен техника, өндіріс мәселесі. Осы өзекті тақырып төңірегінде жазған ғалымның публицистикалық мұраларын зерделей отырып, әртүрлі газет-журналдарға берген сұхбаттарынан Е.Бөкетовтің қоғамдық көзқарасы мен ғылыми ой-пікірінің сонылығына және дәйектілігіне көз жетікіземіз. «Алып адам», «Қара металлургия алыбы», «Өндіріс пен ғалым егіз», «Қарағанды химиясы және оның болашағы», «Щедрость земли», «Институт и опытная база», «Облик нашего дня» мақалалары қаламгердің ғылыми-публицистикалық бағыттағы қабілет-қарымын танытып, техника ғылымының докторы ретінде бұл саланы еркін білетіндігін және проблемалық түйінді нақты қалай шешуге болатындығын көрсетуімен ерекшеленеді.

Евней Арыстанұлы Бөкетовтің публицистикалық мұрасын зерделей отырып, өндірістік тақырыптарды көтеруімен қатар автордың ғылыми жаңалықтардың халыққа тигізер пайдасы мен зияны жөніндегі үнемі сараптауды жүргізетіндігіне көз жеткіземіз. Соның ішінде пайдалы қазбаларды өндіру мен кәдеге жаратудың экологиялық әсерін басты назарға алады. Жергілікті тұрғындардың таза ауамен дем алуы, ежелгі табиғи ландшафтардың өзгеріске ұшырамауы сияқты мәселелерге алаңдаушылық байқалады.

Жалпы, қазіргі уақытта жаһандық проблемалардың бірі болып табылатын экология тақырыбы өте өзекті. Оның бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде де көтеріліп, талдануы да заңдылық. Медиа зерттеушісі Роберт В. МакЧесни (Robert W. McChesney) «The Political Economy of Media: Enduring Issues, Emerging Dilemmas» еңбегінде «Экологиялық мәселелерді жариялау тек ақпараттандыру ғана емес, адамдарды экологиялық проблемаларға назар аударуға шақыру болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары экология мен қоршаған ортаны қорғау саласында шешуші рөл атқарады, алайда олардың көпшілігі коммерциялық мүдделерге тәуелді болғандықтан, экологиялық мәселелер жиі дұрыс көрсетілмейді» деген тұжырым жасайды. Ал, публицист ғалым ретінде Е.А. Бөкетов экология тақырыбының өзектілігін 1950-1980 жылдары жазған мақалаларында көтерген.

Өндірістің ішкі қазанын толық білетін ғалым ретінде Евней Бөкетов өз оқырмандарына барынша жетік те түсінікті тілмен ғылыми процесстерді түсіндіріп, түрлі мәселелердің шешу жолдарын айқындап береді. Мысалы, «Табиғат ананы аялай білейік» деген мақаласында «Облыс орталығы – Қарағандының өз басына келетін болсақ, мұндағы атмосфера кірлетуші ұсақ қалдықтар мен автомашиналар легі дер едік. Жаңа Майқұдықтың сантехника бұйымдары зауытындағы газбен істейтін вагранкаларды электр пештерімен неге ауыстырмасқа?» [4] деп, өзекті экология тақырыбының күрмеуін тарқатады. Мұндай тиімді, қолайлы ұсыныс пікірлерді ғалым публицистің көптеген проблемалық мақалаларынан кездестіруге болады.

Евней Арыстанұлы Бөкетовтің өз дәуірінің тыныс-тіршілігін тұтас зерттеп, экология тақырыбының болашақта дамуына жасаған ғылыми болжамдары бүгінгі күнге қалған мұра болып отыр. Мысалы, «Қарағанды химиясы және оның болашағы» атты мақаласында: «Химияның болашағын болжау, ол туралы ойланы Қазақ ССР Ғылым академиясының борышы. Мысалға, мынандай жағдайды алайық. Таскөмір, оның ішінде Қарағанды көмірі қазіргі уақытта негізінен электр энергиясын өндіру үшін қолданылады. Ал қазірдің өзінде су қуаты бар жерде электр өндіру үшін көмір орнына су күшін пайдалану тиімді екені белгілі. Ертең электр энергиясын өндіруге атом күшін кеңінен қолданғанда не болмақ? Көмір өндірісі жабыла ма? Жабылмауға тиісті. Ол кезде көмірді түгелімен химия бұйымдарын өндіруге қолдануға болады» [5] деп болашаққа болжамын жеткізеді.

«Ғалымның хаты өлмес» деген халық тәмсіліне сүйенсек, экологиялық журналистиканы дамыту арқылы біз табиғатымызды қорғай отырып, өмір сапасын жақсартамыз. Соған сәйкес, түрлі аурулардың алдын алып, адамдардың ғұмыр жасын ұзарту мүмкіндігіне, сапалы да нәрлі азық-түлікке қол жеткіземіз. Мысалы, Е.А. Бөкетов «Қара металлургия алыбы» мақаласында Ертіс-Қарағанды каналының халықтың тұрмысына, шаруашылығына, өндіріске тигізер пайдасын зерттей отырып, Нұра суының толықтай халықтың қажеттілігіне берілетіндігін болжайды [6]. Осындай ғылыми негізі бар гипотизалар Е.Бөкетовтің экология тақырыбында жазылған мақалаларынан көптеп кездестіруге болады. Демек, болашаққа ғылыми тұрғыдан болжам жасап, Нұра суының жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігінде алатыне орнына баға беріп, су сапасын сақтап қалу маңыздылығын баса айтады.

«Өндіріс пен ғылым егіз» атты мақаласындағы «Ұқыптылықтың ең бір ұтымды жолы – коксті үнемдеу», «Алдағы мақсат – химия технологиясы мен металлургия саласында жаңалық іздеуді тоқтатпай, табылғандарын жан-жақты зерттеп, өндіріске енгізу» сияқты ғылыми негіздегі ұсыныс, болжам тілектерді кездестіреміз [7]. Бұл цифрлар мен фактілер негізінде өмір сапасын жақсарту мен экологиялық ахуалды оңалту үшін атқарылатын жұмыстар екендігіне көз жеткізеді.

Экология тақырыбын зерттеуші публицист ретінде Е.А. Бөкетовтің ойы жер астындағы кен болса, соны жарыққа шығарып, бұқара халық игілігіне жарататын құрал – оның тілі. Көңілдегі көрікті ойдың өз қасиетін жоғалтпай, жарқырай көрінуі тіл шеберлігіне көп байланысты. Е.Бөкетов шығармаларындағы ғылыми ойлау мен шебер тілдің үндестік табуы қаламгердің болмыс қасиетін айшықтай түсетін критерий.

Мысалы, «Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақаласында «Біріншіден, ацетилен затын ацетальдегид сұйығына айналдыру үшін реакцияны жеделдету мақсатымен сынап қолданылады. Сынап әрі қымбат, әрі адам денсаулығына өте зиянды зат» немесе «Мысалы, қазіргі синтетикалық каучук сырттан әкелінетін екі затты стирол мен гидролир спиртін тоғыстыру арқылы өндіруге болады» [5] деген сияқты тұжырымдар жасап, ғылыми дәйек пен деректерді орынды қолдана біледі. Әрі бұл дәйек пен деректер жалаң ғылыми тілде емес, публицист шеберлігінің нәтижесінде оқырманға түсінікті ғылыми журналистика тілінде жеткізеді.

Экологиялық журналистика — бұл табиғатқа, қоршаған ортаға қатысты мәселелерді қоғамға жеткізу, экологиялық дағдыстарды және олардың салдарын жариялау, сондай-ақ, адамдарды экологиялық жауапкершілікке шақыру мақсатында жүргізілетін журналистика саласы. Экологиялық мәселелерді жариялау тек ақпарат тарату емес, ол қоғамдық пікір қалыптастыру, саясатқа ықпал ету, қоршаған орта мен адамның қарым-қатынасын өзгерту үшін аса маңызды құрал болып табылады.

Мысалы, «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін» мақаласында «Адам күші аса қуатты. Ол қазір жер шарындағы құрлықтың 55 процентін, өзен-суының 12 процентін, орман-тоғайдың жыл сайынғы 50 процент өсімін пайдаланып, құрылыс пен кен қазбалары үшін 4 мың шаршы километр парода алуда. Қазір жер қойнауынан жыл сайын 100 млрд тонна руда алынып, шамамаен 7 млрд тонна отын шығарылады. Сөйтіп жыл сайын өзен аңғарына 600 млрд тонна өнеркәсіп пен тұрмыстық қалдық сулар құйылады. Орташа есеппен 800 млн тонна минералдық тыңайтқыш сіңіріледі, төрт миллион тонна улы химикаттар себіледі. ... Бұл цифр екі мыңыншы жылға дейін дүние жүзі бойынша 4-5 есе өспек» деп, алаңдаушылық танытады.

Қоршаған ортаны қорғау мәселесі қазіргі уақытта адамзаттың алдында тұрған ең маңызды ғаламдық проблемалардың бірі. Экологиялық журналистика осы мәселелерді қоғамдық деңгейде көтеріп, оларды шешу жолдарын іздестіруге, адамзаттың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды құрал ретінде маңызды рөл атқарады. Қазақ журналистикасының белді өкілі Евней Арыстанұлы Бөкетовтің шығармашылығы экология тақырыбына деген терең қызығушылықты және осы саланы ғылым мен қоғамға түсінікті түрде жеткізуге деген ұмтылысты айқын көрсетеді. Оның публицистикалық мұрасы экологияның өзекті мәселелеріне арналған терең ғылыми және практикалық талдаулардан тұрады.

Е.А. Бөкетовтің ғылыми тұрғыдан негізделген экологиялық мәселелерді көтеруі, осы саладағы ғылыми жаңалықтардың қоғамға тигізер пайдасын түсіндіруі экологиялық журналистиканың тиімділігін арттырады. Ғалым өз мақалаларында экологиялық жағдайды саралап, өндіріс пен табиғат арасындағы үйлесімділікті іздестіруге бағытталған ұсыныстарды нақты деректермен дәлелдеп, оқырманға түсінікті тілмен жеткізеді. Оның мұрасының бір ерекшелігі – экологияны тек табиғат қорғаудың тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар оның экономика, ғылым және қоғаммен байланысындағы маңызды аспектілерін қамтуында.

Бұл зерттеу экологиялық журналистиканың қоғам үшін маңыздылығын арттыра отырып, оның халықты экологиялық мәселелер туралы хабардар ету, экологиялық жауапкершілікті қалыптастыру және табиғат қорғаудың жаңа жолдарын ұсынудағы рөлін көрсетеді. Ал, Е.А.Бөкетов сияқты ғалымдардың экологияға қатысты ғылыми көзқарастары мен ұсыныстары бұл саладағы ғылыми жұмыстарды ғана емес, сонымен қатар журналистиканың да даму жолдарын айқындайды. Экологиялық журналистиканы дамыту арқылы біз табиғатымызды қорғап, өмір сапасын жақсартуға, адам денсаулығын сақтауға және экологиялық апаттардың алдын алуға мүмкіндік аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Омашев Н. Белестер. – Қазақ университеті, 1999.-265б.
2. Асанов Қ. Евней Букетов – публицист. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005.-196 б.
3. 3. McChesney, R. W. *The Political Economy of Media: Enduring Issues, Emerging Dilemmas*. Monthly Review Press. 2004.
4. Букетов Е.А. Табиғат ананы аялай білейік / Орталық Қазақстан, 1988, 19 қараша
5. Букетов Е.А. Қарағанды химиясы және оның болашағы/Социалистік Қазақстан. 1969, 21 наурыз
6. Букетов Е.А. Қара металлургия алыбы/ Орталық Қазақстан. 1977, 21-23 қыркүйек.
7. Букетов Е.А. Өндіріс пен ғылым егіз / Қазақстан Коммунисі. 1972, - №4.

УДК 81.27:001,5

Е.А. БУКЕТОВ И ЕГО ВКЛАД В ПЕРЕВОД МИРОВЫХ ЛИТЕРАТУРНЫХ ШЕДЕВРОВ

Букетова Н.И., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан
Амренова А.С., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Сегодня, когда человечество через мировые катаклизмы осознало, что их планета – всего лишь маленький шарик во Вселенной, а сами люди – лишь мельчайшие частицы мироздания, глобализация предстает не только как процесс исчезновения границ между государствами, но и как единственная возможность объединения человечества ради сохранения мира [1, с. 36]. Казахстан - страна, где языковая политика не просто направлена на сохранение национальной идентичности, но и стремится создать гармоничную среду для многоязычного общения. Здесь государственный язык занимает центральное место, но при этом активно развивается двуязычие и полиязычие, что открывает новые горизонты для культурного и делового взаимодействия.

В мире, где английский язык становится своеобразным ключом к глобальному общению, его проникновение в жизнь казахстанцев происходит естественно: через средства массовой информации, систему образования,

профессиональные сферы. Новости, учебные программы, деловые переговоры - все это становится частью большого мирового потока, где Казахстан занимает свое место, сохраняя свои традиции, но при этом открываясь новым возможностям. Перевод в языковой политике Казахстана играет не просто вспомогательную роль - он становится важным мостом, соединяющим культуры и обеспечивающим полноценное взаимодействие между носителями разных языков. Это не просто процесс замены одних слов другими, а сложный механизм передачи смыслов, стилистических оттенков и культурных кодов, заложенных в оригинальном тексте [2].

Современное переводоведение уже давно вышло за рамки простой лексической эквивалентности. Сегодня исследователи уделяют особое внимание таким аспектам, как прагмалингвистика, дискурс-анализ, межкультурная коммуникация и языковая личность. Ведь каждый текст - это не просто набор фраз, а целый мир, сформированный определенной культурой, традициями, стилем мышления. Интеграция различных подходов в анализе перевода позволяет глубже заглянуть в этот мир, понять, как меняется смысл при переходе с одного языка на другой, какие нюансы теряются, а какие, напротив, приобретают новые оттенки. Такой анализ помогает не только совершенствовать сам процесс перевода, но и исследовать более глобальные вопросы - каким образом языки взаимодействуют, какие культурные особенности проявляются в речи и как их можно сохранить, даже переходя в другую языковую систему. Перевод художественного текста – это как попытка перенести картину из одной рамы в другую, сохранив все оттенки и игру света. В пьесе каждое слово, каждая реплика не просто звучит, а живет в своем контексте, создавая атмосферу, характеры, ритм повествования. Чтобы перевести пьесу, мало знать слова – нужно чувствовать её дыхание, понимать, как сцена превращается в живой диалог [3]. В процессе, когда переводчик берется за пьесу, он становится режиссером, актером и даже зрителем одновременно. Он не просто подбирает слова, а старается передать тот ритм, с которым произносятся реплики, атмосферу, в которой звучат голоса персонажей. Важно не только понимать, что сказано, но и как это сказано. Ведь одно и то же слово, произнесенное с разными интонациями, может звучать как любовь, угроза или мольба. И только глубокий анализ всех этих элементов позволяет сохранить целостность произведения в новом языковом воплощении.

Данный раздел посвящен еще одной грани таланта Евнея Арыстановича Букетова - его мастерству как переводчика, где проводится анализ текста пьесы У. Шекспира «Юлий Цезарь» и методов его перевода художественной литературы. Е. Букетов не просто работал с текстами, он вдохновенно переносил произведения с одного языка на другой, стараясь передать их живую энергию, стиль и внутренний ритм. Работая с казахским и русским языками, он понимал, что перевод - это не механическая замена слов, а сложный процесс культурного взаимодействия. Он ратовал за качественный перевод, подчеркивая, что только внимательное отношение к языку, глубокое понимание оригинала и тонкая работа с текстом способны сохранить его художественную ценность.

Е.А. Букетов был взыскательным к литературному стилю научных работ, прекрасным собеседником и оратором, бережно относился к русскому и казахскому языкам, культуре двух близких народов, соседних, которые, как говорил Л.Н. Гумилев, всегда находились в комплиментарных отношениях [4]. Он плодотворно работал в русской и казахской прозе. Был переводчиком на казахский язык выдающихся поэтических и драматургических произведений советской и мировой классики. В 1971 году принят в Союз писателей СССР. Е.А. Букетов преуспел в переводах поэтических произведений и прозы русских и зарубежных классиков, открывал язык и культуру своим соотечественникам – казахам. Обо всем этом свидетельствуют в своих воспоминаниях его школьные товарищи И. Белетченко, К. Сенкибаев, Е. Корпич и другие. Е. Букетов в 1951-1952 годах перевел повесть для детей И. Василенко «Артемка», которая вышла из печати в 1953 году. В 1952 году 17 апреля, в «Казахстанской правде» была опубликована его рецензия на перевод книги Н.В. Гоголя под названием «Повести Гоголя на казахском языке». Это было началом его литературной деятельности. В 1953 году на страницах периодической печати республики появились его критические статьи «Критика и библиография на страницах журнала «Адебиет жане искусство», «О переводах на казахский язык произведений В.В. Маяковского», «О халтурном переводе и невзыскательных издателях», рецензия на книгу Н. Чернышевского «Избранные педагогические высказывания» и многое другое. С тех пор Е.А. Букетов не оставляет публицистическую деятельность до конца своей жизни, что стало объектом диссертационного исследования [5]. Параллельно продолжает заниматься переводами. Он перевел пьесу В.В. Маяковского «Клоп», которая ставилась во многих казахских драматических театрах республики, роман болгарского классика И. Вазова «Под игом», Э. Золя «Статьи и рассказы», «Испанского священника» Д. Флетчера, поэму С. Есенина «Анна Снегина», его стихи «Письмо женщине», «Советская Русь». В последние годы жизни он стал переводить Шекспира...Рано уйдя из жизни, в возрасте 57 лет, он оставил в наследие казахскому читателю переводы двух произведений У. Шекспира «Леди Макбет» и «Юлий Цезарь».

В данной части будет рассмотрен казахский перевод трагедии «Юлий Цезарь» У. Шекспира, выполненный Е.А. Букетовым [6]. Анализ данного перевода позволит глубже понять личность переводчика, его культурные ориентиры, языковое мастерство и отношение к художественному слову. Этот труд не только свидетельствует о высоком профессионализме Букетова, но и отражает его стремление сделать мировую классическую литературу доступной казахскому читателю. Пьеса «Julius Caesar» by William Shakespeare была написана на позднем среднеанглийском языке, близком к новоанглийскому [7]. Перевод произведения на русский язык был выполнен в 1959 году М.А. Зенкевичем, который стремился максимально сохранить стилистические и художественные особенности оригинального текста [8]. Русский перевод стал основой для последующего перевода на казахский язык, осуществленного Е.А. Букетовым в 1970 году.

Публицистическая и переводческая деятельность Е.А. Букетова свидетельствует о его высокой языковой культуре, гуманистических убеждениях и глубоком уважении к русской и казахской литературной традиции. Его вклад в развитие национальной переводческой школы был не только профессиональным, но и идейным: он стремился раскрыть казахскому читателю богатство мировой классики, одновременно способствуя развитию и обогащению казахского литературного языка.

Данный анализ позволит рассмотреть не только языковую и культурную личность переводчика, но и, сквозь призму его работы, получить представление о казахском народе посредством языковых средств. Кроме того, исследование дает возможность проанализировать функционирование прагматического уровня казахского языка в сравнении с английским и русским. Именно сравнительно-сопоставительный анализ представляет собой эффективный метод исследования, позволяющий выявить, каким образом преодолеваются типовые трудности перевода, связанные с лингвистической спецификой каждого из языков, в данном случае — русского и казахского. Данный подход также способствует выявлению элементов оригинального текста, которые могут оставаться непереданными в переводе, что позволяет получить объективное представление о реальном механизме переводческого процесса.

Каждый текст обладает уникальным языковым своеобразием, обусловленным не только его структурными и семантическими особенностями, но и его коммуникативной направленностью. Важно учитывать, что содержание текста ориентировано на определенный языковой коллектив, который обладает специфическими фоновыми знаниями, культурными традициями и историческими контекстами. Это означает, что абсолютная полнота передачи оригинального текста на другом языке в принципе невозможна. Однако отсутствие полной идентичности между оригиналом и переводом не может служить доказательством невозможности перевода, поскольку процесс перевода неизбежно предполагает интерпретацию и адаптацию содержания. Следует отметить, что утрата отдельных элементов исходного текста при переводе не свидетельствует о его непереводимости. Такие потери обнаруживаются только в процессе сравнения оригинала и переведенного текста. Они могут касаться не только отдельных лексических единиц, но и фоновых значений, коннотаций, ритмико-стилистических особенностей, характерных для языка оригинала, но отсутствующих в языке перевода.

Особое внимание при переводе уделяется специальной терминологии, в том числе историческим, географическим и ботаническим названиям, а также уникальным культурным реалиям, отражающим специфическую систему понятий того или иного народа. В таких случаях требуется точность передачи, которая, однако, не должна нарушать образную целостность текста. В ситуациях, когда буквальная передача затруднена или ведет к утрате смысла, переводчик может прибегнуть к использованию комментариев и сносок, чтобы пояснить реалии, отсутствующие в целевом языке, как в случаях следующих примеров:

«арық» (*худой*) – нейтральное слово, а **«бір жапырақ еті жоқ»** (*букв. «не осталось ни кусочка мяса»*) – образное выражение, подчеркивающее крайнее истощение.

«Қағажыту» (*оттолкнуть*) – нейтральный глагол, а **«теуіп қаңсылатып жіберу»** (*букв. «пнуть и оставить жалобно визжать»*) – содержит **сильную эмоциональную окраску**, добавляя насильственный и уничижительный оттенок.

Адресатом и автором писем был Виктор Иванович Спицын – доктор химических наук, профессор, академик АН СССР, Герой Социалистического Труда, директор Института физической химии АН СССР. Так, в период 1979-1983 гг., интенсивная переписка двух учёных касалась многих тем научно-исследовательской работы, в основном в области химии, ожижения угля, т.е. по проблеме получения искусственной нефти из каменного угля. Переписка шла в строго официально-деловом тоне, но всегда в уважительно-дружеском ключе. «…Я очень благодарен Вам, – пишет Е. А. Букетов, – что нацеливаете меня на занятие углехимией. Я кое-что прочитал в этой области и почувствовал, что не боги горшки обжигают. Переговорил на месте, интерес имеется.. ...*»* [8].

Евней Арстанович пишет В. И. Спицыну о получении искусственных нефтепродуктов из угля: «Словом, мы хотим идти, пусть не оригинальным, но своим путем, ибо вести ожижение угля путем, который разрабатывается в Московском институте горючих ископаемых, — тяжкое дело: например, расход молибденового концентрата, регенерация которого чересчур проблематична...». Он приводит множество отрицательных сторон этого метода и сообщает: «...Для чего, конечно, нам в дальнейшем нужны будут и автоклавы, и многое другое. Об этом тоже скажем. Очень просил бы Вас, если это возможно*,* поручить сделать перевод с японской статьи, которую прилагаю» [7].

Из переписки видно, что между учёными завязалась не просто сотрудничество, а дружба, которая связывала их до конца жизни. Для обоих была важна не только наука, но и нравственная сторона человека в ней.

Являясь директором одного из научных институтов республиканской академии, Е. А. Букетов в течение четырех лет работал под непосредственным руководством Каныша Имантаевича Сатпаева. Свою первую встречу с выдающимся ученым Е. А. Букетов вспоминал так: «Это было состояние внезапного соприкосновения с чем-то недосягаемым, когда ты вдруг чувствуешь, что оказался каким-то образом достоин его, и за этим, следует та высокая ответственность, которая потребует от тебя научного глубинного понимания значения твоих будущих замыслов и действий» [6]. Он решил написать книгу о первом президенте Академии наук Казахской ССР.

Касаясь книги о К. И Сатпаеве, Е. А. Букетов в письме к В. Белоусову от 29 октября 1973 года подчёркивает, что переполнен желанием «написать так, чтобы Каныш Имантаевич выглядел фигурой (такой, какой он был на самом деле), с которой бы училось молодое поколение жизни, смелости, творчеству» [8, с. 182].

К сожалению, Евней Арстанович не успел закончить трилогию о своем наставнике. В рукописи осталась лишь первая часть книги под названием «В орбите кочевок».

На любые события, происходящие в культурной жизни республики, будь то новые книги или постановки и т.д. Е.А. Букетов незамедлительно откликался на страницах периодической печати или в своих письмах. Так, Е. А. Букетова возмутил тот факт, что выход работы О. О. Сулейменова «Аз и Я» вызвал не научную полемику вокруг книги, а идеологическую травлю ее автора. Непреходящая и историческая ценность книги Олжаса Сулейменова «Аз и Я» заключается в том, что он одним из первых исследователей доказал, что тесные взаимоотношения Древней Руси и тюркского Поля насчитывают многие сотни лет. Со словами поддержки обращается Евней Арстанович в письме О. О. Сулейменову 12 февраля 1976 г.: «Ваша книга – замечательное явление, о нём ещё будут судить, Вы эту книгу ещё не раз будете переиздавать, равнодушным остаться к ней невозможно)» [9, Л. 23].

В жизни ректора КарГУ Е. А. Букетова были и драматические дни. Не всех устраивал стремительный взлет перспективного руководителя и ученого. Он был подвергнут травле и снят с поста ректора Карагандинского государственного университета. В архиве хранится клеветнический фельетон-пасквиль Ю. Рощина «В соавторстве с... Хлестаковым», опубликованный в «Ленинской смене» 19 мая 1979 года, а также протокол № 3 заседания совета Карагандинского государственного университета от 17 ноября 1979 года, повестка дня: «О мерах по устранению недостатков, отмеченных комиссией ЦК КП Казахстана». У бывшего ректора Карагандинского университета продолжались проблемы во взаимоотношениях с руководством АН Казахской ССР, резко ухудшилось здоровье. Академик АН Казахской ССР Е. А. Букетов занимал скромную должность старшего научного сотрудника лаборатории. Его статьи не публиковались. К счастью он не потерялся, с максимальной отдачей трудился до самого конца жизни.

Жизнь Е. А Букетова продолжается в благодарной памяти коллег, научных открытиях его учеников, университетских аудиториях, где новые поколения студентов постигают мудрость науки [10].

Список использованной литературы
1. Кефнер Н. В. Научная повседневность послевоенного поколения советских историков: Дис. ... канд. ист. наук— Омск, 2006. — 330 с.
2. Букетов Е. А. Шесть писем другу – Алма-Ата: Жалын, 1989. – 288 с
3. Сарсеке М. Тернии и триумф Евнея Букетова: Роман – эссе. – 6-е подарочное изд. – Караганда: Арко, 2011. – 436 с.
4. Назарбаев Н. А. Независимому Казахстану – жить и здравствовать // Казахстанская правда. – 1998. – 16 декабря
5. . Государственный Архив Карагандинской области (ГАКО) Ф. 1484. Оп. 1. Д. 41. Л. 100
6. ГАКО Ф. 1484. Оп. 1. Д. 122. Л. 7.
7. ГАКО. Ф. 1484. Оп. 1. Д. 101.
8. Букетов К. Воспоминания о Евнее Букетове: К 80-летию со дня рождения Е. Букетова // Индустриальная Караганда. – 2004. – 2 декабря
9. . ГАКО Ф. 1484. Оп. 1. Д. 98.
10. . Кубеев Е. К. Продолжатели традиций / Подготовила О. Моос // Индустриальная Караганда. –2010. –30 марта

ӘОЖ 82.4

ҒҰЛАМА ҒАЛЫМНЫҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ҚЫРЫ

Жақан Ә.Қ., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

«Жан-жақтылық», «көп қырлылық» деген ұғымдарды ұлы адамдарға қаратып айтып жатамыз. Расында солай! «Қасым солай болмаса, несі Қасым?!» [1, 35] - депті Мұқағали, ақынның талантына таңқалып. Біз іздеген Ебіней ағаның жан-жақтылығы мен сан қырлылығы – оның талант құдіретінте тұр десек, артық айтқандық емес. Ендеше, Бөкетов әлемінде басты орын алатын, ғұлама ғалымның ерекше қыры – әдебиетшілігі мен публицистикасынан сыр тартып көрейік.

Бар ғұмырын ғылымға арнаған Ебіней Арыстанұлы химия мен металлургияның майталман маманы болғанымен, әдебиет пен журналистикаға өмір бойы ғашық болып өтті. Оны ғалымның қанатты сөздерінен-ақ бірден байқауға болады. Құлақ түрелік: «Мен... әдебиетті білмеген ғалымды асыл мәнінде нағыз ғалым болады деп айта алмас едім. Үлкен ғалымдар қашанда мәдениеті жоғары әдебиетке жетік болған» [2], - дейді. Мұны бір деңіз. Екінші дәлел: «Сыйлас, сырлас, көмектес...» [2] - деп, үнемі айтып жүреді екен. Үкілі үміт шақырар осы үштаған сөз сонау бір замандағы әлемдік қолбасшы Юлий Цезарьдің: «Келдім. Көрдім. Жеңдім!» дейтін әйгілі сөзінен әлдеқайда жоғары тұр. Шындығында, әскер басы Цезарьдің басқыншылық бағыттағы ұр да жық ұранынан гөрі, байсалды Бөкетовтің гуманитарлы көңілі биіктен көрінетіні анық қой!

Ебекеңнің сөз өнеріне ғашықтығын академик Зейнолла Қабдолов: «Бұдан қырық үш жыл бұрын жеті жасар Евнейдің мектеп есігін ашып, алғашқы мұғалімі Августа Устиновнадан дәріс алып, көзі қара тануы-ақ мұң, содан бергі күллі саналы өмірінің өн бойында қызыға оқып, құныға тоқығаны – қазақ, орыс, қала берсе, бүкіл дүние жүзінің көркем классикасы.

Евнейдің қаламгерлік қызметі әзірге шағын, бірақ мәнді: Эмиль Золяның бір топ әңгімелерін, Иван Вазовтың «Бұғауда» романын, Владимир Маяковскийдің «Қандала» пьесасын, Сергей Есениннің «Анна Снегина» поэмасын қазақшаға аударып бастырды. Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсірепов творчествосын тұтас байыптай келе «Оянған өлке» туралы ойлы мақала жазды. Өткен жылы Маяковскийге қайта оралып, оның «Жақсы» поэмасын аударып шықты. Москвадағы орталық журналдарда «Атан қомында туған адам» деген атпен қазіргі қазақ интеллигенциясы жайлы көлемді эссе жариялады. Биыл «Жазушы» баспасынан публицистикалық очерктері мен сын мақалалары жеке жинақ боп жарық көрмек. Бұл күндерде Е.Букетов академик Қ.Сәтбаев хақында кітап жазып жүр» - деп, ғалымның балғын шағынан бастап, әдебиеттегі аудармашылық және публицистикалық еңбектеріне тоқталады да: «Евнейді – Евней еткен көркем әдебиет»[3, 158-161] деген түйін жасайды. Бұл – академиктің академик жайлы тамаша толғанысы (З.Қабдоловтың «Селен мен өлең» атты мақаласынан үзінді).

Ебіней Арыстанұлының өндіріске қосқан зор үлесі көз алдымызға алып та асқар тауды елестетсе, қазақ руханиятына да сондай мол еңбек еткені мынандай деректерден көрінеді. 1950 жылдардан 1983 жылға дейінгі 30 жылдан аса өндірісте жаңалық ашу, ғылым мен білімде басшылық пен ұйымдастырушылық қызметтерде жүрсе де қаламын қолдан тастамай, қаламгерлікпен және журналистикамен айналысуы – ұлт руханиятына деген жанашырлығы, ел мүддесін жоғары көтеруден туындаған ізгі тілек-ниетінен болса керек. Әдебиеттегі бірнеше көркем шығарманы шебер аудара жүріп, публицистикаға да көп уақытын бөлгені анық. Академиктің сол ерен еңбегін, қарымды қаламгерлігін анықтайтын мақалалар шоғырына көз жіберіп көрейік: «Повести Гоголя на казахском языке» (/Казахстанская правда, 1952, 17 апреля), «Грозное оружие» (/Казахстанская правда, 1953, 19 июня), «Критика и библиография на страницах журнала «Әдебиет және искусство» (/Коммунист Казахстана, 1953. - №9, с. 53-56), «Пьеса о Чокане» (/Казахстанская правда, 1954, 15 декабря), тағы басқа да Қазақстандағы орысша басылымдарда жарық көрген әдебиет және өнер жайлы мақалалар Ебіней Арыстанұлының алғашқы публицистикалық қадамы болғандығы анық. Осылай басталған қарлығаш қадамы 1960-1970 жылдары қыран қанатына айналып, шырқау биікке көтерілген. Сол парасатты публицистикаларының бірқатарын атап өтсек: «Замана шырағы» (/Лениншіл жас, 1960, 1 қаңтар), «Канада көріністері» (/Орталық Қазақстан, 1967, №218-221), «Аққан

жұлдыздан құс жолына дейін» (/Орталық Қазақстан, 1969, 3 сәуір), «Қарағанды химиясы және оның болашағы» (/Социалистік Қазақстан, 1969, 21 наурыз), «Сыйлас, сырлас, көмектес» (/Социалистік Қазақстан, 1969, 11 қазан), «Щедрость земли» (/Казахстанская правда, 1969, октябрь), «Ағадан – ақыл, іниден – ілтипат» (//Білім және еңбек, 1971, №6), «Қараша үйден Қарағанды университетіне дейін» (//Білім және еңбек, 1972, №12), «Өндіріс пен ғылым егіз» (// Қазақстан коммунисі, 1972, №4), «Жас замандас келбеті» (//Мәдениет және тұрмыс, 1974, №1), «Пушкин мен Маяковский» (//Жалын, 1974, №3), «Университеттік ілім» (//Жұлдыз, 1974, №7), «Арманшыл болғанға не жетсін?!» (//Білім және еңбек, 1975, №7), «Көркем аударма, қал қалай?», (/Лениншіл жас, 1975, 4 шілде), «Алтын босағаны аттағанда» (//Жалын, 1976, №4), «Алып адым» (//Жұлдыз, 1977, №8), «Көкжиек көңіл күмбезі» (/Социалистік Қазақстан, 1977, 5 шілде), «Қара металлургия алыбы» (/Орталық Қазақстан, 1977, 21-23 қыркүйек), «Адамзаттың Айтматовы» (/Лениншіл жас, 1978, 12 желтоқсан), «Табиғат тіршілік көзі» (/Социалистік Қазақстан, 1973, 31 қазан), «Тұңғыш қазақ академигі» (/Орталық Қазақстан, 1979, 12 сәуір), «Тұлпар тұяғының іздері» (/Орталық Қазақстан, 1982), «Көмір мен судан: мұнай, бензин, керосин және басқалары» (//Зерде, 2000, №2, 3), «Шәкәрім туралы Абзал Қарасартовпен әңгіме» (//Жұлдыз, 2000, №11, 69-88 беттер). Бұл шоғыр топтан басқа да еліміздің қазақша, орысша басылымдарында жарық көрген материалдары көп екен.

Өз дәуірінің өзекті мәселелеріне қалам тербеген ғалым-публицистің осынау толқынды туындыларына бөкетовтанушы-ғалым Қойлыбай Асанның «Евней Букетов - публицист» дейтін зерттеу еңбегінде мынандай пайымды пікір айтылған: «Біріншіден, Е.Букетов кез келген тақырыпқа қалам сүйкей бермеген сыралғы публицист. Ол тек өз парасат-пайымындағы толғауы жетіп пісіп жетілген дүниелерді ғана ой таразысында екшей отырып, сол мәселе болмысының табиғатын жан-жақты ашып көрсете білген.

Екіншіден, мәселе етіп көтерген кез келген проблемасын, ғылыми негізде тұжырымдай отырып, одан шығудың концепциялық жолдарын қоса ұсынады.

Үшіншіден, публицистикалық шығармаларының қай-қайсында болмасын дидактикалық әсер, романтикалық сезім сияқты әсіре қызыл мінез жоққа тән. Келелі пікір, ғибратты қағидалары әр ойының мазмұнын айшықтап, көркемдігін арттыра түседі.

Төртіншіден, публицист шығармашылығының мәні қоғамдық қажеттіліктен туындауымен, оқырманның заманға сай рухани қажеттілігін қанағаттандыруымен құнды» [2, 161-162].

Бұған қарағанда, Ебіней ағамыздың тумысынан журналистік бейімі, публицистік қыры болғанға ұқсайды. Бұл айтып отырғанымыз кезінде мерзімді баспасөзде жарияланған Бөкетов жазбалары. Енді осыған қоса, ғалым-публицисттің қаламгерлік қырын тағы да айғақтайтын біршама кітаптары да бар. Оларға да сәл тоқталсақ: «Атан қомында туған адам» (- Алматы: «Жазушы» баспасы, 1975), «Грани творчества» (- Алматы: «Жазушы» баспасы, 1977), «Шесть писем другу» (- Алматы: «Жалын» баспасы, 1989), «Нефть, уголь и вода в химии и энергетике» (- Караганда, 1994), «Святое дело Чокана. Об академике Сатпаеве» (- Караганда: «Арко» баспасы, 1994), «Алты хат» (- Алматы: «Жалын» баспасы, 1996), «Жас Қаныш» (- Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1999), «Сокровенное. Көкейкесті» (- Алматы: «Қазақстан» баспасы, 2000), «Детские годы Каныша» (- Караганда, 2001). Бұларға тағы екі қыры – аудармашылық пен сыншылдығын қосыңыз. Бөкетов аудармаларының бәрі классикалық деңгейде екендігін жұрттың көбісі растайды. Мысалға, Шекспирдің «Макбеті», Есенин мен Маяковскийдің пьеса ,поэмалары, басқа да орыс және әлемдік классиктердің шығармаларын өз тілімізде өрнектеп, шедевр жасаған.

Бір ғажабы, химия мен металлургиядан қаншама жаңалық ашып, өндіріске енгізгені, жоғары оқу орындарындағы басшылық қызметтер, ұйымдастырушылық іс-әрекеттер, халықпен, студенттермен жұмыс істеу, басқа да түрлі қоғамдық жұмыстармен жүрсе де әдебиет пен журналистиканы қалыс қалдырмай ерен еңбек қылуы – баршамызға үлгі-өнеге болатындай. Осының бәріне қалай уақыт тапқанына таңқаласың... 1925 – 1983 жылдар аралығында 58 жыл ғана ғұмыр кешкен ғұлама ғалымның бір сөзінде: «Менен кейін не болатынын білмеймін. Бірақ, мен еккен дәндердің біреуі көктеп шықса да, мен өзімді бақытты санар едім...», -депті. Сонан бері академик ағаның мыңдаған, миллиондаған дәндері өсіп-өніп келеді. Бұл күндері жайқалған қаншама егістіктерге, ну ормандарға айналды десек те, өтірік айтқандық емес. Бұған дәлел ретінде, ашылғанына 53 жыл (1972 жылдан бастап) болған Бөкетов атындағы Қарағанды университетін айтсақ та жеткілікті.

Бөкетов әлемін сөз еткенде, Ебіней ағаның ерекше феномен, қайталанбас құбылыс екендігін елдің бәрі айтады, мойындайды. Осындай зор жетістікке жету, биік шыңдарды бағындыру – оның таудай талантына, далаға тән дарынына қатысты дедік. Дегенмен, сол құдіреттің негізі – бала Ебінейдің әдебиетке, көркем кітапқа құштарлығынан басталған секілді. Аудармашылық, сыншылық тәрізді қабілет-қасиетке журналистік-публицистік бейім қосылған. Сол әдебиетшілік әлем мен журналистік жол өз иіріміне тартып, қияға қанат қақтырған. Бөкетовтің гуманитарлық қадамын, бағындырған биігін академик Зейнолла Қабдоловтың бір ауыз лебізінің өзі нақтылап тұрғандай. Зекең айтпақшы, «Ебінейді – Ебіней еткен көркем әдебиет»[3] және ерен еңбек екендігі даусыз.

Биылғы наурыздың 23-ші жұлдызында Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің туғанына – 100 жыл толды. Бір ғасырлық бұл мерейтой – қазақ білімі мен ғылымының, мәдениеті мен әдебиетінің, тарихының, химия мен физикасының, өлке өндірісінің, яғни көмір мен темірдің тойы десек те болады. Өйткені, осы салалардың бәріне де Ебіней ағаның еңбегі сіңді. Ел үшін ерінбей еңбек еткен, ұлттың келешегі – ұрпақ жолында аянбай тер төккен академик-ғалым, техника ғылымдарының докторы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, әдебиетші, сыншы, аудармашы, жазушы, публицист Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің есім-сойы, қалдырған ізгілікті іздері, маржандай мол мұрасы, өндіріске қосқан өлшеусіз үлесі Алаш аспанында алтын әріппен жазылып, ұлт тарихында ешқашан өшпестей, ұмытылмастай орын алды.

Ардақты да аяулы, зиялы да жақсы жанның рухы шат болсын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мақатаев М. Жырлайды жүрек. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 бет.
2. Асанұлы Қ. Евней Букетов – публицист. Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. – 196 бет.
3. Қабдолов З. Жебе. – Алматы: Жазушы, 1977. – 380 бет.

ӘОЖ 82.94

ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Жұматаева М.А., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Омашева Ж.М., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
Есентаева Ш., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақ ғылымы мен көркем ойының көрнекті тұлғаларының бірі – Евней Арыстанұлы Бөкетов еді. Ол – тек қана ғылым саласында ғана емес, сонымен қатар әдебиет пен өнерде де өзіндік қолтаңбасын қалдырған ғұлама. Е.А. Бөкетовтің шығармашылық мұрасы – оның терең ойының, ел мен туған жерге деген сүйіспеншілігінің, адамзатқа ортақ рухани байлыққа қосқан үлесінің айғағы. Досы, әрі замандасы Зейнолла Қабдолов: «Евней жас жігіт кезінің өзінде уытты, жігерлі, екі тілге бірдей шешен, өз ісіне мығым болатын. Не нәрсеге де бейтарап, енжар қарай алмайтын, көзі мен көкірегі бірдей ояу, ойлы, қимыл-әрекеті ширақ, тыңғылықты еді. Осы сипаттары қазіргі жігіт ағасы кезінде де қаз-қалпында. Мұның да арғы тамырын әдебиеттен іздеу абзал. Өйткені инженер-металлург болуға бет алған шәкірт Евней физика мен лириканы ешқашан бөле қараған емес, оларды Есіл мен Нұра секілді егіз деп білетін. Формулалар мен теоремаларды дәлелдеуге Пушкин айтқан «геометрияға керек шабытпен» кірісетін. Химиялық реакцияларға тәжірибе жасап тұрып, Абай ақындығындағы тотының түгіндей құлпырған «сөз химиясын» қатар пайымдаса, Менделеев кестесіне Маяковский «баспалдағымен» көтеріліп-түсіп жүретін. Ал Әуезовтің «Абайын» басына жастанып жататын Евней ғалым-жазушыны әдебиетшілер ағасы ғана емес, оқымыстылар ұстазы деп те танитын. Профессор Букетов пәрменіндегі селен мен өлеңнің бірлігін, міне, осы арадан іздеген жөн» [1, 160] - деп, жоғары баға беріпті. Академик ағамыз айтса-айтқандай, Евней Арыстанұлы Бөкетов — кең ауқымды энциклопедиялық білім иесі, ғалым-химик, академик, сонымен қатар әдебиетке, аударма ісіне, публицистикаға да елеулі еңбек сіңірген зиялы тұлға. Ол өзінің ғылыми қызметімен қатар, әдеби шығармалар жазып, әлем әдебиетінің жауһарларын қазақ тіліне аударуға көп еңбек етті. Әсіресе, орыс әдебиетінің классиктерін – А.С. Пушкин, С.А.Есенин, В.В.Маяковский сынды қаламгерлердің шығармаларын шеберлікпен тәржімалап, қазақ оқырманына жақындата түсті. Бұл еңбектер оның тек қана аудармашы ғана емес, терең эстетикалық талғамы бар әдебиетші екенін дәлелдеді.

Бұған дәлел ретінде қаламгер Б.Тобаяқов: «Кішкентайынан көркем әдебиетті құмарта оқып, тарихи романдар мен зерттеулерді назарынан тыс қалдырмайтын, жаратылыстану мен техника құпиялары жөнінде қызу пікірталастыруға еш жалықпайтын Евней аға есейе келе көп уақытын ғылымның шешілмеген түйінді мәселелерін тереңдеп пайымдауға арнаған. Аспан көгіне самғап ұшар құстың қос қанаты бар секілді шын таланттың да төлтума қадір-қасиеттері бар ма деп ойлаймын. Осы тұрғыдан алғанда, Ебекеңнің екінші бір өшпес із қалдырған ғұмырнама беті ол поэзия, өнер, жазушылық саласы. Евней ағаның әдебиеттегі айрықша талантын замандастары да, кейінгі ұрпақ-жастар да толық мойындаған. Мұндай тума дарындылықтың әріден бастау алатын қайнар көзі де бар-тын.

Біріншіден, Евнейдің әкесі Арыстан еті тірі, он саусағынан өнер тамған, сауыққой домбырашы, өлеңші адам болған. Ол кісі етікшілікті де кәсіп етіп, тапқан-таянғанын балаларының оны-мұны қажетіне жаратып отырған. Ал әжесі сүйікті немересі Евнейге ұзақты түн қисса, аңыз-дастандарды айтудан жалықпаған. Табиғатынан зерек бала әкесі, әжесі айтқан ән-өлеңдерді, қисса, ертегілерді зердесіне берік тоқып өскен...» [2] - деп, ғалымның бастау бұлағынан сыр тартады.

Е.А.Бөкетовтің шығармаларынан адамгершілік, ізгілік, ұлтқа деген шексіз сүйіспеншілік пен рухани биіктік аңғарылады. Ол өзінің әрбір жазбасында, ойтолғауында қазақ халқының болмысы мен мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін, рухани тірегін ардақтауға үндеді. Оның публицистикалық еңбектері мен мақалалары терең философиялық мәнге, өміршең идеяларға толы. Ұлттың ұлы мұраттары жолындағы күресте ол ешқашан жалтармаған, шындық пен әділет жолын берік ұстанған. Сонымен қатар, Е.А.Бөкетовтің шығармашылық мұрасы жастарды тәрбиелеу ісінде үлкен маңызға ие. Ол ұрпаққа білім беру мен ғылымды дамытудың маңыздылығын әрдайым алға тартты. Оның ұстаздық, ұйымдастырушылық қабілеті мен адами келбеті — кейінгі буынға үлгі. Қарағанды мемлекеттік университетінің негізін қалап, сол университетке жетекшілік етіп, білім мен ғылымның дамуына ерекше үлес қосты. Бұл туралы ғалым Қ.Асанов: «Е.Букетов публицистикасының негізгі арқауларының бірі – дәстүр, тағылым аясында өрбиді. Осы тұрғыда қаламгер көптеген мақалалар мен лекциялық баяндамалар жазғаны мәлім. Жастардың оқу-білімге құштарлығын ояту, тәлімді, тәрбиелі, мәдениетті болып қалыптасуына ықпал ететін, уәлі сөздері мен дәйекті пайымдауларын публицистикалық шығармаларынан анық байқаймыз. Мысалы: "Ағадан ақыл, іниден ілтипат", "Қараша үйден Қарағанды Университетіне дейін", "Жас замандас келбеті", "Арманшыл болғанға не жетсін", "Сыйлас, сырлас, көмектес", "Парасат - білім бұлағы", "Ғылым көкжиегін көксесек" атты мақалалары өскелең ұрпақ бойындағы жақсы қасиеттер мен парасаттылықтың қалыптасуына ықпал ететін, соған меңзейтін дүниелер.

Жастар тақырыбындағы қай мақаласында болмасын көтерер өзекті мәселенің бірі өскелең ұрпақты жат қасиеттерден, мен-мендіктен, тәкәппарлықтан, мансапқорлық пен көрсеқызарлықтан сақтандырып, ғылым, білімнің қоғамға тигізер пайдасының қаншалықты салмақты екендігін ескерту болып табылады» [3, 48] - деген ойын ортаға салады.

Е.А.Бөкетовтің шығармашылық мұрасы — қазақ руханиятының алтын қазынасының бір бөлшегі. Оның қалдырған ізі, жазып кеткен ойлары мен еңбектері болашақ ұрпақ үшін сарқылмас рухани бұлақ. Ол — өз дәуірінің ғана емес, кейінгі ұрпақтың да іздейтін тұлғасына айналған аңыз адам. Аудармасы жөнінде мына бір деректі айта кеткен жөн.

«Ақындардан Ебекең орыстың ең әйгілі, ұлы шайырлары Владимир Маяковский мен Сергей Есенинді аударды. Ол Маяковскийдің өршіл, асқақ пафосты поэзиясын сүйді, екі поэмасын: «Керемет» және «Тамара мен Демонды» әрі сатиралық пьеса «Қандаланы» тәржімалады. Өзі де арғымақ ақынның өлеңдерін, поэмаларынан

үзінділерді орысша жатқа оқитын. Ал, «Пушкинді аударуға жүрегім дауаламайды Абайдан кейін»,- дейтін. Бірақ та Евней аға соңғы жылдары Пушкиннің ұлы әскербасы Барклай де Толлиге арнаған «Полководец» («Қолбасшы») атты өлеңін тәржімалады. Оны ол Қарағандыда ауырып жатқанда көңіл сұрай барғанымызда оқып беріп еді.

Маяковскийдің «Қандаласы» шын мәнісінде уытты сатира ғой. Оның эпизодтары қазіргі біздің заманға да келеді. Иә, сол тоғышарлық, сол ішмездік біздің қоғамда да баршылық екенін несіне жасырамыз. Осы жат қылықтар қоғамды, халықты қандалаша теспей сорып отыр емес пе?» [2].

Евней Арыстанұлы Бөкетовтің шығармашылығын сөз еткенде, оның әдебиетшілігін, аудармашылығын, публицистік қырын және сыншылық жағын да айта кеткен абзал. Ол әдебиетті жанындай жақсы көрді. Ерекше сүйе білді. Қадірлеп, қадыр тұтты. Ғалымның шығармашылық мұрасы – тебіренген теңіз тәріздес. Химия мен металлургия салаларына қандай білгір болса, ұлттық әдебиетке, сондай-ақ, орыс және әлем әдебиетіне де сондай жүйрік болатын еді.

Дүние жүзінің классиктерінің шығармаларын зерттеп-зерделеп, авторлары жөнінде пайымды ой-пікірін айта білген Е.Бөкетов ұлт тұлғалары Абай, Шоқан, Қаныш, Мұхтарларды сол биіктен көрсете білді. Болашақ ұрпақты қандай жолмен болса да, ұлылар ғибратынан өнеге, тәрбие алуға шақырды. Бұл публицист, әдебиетші-ғалымның өмірдегі изгі-мақсат, ой-арманы, тілек-батасы еді.

Бір ғажабы, химик-металлург ғалымның ұлттық руханиятқа әдебиетші һәм публицист, сыншы ретінде орасан үлес қосуында жатыр. Бұл да ғұлама ғалымның жан-жақтылығын, ғылымдағы әмбебаптығын дәлелдейтін бір көрініс болса керек.

Биыл туғанына ғасыр болып отырған зерделі ғалымның шығармашылық ғұмыры, мол мұрасы кезегімен келетін, толқын-толқын ұрпаққа үлгі-өнеге әрі мәңгілік ескерткіш болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
1. Қабдолов З. Жебе. – Алматы: Жазушы, 1977. – 380 бет.
2. Тобаяқов Б. «Аңызға айналған әз аға» мақаласынан.
3. Асанұлы Қ. Евней Букетов – публицист. Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. – 196 бет.

УДК 1751

E.A.BUKETOV AS A TRANSLATOR, HUMANISTIC WRITER AND PATRIOT: HIS CONTRIBUTION TO THE DIALOGUE OF CULTURES AMONG NATIONS

Ivanova E.M., Academician E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan
Kopzhasarova U.I., Academician E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan
Doc.Dr.Cihat Burak Korkmaz Ankara Yildiririm Beyazit University, Turkey

Yevney Arstanovich Buketov occupies a special place in the history of science and culture in Kazakhstan. He is known as a scientist-chemist, public figure, publicist, writer, humanist; he has also distinguished himself in the field of literary translation [1]. This aspect of his biography is no less significant than his scientific works, since Buketov's translation practice served an important cultural mission. In the political and multilingual environment of Kazakhstan, translation was not only a means of artistic expression but also a mechanism for intercultural interaction. Buketov's translation activity can be seen as a factor that contributed to the development of dialogue between languages and cultures.

The importance of examining Buketov's translation approach lies in several key aspects. First, it allows for a deeper understanding of his personality as a versatile humanist who sought to combine science, literature, and public activity. Second, his translations reveal new insights into the dynamics of cultural exchange during the Soviet era. At that time, dialogue between languages and cultures was not just an artistic endeavor but also a state-driven ideological project. In today's interconnected world, where globalization and cultural exchange are the norm, Buketov's work highlights the crucial role of translation in preserving and expanding Kazakhstan's rich multilingual space.

E.A. Buketov's translation work was shaped by the complex and multifaceted historical and cultural context of Kazakhstan in the second half of the 20th century. This period was characterized by active interaction and mutual influence between the two main linguistic and cultural systems – Kazakh and Russian. During the Soviet era, Russian served as the language of interethnic communication, Kazakh language as the bearer of national identity, cultural traditions, and spiritual values of the people.

In this situation, translation became not only a literary phenomenon but also a tool for preserving and transmitting cultural heritage. On the one hand, translations from Kazakh into Russian opened up the richness of national literature to a wide range of readers and contributed to its integration into the all-Union and world cultural space. On the other hand, translations of Russian and foreign literature into Kazakh introduced Kazakh readers to the achievements of world artistic thought, formed new aesthetic guidelines, and enriched national literature.

Translation was also important in the development of multilingual personalities. In the bilingual environment of Kazakhstan of 20th-century, it was through translation that people developed the ability to perceive other cultural traditions, compare them with their own, and enhance a respectful attitude toward linguistic diversity. In this context, E.A. Buketov's work is a part of a larger cultural process. Possessing a high level of philological culture and a profound humanistic worldview, he understood translation not only as an artistic endeavor but also as a social responsibility. His work was aimed at mastering linguistic and cultural gaps, fostering dialogue between Russian and Kazakh literature. This was in keeping with Kazakhstan's spiritual evolution during the Soviet period [2].

E.A. Buketov's worldview was characterized by a strong humanistic focus, which was evident in all areas of his work, including science, literature, and translation. His research and public speeches were imbued with a desire to promote moral values based on truth, goodness, and beauty, which aligns with his understanding of culture as a universal criterion for human activity.

His contemporaries described him as a person of "the highest culture, crystal-clear honesty and purity, a clear mind, and a charming and loyal companion." These recollections highlight his moral integrity, dedication to people, and a humanistic approach to everyone. [3] Professor Karenov describes E. Buketov as a talented master of the written word. He notes that Buketov made a significant contribution to the development of literary studies and critical thinking. His creative legacy includes articles and reviews of works by famous Kazakh prose writers, such as G. Musrepov's "The Awakened Land," performances of "Shokan Valikhanov" by Mukhanov, "Mayra" by A. Tazhibayev, "Tokash Bokin" by 3. Shashkin, and "The Legend of Love" by Nazim Hikmet. In addition, Buketov's significant achievement was introducing Kazakh readers to the works of Pushkin, Yesenin, and Shakespeare [4].

E.A. Buketov began his translation career during his student years. Even at that time, translation occupied a special place in his life: it was seen not only as an intellectual exercise, but also as a form of creative relaxation, allowing him to switch from intense work in the laboratory to the artistic word. It was then that his understanding of translation as an essential means of intercultural communication took shape.

Buketov's translation work is unique, it reflects his worldview as a writer, publicist and social activist. A characteristic feature of his translations is his desire to strike a balance between fidelity to the original text and its adaptation for a new audience. He understood that translation, as a mediator between cultures, must remain accessible and understandable to the reader, without losing the national specificity of the work. This approach allowed him to preserve the author's style while introducing readers to a different cultural world [5].

His translation work was often collaborative. It is known that Buketov collaborated with his friend S. Tleubaev, with whom he carefully analyzed each line of text, striving for the most accurate and expressive version. This approach demonstrates his early commitment to the quality of translation and attention to the nuances of artistic form [3].

Buketov's style of translation is characterized by a high level of linguistic culture. He masterfully used the stylistic resources of both Russian and Kazakh, which allowed him to achieve maximum accuracy of expression. His texts demonstrate a deep understanding of the artistic nature of words and the ability to preserve the rhythm, imagery, and emotional coloring of the original. Equally significant is the educational aspect of Buketov's translation work. His translations fostered respect for other cultures in readers and developed a sense of multiculturalism, helping to realize the value of a multilingual world. This is the reflection of his humanistic orientation: through translation, he sought not only to convey the artistic text, but also to nurture a harmonious personality open to dialogue.

One of the most notable aspects of Buketov's humanistic principles was his commitment to making science accessible to a wide audience. According to V. Malyshev's apt observation, he was a "translator from the language of science to the language of the general public," which ensured the popularization of knowledge and strengthened its significance in society.

Buketov's humanism was also reflected in his civic stance. He openly criticized phenomena that he believed distorted the national culture. His principled judgments about literary translations and cinematic works demonstrate a strong sense of responsibility and adherence to humanistic values.

Thus, the image of E.A. Buketov appears as the image of a humanist scientist, for whom cultural and scientific activities were inextricably linked with the task of spiritual development of society and the education of the individual. His life path and creative legacy confirm the idea that true science is impossible without relying on moral ideals and the culture of the spirit.[3]

The legacy and works of Academician Buketov are relevant and of interest to society in the modern world. Various writers and critics emphasize Buketov's outstanding qualities as a translator, noting his rich linguistic culture and sensitive understanding of the text.

According to researchers, E. A. Buketov was distinguished by his unique style of translation, noting that his translations "show respect for the original, a desire to preserve the national flavor of the work and at the same time make it understandable to a different cultural audience".

Within the literary community, he is often hailed as a master, skilled in capturing the nuances of the artistic word. Journalist Mogilnitsky writes that Buketov is not only a prominent chemist, but also an outstanding literary figure who has made a significant contribution to the development of Kazakh literature. His literary works and translations of world classics have helped to broaden the cultural horizons of readers in the republic. Buketov emphasized the need for constant and purposeful work to develop literary mastery, considering systematic work on the text as the basis for the development of creative abilities. His consistent practice of daily writing allowed him to create a number of literary articles and reviews that were highly appreciated by his contemporaries. In his research and critical notes, he demonstrated a deep understanding of artistic text and the ability to identify its ideological and aesthetic features. E. A. Buketov's literary legacy testifies to the harmonious combination of scholar and writer in his personality, which makes his contribution to Kazakhstani culture particularly significant [6].

Buketov's professionalism was also evident in his critical approach to existing translations. Thus, in 1953, he publicly assessed translations of V.V. Mayakovsky's poetry into Kazakh. According to the recollections of his contemporaries, he "criticized the translation of V.V. Mayakovsky's poetry into Kazakh" [5]. This episode demonstrates not only the scholar's exactingness with regard to language, but also his willingness to uphold high artistic standards.

Another important assessment concerns the influence of Buketov's translations on the Kazakh literary tradition. He not only broadened the literary horizons of Kazakh readers by introducing them to world classics, but also contributed to the

development of the national versification system. His translation of Yesenin's poem “Anna Snegina,” for example, required a revision of the meter—eight syllables instead of nine—without losing lines or rhythm. This work was recognized as an innovative step that opened “new horizons for Kazakh readers” and enriched national versification.

Buketov’s translation expertise is evident in the diverse range of genres and cultures he has worked with. E.A. Buketov translated into Kazakh the story “Artemka” by I. Vasilenko, “Stories and Articles” by Zola, the novel “Under the Yoke” by I. Vazov, “The Bedbug” by Mayakovsky” [5]. As a humanist, he strove to popularize knowledge in his native country, showing himself to be a well-rounded individual. He translated not only Russian literary works, but also foreign ones, such as the plays “Macbeth” and “Julius Caesar” by W. Shakespeare. It is evident that working with the works of such diverse authors required the translator to possess exceptional skill and the ability to balance preserving national character with accessibility for a wide readership. These efforts created conditions for the mutual enrichment of literary traditions. By translating literary works of foreign authors, Buketov expanded the worldview of his nation. This choice demonstrates a deep understanding of the artistic value of world classics and a desire to introduce Kazakh readers to the key cultural codes of different eras.

It is also important to note that Buketov was not only a humanist writer, but also a patriot. This can be seen in his desire to glorify the people of his homeland. This is expressed in his works, “The Holy Cause of Chokan,” where he wrote about prominent Kazakh scientist, geographer, historian and educator Chokan Valikhanov [7], in his book of essays “The Man Born on a Camel” and “The Time of a Bright Destiny.” His passion for ethnography, history, and folklore testifies to the multifaceted nature of his personality.

Thus, scientific and literary studies characterize E. A. Buketov as an experienced translator who combines accuracy, artistic expressiveness, and a humanistic orientation. He is treated not simply as a mediator of text, but as a cultural translator who contributed to mutual understanding between literary traditions and the enrichment of the linguistic space.

Therefore, Academician Buketov's translation work holds a distinct place in his scholarly and literary legacy, far from being a mere secondary pursuit. Its main difference is its high ideological content, educational nature, and desire to preserve cultural dialogue between different national traditions.

Special attention should be paid to the fact that E.A.Buketov took a critical stance toward translation in his work. Criticizing the translation of V. Mayakovsky's poetry into Kazakh, he noted their insufficient artistic expressiveness and loss of the author's style. Buketov's position reflects his stringent standards for translation quality. He sees the translator's role as a mediator, tasked with preserving the "living energy" of the original text, not just conveying the narrative.

In addition, it is important to highlight that the significance of Buketov's translation activity is also evident in its educational function. His translations not only introduced Kazakh readers to the world's cultural heritage but also shaped their literary taste, contributed to the development of their language competence, and created space for understanding other artistic traditions. Several researchers point out that “Translators and writers share essential common traits that bring them together. These are inquisitiveness and keen observation, the ability to see something new and vivid in past phenomena, bringing them closer to the present while preserving their historical uniqueness.” [5]. This idea fully reflects Buketov's creative style as a translator.

Summarizing all the above mentioned, it should be noted that E.A. Buketov's translation work occupies a special place in his multifaceted legacy. It is not only an artistic and intellectual process, but also a form of cultural dialogue that promotes mutual understanding between different linguistic and national traditions and contributes to the mutual enrichment of languages and cultures.

The materials reviewed allow us to conclude that Buketov viewed translation not simply as a technical means of conveying meaning, but as an important element of educational and enlightenment work. His translations opened up access to world cultural values for readers, shaped aesthetic taste, and stimulated the development of bilingualism in Kazakhstan.

The significance of this area of the academician's work also lies in the fact that it contributed to the strengthening of humanistic ideals, brought science and literature closer together, and formed the basis for cultural self-determination. In this context, E.A. Buketov's translation legacy should be considered an integral part of the national and global literary process.

Thus, Buketov's translation practice confirms the idea that translation is not only a means of interlingual communication but also an important tool for the spiritual development of society.

References

1. Daniyarova A. E. O nauchnom nasledii akademika ea buketova //rossiya i kazahstan: istoricheskij opyt sotrudnichestva i perspektivy integracii. – 2015. – S. 31-35.
2. Al'magambetova, D. R. Evnej Arstanovich Buketov: sud'ba i knigi (k 90 - letiyu so dnya rozhdeniya) / D. R. Al'magambetova // ZHastar әlemi=Mir molodezhi. - 2014. - 15 dekabrya (№23), 29 dekabrya (№24). - (YUbilej).
3. Buketova N. Gumanist i uchenyj // Industrial'naya Karaganda. - 2013. - 14 dek. (№ 181/182). - S. 7.
4. Karenov, R. \"Net, ves' ya ne umru...\" : k 70-letiyu so dnya rozhdeniya akademika E.Buketova // Zamandas-sovremennik. - 1994. - 8 apr. - S. 1,5.
5. Daniyarova A. E., Daniyarov N. A. Znachenie literatury v tvorchestve akademika E. A. Buketova // Izvestiya TPU. 2013. №6.
6. Mogil'nickij, V. M. Zvezda Buketova : lica epohi // Kazahstanskaya pravda. - 2004. - 16 sent. - S. 4.
7. Buketov E. A. Svyatoe delo Chokana. – Karaganda, 1994. - 144 s.

ӘОЖ 82.091(574) (092)

ЕВНЕЙ БӨКЕТОВ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Касенов С.Т., С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Евней Арыстанұлы Бөкетов - XX ғасырдағы қазақтың көрнекті ғалымы, химик-металлург және бірегей әдебиетші тұлға. Ол жаратылыстану ғылымдарының үлкен маманы болуымен қатар, КСРО Жазушылар одағының мүшесі ретінде әдебиет әлемінде де айрықша із қалдырды. Е.Бөкетовтің әдеби және идеялық мұрасы қазіргі қазақ әдебиетінің даму үдерісінде зор маңызға ие. Әсіресе, тәуелсіздік кезеңінен бергі әдебиеттану тұрғысынан оның еңбектерін қайта таразылау - рухани жаңғыру аясындағы өзекті мәселелердің бірі.

Е.Бөкетов кең көлемді энциклопедиялық білім иесі бола тұра, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Әдебиет саласында ол қарымды сыншы, талантты аудармашы ретінде танылды. 1950-жылдардың өзінде жас Е.Бөкетов қазақ көркем аудармасының сапасын көтеру мәселесін батыл қозғады. Атап айтқанда, 1953 жылы жастардың «Ленинші жас» («Ленинская смена») газетінде оның «О халтурном переводе и невзыскательных издателях» атты мақаласы жарық көріп, қазақ тіліне жасалған кейбір аудармалардың кемшіліктерін сынға алды. Бұл мақалада Бөкетов орыс ақыны В.В.Маяковский өлеңдерінің қазақша тәржімесін өткір сынап, аудармашылар мен баспагерлерге талапты күшейту керектігін көрсетті. Мақала үлкен резонанс туғызып, тіпті орталық «Правда» газеті оны қолдап мақала жариялады. Осылайша, Евней Бөкетов отызға жетер-жетпес жасынан әдеби сында түрен салып, қазақ әдеби тілінің мәдениеті мен аударма ісінің сапасын арттыру жолында күресті.

Ғылыми жұмыстармен қоса әдеби шығармашылықты қатар алып жүрген Е.Бөкетов қызметтес әріптестеріне, ізбасар шәкірттеріне өзінің көркем туындыларын оқып беріп, әдеби талғамын бөлісетін болған. Замандастарының естеліктері оның әдебиетке деген ерекше құштарлығын айғақтайды. Мәселен, академик Зейнолла Қабдолов Евнейдің өнер-білімге жан-тәнімен берілгенін айта келіп: «Евней жас кезінен-ақ екі тілді жетік біліп, сөз бен істің адамы болды. «Абай жолы» Евнейдің сүйікті кітабы еді, ғалым-жазушы Мұхтар Әуезовті барша әдебиетші қауымның ағасы, ұстазы санады. Академик Бөкетовтің шығармашылығында сирек металл – селенге деген махаббаты өлеңге деген махаббатымен пара-пар, оның тұтас тұлғасының құпиясы дәл осында еді…»,- деп жазады. Бұл пікір Евней Бөкетовтің бір бойында ғалымдық пен ақынжандылық үйлесім тапқанын аңғартады. Шынында да, Е.Бөкетов аударма өнеріне, жалпы көркем сөзге ерекше мән беріп, өзі де көркем әдебиетке қалам тербеген. Орыс және батыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне тамаша аударып, қазақ оқырмандарына әлем әдебиетінің жауһарларын ана тілінде таныстырды. Атап айтқанда, Е.Бөкетов Уильям Шекспирдің «Макбет» пен «Юлий Цезарь» трагедияларын, В.Маяковскийдің «Шындықтың төлі» («Клоп») пьесасын, С.Есениннің «Анна Онегина» поэмасын, И.Василенконың «Артемка» повесін, Э.Золяның бірнеше әңгімелері мен мақалаларын аударады. Сондай-ақ, болгар жазушысы И.Вазовтың «Игом» («Қамыт») романын қазақшалағаны белгілі. Е.Бөкетов аудармалары көркемдігімен, тілінің шұрайлылығымен ерекшеленіп, қазақ аударма әдебиетінің деңгейін жаңа биікке көтерді.

Әдеби сыншы ретінде Евней Бөкетов ұлттық әдебиеттанудың маңызды мәселелеріне қалам тартты. Ол қазақтың ұлы классиктері Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын терең талдап, олардың идеялық-мазмұндық қырларын көркемдік тұрғыда ашып көрсетті. Мәселен, Бөкетов М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын қазақ сөз өнерінің ұлы жетістігі ретінде бағалап, эпопея арқылы «ақынның ақындық қасиеті, ойшылдығы, тұлғалық бітімі жан-жақты ашылған сыр сандық» деп жоғары баға берді. 1972 жылы «Жалын» журналында жарияланған «Халқымыздың мерейі мен мақтанышы» атты мақаласында Бөкетов Мұхтар Әуезовті «ұлтымыздың ары мен абыройы» деп атап, оны қазақ халқының рухани жетекшісі ретінде дәріптеді. Бұл сол кезең үшін аса маңызды идеялық тұжырым болатын. Кеңестік идеология ұлттық тұлғаларды шектеулі тұрғыда ғана мойындаса, Бөкетов Әуезовтің әлемдік деңгейдегі орнын ашық айтуға тәуекел етті. Осы арқылы ол қазақ әдебиетінің мерейін үстем ететін тұлғаларға деген халықтық құрметті өз мақалаларында паш етті. Жалпы, Евней Бөкетовтің әдеби-сын мақалалары талғампаздықпен жазылып, бүгінгі күні де маңызын жойған жоқ. Оның сыншылық көзқарастары қазіргі әдебиеттанушылар үшін тәуелсіздік рухындағы ұлттық әдебиеттану методологиясының қалыптасуына негіз болған рухани қазына деп бағалануы шарт.

Евней Бөкетов - қазақ және орыс тілдерінде бірдей қалам тербеген сирек саналатын қаламгер. Ол әдеби еңбектерін ана тілінде де, орыс тілінде де жазып, екі мәдениет кеңістігінде бірдей өнімді жұмыс істеді. Бөкетовтің бұл қос тілділігі оның шығармашылық тұлғасын ерекше сипаттайды. Зерттеушілердің пайымдауынша, Евней Бөкетов – билингв, яғни қазақ және орыс тілдерін кәсіби деңгейде меңгерген қаламгер, әрі көптеген мәдениеттердің тоғысқан ортасында өмір сүріп, кең өрісті дүниетаным қалыптастырған әлемдік азамат. Шынында да, Е.Бөкетовтің көркем мұрасы бірнеше тілдік-мәдени қабаттардың тоғысында жатқан көп қырлы интертекст деуге болады. Ол негізгі ғылыми, публицистикалық және әдеби еңбектерін қазақ, орыс, тіпті қажет тұста ағылшын тілінде жазып, түрлі аудиторияларға ой жеткізе білді. Мұндай ерекшелік қазіргі қазақ қоғамының көптілді, мультимәдени келбетімен үндес, сондықтан Бөкетов мұрасы бүгінгі күнге де етене жақын.

Евней Бөкетовтің қаламгер ретіндегі шығармаларын шартты түрде бірнеше жанрлық топқа бөлуге болады: очерк-эссе, повесть, өмірбаяндық шығарма және аударма. Оның алғашқы көлемді әдеби туындыларының бірі - «Атан қомында туған адам» (1975) деп аталған очерктер жинағы. Бұл шығармада автор қазақтың белгілі ғалымы Қ.И.Сәтбаевтың жастық шағы мен ғалым болып қалыптасу жолын көркем тілмен суреттеген. Кейінірек Бөкетов «Грани творчества» атты орыс тілінде очерктер кітабын шығарды (1977). Бұл еңбекте әртүрлі шығармашылық тұлғалар туралы эсселер топтастырылып, өнер мен ғылымның байланысы туралы ойлар өрбітілген. Е.Бөкетовтің кең тынысты туындысы - «Шесть писем другу» (1989) атты кітабы. Бұл шығарма оның көзі тірісінде аяқталмай, қайтыс болғаннан кейін басылды. Кейіннен аталмыш шығарма қазақ тіліне аударылып, «Алты хат» деген атпен жарық көрді (1996). «Алты хат» - ғалымның философиялық һәм эстетикалық ойларын көркем тілмен жеткізген эпистолярлық стильдегі ерекше туындысы. Онда Евней Бөкетов өмір, ғылым, өнер, адамгершілік хақындағы толғаныстарын

досына жазған хаттар формасында баяндаған. Бұл шығарма қазіргі оқырман үшін де құнды рухани мұра, себебі онда көтерілген көп мәселелер күні-бүгінге дейін өзектілігін жоймаған.

Бөкетовтің тағы бір маңызды бағыттағы еңбектері - қазақтың белгілі тұлғалары жайлы деректі повестері. Ол Шоқан Уәлихановтың өміріне қатысты «Святое дело Чокана» атты повесть пен Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы туралы «Детские годы Каныша» атты өмірбаяндық хикаяттар жазған. Бұл туындыларында Евней Бөкетов тарихтағы ұлы тұлғалардың ғұмыр жолын көркем прозаның тілімен сөйлетіп, жастарға үлгі етуді мақсат етеді. Сондай-ақ Евней Бөкетовтің әр жылдары жазған мақалалары мен эсселері топтастырылып, «Көкейкесті. Сокровенное» деген атпен жарық көрді (2000). Бұл жинаққа ғалымның жүрек түкпіріндегі ойлары мен заман туралы толғаныстары енген. «Көкейкесті» атауының өзі оның көзі ашық азамат ретіндегі елге айтар жан айқайы, қоғамның өзекті мәселелеріне деген үн қатуы екенін аңғартады. Осылайша, Евней Бөкетов қазақ және орыс тілдерінде бірдей өнімді еңбек етіп, әдебиетке қос тілді төл туындылар берді. Оның шығармаларының бірқатары тәуелсіздік жылдарында қайтадан жарық көріп, ғылыми жүйелеуден өтті. 2005-2007 жылдары ғалымның 6 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Бұл -еліміздің Евней Бөкетов мұрасына деген құрметінің бір көрінісі.

Евней Бөкетовтің өмір жолы мен шығармашылық мұрасы – қазіргі қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін өшпес өнеге. Ең әуелі, оның ғылым мен әдебиетті ұштастыра білген тұлғасы бүгінде сирек кездесетін құбылыс. Жаратылыстану ғылымдары саласының маманы бола тұра, әдебиетте өнімді еңбек ету - Бөкетов дәуіріндегі интеллигенцияның әмбебаптық қасиетін танытады. Бөкетов өз заманының шынайы энциклопедист ғалымы еді, ол Қазақстанда химия-металлургия ғылымының дамуына зор үлес қосты. Бірқатар ірі жаңалықтар ашып, елу өнертабыстың, он патент иесі атанған ғалым ретінде танымал болды. Бірақ сол ғылыми ізденістерінен қаламгерлік қыры бір мысқал кем түскен жоқ. Керісінше, ол жаратылыстану ғылымдарындағы жаңашылдығын әдебиеттегі жаңашылдықпен толықтырып, ғылым мен өнердің арасындағы байланысты өз тұлғасында сомдады. Оның Қ.Сәтбаев, Ш.Уәлиханов сынды ғалымдар жайлы повестері ғылымды көпшілікке танытуда көркем әдебиеттің маңызды рөл атқара алатынын дәлелдеді. Бүгінде тәуелсіз Қазақстанда ғылым мен білімді насихаттау жолында әдеби-танымдық шығармалар жазу дәстүрі жалғасуда. Сол үрдістің бастауында Бөкетов сынды ғалым-қаламгерлер тұрғаны сөзсіз.

Е.Бөкетовтің идеялық-моральдық ұстанымдары қазіргі қазақ әдеби процесінде ерекше орын алады. Ол кеңес дәуірінде жүріп, шығармаларында ұлттық рух пен адамзаттық құндылықтарды ұштастыруға тырысты. Өз заманының саяси-идеологиялық шектеулеріне қарамастан, Бөкетов қазақ халқының тілін, әдебиетін әлемдік деңгейде танытуға бар күш-жігерін жұмсады. Оның аудармашылық қызметі мен сын мақалалары сол кездегі әдебиетке жаңаша серпін берді. Алайда тоталитарлық жүйе Бөкетов сынды ой еркіндігін жақтаған тұлғаларды әрдайым құптай қойған жоқ. 1979 жылы Қазақ КСР Компартиясы Орталық Комитеті Қарағанды университетінің идеологиялық жұмысын сынаған қаулы қабылдап, көп ұзамай Евней Бөкетов ректорлық қызметінен кетуге мәжбүр болды. Ресми түрде денсаулық жағдайына сілтеме жасалғанымен, шын мәнінде бұл жағдай зиялы қауымға жасалған саяси қысым еді. Бұл дерек Е.Бөкетовтің шыншыл әрі қағидашыл ұстанымынан айнымағанын көрсетеді. Ол қандай қызметте жүрсе де, ең алдымен халық мүддесін, ұлт руханиятының қамын ойлады. Бүгінде тәуелсіздік жылдарында жарияланған естелік-мақалаларда Бөкетовтің сол қасиеттері аңыз болып айтылады. Мәселен, Медеу Сәрсекенің «Біртуар Бөкетов» атты деректі романы жарық көріп, онда Евней Бөкетовтің күреске толы өмір жолы мен шәкірт тәрбиелеудегі рөлі сомдалған.

Гуманизм және адамгершілік тұрғысынан да Бөкетовтің көзқарастары қазіргі жазушылар үшін үлгі. Ол өз еңбектерінде ғылым мен техниканың дамуындағы адамзаттық жауапкершілік, жас ұрпақты білім мен мәдениетке баулу, ұлттық болмысты сақтай отырып жаһандық өркениетке ұмтылу сынды көкейкесті мәселелерді көтерді. Евней Бөкетов бірнеше тіл мен мәдениетті еркін меңгерген жан-жақты тұлға ретінде ұлт әдебиетінің әлемдік аренаға шығуына жол ашты. Бүгінгі қазақ қаламгерлері де оның ізімен әлем әдебиетімен терезесі тең, өресі биік туындылар жазуға талпынуда. Әдебиеттанушылар Бөкетовті «қазақ халқының ғана емес, әлемдік мәдениеттің өкілі», «гуманистік және мультикультуралдық құндылықтардың жаршысы» деп бағалайды. Расында, Евней Бөкетов өз дәуірінде ұлттық сөз өнерін байытып қана қоймай, оны әлемдік өркениет биігіне көтеруге қызмет еткен көрнекті қайраткер болды.

Қорыта айтқанда, Евней Бөкетовтің көркем шығармалары мен әдебиеттану бағытындағы мұралары қазіргі қазақ әдебиетінде ерекше маңызға ие. Оның қос тілде жазған еңбектері қазақ әдебиетін жаңа қырынан байытып, аударма өнері мен әдеби сынға жоғары өлшем қалыптастырды. Бөкетов өз шығармаларында ұлттық руханият пен жалпыадамзаттық құндылықтарды астастырып, кейінгі буын қаламгерлерге өнеге боларлық үлгі көрсетті. Тәуелсіздік кезеңінде ғалым мұрасы қайта жаңғырып, оның еңбектері жинақталып басылды, мерейтойлары мемлекеттік деңгейде аталып өтуде.

Бүгінгі қазақ әдеби процесінде Е.Бөкетовтен үлгі алған синтездік дәстүр – яғни ғылым мен әдебиетті, ұлттық тіл мен әлемдік өркениетті ұштастыра отырып шығармашылық ізденіс жасау дәстүрі жалғасып келеді. Жазушылар оның гуманистік және сыншылдық ұстанымдарын үлгі тұтып, әдебиетке жоғары талаппен қарау керектігін түсінеді. Әдебиеттанушы ғалымдар да Бөкетов тұлғасына, оның шығармаларына жаңаша теориялық тұрғыдан назар аударып, зерттеулер жүргізуде. Мәселен, оның тілдік тұлғасы мен гуманистік идеялары қазіргі постмодерн және интертекстуалдық әдіснамалар аясында қарастырылуда.

Евней Бөкетов мұрасының құндылығы – оның көпқырлығымен және уақыт өтсе де мәнін жоймайтын өзектілігімен бағаланады. Ол артына мол әдеби және ғылыми мұра қалдырды, бұл мұра әлі талай буынға рухани азық болары хақ. Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы жолында Евней Бөкетовтей біртуар тұлғаның идеялары әрі қарай да қызмет етіп, жаңаша мазмұнмен толыға бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.Асанұлы. Евней Букетов – публицист. Қарағанды: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ баспаханасы, 2005;
2. Сәкен Сейфуллин. Энциклопедия. Алматы: «Темірказық»баспасы, 2010;
3. Бұқар жырау. Энциклопедия. Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2013.

ӘӨЖ 81 1:811.512.122

ЖАСТАР ТІЛІНДЕ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Кадина Ж.З., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Сағынтаева А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байлығының бір тармағы — мақал-мәтелдер. Бұл — халықтың өмірге деген көзқарасын, дүниетанымын, тәрбие мен өнеге жөніндегі тұжырымдарын жинақтаған, ойдың мәйегі саналатын құнды мұра. Мақал-мәтелдер – елдің тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен, тіршілік тәжірибесінен алынған, уақыт елегінен өткен, ойлы да орамды сөз үлгілері. Олар қысқа әрі нұсқа, мазмұны терең, сондықтан да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, тәрбиелік мәнін жоғалтпаған.

Заман өзгерген сайын тіл де, ұлт санасы да жаңғырып, сонымен қатар кейбір рухани құндылықтар көмескі тартып, жаңа таным түсініктер қолданысқа ене бастайды. Қазіргі күнгі жастар – жаһандық жаңғыру кезеңінде өмір сүріп жатқан буын. Ғаламтор, телебайланыс, жаңа тұрпаттағы ақпарат құралдары секілді жаңа дүниелер жастардың ойлау жүйесіне, сөз саптауына тікелей әсер етуде. Бүгінгі таңда жастар арасында мақал-мәтелдері қолдану сирек құбылысқа айналған, кейбір мақалдарды түсіну дәрежесі де көмескі тартқан.

Мақал мәтелдер – ата-бабаларымыздан қалған рухани қазына, даналықтың, тәлім-тәрбиенің көзі. Мақал-мәтелдер – жас ұрпақтың санасына ізгілік, имандылық, кішіпейілділік, еңбексүйгіштік сынды адами қасиеттерді сіңіретін құрал. Мақал-мәтелдер тәрбиенің барлық саласын қамтиды.

Ұлттық дүниетаным мен болмысты, халықымыздың өмір сүру салтын ұрпақтан-ұрпаққа танытатын рухани жадымыздағы ерекше байлығымыз. Мақал-мәтелдерді қолдану сөйлеуде әуезділігі, ырғағы, ұйқасымен ерекшеленіп, сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, тіл байлығын арттырып, көркем ойлауға баулиды.

Сондықтан мақал-мәтелдерді оқу, түсіну, қолдану – тек тілді ғана емес, рухани жадымызды да байытатын қазына. Бүгінгі ұрпақ ата-баба қалдырған осы асыл мұраны қадірлеп, оның мән-мағынасын ұғына білсе – рухани бай, ұлттық негізде тәрбиеленген шынайы тұлға болып қалыптасары сөзсіз.

Жастардың сөз саптауларында қолданып жүрген мақал-мәтелдерінің мағынасын толық түсінбеуі, салдарынан орынсыз айтылу немесе мүлде сол жағдаятқа қатысыз мәнде қолдануы ұшырасады.

Сонымен қатар, TikTok, Instagram, Facebook, Telegram сияқты платформаларда мақал-мәтелдерді бейімдеп қолдану кеңінен тараған. Жастар видео контент жасағанда қысқа, әсерлі, “құлаққа жағымды” мақалдарды жиі пайдаланады.

Мысалы: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген мақал мотивациялық роликтерде жиі айтылады. «Не ексең, соны орасың» – өзін-өзі дамыту, жетістікке жету туралы контенттерде кең қолданылып жүр. Қуанарлығы жастар цифрлық кеңістікте мақал-мәтелдерді цитаталар ретінде пайдалана алып, оның ықшам әрі терең мағынасының ұтымдылығымен жаңа кезеңде өмір сүруін қамтамасыз етіп отыр.

Жастардың арасында әлеуметтік желілерде, түрлі медиа құралдарында, күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын мақал-мәтелдер, оларды тану, түсіну маңызды болып табылады. Жастар арасында ең көп қолданылатын мақал-мәтелдер көбінесе мотивациялық, тәрбиелік мәні бар, қысқа да нұсқа болып келеді. Олардың мазмұны негізінен өмірдің түрлі қиындықтарына төтеп беруді, адал еңбек ету мен ізгі ниеттілікті насихаттайды. Мысалы, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Бірлік бар жерде, тірлік бар» сияқты мақал-мәтелдер жастар арасында кеңінен қолданылатынын байқаймыз. Бұл мақал-мәтелдер адамды еңбекқор болуға, жақсы қарым-қатынас жасауға, қиыншылықтарға төзімді болуға үйретеді.

Белгілі бір дәрежеде жастардың ауызекі сөйлеуінде қолданылу аясы кең деуге болатын бірнеше мақал-мәтелдерді атайық: «Ұстаздан шәкірт озар», «Болмасаң да ұқсап бақ», «Сабыр түбі — сары алтын».

Қандай қиын жағдай болса да, шыдамдылық танытқан адам ақырында үлкен жетістікке жететінін, адамды сабырлы, төзімді болуға үндейтін мақал-мәтел. «Сары алтын» деген теңеу – сабырдың аса бағалы қасиет екенін білдіреді. Яғни, асықпай, ойланып әрекет ету – табыстың кілті.

«Оқу — инемен құдық қазғандай». Бұл мақал-мәтелде білім алудың оңай жолмен келмейтінін, көп еңбек пен табандылықты қажет ететінін білдіреді. Білімалушылар өздерінің алға қойған негізгі мақсаттарына жету жолында қажыр-қайрат, шыдамдылық талап етелетінін жақсы түсінеді және ойларын сөйлеуде мақалмен бере алады. «Бес саусақ бірдей емес» бір ұядан, бір ортадан тәлім-тәрбие алғандардың да түрлі мінез-құлық көрсетуі, не түрлі деңгейде адамгершілік, білімпаздық көрсететіні болады. Бұл қолданыс аясы біршама жиі кездесетін мақал-мәтел болып табылады. Әлеуметтік желілерде, сондай-ақ жастар арасындағы бейресми әңгімелерде бейімделген мақал-мәтелдер кеңінен қолданылуда. Қазіргі заманның жылдам ақпараттық дәуірінде жастар кейде дәстүрлі мақал-мәтелдерді заманауи тұрғыда өзгертіп, **орынсыз немесе мағынасына сәйкес келмейтін жерлерде** қолдану үрдісіне жиі барады. Мұндайда теріс түсінік қалыптасып, негізгі ой бұрмаланады, халық даналылығының құнын түсіреді. Мысалы: **«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ».** Дұрысы: адам өз ойын айтуға құқылы, сөз үшін жазалау дұрыс емес. Қате қолданылуы: дөрекі, орынсыз пікір білдіріп алып, өз әрекетін «Тіл кеспек жоқ қой» деп ақтауға тырысу. Бұл сөз бостандығын емес, **әдепсіздікті** ақтауға айналады.

Халықтың сан ғасырлық тәжірибесі мен дүниетанымының жемісі болған мақал-мәтелдер – рухани қазынамыздың ең бай әрі терең қабатын құрайды [1]. Дегенмен, қазіргі жаһандану дәуірінде, интернет пен ақпарат ағыны күшейген уақытта, кейбір мақал-мәтелдер жастардың жадынан көмескі тартып, қолданыстан шығып бара жатыр. Бұл – бір жағынан, заманның тілдік, әлеуметтік және мәдени өзгерістерімен байланысты болса, екінші

жағынан, тіл мұрасына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбеуінің салдары. Ұмытылып бара жатқан мақал-мәтелдер – белгілі бір кезеңде маңызға ие болған, алайда бүгінгі жастардың тілдік қорында сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтіндері. Бұл мақалдардың мазмұны мен құрылымы жастарға беймәлім, кейде тіпті түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан оларды жаңғырту, қазіргі контексте қайта тану – ұлттық құндылықтарды сақтау жолындағы маңызды қадам болуы тиіс.

Көптеген мақал-мәтелдер көненің көзіндей болғандықтан, олардың сөздік қоры мен мәні де тарихи-мәдени қабаттармен тығыз байланысты. Қазіргі жастарға беймәлім немесе сирек қолданылатын мақалдарға төмендегілерді жатқызуға болады:

- «Көш жүре түзелер» – бірден ойдағыдай бола бермейтін іс туралы терең мәні бар бұл мақал қазіргі жастар тілінде сирек айтылады.
- «Қуыс үйден құр шықпа» – қонақжайлылық пен дастарқан мәдениетін, адамдар арасындағы қарапайым сыйластық, жомарттық дәлімізге тән дәстүрлердің жойылуымен бірге азайып барады.
- «Алыстан сермеп, жүректен тербеп» – бұл көркем сөйлеу өнерін білдірсе де, қазіргі заманның жедел қарқынында ондай мәнерге орын аздау болып барады.
- **«Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді»** – кейде денеге тиген соққыдан, салмағы ауыр не астарлап айтылған сөздің мәнін ұғу қазіргі жастар үшін күрделі әрі беймәлім.

Ұмытылып бара жатқан мақал-мәтелдердің бір ерекшелігі – олардың құрамында қазіргі күнделікті тілде қолданылмайтын көне сөздер немесе жастар үшін мағынасы бұлыңғыр тіркестер кездеседі. Мысалы:

- «Ала қойды бөлек қырққан» – бұл мақал қоғамдық ынтымақсыздықты білдірсе де, қазіргі жастар “қырқу”, “ала қой” ұғымдарын сирек қолданатындықтан, мәнін түсінбей жатады.
- «Көлденең көк атты» – атты тек ақы төлеп, қалада қызық үшін мініп көрген жастарымыз тілінде бұл сөз тіркесі бүгінде қолданыстан тыс қалған.
- **«Көсеу ұзын болса, қол күймес»** “көсеу”– сөзінің мағынасын түсінбейтін жастар үшін бұл мақалдың мән мағнасы бұлынғыр, қолданыста кездеспейді.

Мағынасы терең, ойды дәл берген мақалды кез келген дау-жанжалда, өз ойынды астарлы жеткізуде, шешім қабылдағанда, заман талабына сай түрлі жағдаяттардағы спикерлікте орнымен, жүйелі қолданудың шешен сөйлей білуде маңызы зор.

Ұмытылып бара жатқан мақал-мәтелдерді сақтау үшін, алдымен, оларды жүйелі түрде жинақтап, түсініктемесімен бірге ұсынуға болады. Білім бағдарламасына заман талабына сай икемделген әдістемемен енгізу, интерактивті ойындар мен цифрлық платформаларда қолдану – мақал-мәтелдердің жас буынға жақындай түсуіне ықпал етері анық. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде танымал жастар, блогерлер, контент жасаушылар ұмытылып бара жатқан мақал-мәтелдерді жаңаша форматта жеткізе алса, олардың қоғамдық қолданыс аясын кеңейтуге болады. Мақал-мәтелдер – өткеннің шежіресі ғана емес, болашақтың да рухани іргетасы. Оларды сақтау – тарихи-мәдени мұраға деген құрметтің көрінісі. Егер бүгін біз ұмыт бола бастаған мақалдарды тірілтіп, оларды қазіргі жастарға бейімдеп ұсына алсақ, келешек ұрпаққа баға жетпес қазына қалдыра аламыз.

Әр халықтың таным-түсінігі, мәдениеті мен болмысы оның тілінде, әсіресе тілдік даналық үлгілерінде бейнеленетіні сөзсіз. Осы тұрғыдан қарағанда, мақал-мәтелдер – тек көркем сөздің формасы ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананың, дүниетанымның, өмірлік қағидалардың жиынтығы [2]. Қоғам дамып, өмір салты өзгерсе де, халық даналығының мәні жойылмауы тиіс.

Соңғы жылдардағы ұлттық санаға деген бетбұрыс, мәдениетке құрмет, төл әдебиетке деген қызығушылық жастарды да халықтық тілдік дүниетанымға жақындатып келеді. Жастар мақал-мәтелдерді белгілі бір тақырыптық шеңберде қолдануға бейім. Ең көп кездесетіндері: еңбек, білім, ақыл, дос пен дұшпан, бірлік пен татулық, адалдық пен әділеттілік, сабыр мен шыдам, мақсат пен жетістік жайлы мақалдар. Жастардың сөйлеу тіліндегі мақал-мәтелдердің жиілігі мен контекстік сәйкестігі — олардың дүниетаным кеңістігінің кең екенін білдіреді. Сонымен қатар, бұл — отбасында, мектеп қабырғасында, әлеуметтік ортада берілген тәрбиенің жемісі.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер — ұлттық тәрбие мен танымның, халық даналығы мен өмірлік тәжірибенің ажырамас бөлігі. Жастар бұл мұраны меңгеріп, өз өміріне қолдана білсе, ұлт руханияты дами түседі. Себебі мақал-мәтел — тек сөз емес, ол — өмір, тағылым, тәрбие. Ол — тілдің тұнығы, тарихтың үні, рухтың сәулесі. Ендеше, мақал-мәтелді жас ұрпақтың жүрегіне ұялатайық, тілінде сөйлетейік, санасына сәуле етейік. Сонда келешек ұрпақ ел мерейін бүгінгі жеткен биігінен аласартпай, жаһандану деп аталатын үдерістің теріс ықпалын бойына дарытпай, әлемдік даму көшіне ілестіре алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ фольклористикасы [Мәтін]. Қазақ ССР Ғылым академиясы. –Алматы: Ғылым, 1972. –298, [1] б. (https://kazneb.kz/kk/catalogue/view/1570573)
2. Жұмағұлов Ж. Мақал мен мәтел және олардың поэтикасы. –Алматы: Рауан, 1990.
3. Омарова Р.С. Халық тәлімі-тәрбие бастауы. Қазақстан мектебі, 2010.
4. Құрманбай Г.С. Сөз тәрбие (мақал-мәтелдер тағлымы). –Астана, 2011.
5. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. –Алматы: Рауан, 1994.
6. Смайлов А.Т. Қазақтың мақал-мәтелдері. –Алматы: «Көшпенділер баспасы», 2003.-312бет.
7. Жылқыбаева Ш. Мақал-мәтелдердегі ұлттық тәрбие. Егемен Қазақстан, 2018.

ӘОЖ 894.342

САН ҚЫРЛЫ ТҰЛҒА – ЕВНЕЙ БӨКЕТОВ

Каракулова Г.Ж., «ZIYATKER TURAN» мектебі директорының оқу ісі жұмысы жөніндегі орынбасары, Шымкент қ., Қазақстан

Рахимбаева Б.О., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Евней Арыстанұлы Бөкетов – химик-металлург, ғалым, қоғам қайраткері. Қазақ тау-кен металлургия институтын бітірген. Техника ғылымының докторы, профессор, Қаз КСР ғылым академиясының академигі, КСРО Жазушылар одағының мүшесі. Мамандығы металлург, осы саланың майталманы ретінде танылса да, Евней Арыстанұлының сан қырлы тұлға екені көпшілікке мәлім. Ол өзінің негізгі мамандығымен қатар гуманитарлық ғылымдармен де қызыға айналысты.

Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттерімен болған бір кездесуде Евнейдің өзіне осындай сауал қойылғанда, ол былай деп жауап берген еді: «Ауылдан білім жолына аттанғанымда тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімі болмақ ниетте едім. Бірақ астанаға келген соң, айналамдағы ақылгөй достарым әдебиетпен кез-келген уақытта айналысуға болады» - деп кеңес берді. Екіншіден жағдай биледі де, құжаттарымды кен-металлургия институтына тапсырдым». Ол кезде әрине Евнейдің металлург мамандығы жөнінде түсінігі тым аз болатын. Кейіннен өз мамандығын құлай сүйгені соншалық, қаламынан туған «Досыма алты хат» шығармасының бас қейіпкері де ғалым адам болды. Оның кейіпкерінің тағдыры да өзінікіне өте ұқсас еді. Кейде ол осы шығармасы арқылы болашақ ұрпаққа өз тағдырын айтып кеткендей болып көрінеді.

Елуінші жылдардың басында Евней әдебиеттің сын саласында елеулі еңбектерін қалдырды. Республиқаға есімі белгілі көптеген қаламгерлердің шығармаларына жазған рецензиялары республикалық «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде, тағы басқа мерзімді басылымдарда жарияланды. Сондай мақалаларының бірі - «В.В.Маяковский шығармаларының қазақ тіліндегі аудармасы», «Қаһарлы қару» деп аталады. Бұл екі мақала да Маяқовскийдің шығармашылығына арналған. Себебі Евней Маяковскийдің талантын қатты бағалады. Оны әдеби мұраларынан да аңғаруға болады. «Тәржіма туралы ой» мақаласында Маяковскийді қазақша сөйлеткен қазақ ақындары Т.Жароков, С.Мәуленов, Қ.Бекқожин, Қ.Аманжолов, М.Әлімбаев тәржімаларына қеңінен талдау жасады.

Аудармашылар ішінен Қ.Аманжоловтың тәржімасын аса жоғары бағалап қана қоймай, ондағы орын алған кемшіліктерді де жасырмай батыл айтты. Елуінші жылдары Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлкесі» жарыққа шығып, оқырмандар арасында жоғары бағасын алды. Евней осындай ойлы да озық шығармаға арнап «Достық бастауы» деген мақала жазды. Ол онда «романның өте көркем, шұрайлы тілмен жазылғандығын, автордың қазақ тілін өте жақсы білумен қатар, орыс әдебиетінің озық үлгілерінен де көп оқып үйренгендігін, сондай-ақ Андрей Быков, Михаил Неволи, шал Шило образдарының сәтті шыққандығын» ерекше атап көрсетеді.

«Әдебиет және өнер» (қазіргі «Жұлдыз») және «Қазақстан коммунисі» журналдарының 1953 жылғы сандарында жарияланған «Сын және библиография» атты мақаласы бар. Осыдан 35 жыл бұрын жазылған мақаланың көтеріп отырған мәселесі бүгін де көкейтесті. Евней әдебиеттің мақсаты – озық идеяларды дәріптеп, патриотизмді, халықтар достығын адамдар бойына ұялату деп түсінетін. Сондықтан да ол сын мен библиографияны идеология майданының маңызды саласы дей отырып, оған өз үлесін қосты. Сөйтіп өз өмірінде жиырмадан астам сын-мақала жазды. Олар таңдамалы жинақтарға, жазушылар мен ақындардың жекелеген шығармаларына, балалар әдебиеті мәселелеріне, драматургияның дамуына арналған еді. Мысалы Тайыр Жароковтың шығармашылығына талдау жасай келіп, кемшіліктерін бүкпесіз, ашық көрсетеді.

Елуінші жылдары жазылған сын-мақалалар ішінен ерекше орын алғаны – Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романына жазылған мақалалар болды. Бірақ олардың көпшілігі шығарманың мазмұнын сыдыртып айтып шығудан аспады. Евней сын-мақалалардағы осындай ең басты кемшілікті жоғарыда аты аталған мақаласында батыл айта келіп, кейіпкерлердің сезім қатпарларын, жан-дүниесінің өсуін көрсетудегі психологиялық иірімдерінің қалай беріліп, суреттелгеніне терең талдау жасау керектігін, қазақ әдебиетінде сын мен библиография деңгейінің әдебиеттен өте төмен жатқанын ескертті.

Евней елуінші жылдары әдебиеттің драматургия жанрымен де айналысты. Ол қазақ және орыс драма театрларының сахналарында қойылған спектакльдерге баға беріп, көп сын жазды. Солардың қатарында С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», Ә.Тәжібаевтың «Майра», З.Шашкин мен М.Гольдблаттың «Тоқаш Бокин», Ш.Құсайыновтың «Кеше мен бүгін» спектакльдеріне жазған сын-мақалалары. Айталық, қазақ халқының ойшыл азаматы Шоқан Уәлихановтың өміріне арналған пьесаға әділ баға беру үшін Евней ең алдымен Сәбит Мұқановтың шығармашылығын толық зерттейді. Жазушы қаламынан туындаған әрбір шығарманы бір-бірімен байланыстыра отырып, содан кейін ғана жоғарыда аталған пьесаға тоқталады. Мұнда ол Шоқан образының дамуын, оның іс-әрекетін, өсу кезеңін үш салаға бөле отырып талдайды. Шоқан басындағы қарама-қайшылығы мол оқиғаларды қазақ қалқының тағдырымен байланыстары отырып зерттейді.

1955 жылдың басында Евнейдің «Назым-Хикметтің «Махаббат туралы аңызы» - қазақ сахнасында» деген мақаласы жарық көрді. Сыншы оның қойылымына толық талдау жасай келіп, суретші В.Голубовичтің еңбегіне кеңінен тоқталды. Режиссердің ойын, автордың идеясын дұрыс түсінген суретші сахнаны бейне бір сұлулыққа, әдемілікке бөлеп жіберген. Сахнадағы сан түсті бояулар ертегідегідей көз тартады. Осыларды айта келіп, Евней «Фархад пен Шырын» қазақ драма театры ұжымының өскендігі ғана емес, олардың шығармашылық мүмкіндігін танытқан жаңа жұмыс болды дейді. Ол осы жылдың ақпанында Ш.Құсайыновтың «Кеше мен бүгін» пьесасының қойылуына орай «Өмірдің өзекті тақырыбы» деген мақала жазды. Онда Евней қазақ халқы мәдениетінің, оның

ішінде ұлттық зиялылар қатарының өскендігін көрсетуге ұмтылған автордың талпынысын қуана құптай отырып, осы тұрғыда жылы пікірлер айтады. Мұнан соң Евнейдің «Тоқаш Бокин туралы пьеса орыс сахнасында» деген рецензиясы дүниеге келді. Мұнда ол автордың айтпақ болған идеясының маңыздылығын, халық ерлігінің шыншылдығын, кеңес өкіметін орнату жолындағы орыс пен қазақ халқының күресін айта келіп, шығармада автордың алға қойған мақсатының орындалғанын баяндайды. Бірақ басты кемшілік орыс актерлерінің қазақтар бейнесін сомдауда ұлттық психология мен салт-дәстүрлерді жетік түсінбегендіктен, сахнада оны дұрыс көрсете алмағанын бүкпесіз айтады.

Бұдан кейін Евней мұндай сындарлы сын тақырыбына ұзақ уақыт қалам тартпады. Оның себебін естеліктерінде былайша түсіндіреді: «Өзіңнің әдебиеттегі алғашқы жұмыстарыңа қалай қарайсың? дегендей сауал қойылған болса, «жақсы» деп жауап берген болар ем. Әдебиет саласындағы алғашқы еңбектерім аудармалар мен рецензиялардан тұрады. Әрине, олар еріккеннің ермегінен жазылған емес, қажеттіліктен туған дүниелер. Аудармамен айналысудағы басты мақсатым орыс және шетел жазушыларының озық шығармаларын орыс тілін білмейтін қазақ оқырмандарына жеткізу болды. Бұл жұмыс маған үлкен қуаныш әкеліп, ерекше бір рахат сезіміне бөлейтін еді. Сондықтан оны бастауын бастасам да, тез тастап кете алмадым. Бірақ аудармамен айналысу оңай шаруа емес. Ол үлкен қажыр-қайратты, талмай ізденуді, терең білімді талап етеді. Ал сын саласында айтқан ойларымды қайталай бастағанымды аңғардым да, сын жазуды дереу доғардым».

1969 жылы қазақ халқының ардақты ұлы, КСРО Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толуына арнап жазған очеркі орыс және қазақ тілдерінде басылып шықты. «Жазушы» баспасынан 1975 жылы «Атан қомында туған Адам» деген кітабы жарық көрді. Онда ол өнер, білім, мәдениет туралы әр жырлары жазған ой-толғаныстарымен қоса қазақтың белгілі ғалымдары Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Ишанбай Қарағұлов, Әбіқан Бектұровтардың творчестволық ізденістерін, талғам-танымын, тапқан жаңалықтарын шұрайлы тілмен әсерлі әңгімелейді. Осы кітапта Евней әдебиет мәселелеріне ойысып, оның ішінде әсіресе, ақындық өнер, ақындық дарын хақында өз түсінігін оқырмандармен бөліседі. Кітаптың алғашқы беті А.Некрасовтың «Басқа дәстүр, өзге көрініс боларын мен сезем...» деген қанатты сөзімен ашылады. Осының өзі-ақ бұл кітапта Евнейдің айтар ойын алдын ала паш етіп тұрғандай.

1978 жылы «Жарқын тағдыр кезеңі» повесін «Простор» журналы басып шығарды. Шығармада жас ғалымның ғылымға келу жолы баяндалады. Ақиқатқа жүгінсек, оның шығармаларының оқиғасы оқырманды бірден өзіне баурап әкетпейді. Бірақ бірте-бірте жазушы ойының тереңдігіне көзіңіз жетеді де, қым-қиғаш оқиға желісіне өзіңіздің де ілесіп кеткеніңізді сезбей қаласыз. Кейіннен Евней осы шығармасына қайта оралып, оның атын «Досқа алты хат» деп өзгертті. Онда ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас, ғылым жолында кездесетін небір қиыншылықтар, адамдардың мінез-құлқындағы түрлі қақтығыстар жайлы терең толғаныспен жазылады. Оқиға негізінен Орталық Қазақстандағы ғылым ошағы химия-металлургия институтында өтеді. Повесть қазақ және орыс тілінде жазылған. 1989 жылы «Жалын» баспасынан орыс тілінде жарық көрді. Евней өз өмірінде қазақ халқының екі ардақты ұлы Шоқан Уәлиханов пен Қаныш Сәтбаев туралы көркем шығарма жазсам деп армандап жүретін. Осыған орай олардың өмірін біраз зерттеп, очерктер мен мақалалар да жазды. Шоқан Уәлиханов өмірі туралы жазған еңбегі Москваның «Советский писатель» баспасынан шыққан «Пути в незнаемое» деп аталатын сериялық жинаққа енді. Әрі өзі де осы альманахтың редакциялық алқа мүшесі болатын.

Евнейдің арманы көп еді. Солардың бірі Қаныш Сәтбаев туралы роман жазу болатын. Евней оны бастауын бастағанмен, ақыр аяғына жеткізе алмай арманда кетті. Романның тек алғашқы бөлімін — «Ғалымның балалық шағын» ғана жазып үлгерді. Жетпісінші жылдардың аяғында Евней аударма саласына қайта оралып, В.Шекспирдің «Макбет», «Юлий Цезарь» шығармаларын аударды. Оның бұл аудармалары кейіннен Қарағанды, Шымкент, Қостанайдың облыстық драма театрлары сахналарында қойылды. Евнейдің ой-өрісі Арқаның саржайлауындай кең еді. Бұл жөнінде менен гөрі журналистер Б.Ыбыраев пен Г.Петров жазған «Қақтығыс» очеркінде, А.Сухотиннің «Ритмдер мен алгоритмдер» атты кітабында айтылған пікірлер толығырақ болар. Мысалы, А.Сухотин М.Ломоносов, А.Бородин, В.Обручев сияқты ірі тұлғалар жайлы әңгімелей келіп, Е.Бөкетовке де тоқталады: «... Букетов болса ірі ғалым ғана емес, - деп жазады ол аталған кітабында, - көрнекті жазушы, өз тілінде бірқатар көркем шығармалар жазған әрі орыс пен батыс классиктерінің озық үлгілерін халқына таныстырған адам». В.Маяковскийдің өлеңдері, С.Есениннің «Анна Снегина» поэмасы, Э.Золяның әңгімелері мен әлемдік өнердің тамаша ұсқалары республикаға Бөкетовтың аударуымен кең тараған.

Академик Евней Бөкетовтің есімі ел есінде мәңгі қалды. Абай хакім айтқандай, өзі өлсе де, өлмейтұғын артына сөз қалдырды, мағынасы терең, өзекті еңбектерін қалдырды. Әдебиет майданында сын саласын дамытуға ерен үлес қосты. Евней Арыстанұлы еңбектерінің әлі де терең зерттеліп, талданып, өзінің лайықты бағасын алатынына сенім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті - Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетов - Academician E.A.Buketov Karaganda State University / ред. Р.М. Жумашев. – Караганда: ТАис, 2006. –84 б.
2. Асанов К. Д. Е.А. Бөкетовтің публицистикасы: автореферат. –Алматы, 2002. –30 б.
3. Біртуар: академик Евней Бөкетов туралы естеліктер / құраст.: Қ. А. Бөкетов, М. Хасен. –2-ші бас. – Алматы: Білім, 2012. –287 б. :
4. Евней Бөкетов туралы лебіздер мен пікірлер: мақалалар, очерктер, естеліктер / құраст. Қ. Бөкетов. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. –237 б.
5. Ағыбаев С. Биік еді Ебе-аға, шайқалмаған // Орталық Қазақстан. –2016. –6 тамыз. –4 б.
6. Жұмабеков К. Ақыл - ойдың ағасы// Орталық Қазақстан. –2003. –13 желтоқсан. –8 б.
7. Тобаяқов Б. Аңызға айналған абзал аға // Орталық Қазақстан. –2015. –17 наурыз. –3 б.

ӘОЖ 81'373

ҚАЗАҚ ТАНЫМЫНДАҒЫ БАЛАҒА ҚАТЫСТЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Кенжебекова Г.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Түйте Е.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қай ұлттың болашағы баламен, яғни оның ұрпағымен тығыз байланысты. Осыған орай халқымыз *«А, құдайым, бала бер, бала берсең – сана бер, сана бермесең – ала бер» немесе «Жақсы бала – сүйік, жаман бала – күйік»* дейді. Яғни қазақ әр кезде баламен көгеріп, баламен сыналып отырған. Балаң ортада жақсы болса өсесің, жаман болса өшесің. Бірінші кезекте баланың жақсы болуы білімнен емес, отбасындағы тәрбиеден екенін айта кету керек. Халқымыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Ұл бала мен қыз баланы тәрбиелеуде отбасы институтының – ата-анасының, ата-әжесінің рөлі ерекше болған. Тіліміздегі *«Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық», «Шешесін көріп қызын ал»* деген сияқты мақал-мәтелдер осыған дәлел.

Бала тәрбиесі – қоғамның болашағын айқындайтын аса маңызды үрдіс. Әрбір ата-ана мен ұстаздың басты міндеті – баланы дені сау, білімді, мәдениетті және адамгершілігі жоғары тұлға етіп тәрбиелеу. Бұл үрдіс тек отбасында ғана емес, мектепте, қоғамда және қоршаған ортада жүзеге асады.

Бала тәрбиесінің басты мақсаты – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Мұнда физикалық, зияткерлік, рухани және әлеуметтік қырлар қамтылады. Мәселен, физикалық даму: денсаулығын сақтау, спортқа баулу. Зияткерлік даму: білім беру, ойлау қабілетін жетілдіру. Рухани даму: адамгершілік, имандылық, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру. Әлеуметтік даму: қоғамда өзін ұстау, жауапкершілік, еңбекқорлық. Бала тәрбиесінің негізгі қағидаттарына мыналар жатады: махаббат пен қамқорлық – баланың өзін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік береді. Жауапкершілікке үйрету – өмірлік маңызды дағдылардың бірі. Ұлттық құндылықтарды сіңіру – тіл, дәстүр, мәдениет, тарихқа құрмет қалыптастыру. Білім мен тәрбиенің бірлігі – оқыту мен тәрбиелеу қатар жүруі керек.

Осылардың негізінде тәрбиенің әдістері шығады. Мысалға, үлгі көрсету – ата-ананың немесе ұстаздың өзінің мінез-құлқымен үлгі болуы. Мақтау және марапаттау – баланың ынтасын арттыру. Түсіндіру және кеңес беру – дұрыс шешім қабылдауға бағыттау. Қоршаған ортаны қалыптастыру – баланың достары мен айналасындағы адамдардың әсері.

Бала тәрбиесі – үздіксіз және жүйелі жүргізілетін процесс. Ол ата-ананың, ұстаздың және жалпы қоғамның бірлескен еңбегін қажет етеді. Дұрыс бағытта тәрбиеленген бала – елдің болашағы, ұлттың тірегі [1].

Халық даналығында: *«Бала – бауыр етің», «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар», «Бала –адамның жанды жері»* дейтін қанатты сөздер бар. Астары қалың, мағынасы терең осы сөздердің өзінде халқымыздың бала тәрбиесіне қаншалықты көп көңіл бөлгендігі көрінеді. Тәрбиенің тамыры құрсақтан бастау алады. Қазақ халқы бесік жыры арқылы құрсақтағы нәрестеге жақсы-жаманның не екендігін түсіндіре бастаған. Бала дүниеге келгеннен бастап оған жақсы жылы сөздер айтып, мақтап, жақсылықты дәріптеп, жамандықтан бойын алыс ұстау керек дегенді тыйым сөздермен санасына бекітіп отырған. Мысалы: «*Әлди-әлди, аппағым, Қойдың жүні қалпағым, Жұртқа жаман болса да, Өзім сүйген аппағым! Әлди-әлди, шырағым, Көлге біткен құрағым, Жапанға біткен терегім, Жаман күнде керегім! Қонақ келсе, қой, бөпем, Қой тоқтысын сой, бөпем, Құйрығына той, бөпем!*», немесе «*Құлыншағым, құлыным, Ұзақ болсын ғұмырың. Құлағыңа құй бәрін, Әжеңнің айтқан жырының, Әлди әлди әлди-ай. Айналайын, бөбегім, Айналайын, өбемін. Азамат боп өссін деп, Ақ бесікке бөледім*» немесе «*Әлди, менің бөбегім, Әкең жүр гой малменен! Жүрген шығар алысып Шұна қаяз қарменен. Қартайғанда күтетін Әкесі мен шешесін, Кандай жігіт өскенде Болар екен бөпешім? Өңкей біздей зарлыға, Кемдіктегі жарлыға, Жаным менің ержетіп Көсем болар ма екенсің? Тақылдаған таңдайы, Кере қарыс маңдайы. Алмас тілді немесе, Шешен болар ма екенсің? Бұлбұлдай боп тілінен Тәтті айтқанда бал тамған, Ащы айтқанда қан тамған Ақын болар ма екенсің? Не болмаса жүректі, Күш, қайратты, білекті, Кемшілікке көнбейтін Батыр болар ма екенсің?».* Бесік жырын тыңдап өскен бала сөзге зерек, тілге шешен, алғыр боп өскен. Осы орайда тіліміздегі балаға қарата айтылатын жылы сөздердің, еркелету, аймалау сөздерінің мәні ерекше. Олардың жасалу жолдарының уәжі де әр түрлі. Бірі мал атауларына қатысты болса, бірі табиғатқа, бірі түр-түске, енді бірі дене-бітіміне, қылығына, дәмге т.б. байланысты: *құлыншағым, құлыным, ботам, қозым, лағым, құрағым, терегім, жапырағым, гүлім, айым, күнім, аппағым, жарығым, жарқыным, алтыным, қап-қарам, шырағым, томпағым, нәзігім, сұлуым, көркем, еркем, тәттім* немесе көз тимеу мақсатында *жаманым, қап-қарам* т.б.

Баланы тұлға етіп қалыптастыруда ең алдымен тілдік қарым-қатынастың рөлі зор. Ой-өрісін кеңейтуге, бойына ізгілік пен мейірімділікті қалыптастыруда ауызша әңгімелесудің, қиялын дамытуға ертегі, аңыз-әпсаналарды, өлең-жырларды айтудың, өсе келе кері байланыс орнатуда сұрақ-жауаптың орны ерекше. Осының нәтижесінде баланың ой-өрісі дамып, танымы кеңейіп, әлемнің бейнесі санасына бекиді, әлемнің тілдік бейнесі қалыптасады. Белгілі ғалым Альберт Эйнштейн: «Бала ақылды болуы үшін не істеу керек?» деген сұраққа: «Егер де балам ақылды болсын десеңдер, ертегі оқып беріңдер. Егер олардың одан да ақылды болғанын қаласаңдар, одан да көп ертегі оқыңдар» - деген екен. Ал ертегіні іздесеңіз, оны кітаптан табасыз. Сонда балаға кітап оқып беру және сол кітапты оқуға үйрету – тәрбиенің қайнар көзі екен.

Кезінде хакім Абай: «Адамның бір қызығы – бала деген, Баланы үйретуді жек көрмедім!» - деп текке айтпаған. Алаштың алғашқы ұстаздарының бірі Ыбырай Алтынсарин: «Бір Аллаға сиынып, кел, балалар, оқылық. Оқығанды көңілге, ықыласпен тоқылық!» - деген еді. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Ел болам

десең – бесігіңді түзе!» - деп айтты. Ұлылар осылай ұрпаққа үлгі қалдырды. Шындығында бала тәрбиесі қашанда қоғам назарында болуға тиіс. Елімізде балаларға көп көңіл бөліп жатқандығы бәрімізді қатты қуантады. Соның бір дәлелі – өткен бір жылды тұтастай балаларға арнауы болды. Біршама игілікті іс-шаралар атқарылды. Дегенмен, бұл үрдіс бір жылмен шектеліп қалмай, әрі қарай жалғасын тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Балалардың құқықтарын қорғаумен қатар, отбасындағы тәрбие мәселесіне қатысты жайттарды да назардан тыс қалдырмау керек. Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі құндылығы да осында жатыр. «Балаң өзіңе тартса жұбан, қоғамға тартса қуан» деген нақылдың растығына да көз жеткізер едік. Бұл турасында академик Е.А.Бөкетов: «Адамды тәрбиелейтін орта, оны өзгертетін де, өсіретін де сол орта» - дейді. Яғни ортаның бала тәрбиесіне әсері зор.

Қазақ танымында **бала** – қуаныш. Мысалы *балалы үй базар, әйелі ұл тапқандай қуанды, бала –көңілдің гүлі, көздің нұры, бала – жүректің миуасы*; **бала** – барың, өміріңнің мәні: *бала – бауыр етің, жанды жерің, жалғыз баласы бардың шығар-шықпас жаны бар; баласы үшін отқа да күю, суға да түсу, қанаттыға қақтырмау, тұмсықтыға шоқтырмау;* **бала** – аңғалдықтың, шалалықтың, пәктіктің, тазалықтың белгісі: *балалы үйдің ұрлығы жатпас, балаға айтқан сыр – байланбаған бұзау, баланың ісі шала, бала соққан кездіктің басы жарық, бала жетіге келгеніше жерден жеті рет таяқ жейді;* **бала** – жастықтың символы: *баланың қылығы тәтті, бала жүгірсе қарттың қарап отырып аяғы ауырады; ойнап жүріп от басты;* **бала** – ақыл-парасаттың иесі: *бала тілі – бал, баланың сөзі батпандай*; **бала** – ата-ананың, елдің қорғаны, болашағы: *болатын бала боғынан, ұл туғанда күн туар, ұлың өссе үлгілімен ауыл бол т.б.*.

Балаға дер кезінде берген тәрбие – оған құйған инвестиция. Бүгінгі бала – ертеңгі ел азаматы болары сөзсіз. Тек, тәрбиені тал бесіктен дұрыс жолға қою қажет. Қазақ отбасындағы ер баланы қыз баладан жоғары санаушылықтың бар екені рас. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы мың өліп, мың тірілген өмірінде ер-азаматтардың басын қадірлеп, елін-жерін қорғайтын жігіттердің аманшылығын тілеп, Тәңірден ер баланы табына, жалына сұраған. Сөйтіп, қазақтың ұлттық ерекшелігі – ер азаматтың бағасы, отбасылық орны қалыптасқан. Бұл тенденция жаугершілігі жоқ бейбіт кезеңдерде де, тіпті қазіргі кездерде де сақталған. Халқымыздың патриархалдық бұл көрінісі жас ұрпақ психологиясында мықтап орын алған. Халықтың тәрбие дәстүрінде де бұл құбылыс ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ең жақсы дәстүр болып табылады. Міне, осындай қарапайым да табиғи жағдайлар – қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-этнографиялық, табиғат-климат факторлары бірігіп, тұтаса келе, мыңдаған жылдар аумағында қазақ халқының қоғамдық психологиясын, ру-тайпалық және әлеуметтік психологиясын, тұрмыстық және кәсіптік психологиясын, отбасы мен жеке тұлға психологиясын, қалыптастырып, ұлттық мінез сомдады. Ұлттық психология топырағынан көктеп шыққан халықтық педагогика дәстүрлері қазақ халқының бұлжымас тәрбие жолына айналды. Демек, ұлттық психологияның терең тамырларын зерттеп білмейінше, халықтық педагогиканың қағидаларына терең бойлау мүмкін емес [2].

Бүгінгі таңда елімізде болып жатқан рухани жаңғыру аясындағы түрлі бағдарламалар, ұлттық басылымдар және ізгілікті іс-әрекеттердің барлығы осы отбасы құндылықтарын нығайтудағы игі қадамдар болып табылары сөзсіз. Оның үстіне қазіргі қоғамның аласапыран кезеңдері баланың жанына жарақатын салмай, әсерін тигізбей тағы тұра алмайды. Сондайда дұрыс-бұрысын бағамдап, ұлттық рух негізінде оң-солына бағыт беретін санасына үміт отын толтыратындай, әркез жасөспірімнің қасынан табылардай жақсы ақпарат, яғни дұрыс баспасөз, балалардың жанын түсінетін, сол тілде сөйлейтін контент – кітаптар мен газет-журналдар аса қажет. Ең әуелі жас жеткіншектер – болашақ тұтқасының иелері. Соны ұмытпаған абзал.

Тәрбиенің ең әсерлісі, ең өнегелісі – өзіңнің тәрбиелі, көргенді болуың ғой. Ендеше контенттеріміздің өзі талғампаз болуы керек. Сол себепті де балаларға арналған басылымдар идеясы тұрғысынан, көркемдік құндылығы тұрғысынан мезгіл-мезгіл талдаулар жасап, жақсысын жақсы деп, сәтсізін сәтсіз деп көрсетіп отырса, әркімге-ақ, әсіресе, жастарға үлкен сабақ болар еді. Ал басылымдар осы қағидаларды жақсы ұстанса, ықшамдығы мен өткірлігі, көркемдік және идеялық тұтастығы арқасында тез жатталады, баланың жадында ұмытылмай сақталады.

Біздің заманымыз – рухани өсу, биіктеу заманы. Ішкі дүниесі нұрлы бала көңілді, оның бойындағы күш – қуаттың қайнар бұлағы да сарқылмайды, еңбегі де жемісті, адами келбеті де дұрыс қалыптасады.

Адам баласының жан дүниесі нұрлы болуы – тәрбиесінде, алған білімінде. Тегінде, білік бесіктен басталады. Сондықтан жас буынды жастайынан азамат етіп тәрбиелеу, таныту – бізге уәзипа. Ал, жеткіншектерге Мұзафар Әлімбаевтің сөзін арнаймыз: «Бір-ақ істе мешкей бол: білуге де тойма, білімге де тойма!» [3].

Бала – болашағымыз. Ағашты жас кезінде қалай отырғызсаң, өскенде нәтижесін солай көресің. Халқымыз «Не ексең, өскенде соны орасың» дейді. Осы тәрбиенің дұрыс берілмеуіне қатысты тілімізде баланың керағар, жағымсыз бейнесін сомдайтын мақал-мәтелдер де жоқ емес. Мысалы: *«Бейбастақ балаға күле қарасаң бас киімінді ала қашады», «Ерке баладан жынды балам жақсы», «Ерке бала екі жылар», «Өлетін бала молаға қарай жүгірер», «Жаман бала күйік», «Балаң жаман болса көрінгеннің мазағы», «Баланың сотқары – пәленің шоқпары», «Әдепсіз бала – аяққа басылған шала» т.б.* Бұл турасында әл-Фараби бабамыз: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп тегін айтпаса керек.

Баланы жастайынан дұрыс тәрбелеп, оған жанына жақын жылы сөз айтып, түзу бағыт-бағдар бере білсек, оның өскенде білімді, иманды болатыны сөзсіз. В.Г.Белинский: «Тәрбие – адам тағдырын шешетін ұлы іс» деген. Сондықтан халқымыз өзінің мәдениеті, іс-әрекеті мен сөзі арқылы ұрпағының саналы болуын әр кез мақсат еткен.

Иә, бала тәрбиесі қай кезеңде болсын, өте өзекті, өміршең тақырыптардың бірі. Адамзат жаралғаннан бері бұл тақырыпты айтып та келеді, жазып та жатыр. Мәңгілік мәні бар мәселені қозғап, жаңғыртып, насихаттап жатқанымыз, біздің де балаларға, жалпы ұрпаққа деген махаббаттан, сүйіспеншіліктен туындаған жүрек үні...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ балалар әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010.
2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы, 1974.
3. Қошым-Ноғай Б. Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы. – Алматы, 2021.
4. Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері. – Т. 69. – Астана: Фолиант, 2011. – 440 б.

ӘОЖ 82-3

ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАҒАН ЕБІНЕЙ БӨКЕТОВ

Кейкин Е.Қ., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Ебіней Бөкетовтің Қарағанды өңіріне келіп, қызмет атқаруына бірден-бір себепші ол – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еді. Олардың арасындағы таныстық Алматы қаласында басталып, уақыт өте келе аға мен іні арасындағы шынайы бауырлық қарым-қатынасқа ұласты. Қаныштың бір жағында Шаһмардан Есенов, екінші жағында Ебіней жүргенде үшеуі алып таудай болып көрінеді деп замандастары еске алады. Себебі, үшеуінің де бойлары 1,90-нан жоғары екен. Тек қана бойлары ғана емес, Шаһмардан мен Ебінейдің ойларыда озық болды. Шаһмардан мен Ебіней – Қаныштың шәкірттері ғана емес, оның ғылыми мұрасын жалғаған лайықты ізбасарлары бола білді. Олар ұстаздарынан алған тағылымды өмірлерінің соңына дейін ардақ тұтып, адал қызмет етті. Осы екі қос бауыр шәкірті өзінің ізін басып, ғылымның биік шыңына шықты. Ғылым жолындағы ерен еңбектері мен адамгершілік болмыстары – олардың Қаныш Сәтбаевқа деген риясыз құрметі мен шексіз алғысының айғағы іспетті.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев — қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы еді. Ол — қазақ ғылымының шамын жаққан, тұтас ұлттың зияткерлік көкжиегін кеңейткен ұлы тұлға. Ғылым жолында тынбай еңбек етіп, елдің ертеңі үшін тер төккен Қаныш ағаның өмірі мен еңбегі бүгінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге. Саналы ғұмырын халқына арнаған асыл азаматтың дәм-тұзы 1964 жылы ақыры Мәскеу шаһарында таусылды. Сол бір қиын-қыстау сәтте оның қасынан бір елі ажырамаған, соңғы демі шыққанға дейін жанынан табылып, адал қызмет еткен шәкірттерінің бірі — Аяпберген Бөпежанов еді. Кейін ол Қаныш ағасына деген шексіз құрметі мен ықыласын тебірене еске алады:

«Ауруханада жатқан Қанекең бір сәт үнсіз отырып: "Шіркін, қымыз болар ма еді..." — деді. Даусында сағыныш пен мұң қатар өрілгендей болды. Желтоқсан айының қақаған аязында кімнің бие сауып отырғаны бар? Оның үстіне, Мәскеу секілді алып шаһарда шұбат не қымыз табу тіптен мүмкін емес.

Сол сәтте есіме Қарағанды маңында тұратын немере ағам Қабылбек түсті. Оның үйінде қысы-жазы қымыз үзілмейтін. Бірде Қанекең сол үйге қонаққа барып, Қабеңнің баптап ұстаған қымызын ерекше мақтап аттанғаны есімде. Ол сапарында Қаныш ағаның жанында өзінің жас шәкірті, болашағынан зор үміт күттіретін жас ғалым — Ебіней Бөкетов болған.

"Егер Алла тілеуімді берсе, бұл істі Ебінейге тапсырайын", — деген оймен қонақ үйге келе сала Ебінейге телефон соғып, мән-жайды бүге-шүгесіне дейін айтып бердім. Ол бірден іске кірісіп, Қабеңмен байланысып, Мәскеуге қымыз жеткізудің жолын тапты.

Евней қымыз жіберілген рейстің нөмірін де, ұшақ командирінің аты-жөнін де нақты айтып берді. Сөйтіп, он литр қымыз, қыстың көзі қырауда, Мәскеуге аман-есен жеткізілді. Қымызды рахаттана ішкен Қанекең күлімсіреп: "Қалайша тез табыла қалды?" - деп таң қалды.

Мен болған жайды толық айтып бердім. Сонда ағай: "Бұл - нағыз азаматтық!" — деп, қымыз ұйымдастырған Ебінейге, Қабылбекке және бүкіл іске атсалысқандарға шексіз алғысын білдірді...» [1].

Осы бір жан тебірентер естелік — ұлы ұстаз бен адал шәкірт арасындағы рухани байланыстың, бір-біріне деген шынайы құрметтің жарқын көрінісі. Ебіней Бөкетовтің Қаныш Сәтбаевқа деген ілтипаты, адалдығы, елгезектігі оның адамдық болмысын, азаматтық биігін көрсетеді.

Қаныштай жарық жұлдыз сөнуі мүмкін емес. Қаныш қайтқасын артында қалған замандастары, шәкірттері Қаныш туралы естеліктер жазып қалдырды. Ұстазына құрмет ретінде Ебіней Бөкетов «Сөнбес жұлдыз» атты керемет естелік лебізін арнады. Бұл естелігінде Қаныштың балалық шағын, адами болмысын, тау тұлғасын ашып көрсетті. Қанекең дүниеден өткесін, Ебінейге Қаныш туралы іргелі еңбек жазуды ол кісінің жары Таисия Алексеевна аманаттап тапсырды. Қаншама қыруар шаруасы бола тұра аманатты орындауға белсене кірісті. Бұл міндетті мойнына жүк қылып берген Қаныштың замандасы, әрі досы Ғабит Мүсірепов еді. Таисия Алексеевна ең алдымен Қаныш туралы еңбек жазуды Ғабитқа ұсынды. Ғабекең, - бұл үлкен жауапкершілік, мен оны көтере алмаймын, ең қиыны Қаныштың ғылымын түсіну маған ауыр, оған шамам жетпейді. Бұл жұмысты істей алатын бірден-бір адам ол Ебіней Бөкетов деді. Себебі, Ебіней әдебиет пен ғылымды қатар алып жүретін. Сол кездегі зиялы қауымға Ебіней тек қана тау-кен саласының маманы ғана емес, әдебиет сыншысы ретінде танылып үлгерген еді. Оның үстіне Қаныштың ғылымын жақсы түсіне алады. Осылайша Ебіней Бөкетов Қаныштың зерттеуге белсене кірісті. Бірақ, өзінің Қарағанды ХМИ, жаңадан ашылған университет қабырғасындағы басшылық жұмыстары тыңғылықты ізденуге мұрша бермеді. 1980 жылы Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» деген роман-эссесі 100 мың данамен Мәскеуден басылып бірақ шықты. Оны шығару үшін автор қаншама тер төкті, талай сойқан қиындыққа тап болды. Осы кездері Ебінейдің де басына қара бұлт үйріліп, қызметінен құдалап, жеке басына қысым жасалып жатқан еді. Медеу Сәрсекенің ұсынысы бойынша Қаныш туралы зерттеуінде тек қана Қаныштың балалық шағына тоқталуды жөн көрді. Себебі, Медеу Сәрсеке Қаныш жөнінде толық зерттеп үлкен көлемді еңбекті жазып қойды.

Ебіней ең алдымен Қаныштың туған жері Баянауылға сапар шекті. Қаныштың көрген көзтаныстарына жолықты, Қаныштың балалық шағы туралы ауызекі әңгімелерін жинады. Осылайша «Жас Қаныш» деген деректі хикаят дүниеге келді. Бірақ, Ебіней бұл еңбегін көзі тірісінде жарыққа шығара алмай кетті. Өзінің шәкірт інісі Медеу Сәрсеке аяқтап, Ебінейдің атынан баспаға ұсынды.

Ебіней Бөкетов Қаныш Сәтбаев туралы зерттеу жүргізу барысында, ұлы ғалымның өміріне қатысты көпшілік біле бермейтін тың деректерге жолығады. Солардың бірі – Қаныштың сүт анасы Құлжан ана туралы мәлімет. Бұл деректі Ебіней «Сөнбес жұлдыз» атты естелігінде жазады. Қаныш дүниеге келгенде оның кіндігін сол ауылдағы Құлжан есімді әйел кескен екен. Құлжан апасы Қанекеңе тіпті жақын екен. Өйткені туған анасы, Қанекең дүниеге

келгенде қатты ауыршаң күйінде болса керек. Сондықтан кіндік-анасы, өзі де соның алдында нәрестелі *(баланың есімі – Сейітжан, - Е.К)* болған екен, бір емшегімен кіндік ұлын асырапты – дейді [2].

Иа, бұл естелікте айтылған Құлжан ана туралы бұрын-соңды еш жерде айтылмаған еді. Қаныш туралы роман-эссе жазған Медеу Сәрсекеде бұл туралы жазбай кетіпті. Себебі, Медеу Сәрсеке Қаныштың күтушісі болған Мейіз анамызды сүт анасы қылып көрсеткен. Шындығында Мейіз Қанекеңнің күтушісі, қамқоршы анасы іспетті болған. Ал сүт анасы Құлжан ана. Бұл туралы деректі маған нақтылап берген Мейіз ананың немересі Кенжебек Нұрланұлы болатын. Кенжебек ағай бұл күнде Екібастұз қаласында тұрады. Ал Құлжан ана Нұрлан Қасенұлының жұбайы Нағипаның шешесі, яғни Нұрланның қайын енесі. Қаныш туғанда кеудесін беретіндей Мейіз анамызда емізулі баласы да болмаған, ал Құлжан анамыздың сол кезде Сейітжан есімді баласы туып жатқан. Міне, егер Ебіней Бөкетов бұл туралы «Сөнбес жұлдыз» деген естелігінде жазбағанда біз мүлдем білмес едік.

Ебіней Бөкетовтің енді бір іс-әрекеті туралы белгілі ғалым, Мұса Шорманның ұрпағы, геология-минерология ғылымдарының докторы, ҚР минералды ресурстар Академиясының академигі - Бақыт Билялов былай еске алады: «1974 жылдың мамыр айының аяқ кезінде маған Ебіней Арыстанұлы телефон шалып, кабинетіне шақырды. Біраз әңгімелестік. Қаныштың әке-шешесінің зиратына барғысы келетінін айтты. Жазғы уақыттың бір күнін белгілеп, Баянауылдағы Теңдік ауылына баратын болдық. Мен Баянауылда Жасыбайда демалыста едім, сол жағынан Теңдікке жеттім. Ал Ебекең бастаған топ Қарағандыдан үш көлікпен келді. Топтың ішінде менің әкем Дінше мен Қабылбек ақсақал *(бұл кісі жоғарыда атап өткен Қабылбек болуы мүмкін – Е.К.)* және Қаныштың бірге ойнап өскен досы, совхоз директоры болған Жұмаш Шәдетов, химия-металлургия институтының директоры Абишев Жантөре Нұрланұлы, ҚарМУ-дың профессор ғалымдары Перевертун, Жуасов т.б. болды. Барлығымыз зират басына бардық. Қабылбек ақсақал құран оқыды» - дейді [3].

Осы сапарында Ебіней Арыстанұлы Қаныштың туған жері — Айрық қыстауындағы Имантай Сәтбаевтың үй орнының сызбасын жасап алады. Бала Қаныштың қандай үйде дүниеге келгенін, асыр салып ойнаған жерін көреді. Қаныштың қалыптасып өсуіне әсер еткен ортасын сезінеді. Қаныш Сәтбаев 1909-1911 жылдары өз ауылының іргесіндегі Сәдуақас Шормановтың салғызып берген заманауи орыс-қырғыз мектебінде оқыды. Осы мектепте ойы терең қалыптасып, әкесі Имантайдан алған тәрбие мен өнегені ғылым-білімге ұштастырып жетілдірді. Ебекең, Бала Қаныш, қалайша дана Қанышқа айналды деген сансыз сұраққа жауап іздеді. Адамның жетілуі білім арқылы келетіні белгілі. Сол себепті дәл ауылының іргесінен заманауи мектеп ашып берген Шорман әулетіне бас иді. Сол себепті, Ебекең Шорман ұрпағы Дінше ақсақал мен оның баласы Бахыт Биляловты қасынан қалдырмай Теңдік ауылына алып барды. Сол жерде жатқан Мұса Шорман, Сәдуақас Мұсаұлының, Біләл Мұсаұлының басына тәу етіп, оларға ізет көрсетті.

Төмендегі суретте Ебекең бастаған топ Мұса мырзаның басына барып құран бағыштауда. Ебіней Арыстанұлы басына тоқылған бас киім киіп, малдас құрап отыр.



Бұл мәліметті Бақыт Дінмұхамедұлы 2010 жылы шығарған «Қаржас шежіресі» атты кітабында жазып кетті. Осы жылдары шежіре түгендеп жүргенде Бақыт ағайдың өз аузынанда естіген едім.

Ебіней Арыстанұлы ұстазының бар болмысын ашу үшін оны жан-жақты зерттеді. Тіпті Қаныштың ерекше болып қалыптасуына жұтқан ауасы, ішкен суы, сол ортада өсетін өсімдіктер де әсер етуі мүмкін шығар депте ойлапты. Ол туралы ҚарМУ-дың профессоры, әріптес ұстазымыз Ортай Абдрахмановтан жеткен мынадай естелік бар: «Ғылыми жұмыстардың тарихын жинақтаудағы құштарлығы Ебекеңнің бойынан ерекше көрінетін қасиет еді. Мұндай құштарлық қасиет ғылымның негізін қалаушылар Д.Менделеев, Ш.Уәлиханов, Қ.Сәтбаев сияқты ірі тұлға ғалымдардың өмірлерін зерттеуге арналған кезде туған болу керек. Ебекең Қ.Сәтбаевтың балалық шағын жазып жүрген кезде жас баланың табиғатқа деген көзқарасының қалыптасуына қандай заттар, табиғат ерекшелігі, онда өсетін өсімдіктер әсер етуі мүмкін - деген сұрақтарға жауап іздейтін. Жүгіріп жүрген балаға қандай өсімдіктер әсер етуі мүмкін деп сұраушы еді. «Вокруг света» журналының соңғы бетінде кейбір дәрілік, тамақтық, хош иісті және басқа көптеген қасиеттері бар жабайы өсетін біздің жақтарда кездесетін өсімдіктер туралы жиналған мақаласы бар папканы бергенім бар еді» [4].

Міне, қарап отырсаңыз, Ебіней Арыстанұлы Қаныштай ақылшы ұстазының бойына біткен жақсы қасиетті туған жерінде өсетін өсімдіктенде іздеп көрген екен. Ұстазының дара тұлғасын тереңінен танып-білу үшін, Ебіней

аға жан-жақты зерттеу жүргізуге барын салды. Соның нәтижесінде «Жас Қаныш» деген еңбегі мәңгілік ескерткіш болып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Б.Аяпбергенов., Қ.Исабаев. «Қаныш аға осындай еді...(естелік әңгіме)». Алматы: «Өлке» баспасы, 1999. – 124 б.
2. Қаныш аға: Естеліктер. Алматы: «Жазушы» 1989.- 400 б.
3. Біләлов Д.Ж., Билялов Б.Д. «Қаржас шежіресі». Қарағанды, 2010. – 520 б.
4. Кейкин Е.Қ. «Ұлағатты ұстаздың өнегелі өмірі». Қарағанды, 2021. – 284 б.

ОӘЖ: 001.89 + 81'27

ҒЫЛЫМҒА АДАЛДЫҚ, ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕБІНЕЙ ӘЛЕМІ

Қалиев Б.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Рамазанова Ж.С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Әрбір адам өмірінде ерекше із қалдырған ұстаз немесе шабыт берген сәтпен кездеседі. Білім жолында адал еңбек етіп, ғылым мен руханиятты қатар ұстанған тұлғалар – ұрпақ үшін өнеге. Сондай жанның бірі – ғалым, қаламгер, ұстаз Ебіней Бөкетовтің өмір жолы, шығармашылық ізденісі мен ұстаздық шеберлігі – білім мен адамгершіліктің айқын көрінісі. Бұл мақалада біз Ебіней Бөкетовтің «Алты хат» деп аталатын ғұмырнамалық деректі хикаятындағы ғалымның ұстаз ретіндегі алғашқы қадамы, ғылымға деген сүйіспеншілігі мен тілге құрметі туралы естеліктер негізінде қысқаша ой өрбітетін боламыз.

Ұстаз – жай ғана мамандық емес, бұл – жүрекпен сезінетін, жанмен атқаратын қасиетті міндет. Ал ұстаздық пен ғылымды жүрекпен ұштастыра білген тұлғалар санада мәңгі сақталады. Ебіней Бөкетов – сондай дара болмыс. Оның алғашқы мақаласына деген ерекше ықыласы, дәріс дайындаудағы табандылығы, тілге деген ілтипаты – бәрі де нағыз зиялының, ұлт жанашырының бейнесін аша түседі.

Әр адамның өмірінде ерекше есте қалатын, ұмытылмас сәттері болады. Олар сырт көзге елеусіз болғанымен, адамның ішкі дүниесінде айрықша орын алатын кезең. Осындай сәттің бірін автор өзінің ең алғашқы жарияланған ғылыми мақаласы арқылы сипаттайды.

«... Қазіргі уақытта, ардақты жазушы інім, менің ғылыми еңбектерімнің тізімін қарайтын болсаңыз, ең басында сол маңызы жұпыны ғана кішкентай мақаланың аты тұрады. Химиялық анализ әдісінің қазіргі деңгейінен қарасақ, бұл мақаланың, әрине, ешбір мәні жоқтығы ақиқат. Бірақ мен үшін осы мақаланың атының өзінде бір өзгеше жылылық бар. Жуырда бір көмекшім менің ғылыми еңбектерімнің тізімі үшін осы бір болмашы нәрсенің керегі не деген пікір айтты. Оқығанымнан, көргенімнен, білгенімнен ойлап, топшылап жаңа білім шығаруға қабілетім бар екенін осы кішкене мақала арқылы сезінгенімді, сондықтан осы мақаланың орны мен үшін кейін шыққан жуан кітаптардан анағұрлым артық екенін қайдан білсін...» [1, 93] деген үзіндіде ғалым өзінің ең алғашқы ғылыми еңбегіне деген ішкі құрметі мен шынайы эмоциясын жеткізеді. Осы шағын ғана үзіндіден:

1) Алғашқы қадамның құндылығы (Ғалым ең алғашқы мақаласын «маңызы жұпыны ғана» деп сипаттаса да, оның өз өміріндегі мәні зор екенін атап өтеді. Бұл – адамның еңбегі мен табандылығы арқылы өзіне сенімі нығайған сәті. Яғни адам үшін алғашқы жетістік – болашақ табыстың негізі. Ол кішігірім болса да, рухани тұрғыда зор маңызға ие);

2) Ішкі сезім мен сыртқы бағалаудың айырмашылығы (Ғалымның көмекшісі сол мақаланы «болмашы нәрсе» деп бағаласа да, автор үшін ол – үлкен шығармашылық жолының бастауы. Яғни басқа адам елемеген нәрсе біреудің өміріндегі үлкен белес болуы мүмкін. Ішкі құндылық – сыртқы пікірден маңыздырақ деген сөз);

3) Ғылымға адалдық пен шабыт көзі (Осы еңбегі арқылы жаңа білімге ұмтылу қабілетін алғаш рет сезінгенін жазады. Бұл оның ғылымға деген шынайы қызығушылығын көрсетеді. Яғни нағыз ғалым ғана өз бойынан жаңа білім тудыру мүмкіндігін алғаш байқаған сәтті өміріндегі ең қуанышты кезең деп есептейді);

4) Рухани құндылық пен кітаптан артық «мақала» (Осы мақаланың құны мен үшін кейін шыққан жуан кітаптардан да артық деп біледі ғалым. Бұл – рухани құндылық пен автор жолының бастауына деген шынайы ілтипат. Яғни шынайы құндылық – еңбектің көлемінде емес, оның өмірдегі орны мен мағынасында) деген бірнеше маңызды ой түюге болады.

Адамның алғашқы шығармашылық қадамы ол үшін өзгелер байқамайтын, бірақ өз тағдырында терең мәні бар ерекше сәт десек, бұл үзіндіден ғылымға деген адалдықты, еңбектің қадірі мен рухани асқақтықты анық байқаймыз.

Ал ұлы ғалымның мына төмендегі мәтіндегі айтқан ойлары бүгін де өз мәнін жойған жоқ деп есептейміз.

«... Әрбір істің, ардақты жазушы інім, басы қатты болса, аяғы тәтті болмақ деген қағида бар. Менің жаңа қызметім кейін жеңіл болды деп нықтап айта алмасам да, басында қиын болғанын жақсы білемін. Оқу ісін басқару деген не? Орта мектепте оқу бөлімінің меңгерушісі әрбір мұғалім өзіне тиісті сабағына үйретудің ғылыммен мұқият негізделген әдісін қолданғанын қарастырады. Бұл міндетті орындаудың өзі көп тәжірибе мен білімді қажет етсе де, жеңілдігі де бар ма деп ойлаймын. Өйткені адамзаттың орта мектеп педагогикасын тағайындаумен айналысқанына қанша заман өтті. Көптеген жеке адамды қоя тұрып, талай академия мен институттар балалардың жоғары оқу орнына жеткенше тәлім-тәрбие, оқу-білім алу жолдарын зерттеуде.

Ал жоғары оқу орнының педагогикасын алатын болсақ, бұл жөнінде ғылыми негізделген ешбір ереже жоқ. Жоғары оқу орындарының мұғалімдері бұл мәселемен тек кейінгі уақытта ғана айналысқан сияқты. Бұларға

мамандар тәрбиелеп шығару педагогикасына арналған ғылыми-зерттеу институты біздің елде жуықта ғана ашылды. Жоғары оқу орнының, оқу бөлімін басқару ісіне кіріскен кезімде мұның бірі де болған жоқ-ты. Мысалы, мен біздің кафедрада сабақ бере бастағанымда менің сабақ беруім жөніндегі жазылған ереже-нұсқауды мен тіпті ойлап та көргем жоқ-ты. Тек сол берген сабағым жөніндегі өз профессорымның ақылын ғана тыңдадым. Басқа жас мұғалімдердің де жайы осы болатын. Орыс университеттері мен институттарында лекция оқу деген профессордың ең жақсы, ең ардақты міндетінің бірі екенін біз білетін едік. Орыс ғылымындағы Менделеев, Сеченов, Тимирязев сияқты ардагерлер лекцияларына қалай дайындалып, қалай оқитыны жөніндегі естеліктер аз емес. Сондықтан мен біздің институтта лекция оқудың деңгейін анағұрлым жоғарылатуды армандадым.

Жақсы оқылған лекция, бір жағынан, студенттерге қиын сабақты жеңіл ұғынуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, мұғалімнің өзіне де пайдалы, өйткені ой-пікірін тәртіпке келтіріп, ғылыми ұғым мен ережелерді шымыр сөз бен ықшам сөйлемге сыйыстыруға мүмкіншілік береді деп ойлайтынмын. Бұл жөнінде өзімнің аз да болса, тәжірибеме сүйенетінмін. Профессор Дьячков химияның бір кішігірім бөлімінен лекция оқы деп тапсырғанда кездескен қиындық есімде қалған-ды. Профессордың лекция оқыған деңгейіне шама келгенше жақындау үшін лекцияларымды жаттап алатынмын. Қағазға қарап оқып тұрмасам да, сол жаттап алуымның өз зейінімнің логикасына сенбеушіліктен, керек сөзді уақытылы тауып, керек сөйлемді ретімен құрап айтуыма сенбеушіліктен еді. Сондықтан алдын ала лекциядағы негізгі пікір мен ойларды, ықшам сөйлемдерге сыйғызып дайындап, шыңдап алатынмын. Сөйлемдер нақыл сөз сияқты қысқа, айтайын деген ойыңды дәл беретін болу керек деп үйретететін менің ұстазым. Сондықтан лекциямды жаттауды қоймасам да, кейін лекция үстінде ойлана сөйлеп, сол жаттаған заттарымның өзін ептеп түзеп отыратын болдым. Өйткені әрбір сабақтың ғылым негіздері белгілі оқулықтардан алынса да, мұғалімнің өз ұғынуы тұрғысынан айтылуы керек деп түсіндіруші еді ұстазым. Ал әрбір лекцияға бұлай қараудың өзі, ардақты жазушы інім, оған дайындалуға көп уақыт тілейтін. Мен өз лекцияларымда Дмитрий Викторовичке ұқсап, әрбір минутымды бос жібермей, қатаң болуға тырысатынмын. Бірақ әсіресе бірінші жылда мен өз лекцияларыма риза болған уақытым сирек еді. Мысалы, әбден мұқият дайындалған тақырыпты оқып тұрғанымда, кейде ең бір айқын, ең бір анық түсіндім деген жерлерім күңгірттене қалатын да, сол анық түсіндім дегенім, шынтуайтқа келгенде, жақсылап түсінілмеген болып шығатын. Мұндайда суық тер бұрқ етіп, әуелі не дерімді білмей қалатынмын да, ақыры ұялсам да студенттерге мұны мен дұрыс түсінбеген екенмін деп шынымды айтатынмын. Бірақ қиын да болса, ұялсам да, шынымды айтқан кезіме қазір ризамын. Өйткені жастардың алдында осылай қатеңді мойныңа алып, ұялудың арқасында мен бәрін түсіндім, маған бәрі түсінікті деп ереуілдей берудің артық екенін, ең анық, ең айқын нәрсені қайта-қайта талқылау керек екеніне көзім жетті... » [1, 146-148].

Бұдан шығатын қорытынды: білім саласындағы табысты реформа мен жетістік, ең алдымен, мұғалімнің өзіндік ізденісіне, педагогикалық шеберлігіне және адалдығына тікелей байланысты. Әсіресе жоғары оқу орны оқытушысының қызметі – жай ғана білім беру емес, ғылыми ойды дамытып, кәсіби маман тәрбиелеудің күрделі үдерісі. Осы тұрғыда ұсынылып отырған естелік сипатындағы үзінді автордың оқытушылық қызметінің алғашқы қиындығы мен ішкі толғанысын ашып көрсетеді. Бұл – кез келген педагог үшін үлкен сабақ, әрі ой тастайтын өмірлік тәжірибе.

Автор өзінің жоғары оқу орнында оқытушылық қызметін алғаш бастаған тұстағы қиындығын ашық баяндайды. Сол кезеңде оқу үдерісін ұйымдастыру, дәріс дайындау мен өткізу бойынша нақты әдістемелік нұсқаулық болмағанын, әрі оқу бөлімін басқару ісінде де ғылыми негізделген жүйе жетіспегенін тілге тиек етеді. Бұл жағдай оны өз бетінше ізденуге, тәжірибе арқылы үйренуге итермелеген [2, 97].

«Менің жаңа қызметім кейін жеңіл болды деп нықтап айта алмасам да, басында қиын болғанын жақсы білемін», – деген сөзінен-ақ автордың шынайылығы мен табандылығын көреміз.

Мектеп педагогикасы ғасырлар бойы зерттеліп, жүйеленген сала болса, жоғары білім берудің әдіснамасы ол кезеңде әлі толық қалыптаспағандықтан да, ғалым бұл олқылықтың орнын толтыру үшін классикалық университет тәжірибесіне сүйеніп, әйгілі профессорлар – Менделеев, Тимирязев, Сеченов сияқты тұлғалардың дәріс оқу мәдениетін үлгі етеді.

«Жақсы оқылған лекция студентке де, оқытушыға да пайдалы», – деп атап көрсетеді ол, яғни білім беру – екіжақты үдеріс екеніне назар аударады.

Дәрісті тек оқулықтан айтып беру емес, оны ықшамдап, жүйелеп, тыңдаушыға әсерлі жеткізу – үлкен өнер. Ғалым алғашқы дәрістерінде жаттап сөйлеуге мәжбүр болғанын, өйткені логикалық ойды еркін құрастыруға әлі сенімі болмағанын ашық мойындайды. Алайда уақыт өте келе, түрлі жаттығу оны сөйлем құрылымына, ой дәлдігіне, тіл шеберлігіне үйреткен. Бұл – білімді құр айта салу емес, тыңдаушының жүрегіне жеткізу, күрделі ойды жеңіл тілмен түсіндіре білу. Ол профессор Дьячковтан үйренген тәртіп пен нақтылықты өмірлік ұстанымға айналдырағанын жазады. Күнделікті дәріске дайындалу – білімнен бұрын тәртіп деген сөз.

Білім беру жолындағы ең маңызды сәт – өз қателігіңді мойындай білу. Автор кей дәрісінде күрделі тақырыптарды өзі толық түсінбегенін, сондықтан студенттер алдында өз шындығын ашық айтқанын баяндайды. Бұл – ұят емес, керісінше, ұстаздық ұлылықтың белгісі. Себебі білім беру саласында үздіксіз үйрену мен кемелдену ешқашан тоқтамауы тиіс. Оқытушылық – тек білім таратын кәсіп емес, бұл – жүрекпен сезінетін, жан дүниемен қабылдайтын зор жауапкершілік. Ұстаз өз сабағына өзі риза болмайынша, шәкірт те оны толық игере алмайды. Ғалымның осы алғашқы қиындығын еске ала отырып, біз бүгінгі жас маман болсын, жалпы барлық оқытушы, педагог үшін маңызды үлгіні көреміз: үздіксіз ізденіс, шынайы еңбек, қателікті мойындау, өзіңе талап қою – міне, нағыз кәсіби маманның жолы. Сондықтан да біз «Ұстаздың ұлылығы – оның білімінде емес, сол білімді жеткізуге деген адал ниетінде» деген ұстанымды әрдайым естен шығармауымыз керек.

Ал мына мәтіндегі үзіндіні көркем әдебиет пен ғылымның тоғысқан ерекше мысалы деуге болады. Мұнда тіл құдіретінің, әсіресе өлең арқылы берілген ғылыми білімнің әсерлілігі мен тиімділігі кеңінен көрініс тапқан. Осыған негіздей отырып, тілдің және өлеңнің ғылымды сипаттаудағы орны жайында біршама талдау жасауға болады.

Ғылым – нақтылық пен дәлдікке негізделген білім саласы. Ал тіл – сол ғылымды түсіндіретін, жеткізетін, насихаттайтын қуатты құрал. Ғылымды көпшілікке түсінікті, әрі әсерлі етіп жеткізуде тілдің құдіреті, әсіресе көркем тіл мен поэтикалық тәсілдің маңызы зор. Автор бұл құбылысты төменде келтірілген үзіндіде тебірене, сүйіспеншілікпен баяндайды.

«... Енді мен, ардақты жазушы інім, Василий Викторовичтің «Химиялық поэмасын» еске түсіргенде оның мазасызданып, менің ыңғайсызданып қалуымның себебін баяндайын. Осыны айтайын деп отырғанымды сезген де шығарсыз. Толстовка деп аталатын мол, ұзын тігілген қара курткаңы киіп, курткаңың матасынан жасалған жалпақ белбеуін бостау белбеуленген ол аяғын жас жігіттей жинақы басып кіріп келгенде, ең көңілді тыңдайтын лекциямыздың басталғанына қуанған біз дүрліге түрегеліп, қол шапалақтап қабылдайтынбыз. Сонан соң ол кафедраға сүйеніп, өткен лекцияда не айтқанын ойланып, есіне түсіріп, біраз тұратын да, басын көтеріп, жоғары қарап:

– Ұмытпасам, өткен жолы, достарым, мен мынаны айтқан сияқты едім-ау... Бұл сіздердің дәптерлеріңізде жазылған да болар. Тексеріңіздерші. Егер рұқсат етсеңіздер мен сол айтқан ойымды әрі қарай апарайын, – деп ғылыми ережелерді айта жөнелетін. Не айтса да тез айтушы еді. Жазу қиынға түссе де, біз машықтанып алғанбыз. Өйткені ол кісі ең керекті ережелерді әдемілеп, қайталап отырушы еді. Ол ешбір жазба, конспекті, қағаздарды пайдаланбайтын. Тек кейде лаборант кафедраның үстіне көптеген шыны, пробирка, химиялық реактивтерді қойып кететін. Сиқыршы фокусшыға ұқсап, кейбір химиялық реакция, құбылыстың қалай өтетінін бізге көрсетіп беретін Василий Викторовичтің лекцияларынан біз ғылыми маңызға толы жаратылыс ақиқатын да көркемдіктің әсерлі бояуын бере ұғындыруға болатынын түсінген едік. Ең жағымды жері, Василий Викторович өзі оқыған ғылымының әрбір ережесі, әрбір жаңалығы қай уақытта қалай туғанын мұқият білуші еді. Көптеген химиктің өмір тарихының егжей-тегжейін есінде сақтаған ол әрбір ғылыми ережені айта келе, сол ережеге тиісті тарихи оқиғаларды ретімен қоса әсерлі айтып беретін. Сүйікті доцентіміздің химия ғылымына өз тарапынан қосқан үлесі бізге беймәлім болатын. Жобасы, ондай үлес онша болмаса да керек, әйтеуір Василий Викторовичтің өзінің аузынан, не басқалардың аузынан сол үлес туралы естімедік. Бірақ сүйікті доцентіміз өз ғылымын жаныңдай жақсы көретінін білуші едік. Сол сүйіспеншілігін ол бізге де дарыта бастаған-ды. Әрқашан да біздің доцентіміздің оқыған лекциясының әр тарауының аяқталуын асыға күтетінбіз, өйткені ол ғылымның әрбір тарауын өзі жазған «Химиялық поэмадан» үзінділер айтып көмкеретін. Сол поэмасында Менделеев кестесіндегі әрбір элементтің қасиетін өлеңге салып жазған екен. Ғылыми терминдер мен сөздерді өлеңнің өлшемі мен ұйқасына сыйғызғанына таңданып, біз аса қуанышпен тыңдаушы едік. Поэзия жөнінен бұл өлеңдердің қандай екенін, ардақты жазушы інім, білмеймін. Бірақ, біздіңше, өте қызғылықты, тартымды сияқты еді. Амал нешік, менің ойымда сол химиялық өлеңдерден қайсыбір үзінділері ғана сақталыпты. Мысалы, күкірттің химиялық қасиеттерін сипаттай келе, Василий Викторович таяқшасымен Менделеев кестесінен күкірттің әрпін көрсетіп тұрып былай деп оқығаны есімде:

Элементтер кестесі, алтыншы топ,
Күкірт тұр оттегінен екінші боп.
Отыз екі атомдық салмақ болса,
Бұл күкіртті құрапты төрт изотоп.
Ақшыл сары күкіртті жұрт біледі,
Ұлпа боп үйкесең-ақ үгіледі.
Қыздырсаң судай сұйық болып кетіп,
Суыса кесектеніп бірігеді.
Ауада түтінденіп от алады,
Сол түтін ангидрид деп аталады.
Ангидрид – күкірт газы, ол да қызық,
Сілтіге сіңіп алып жаңарады.
Сілті, су, күкірт газы үшеуінен
Құралар сол жаңа зат сульфит деген,
Жер бетінде құбылар күкірт солай,
Валенттігі тұра алса төрттен аумай.
Валенттігі алтыға шыққа егер,
Бұл күкіртің құбылар одан бетер.
Қиынына соқпай онша желейік,
Күкірт қышқыл деген затқа келейік...

Осыдан кейін күкірт қышқылының, оның сульфат деп аталатын тұздарының қасиетін айтатын. Василий Викторович бір лекцияға берілген аз уақытта оқыған сабағының қиын жерін есте қалатындай етіп, әдемі қалжың, салыстырма, ғылым тарихынан ұтымды мысалдар келтіріп үлгеруші еді... » [1, 166-167].

Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, ол – шәкірт санасына шабыт ұялататын, ғылымға сүйіспеншілік дарытатын тұлға десек, нағыз ұстаздың әр сөзі, әр сабағы – шәкірт жүрегінде ұзақ сақталатын рухани құндылық. Жоғарыдағы естелікте суреттелген Василий Викторович бейнесі – осының айқын дәлелі.

Автор есіне алған ұстазы қарапайым доцент болғанымен, оның дәріс оқу мәнері ерекше. Ғылыми ережені жаттанды емес, көркем тілмен, мысалмен, өлеңмен жеткізе білетін қабілеті студенттердің қызығушылығын арттырған. Бұл – жай ғана сабақ емес, ғылым мен өнердің үйлесімі еді. Ол химия сияқты күрделі ғылымды тыңдаушыға тартымды, әрі түсінікті ету үшін жан-жақты тәсіл қолданған. Дәріс барысында ол: ғылыми формула мен реакцияны; тарихи деректі; белгілі ғалымдардың өмірбаянын; өлеңге айналған химиялық сипаттаманы т.б. шеберлікпен байланыстырған. Бұл – ұстаздың тек білімді ғана емес, өте шығармашыл тұлға екенін көрсетеді.

Дәрістің ең әсерлі тұсының бірі – Василий Викторовичтің өз қолымен жазған «Химиялық поэмасы». Ол Менделеев кестесіндегі әрбір элементтің қасиетін өлеңмен сипаттаған. Мысалы, күкірт элементінің химиялық сипатын:

«Ақшыл сары күкіртті жұрт біледі,
Ұлпа боп үйкесең-ақ үгіледі…», –

деп сипаттау арқылы күрделі ұғымды жеңіл, әрі есте қаларлық етіп жеткізген. Көп жағдайда қиын ережелер мен күрделі терминдер өлеңнің ырғағы арқылы оңай жатталып, есте сақталады. Бұл әдіс – тек оқытушының білімін ғана емес, оның студент жанына жол таба білетінін көрсетеді.

Ғылымды осындай көркемдікпен ұсыну – білім берудің тың тәсілі ғана емес, шәкірт бойында ғылымға деген сүйіспеншілік оятудың ерекше жолы. Студенттер үшін химия енді тек реакция мен формула емес, поэтикалық реңкке ие болған, өмірмен, тарихпен, сезіммен үндескен тірі ғылымға айналды.

Ебіней аға үлгі тұтқан ұстазы Василий Викторовичтің дәрісі – жай ғана сабақ емес, терең дайындық пен шынайы махаббаттың нәтижесі. Оның жазбасыз сөйлеуі; жоғары қарқынмен, нақтылықпен ойын жеткізуі; сабаққа байланысты қалжың мен салыстыруды орынды қолдануы; әрбір ғылыми ұғымды тарихи, философиялық тұрғыда ашуы нағыз педагогикалық шеберлік екенін көрсетеді. Оның ғылымға қосқан үлесі көпшілікке беймәлім болса да, ол – нағыз ұстаз. Себебі ол шәкірт жүрегіне ғылымға деген сүйіспеншілік дарыта білді. Бұл – кез келген ғалымның емес, тек жан дүниесі ұстаздықпен суарылған адамның қолынан келетін іс. Яғни автор суреттеуіндегі Василий Викторовичтің бейнесі – ғылымға адалдық пен ұстаздыққа жанашырлықтың символы. Ол – өз пәнін ғана емес, шәкірттерінің жүрегін де терең зерттей алған кәсіби маман. Оның «Химиялық поэмасы» – ғылымның да көркемдікке, шабытқа, сезімге толы бола алатынының дәлелі. Осындай ұстаздар ұрпақ санасына тек білім емес, өмірлік бағыт-бағдар береді. Ғылымды сүйіп, оны поэзиямен жеткізе білу – ұстаздықтың ең биік үлгісі.

Тіл – халықтың жаны, мәдениеті – оның рухани келбеті десек, осы құндылыққа шын жүрегімен ынтық болған тұлғаның бірі – көрнекті қаламгер, ойшыл, әрі зиялы азамат Ебіней Бөкетов деуге болады. Оның ана тіліне, сөздің шығу төркініне, ұлт мәдениетіне деген ықыласы – ұрпаққа үлгі, зиялылықтың жарқын көрінісі.

Оны Қазақстанның Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтің естелігінен алынған мына үзінділер анық дәлелдейді: *«... Туысқан халықтардың мәдениетіне қызыға үңілу, тіліне деген пейіл-ықылас, туған тілмен салыстыру – Евнейге тән мінез. Озық мәдениетке өз жұртын ұмтылдыру – ойшылдардың өмірлік қам-қарекеті екен...*

... 1979 жылы бір жолығыста:

– Украин тілінде дрофа – «дудак» делінеді екен. Біздің қазақтың «дуадағы» ғой. Тек бір дыбысы ғана түсіп қалып ықшамдалған. Енді бір қызығы украиндықтар тырнаны «лелека» дейді. Бұл – қазақша «ләйлек». Күншығыс жұрттарымен қашаннан бері араласқан халық «құтан» мен «тырна» атауын алмастырып алуы мүмкін ғой, – дейді досым... » [3, 65].

«... Әңгіме-дүкен көбінесе әдебиет төңірегіне орала берді. Әңгіме орайында қазақтың «келінді келгенде көр, септі жайғанда көр» деген мақалын келтіріп едім. Жастау жігіттерден ректор:

– «Сеп» деген не? –деп сұрады. Әдебиетшілердің өздері де іркіліп қалды.

Сонда Евней:

– Сеп, меніңше, дүние-мүлік, мүкаммал, – деп бір-екі сөзбен түптеп беріп еді... » [3, 66].

Жазушы Мұзафар Әлімбаевтің осы естелігіне сүйене отырып, біз Ебіней ағаның тек қазақ тілінің сөздік қорын жақсы меңгеріп қана қоймай, өзге туысқан халықтардың тілінен де ұқсастық, үндестік іздеп, тарихи-мәдени сабақтастыққа қызыға үңілетін ізденімпаздығын байқаймыз. Бұл ғалым-ағаның жай әуестік емес, үлкен ғылыми, танымдық пайымның нәтижесін, болмысын терең танытады. Мысалы, украин тіліндегі «дрофа – дудак» сөзін қазақтың «дуадағы» сөзімен салыстыра келіп, «дәйек пен дәлел арқылы» сөздердің шығу төркінін, тарихи үндестігін көрсетеді. Сондай-ақ «лелека – ләйлек» сөздері арасындағы байланыс та оның тілге деген зор ілтипатын, салыстырмалы тіл біліміне бейімдігін байқатады.

Бұл жерде Ебіней ағаның мақсаты – тілдер арасындағы ұқсастықты табу арқылы қазақ тілінің байлығын, оның басқа түркі және славян тілдерімен сабақтастығын көрсету. Бұл ізденіс оның озық мәдениетке өз халқын ұмтылдыру ниетінен, рухани жаңғыруға бастайтын жолды тілден бастау керек деген көзқарасынан туындайды. Ал екінші мысалдағы «сеп» сөзіне берген анықтамасы – оның тілдік түйсігінің дәлдігі мен білімінің тереңдігін көрсетеді. Әдебиетшілердің өзі тосылып қалған сәтте, терең ойлы ғалымның: «Сеп – дүние-мүлік, мүкаммал», – деп қысқа да нұсқа жауап беруі – тілге деген жанашырлықтың, ұлт сөзінің қадірін білу мен оны ұқтыра алудың жарқын үлгісі деп білеміз.

Ебіней Бөкетов – тек химик, ғалым немесе жазушы ғана емес, тіл мен руханиятқа ерекше жанашырлықпен қараған тұлға. Оның тіл жайлы әрбір ойы, әрбір пікірі – бүгінгі ұрпақ үшін бағдаршам. Ол – сөздің мәнін ұғынған, мағына мен мазмұнға терең бойлаған ой иесі. Оның туысқан халықтардың мәдениеті мен тіліне деген қызығушылығы – ұлтжандылықтың, кең таным мен терең пайымның белгісі. Бұл ұстаным қазіргі заманда да өзектілігін жойған жоқ. Көпұлтты, көптілді қоғамда өмір сүріп жатқан бүгінгі қазақ баласы үшін ғалымның осы рухани қырағылығы мен зерттеушілік мінезі – ұрпаққа өнеге, тіл жанашырларына үлгі.

Қорыта айтқанда, ғылымға адалдық пен тілге құрмет – Ебіней әлемінің басты тұғыры. Бұл тұғыр бүгінгі жас ұрпақ үшін де асыл мұрат болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бөкетов Е.А. Шығармалар жинағы: 6 томдық. Т. 5 / Редакциялық алқа: Е.Қ.Көбеев (бас редактор) және басқалар. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 397 б.

2. Сәрсеке М. Біртуар Бөкетов: деректі роман-эссе. – Қарағанды: «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ баспасы, 2023. – 468 б.

3. БІРТУАР: Академик Евней Бөкетов туралы естеліктер / Құраст., Бөкетов Қ.А., Хасен М. 2-басылымы. – Алматы: Білім, 2012. – 288 б.

ӘОЖ 341.462.2

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ МЕДИА КЕҢІСТІГІНЕ ӘСЕРІ

Қазыбек А.Қ., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

XXI ғасырдың ең ірі технологиялық жетістіктерінің бірі — жасанды интеллект (ЖИ) екені сөзсіз. Бүгінгі таңда ЖИ медиа индустриясында маңызды орын алуда: ақпарат тарату, жаңалықтар дайындау, контент жасау, т.б. барысында оның мүмкіндіктері кеңінен қолданылуда. Әлемде де, Қазақстанда да медиа кеңістігі жаңа талаптарға икемделіп, цифрлық трансформация үрдісін бастан өткеруде. Бұл ғылыми мақалада жасанды интеллектінің медиа саласына әсері, оның оң және теріс жақтары, сондай-ақ Қазақстандағы тәжірибелері қарастырылады. Бүгінгі таңдағы жасанды интеллектінің әлемдік медиаға ықпалына сүйенсек, медиа саласында бірнеше бағытта кеңінен қолданылуда, яғни автоматтандырылған жаңалық жазу, мәтіндерді редакциялау, видео және сурет өңдеу, деректерді талдау негізінде аудиторияға бейімделген контент ұсыну сияқты қызметтерді жедел атқару жүзеге асырылуда. Мысалы, «Associated Press» агенттігі қаржылық жаңалықтарды автоматтандыру үшін «Automated Insights» компаниясының «Wordsmith» платформасын пайдаланады, бұл технология арқылы санаулы минуттар ішінде мыңдаған есеп жариялауға болатынын анықтаған. Сондай-ақ, «The Washington Post» газеті «Heliograf» атты жүйесі сайлау жаңалықтарын жылдам әрі дәл тарату мақсатында енгізілгенін айтқан. Жасанды интеллект тек мәтінмен шектелмейді: «BBC» мен «Reuters» сияқты медиа алпауыттары деректер визуализациясында және жаңалық сюжеттерін автоматты бейнемонтаждауда да ЖИ шешімдерін қолданудың тиімділігін алға тартады. Әсіресе дамыған елдерде ЖИ технологиялары ақпарат өндірісін түбегейлі өзгертуде. Қытайда «Xinhua» ақпарат агенттігі 2018 жылдан бастап ЖИ көмегімен жасалған виртуалды жүргізушілерді эфирге шығарып келеді. Бұл тәжірибе жаңалықтарды тәулік бойы, адам ресурсына тәуелсіз таратуға мүмкіндік берді. Ал, Оңтүстік Кореяда «MBC» арнасы танымал диктордың бейнесін deepfake технологиясы арқылы көшіріп, жаңалықтарды автоматты жүргізу тәжірибесін қолға алған. Еуропа елдерінде жасанды интеллект журналистикадағы деректерді талдау және аудиториямен байланыс орнату мақсатында кеңінен қолданылады. АҚШ-тағы тәжірибелер де айрықша назар аудартады, яғни «The New York Times» пен «The Washington Post» редакциялары аудиторияның қызығушылығына қарай контентті жекелендіру үшін ЖИ алгоритмдерін қолдануда белсенділік танытқан. Сонымен қатар, «Associated Press» қаржылық жаңалықтарды автоматтандыру арқылы минуттар ішінде мыңдаған материал дайындау мүмкіндігін іске асырғаны белгілі. Мұндай тәжірибелер журналистикадағы өндірістік процестердің жаңа стандарттарын қалыптастыруда. Мәселен, «BBC» медиакорпорациясы деректерді визуализациялау және интерактивті сюжеттер жасау үшін ЖИ шешімдерін енгізсе, «Reuters» агенттігі фактчекинг процесін автоматтандыру үшін арнайы алгоритмдерді пайдаланады. Бұл журналистердің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, ақпараттың сенімділігіне де үлес қосуда. [1]

Осы орайда, жасанды интеллект әлеуеті мен болашағы жаңа медиа кеңістігінің қалыптасуына, Қазақстан Республикасында медиа заңнамасындағы блогосфераның реттелуіне, ақпараттық кеңістіктегі этика мен жауапкершіліктің артуына әсері жайлы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында: «Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. «Электронды үкімет» платформасына жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу қажет. Қазақстан жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуға тиіс. Бұл – Үкіметтің басты міндеттерінің бірі», - деді. [2]

Қазақстанда жасанды интеллектіні медиа саласына енгізу үрдісі соңғы жылдары жандана түсті. Отандық ақпарат агенттіктері мен медиахолдингтер контент өндіру жылдамдығы мен сапасын арттыру мақсатында жасанды интеллект шешімдерін зерттеуде. 2023 жылы «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі жаңалықтарды автоматтандыру бойынша пилоттық жобаларды іске қосты. Бұған қоса, қазақ тіліндегі мәтіндерді машиналық аудару және транскрипциялау бағытындағы стартаптар мен зерттеу топтары жасанды интеллект жүйелерін жасап шығаруда. Сонымен бірге, отандық медиа контент өндірушілер әлеуметтік желілердегі аудиторияның талғамын ЖИ арқылы сараптап, «Instagram» бен «TikTok» трендтерін анықтап, контент жоспарлау тәжірибесін жетілдіруде. Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі цифрландыру шаралары аясында медиа саласында да жасанды интеллектіге негізделген шешімдерді енгізудің маңыздылығын атап көрсетті. [3]

Өткен ғасырдың біртуар тұлғасы академик - ғалым, жазушы – публицист Е.А. Бөкетовтің баспасөздегі қозғаған көкейкесті мәселелерінің бірі ғылым мен техника, өндіріс проблемаларын қозғауы, заман ағымына қарай қарыштай дамып, жаңа технологияның дамуымен кезінде адам айтса, нанғысыз жаңалықтарымен дәлелденуде. Осыған байланысты, өзекті тақырып төңірегінде жазған ғалымның публицистикалық мұраларын зерделей танысқанда, әр түрлі газет-журналдардағы интервью диалогтарынан, ой-пікірлерінен түйгенімізде Бөкетовтің қоғамдық көзқарасы мен ғылыми ой-пікірінің сонылығы және дәйектілігіне көз жеткізесің. Өйткені «ғылыми-техникалық революция және адам» деген аса күрделі проблема сол уақыттың көкейкесті мәселелерінің бірі болып саналған. Бүгінгі күрделі өмірімізді де онсыз елестету қиын. Озық ойлы адамзатты қатты толғандырып отырған осы проблемаға қатысты қазақ қаламгерлері әлі толымды сөз, толғамды жауап айтқан жоқ. Осынау күрделі тақырып кей шығармаларда ұшқын беріп өткенмен, арнайы зерттеу объектісіне айналмауы, айтыла қалғанда да ғасырымыз алға тартқан жоғары деңгейде сөз естілмеуі қынжылтады. Жазылып жүрген қай тақырыпты алсаңыз да, бәрінен де зымыран заман өзгерісін бүкіл сана-сезіммен сезінген, басынан кешіп жатқан күрделі бейнелерді аз көреміз. Әлде біздің замандастарымызға ғылыми-техникалық революция әлі толық әсер етіп, тереңдей бойлап сіңісе қойған жоқ па деген ойға қаласың. Бүгінгі гүлденген өмірімізді көре отырып, прогресс жемісін мойындамай, мұндай қорытынды жасау ағаттық та болар еді.

«Ғылыми-техникалық революция және адам дегенді ғылым мен техника өкілдерінің бейнесін жасау ғана деп түсіну тайыздыққа соғады. Бұл – аясы кең ұғым. Қоғам өмірінің барлық саласындағы адамдар – ғылыми-техникалық

революция заманының адамдары. Ендеше, солардың барлығының да бейнелерінен осы проблема жауабын іздейміз. Тақырыпты игеру – ғылыми-техникалық революция «тілімен» сөйлеу де емес. Әдебиеттен бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін арқалауға лайықты, сан-сала өмірлік, адамдық сауалдар төңірегінде ет-жүрегі езіле толғанатын, терең сезімді интеллектуалды кейіпкерлерді іздейміз. Өкінішке орай, бұл мәселеге қазақ жазушылары батыл бойлай алмай жүр» деген зерттеушілер. Әсіресе, уақыт проблемасын көтерген Б.Әлімжановтың осынау пікірі Евней Арыстанұлының кезінде О.Бөкеевпен болған сұхбат-диалогында айрықша назар аудартады: «Қазір жаға жыртысып жатар, жабайы тартыс, қызыл кеңірдек, қызыл сөз айтыстың заманы емес. Қазір психологиялық күрес майданы, яғни ғылым да, ғылымның иесі адам да анағұрлым күрделеніліп, қиындап бара жатқан уақытта өмір сүрудеміз. Ендеше бастағы, мидағы екі ұдай талас, тартыс, ғылым адамның ішкі сарайындағы шым-шытырық ойлар көркем туындыда сәулеленсе ғана бүгінгі ғылыми-техникалық революция заманына лайық образдар жасай аламыз. Әрине, ол үшін ең әуелі қабілет, содан соң талмайтын ізденіс және творчестволық климат керек», - деген екен. [4]

Бүгінгі таңда, медиа кеңістігінде өзекті талқыланып, зерттеу жүргізіліп жатқан мәселелердің бірі - жасанды интеллектінің медиа қызметкерлерін алмастыра алу, алмауына көз жеткізу. Өнеркәсіпте қазірдің өзінде жасанды интеллект құралдары қолданысқа еніп, еңбек адамының саны кемігенімен, біршама нәтижесін де байқатуда. Алайда, халықаралық деңгейде ЖИ-ді медиада қолдану тек оң нәтиже әкеліп отырмағаны да дәлелденуде. Осы орайда, Deepfake пен жалған ақпараттың таралуы демократиялық құндылықтарға қауіп төндіретіні туралы Еуропалық Одақ арнайы мәлімдеме жасады. Осыған байланысты, 2024 жылы қабылданған «AI Act» атты құжат жасанды интеллектіні этикалық әрі қауіпсіз қолдануға бағытталған алғашқы заңнамалық база ретінде қарастырған. Алайда, көптеген БАҚ қызметкерлері сапа мәселелеріне байланысты оларды қолданудан бас тартуы да мүмкін екенін ашық айтуда. Жасанды интеллект құралдары әртүрлі себептермен қателіктер жіберетіні белгілі, ал кейбір қателіктер бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе жаңалықтар ұйымдарының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін, сондықтан да тәуекелге барғысы келмейтіндіктерін алға тартуы да шындыққа жанасады.

Осы орайда, әлемдік деңгейде "Өзгерістер жасау: жаңалықтар ұйымдарының жасанды интеллектпен не істейтініне жаһандық шолу" бойынша алынған сауалнама барысында 46 елден келген 100-ден астам ұйымның жауабында жаңа бастамаға оң көзқарастар танытып, жасанды интеллект құралдарын қолдана бастағанын байқатқан. Жасанды интеллектінің жаңалықтарды жинау, өндіру немесе тарату кезеңдерінде көптеген функцияларды орындайтынының тиімді әрі жылдам екеніне баға берген. Мысалы, «Otter» сияқты құрал көмегімен - жасанды интеллектінің сұхбатты транскрипциялау үшін пайдаланылуы мүмкіндігін, ал «ChatGPT» сияқты генеративті ЖИ құралдарының әңгімелер жазу және жаңалықты нақтылау үшін пайдалануға болатындығын жеткізуде. Жасанды интеллект құралдарын трендтік оқиғаларды анықтау және аудиторияның қажеттіліктері мен қалауларына сәйкес мазмұнды реттеу үшін де пайдалануға тиімді деп ескертеді. Соңғы жылдары сандық технологияның қалай дамығанына сүйене отырып, жасанды интеллект құралдарының жұмысының сапасына қатысты кейбір алаңдаушылық туындауы мүмкін болса да, бұл мәселелердің көпшілігі шешілетін болады және жасанды интеллект құралдары қазіргі уақытта адамдар орындайтын тапсырмаларды жақсырақ орындай алады деген де пікір қалыптасқандарын, сауалнама барысында анық айтқан. Әлемдік медиа индустриядағы бұқаралық ақпарат құралдарында адамдар атқаратын тапсырмаларды орындауға бағытталған жасанды интеллект құралдары көбірек әзірленуде, тіптен жаңалықтар ұйымдарында жасанды интеллект технологиясын енгізу және пайдаланудың тиімділігі жайлы жақсы пікірлер де айтылуда. ЮНЕСКО да медиаға арналған ЖИ этикасының халықаралық стандарттарын әзірлеуді жолға қойған. Демек, халықаралық тәжірибе Қазақстан үшін үлгі боларлық маңызды сабақ береді: бір жағынан жасанды интеллект ақпарат өндірісін жеделдетіп, сапасын арттырса, екінші жағынан оның теріс жақтарын азайту үшін құқықтық және этикалық тетіктерді дамыту қажеттілігін қалыптастыруға ықпал етуде. [5]

Жасанды интеллект көмегімен жаңалықты дайындау мен таратудың жаңа мүмкіндіктерін ұсына отырып, медиа кеңістікті өзгертетініне үміттенеді. Жасанды интеллект артықшылықтарының үйлесімді дамуы және ықтимал тәуекелдерді азайту үшін халықаралық стандарттар мен этикалық нормаларды дамыту, сондай-ақ медиа индустрия мамандарын дайындауда жаңашылдықты қолдау, әрі іс-тәжірибе жүзінде дәлелдеу тетіктерін қолжетімді ету қажеттіліктері де айтылады. Жалпы, кешенді және мағыналы тәсіл ғана ақпараттық алмасудың барлық қатысушыларын қорғауды және қолдауды қамтамасыз ете отырып, медиа кеңістігіндегі әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді деген сенім қалыптастырады. Жасанды интеллекттің әсерінен медиа кеңістіктегі ортаның трансформациялануының, БАҚ көптеген элементтерін, яғни баспа, теледидар, радионы біріктіріп, интернет, әлеуметтік желілер және т.б. дамуымен бір-біріне тәуелділік туындайды деген жорамал да жоқ емес. Бұл жақын арада біз жасанды интеллект құралдарының адамдарды қалай ауыстыратынын көреміз дегенді де аңғартатындай. [6]

Бұл ауысым медианың жаңа түрлерін тудыратынын да, қазіргі БАҚ нарығына кірудің қалай жеңілдетілгенінен де байқауға болады. Кейбір жаңа медиа тек «Instagram», «Telegram» әлеуметтік желілері немесе «YouTube» бейнехостингінде өзін - өзі басқаратын блок ретінде қарқынды даму үстінде. Сонымен қатар, ақпаратты тарату үшін боттарды пайдалану мүмкін болды. Осы орайда, сарапшылар ақпараттың өте жылдам жеткізілу мүмкіндігімен байланыстыра, медиасфераның қоғамда қолдану бойынша көшбасшы болу мүмкіндігіне ие деген ой айтады. Сондай-ақ, жасанды интеллекттің көмегімен көптеген ауқымды компьютерлендірілген мәселелерді шешуде медиа мамандарының ЖИ туралы терең түсінік қана емес, сонымен қатар жаңа трендтер мен технологияларға тез бейімделу қабілеті қажеттілігі талап етіледі. Атап айтқанда, бұл жоғары оқу орындарының медиа-мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларының жаңа бағытта білім мен дағдыларды меңгертуін талап етеді. Жасанды интеллект әсерінен медиа индустрия жаңа перспективалар мен ерекше және күрделі мүмкіндіктерге бет бұруын мамандар жетік білуі қажеттілігі туындауда. Сондай-ақ, медиа индустриясының қарқынды белес алуында жасанды интеллект бизнесті дамытудың озық шешімі ғана емес, сонымен қатар жаңа тәуекелдерді де кеңейтеді деген пікірлер қалыптасуда. Олардың бірі - осы технологиямен байланысты қоғамдық этикалық мәселелер. Бұл деректер этикасы мен жасанды интеллекттің академиялық қызығушылықтан гөрі іскерлік қажеттілікке айналуына әкелетіні жөніндегі тұжырым.

Медиа осындай бағытпен жұмыс жүргізудің нақты жоспарын қажет ете, өзін-өзі жетілдіруде мыналарды қамтуы мүмкін:

- деректер этикасы және жасанды интеллект бағдарламасы арқылы қолданыстағы инфрақұрылымды анықтау;
- бір салаға бағытталған деректер мен жасанды интеллекттің этикалық талаптар жүйесін құру;
- өнім менеджерлеріне арналған нұсқаулық пен құралдарды оңтайландыру;
- қызметкерлерді жасанды интеллектпен байланысты этикалық тәуекелдерді анықтауға қатысуға ресми және бейресми ынталандыру;
- қоғамға әсер ету мониторингіне бақылау жасай, мүдделі тараптарды тарту талап етіледі.

ЖИ-дің медиаға тигізетін оң әсерлері:

- Контент өндірісін жеделдету және автоматтандыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі;
- Аудиторияның қажеттіліктеріне бейімделген жеке контент ұсыну үшін үлкен деректерді талдау;
- Жаңалықтарды көп тілге жылдам аудару және машиналық аударма сапасының артуы ;
- Фактчекинг жүргізуді автоматтандыру арқылы қателерді азайту.

Алайда, қауіптер де бар:

- Deepfake және жалған жаңалықтар арқылы ақпараттың шынайылығына күмән келтіру;
- Журналист мамандығының болашағына қатысты алаңдаушылық, өйткені кейбір тапсырмаларды ЖИ орындауы мүмкін;
- Этика нормаларының бұзылуы, мысалы жеке өмірге қол сұғу мүмкіндігінің өсуі;
- ЖИ шешімдерінің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мәселелері.

Қорытындылай келе, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ЖИ-ді медиада қолданысқа енгізумен бірге реттеуші нормалар мен этикалық стандарттарды да дамыту маңызды. Қазақстанда алғашқы қадамдар жасалынуы, алайда оны заңнамалық тұрғыда реттеу, журналистердің цифрлық сауаттылығын арттыру және этикалық кодекстерді қабылдау арқылы одан әрі дамытып, ақпаратты мазмұнды құру мен таратудың жаңа көкжиектерін ашушы рөл атқаратын технология ретінде қабылдаймыз. Жасанды интеллект медианың болашағын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналып, журналистиканың дәстүрлі міндеттері өзгеріп, жаңа кәсіби рөлдер пайда болатынына да күмән келтіре алмаймыз. Яғни, ЖИ журналистиканы толықтай алмастырмайды, бірақ жаңа бағыттағы мамандықтарға сұраныс тудыратынына сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Рид Блэкман, Этикалық ЖИ құруға арналған практикалық нұсқаулық. Қазан, 2020 ж.
2. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2 қыркүйек, 2024 ж. Ақорда. Астана қаласы
3. «Жасанды интеллект, заманауи журналист және жаңа этика» Astana Media Week өңірлік БАҚ форумы. 23 қыркүйек 2023 ж.
4. Қойлыбай Асанұлы, «Евней Букетов – публицист» оқу құралы. Қарағанды, 2005 ж.
5. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. «Қазақстандағы цифрландыру үрдісі туралы мәлімет», 2024 ж.
6. «Қазақстандағы медиа кеңістіктің трансформациясы және жасанды интеллект» ҚазАқпарат, 2024 ж.

ӘОЖ 81.13

ТҰЛҒАНЫҢ ТІЛДІК ДАМУЫ

Мажитаева Ш.М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Метин Екичи (Metin Ekici), Еге университеті, Измир қ., Түркия

Мақаланың мақсатына қазіргі Қазақстандағы тіл саясаты аясында гуманитарлық білім беру сұраныстарына бейімделген, бәсекеге қабілетті қазақ және бірнеше шетел тілдерін жоғары деңгейде меңгерген, заманауи еңбек нарығының талаптарына, шарттарына және құндылықтарына сай келетін, ақпараттық технологияны сауатты қолдану дағдылары дамыған, мәдени және кәсіби құзыреттерді терең игерген тілдік тұлғаны даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздерін айқындау жатады.

Зерттеудің өзектілігі. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіндегі қазақ бөлімінде оқитын студенттердің тілдік тұлғасының қалыптасу мен дамуын зерттеуді қолға алудың себебіне қазіргі білім беру саласындағы көптілді филолог мамандарды дайындаудың қоғамға қажеттігін және маңыздылығын, рөлін түсіндіру жатады.

Қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын зерттеу білім беру саласындағы филолог мамандардың қоғамдағы маңыздылығымен, сөз мәдениеті мен қарым-қатынас жасау нормаларын сақтау рөлімен түсіндіріледі. Бұл қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Мақалада элитарлық тілдік тұлға Е.А.Бөкетов туралы жазылған ғылыми еңбектегі тұжырымдар келтіріледі.

1.1 Тілдік тұлға – жоғары мәдени құзыретті тұлға

Қазіргі Қазақстанның көпмәдениетті кеңістігіндегі тілдік тұлға – кемінде үш немесе одан да көп тілде (мемлекеттік, ұлтаралық қарым-қатынас тілінде және халықаралық қатынас тілдерінде) сөйлей алатын жоғары

мәдени құзыретті тұлға. Сондықтан филология факультетінде 2019 жылдан «Қазақ және ағылшын тілдері» білім беру бағыты бойынша көптілді мамандарды дайындау жүзеге асырыла бастады.

Соңғы уақытта түрік тіліне де қызығушылық артып келеді. Алдағы уақытта филология факультетінде магистратурада қазақ және түрік тілдері бойынша бірлескен білім беру бағдарламасын іске қосуды жоспарлау қажеттігі туындап отыр.

"Қазақ және түрік тілдері" мамандығы бойынша (магистратура) бірлескен білім беру бағдарламасына (ББББ) лицензия алу үшін қажетті құжаттарды әзірлеу жоспарлануда. Университеттер мен профессорлар арасында жасалған меморандумдар мен келісімдер негізінде осы ББ түлектері Түркия университеттерінде магистратурада, докторантурада және постдокторантурада оқуын жалғастыра алады.

Сонымен қазіргі қоғамға тек ана тілін ғана меңгерген филолог қана емес, сондай-ақ екі не үш шетел тілін жете меңгерген филолог маманның өте қажет екені даусыз.

Тұлғаның тілдік дамуы – бұл үздіксіз процесс өмір бойы, әсіресе оқу процесінде жалғасады; жаңа білім тұлғаның тілдік дамуына ықпал етеді, өйткені. тіл мен мағынаның жаңа бағыттары ашылады.

Тіл біліміндегі тілдік тұлғаны зерттеудің себебі жеке адамдардың сөйлеу, қарым-қатынас жасау актісіндегі орнын анықтаумен байланысты.

«Тұлғаның өзіндік қасиеті – бұл жеке адамның өз басына ғана тән, қайталанбас қасиеті, оның тұлға болып қалыптасуы, өсуі, басқа адамдарға ұқсамауы. Ол тұлғаның танымдық (таным қажеттілігі мен өзіндік сананың дамуы), коммуникативтік (рухани қарым-қатынас, түсіну және мойындау қажеттілігі), конструктивтік (өзін көрсету, өзін-өзі мойындату және шығармашылық іс-әрекет қажеттілігі) қажеттіліктерінен көрінеді» [1,13].

Президент Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл... Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. «Халқымызда ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы ынта болуы керек»- деп мемлекеттік тіліміздің маңыздылығын көрсетті [2].

Аталған бағдарламада осы жағдайды жақсартуға бағытталған нақты іс-шаралар ұсынылады. Бағдарламада мемлекеттік тілді (қазақ тілін) үйренуге тиімді, қолжетімді контентті дайындау бойынша жұмысты жетілдіру үшін қаржылай қолдау көрсету көзделген.

Қазіргі таңда жастардың, жоғары оқу орнында оқитын студенттердің, әсіресе филологтардың арасында мемлекеттік тілді жетік білумен қатар бірнеше шетел тілін меңгергісі келетіндер саны көбеюде [3], [4].

Тұлғаның жекелік қасиетінің өсуі тұлғааралық қарым-қатынаста қиындықтар мен өзара келіспеушіліктердің көбеюіне әкеледі [5], [6]. Қоғамда тұлғалардың жекелік қасиеттерге ұмтылуы одан әрі дамиды, қоғамның әрбір мүшесі басқалардан өзгешелене береді, ал бұл дегеніміз тұлғааралық қарым-қатынаста қиындықтар саны өсе береді деген сөз. Осыған сәйкес барлық салада адамдар арасындағы қарым-қатынаста кедергілер бола бермек. Демек, әртүрлі әлеуметтік топтардың қарым-қатынас ерекшелігіне баса назар аударуға тура келеді [7].

1.2 Зерттеудің әдіснамалық негізі

«Тілдік тұлға тілдің ар жағынан басталады» (Ю.Н.Караулов), яғни адамның интеллектуалдық әлеуеті төңірегінде және тілі арқылы барынша ашылған жерден басталады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде сөз мәдениеті мен тілдік тұлғаны қалыптастыруға қатысты А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ф.Оразбаева, Н.Уәли, Э.Н.Оразалиева, Ш.Құрманбайұлы, Қ.Күдеринова, М.Дүйсебаева, А.Жуминова, А.Насырова, Ф.Қожахметова, Г.Мұратова, Н.Гайнуллина, А.Игісінова, сонымен бірге шетелдік Ю.Н. Караулов, В.И. Карасик, Р.О. Якобсон, билингвизмді зерттеу саласындағы жұмыстар: В. Вайнрейх, Е. М. Верещагин, М. В. Завьялова, Р.К.Миньяр-Белоручева,С.Г.Тер-Минасов, Л. В. Щерба және т.б.; лингвоперсонологияда: С. Г. Блинова, В.В.Виноградов, Н.Д.Галскова, Н. И. Гез, О. Л. Каменская, Ю. Н. Караулов, Л. П. Клобукова, В. И. Шаховский, С.А.Сухих, И.И.Халеева, Т.К.Цветкова, А.Г.Баранов, т.б.; когнитивистикада С.Г.Воркачева, В.В.Красных, Е.С.Кубрякова, Ю. Е. Прохорова, И.А.Стернина сияқты ғалымдардың қағидалары теориялық тұрғыдан басшылыққа алынады.

Бүгінге дейін тілдік тұлға түрлі аспектіде зерттелген. В.П. Нерознак тілдік тұлғаны полилекті (көпадамдық) және идиолекті (жеке адамдық) десе, С.Г.Воркачев этносемантикалық тұлға; А.Г. Баранов семиологиялық тұлға ретінде; Ю.Н. Караулов орыс тілдік тұлғасын; шығыс және батыс мәдениетінің тілдік тұлғасын қарастырған Т.Н. Снитко болды. Петр 1, Л.Н. Толстойдың тілдік тұлғалары зерттелінді.

Ең алғаш тілдік тұлға В.В. Виноградовтың «Саясаттың тарихы туралы» деп аталатын еңбегінде сөз болады.

Ю.Н. Карауловтың ойынша, тілдік тұлға қалыптастыруға қажет талаптар мыналар:

- өз ана тілінде жүйелі, анық, түсінікті сөйлеу,
- сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай құрылуы,
- сөздің бейнелі бояуы, сөздің тыңдаушының қажетіне сай болуы т.б.[7, 35-37 б.].

Г.И. Богин тілдік тұлға қалыптасуының бес деңгейін анықтады. Ол: «жеті жаста тілдік тұлға қалыптасуының бірінші деңгейі – дұрыстық деңгей пайда болады» дейді. Бұдан әрі «бұл деңгей өзге деңгейлердің қалыптасуына жол ашады. Екінші деңгей іштей ойлау қабілетінің дамуын арттырып, осы деңгей көлемінде сөйлеуге іштей дайындалуды іске асырады. Үшінші деңгей сөздік қордың толығуы, көптеген грамматикалық форманы меңгеруді қалыптастырады. Төртінші деңгей мәтін мазмұнына таңдау бостандығы мен көзқарас кеңдігін қамтамасыз етеді. Тілдік тұлғаның шығармашылығының толығуы, оның келешекте жүзеге асуы мен мәтінге сын көзбен қарау сияқты ерекшеліктер төртінші деңгейдің үлесі. Бесінші деңгей тілдік талғамдық қатынастың бірлігі» [8, 68] деп тұжырымдайды.

Қазақ тіл білімінде ғылыми мақалалар мен Г.Е. Имашева «Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесін» (2007), Ж.Б.Ермекова «Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасын» (2010), А.С.Исақованың «Қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастырудың лингвомәдени негіздері» (2010) атты дисертациялық зерттеулер арналған.

Тілдік қабілеттің тілдік, сөйлеу және интеллектуалдық компоненттерді қамтитын өзіндік құрылымы болады. Көптеген ғалымдар тілдік сезгіштіктің екінші түрін тілдік ереже мен норманы білуге негізделген, саналы түрде жалпылау деп түсінеді. Осыған сәйкес, тілдік қабілет биологиялық жолмен емес, қарым-қатынас үдерісінде қалыптасатындығы белгілі болады (А.А. Леонтьев мектебі).

Тілдің танымдық теориясы қоршаған ортаның адам санасында сөз арқылы бейнеленуін дәйектеп, жеке тұлғаның психикалық және әлеуметтік күй-жайын білдірер өзгешеліктерден құралатындығын, оларды ғылымдар тоғысы негізінде талдап зерттейтін әрі басты тұжырымдарын тілдік және танымдық универсалий факторларымен сабақтастыратын, ғылыми негізі айқындалған біртұтас күрделі жүйе болып табылатындығын зерделеген еңбектер жарық көрді.

Осы тектес тұжырымдармен сабақтастырып қазақ тіл біліміндегі сөз мәдениетін зерттеуші Н.Уәли: «Сөз мәдениеті әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын меңгеру, бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасау мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу» деп анықтайды [9].

Филология факультетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бағдарламасын бітірген магистрант А.А.Касаинованың магистрлік диссертациясы (ғылыми жетекшісі профессор А.С.Адилова) академик Е.А.Бөкетовтің тілдік тұлғасын зерттеуге арналды. Диссертация жұмысының негізгі мақсаты – қазақтың белгілі химик-металлургі, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, жазушы, публицист, аудармашы Евней Арыстанұлы Бөкетовті элитарлық тілдік тұлға ретінде таныту. Қаламгер тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейін, авторлық қолданыстардың лингвомәдени табиғатын анықтау болып табылады. Зерттеудің жаңалығына мыналарды жатқызған: Е.А.Бөкетовтің тілдік тұлғасы алғаш рет зерттеу нысанына алынып, талдауға түсті; жазушы тілдік тұлғасын анықтауда автор танымынан туындаған сөзқолданыстарға лингвокогнитивтік, лингвомәдени, лингвостилистикалық сараптау жүргізілді; көркем мәтінде пайда болған жеке авторлық қолданыстар жүйеленді; авторлық қолданыстар тілдік нормаға қайшы келген бірліктер болғанымен, стилистикалық нормада өзіндік бояу тауып, жазушылық шеберлікпен ұтымды қолданылғандығы дәлелденіп пайымдалды; авторлық ерекшеліктер лингвотанымдық деңгейде талданып берілді, сөз өнеріндегі қаламгердің жеке тұлғасын танытудағы басты құралдар екені анықталды; авторлық қолданыстардың лингвомәдени табиғаты ашып көрсетілді; тілдік тұлғаның поэтикалық ойлау жүйесінің ерекшелігі индивидуалды дүние бейнесін айшықтайтын авторлық көріктеу құралдары мен сентенциялық үлгілерінің қызметі арқылы дәйектелді; элитарлық тілдік тұлғаға тән сөзқолданысы сараланып зерттелді.

Бұл зерттеуді ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні бар еңбек деп айтуға әбден болады. Академик Е.А.Бөкетов элитарлық тілдік тұлға ретінде ұлт тілінің дамуына, оның жаңғыруына өзіндік үлес қосқаны тілдік материалдар арқылы дәлелденген [10].

1.3 Көптілді білім берудің негізгі талаптары

Қазақстанның көпмәдениетті кеңістігіндегі тілдік тұлға – кем дегенде үш не көп тілде – мемлекеттік тілде, ұлтаралық қатынас тілі мен халықаралық қарым-қатынас тілдерінде сөйлей алатын бәссекеге қабілетті жоғары мәдени құзыреттілікке ие тілдік тұлға, ал қазіргі мұндай тілдер қазақ**,** орыс және ағылшын тілдері болып табылады.

Көптілді білім берудің негізгі ережелеріне мыналар жатады - тілдік тұлға феномені туралы идеяларды қалыптастырудағы жүйелік тәсіл; білім беру мазмұнына құзыреттілік көзқарас; тұлғаға бағытталған тәсіл; мәдени және аксиологиялық тәсілдер. Тілдік тұлғаның қалыптасуы мен дамуы келесі деңгейлерді қолдануды қарастырады; шетел тілінде сөйлеуді, оқуды және жазуды үйренеді, шетел тілін, әдебиетін, мәдениетін оқып танысады; оқу пәндері бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізетін болады (орыс, ағылшын, түрік тілінде де); түрік тілділер қазақ, орыс және ағылшын тілін үйреніп, қазақ мәдениетін бағалау және құрметтеуге үйренеді.

Жаңа тілді үйрену әркімнің жеке қабілетімен байланысты болса да, оны игертудің әдіс-тәсілдері бар. Ең алдымен, тілдік орта қалыптасуы керек. Яғни, тіл сөйлеуші мен тыңдаушының өзара түсінісуге арналған қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылуы керек, тіл үйретуші мен үйренушінің арасында үйлесім болуы қажет.

Тілде сол халықтың діні, ділі, мәдениеті, дәстүрі, танымы, тарихы кодталып, сақталған. Сол байлықты тіл арқылы үйретуге, сол тілге деген қызығушылық пен құрметті арттыруға үлкен мүмкіндік болады. Мәселен, ағылшын тілін шетел тілі ретінде үйретуде мына әдістер тиімді:

әдебиет пен ғылымның арасындағы нәзік байланысты көре білді. Оның публицистикасы тек өткенді аңсау емес, бүгінге бағдар, ертеңге үміт сіңірген асыл сөздер жиынтығы болды. Ол әр мақаласында жас ұрпақты ғылымға, өнерге, адамгершілікке шақырды. Әдебиетке деген адалдығы мен публицистикалық шеберлігі оны замандастары арасында ерекше құрметке бөледі.Оның көркемдік танымы әдебиеттегі әр кейіпкерден рух іздеп, әр сюжеттік желіден ұлттық мінез көре білуімен ерекшеленді. Евнейдің еңбектерінен әдебиет пен ғылымның тоғысқан тұсын анық көруге болады. Өйткені ол үшін сөз өнері мен ғылым – бір мақсатқа қызмет ететін қос қанат еді.Міне, осындай кең тынысты, парасатты публицистикасы мен әдеби еңбектері арқылы Евней Бөкетов ұрпаққа мәңгілік рухани мұра қалдырды. Ол әдебиетке ғалым көзімен қарады, ал ғылымға – сөз зергерінің талғамымен үңілді.

Рухани болмыс пен адамгершілік ұстанымы

Адамды ұлы ететін – тек білімі, атағы немесе жасаған істері ғана емес. Оның бойындағы рухани тереңдік, адамға деген мейірімі мен әділетке деген адалдығы – шын мәнінде тұлғаның биігін айқындайтын басты қасиеттер. Осы тұрғыдан алғанда, **Евней Арыстанұлы Бөкетов** – рух пен парасаттың жарасым тапқан кемеңгері, адамдықтың биігінен аумай өткен ақжүрек азамат.Евней Бөкетовтің әр сөзі, әр әрекеті – үлкен ішкі мәдениет пен биік рухтың көрінісі еді. Ол қызметте жүргенде де, ғылыми ортада да, қарапайым адамдармен араласқанда да өзін биіктен түсірмей, бірақ биік тұрғанын ешқашан сездірмеген жан. Көпшіліктің жүрегінен орын алуы – оның білімімен ғана емес, кісілігімен, кішілігімен келген мәртебе.Замандастары мен шәкірттері оны *"ақыл мен жүректің адамы"* деп сипаттайды. Себебі ол тек теория мен формулаға қарап шешім қабылдамайтын, адам тағдырына үңілетін, әрбір жаңға ерекше ықыласпен қарайтын тұлға болды. Қарапайым қызметкерден бастап, әріптестеріне, студенттеріне дейін Бөкетовтің алдында өзін еркін сезінетін. Себебі ол ешкімді алаламайтын, шен- шекпенге емес, адамның ішкі әлеміне үңілетін.Археолог Анатолий Плешаковтың естеліктерінен де Бөкетовтің кісілік болмысын айқын байқаймыз. Ғалым университет ректоры бола тұра, қарапайым экспедицияға қатысып, студенттермен бір ошақтың басында отырып, олардың өміріне, жұмысына жанашырлықпен қараған. Бұл – тек қарапайымдылықтың белгісі емес, рухани тереңдіктің, адамды шынайы бағалаудың көрінісі. Ол өз ортасында «басшы» емес, «жолбасшы» бола білді.Оның рухани дүниесі ұлттық сана мен мәдениетпен де тығыз байланысты еді. Е.Бөкетов ғылымның тек тәжірибеге сүйенетін саласы болмаса да, оны рухани мұратпен ұштастыра білді. Әрбір еңбегінде, әрбір сөйлеген сөзінде ұлттық құндылықтарды алға тартып, адам баласын тек ақылмен емес, армен басқаруды көздеді.Руханият – Евней Бөкетов үшін жай ұғым емес, өмірлік бағдар болды. Ол ар мен ұятты, адалдық пен кісілікті бірінші орынға қойды. Қанша биікке көтерілсе де, қарапайымдылықтан айнымады. Қызмет жолында талай лауазым атқарса да, кеудесіне нан піспеді. Ол ұлық болса да, кішік бола білді.Бөкетовтің ұстанымы – *"Адам болу – міндет емес, парыз"* дегенге саяды. Ол бұл парызын адал атқара алды.. Өзінің күнделіктерінде, мақалаларында жиі айтылатын ерекше ұғым – **"қызметтің емес, қадірдің адамы болу"**. Бұл – оның рухани ұстанымын айқын көрсететін сөз.Сондай-ақ ол ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Студенттерге білім беріп қана қоймай, оларды адам ретінде қалыптастыруды көздеді. Қарағанды университетінің ректоры болған кезінде тек академиялық көрсеткішке емес, әр баланың тәрбиесіне мән берді. Оның есігі әрдайым ашық болатын. Бұл – рухани ұстаздың шынайы сипаты еді.Қазақ халқы *«Адамның жақсысы – елге пана»* дейді. Евней Бөкетов – сондай паналық қасиетке ие, рухани кемел тұлға болды. Ол өз дәуірінің ғана емес, бүгінгі және болашақ ұрпақтың да шамшырағына айналған тұлға.

Әр ғасыр өз ұлыларын тудырады. Бірақ олардың барлығы бірдей уақыттың елегінен өтіп, ұрпақ жадында сақтала бермейді. Тек ел мен жердің, ұлт пен руханияттың, ғылым мен өнердің жүгін қатар арқалағандар ғана мәңгіліктің есігін қағады. **Академик Евней Арыстанұлы Бөкетов – сол мәңгіліктің төрінен орын алған ерекше тұлғалардың бірі деп білемін.**Ол – ғылымда із қалдырған, әдебиетте сөз қалдырған, тәрбиеде ұрпақ қалдырған кемеңгер. Өмірінің әр кезеңі — адамгершілікпен өрілген, тағдыры — күреспен шыңдалған, жүрегі — ел үшін соққан нар азаматтың шежіресі. Ғылымның ең күрделі саласы – химия мен металлургияда тер төккенімен, сөздің салмағын, рухтың биігін ешқашан естен шығармаған. Оның жүрегінен шыққан әрбір ой – ұлтқа деген махаббаттан, ел ертеңіне деген сенімнен нәр алған.Бөкетовтің өмірі – қайсарлық пен кішіпейілдіктің, білім мен биік мәдениеттің ұлы үйлесімі. Ол ғылымда жаңашыл, әдебиетте нәзік, публицистикада өткір, ал адамдық болмыста — тұтас бір дәуірдің ар-намысы бола білді. Қызметтегі табысқа масайрамады, лауазымға мастанбады. Себебі ол үшін биіктік – адамның шынайы болмысы мен ұлтқа жасаған шынайы қызметімен өлшенді.Бүгінде біз Евней Арыстанұлын тек академик ретінде емес, рухани биіктің символы, парасатты ғұмырдың үлгісі ретінде танимыз. Оның жүріп өткен жолы – тек өзі үшін емес, артынша ерген барша жастар үшін бағдаршам іспетті. Қай салада жүрсе де, ол әрдайым ұлтты биіктетуге, адам болмысының шынайы қадірін көрсетуге ұмтылды.

"Ғылым – ақылдың сәулесі, әдебиет – жүректің үні" десек, Бөкетов осы екі қасиетті де бір бойында үйлестіре білген сирек тұлға. Оның мұрасы – ғылымда ғана емес, жүректе. Уақыт өтсе де, тұлғалар тозбайды. Себебі олар адамдықтың, ардың, парасаттың асыл үлгісі болып қалады.

Евней Бөкетов – өткеннің ғана емес, болашақтың да адамы. Оның ғұмыры – ұрпаққа өсиет, рухани ілім, өмірлік бағдар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бөкетов Е.А. Таңдамалы шығармалар. – Қарағанды: ҚарУ баспасы, 2005.
2. Сейтказина Г.Е. Академик Е.А. Бөкетов: өмірі мен мұрасы. – Қарағанды, 2020.
3. Ахметов З. Әдебиет және уақыт. – Алматы: Жазушы, 1986.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006.
5. Жүсіпов Б. Ғылым мен руханияттың ұстазы. // Егемен Қазақстан, 2015.
6. Плешаков А. Археологиялық далалардағы кездесулер. // Археология және этнография журналы,2010.
7. Қарағанды Мемлекеттік Университеті. *Академик Е.А. Бөкетов: өмірі мен қызметі* / Университет мұрағаты. – Қарағанды, 2015. – 70 б.
8. Бөкетов, Е.А. *Тағдыр және талант: Ғылыми мақалалар мен публицистика*. – Алматы: Жазушы,1986. – 240 б.

ӘОЖ 821.161.1.09

Е.А.БӨКЕТОВ – ТАРИХТАҒЫ ІРІ ТҰЛҒА

Омашева Ж.М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Бабаева З. С., Низами атындағы ұлттық педагогикалық университеті, Ташкент, Өзбекстан
Жұматаева М.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Академик Ебіней Арыстанұлының бейнесі мен тұлғасының жарқындылығын**,** барлық ұлы нәрселер сияқты, қашықтықтан, адамзаттың көп ғасырлық мәдениеті арқылы көруге болады. Оның адамдық құндылықтар туралы ойларын түсінуге ұлы алдыңғы қатарлы ойшылдардың, ағартушылар мен діни қайраткерлердің идеялары көмектесе алады. Осы адамдардың еңбектеріне ғалым әрі педагог Бөкетов өмірінің әр түрлі кезеңдерінде жүгінген.

Қазақ халқының «Ұлық болсаң, кішік бол» деген нақылы Ебіней Бөкетовке тән мінезді сипаттайды. Бұл қасиеттер оған 18 ғылым докторы мен 61 педагогика ғылымдарының кандидатын тәрбиелеуге мүмкіндік берді.

Шынайы ғалым ретінде Е.А.Бөкетов ғылыми шындықты іздеу барысында өзінің ғылыми ойларымен табиғаттың сұлулығын сақтауға арналған жақсылықты енгізуге ұмтылды. Осы тұрғыдан алғанда, интеллектуалды адамның алдында жаңа мақсат пайда болады — сұлулықты іздеу: «...Ғалымдардың негізгі міндеті – сұлулықты іздеу. Жер бетіндегі барлық ең жақсы және пайдалы нәрсе сұлулық заңдары бойынша жасалады. Адам барлық нәрседе сұлулыққа ұмтылады. Сенімдімін, ғалым болу оңайырақ болар, егер адам үнемі және тоқтаусыз шығармашылық тұлғасын барлық бағыттарда дамытса» [1].

Бөкетовтің өз саласына келсек, металлургиялық қайта өңдеуге арналған қалдықтарды пайдалану мүмкіндігін зерттеген. Брикеттер алудың негізгі сапалық параметрлері анықталған. Температураның өсуімен брикет көлемінде болып жатқан құрылымдық өзгерістерге петрографиялық зерттеулер жүргізілген.

Металлургиялық кәсіпорындардың теміркұрамды қалдықтарын қайта өңдеу қазіргі уақытта табиғи шикізатты үнемдеу, атмосфера мен су көздерін ластайтын шығарындыларды азайту, сондай-ақ, жетіспейтін және қымбат темір рудасы мен металл сыныктарын ауыстыру мәселелерін шешеді.

Орталық Қазақстандағы болат балқыту кәсіпорындарында елеулі мөлшерде қалдықтар түзіледі: дуальды болат балқыту пештерінің газ тазалағыш шаңы (ДСП), конвертерлік болат өндірісінің шламы, прокат станынан шыққан окалина және шлактар. Бұл қалдықтар темірді оксидтік және металлизирленген түрінде қамтиды, сондықтан оларды шлак шығару алаңдарына төгу кезінде құнды компоненттің жоғалуы орын алады. Сонымен қатар, экологиялық талаптарды бұзу үшін кәсіпорындар жыл сайын үлкен айыппұлдар төлейді, бұл болат өндірісінің құнын арттырады. Ал болат балқыту қалдықтарындағы темірді қайта өңдеу процесіне тарту металл сыныктарын үнемдеуге және болат өндірісінің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаты – отандық болат өндірушіге теміркұрамды қалдықтарды, болат балқыту және прокат өңдеу процестерін тиімді пайдалану технологиясын әзірлеу, сондай-ақ, жабдықтар мен рециклинг ұйымдастыруға арналған шығындарды барынша азайту.

Алпысыншы жылдары академиялық ғылымнан практикалық қайтарым қатаң талап етілмейтін, қазіргі кездегідей емес. Бірақ институт директорының шаруа мінезі жерден алынған өнімді қайта жерге қайтаруды талап ететін. Академия қабырғасында өсіп шыққан идеялар ғылымды асыраған қайнар көздерге – біздің отты металлургиялық зауыттарымызға қайта оралуы керек болатын. Бірақ бұл идеяларды қалай жүзеге асыруды ешкім дұрыс білмейтін. Интуиция, талант, батылдық және әскери айла-амал қажет еді. Бұл, әрине, стратег қасиеттері, ал Ебіней Арстанұлы Бөкетовте сол қасиеттер толығымен болды.

Міне, осы майдандағы оның көптеген шайқастарының бірі – Уралдың жоғары Пышмасында орналасқан мыс зауытына қатысты болды. Ебіней Арыстанұлы – Қазақ тау-кен металлургия институтының доценті болып жүргенде, студенттерді өндірістік практикаға осы зауытқа апарған. Сол кезде ол алтын, күміс, мыс, селен, теллурды қамтитын бірегей жартылай өнім – мыс электролит шламдарына назар аударды. Соңғы екі элемент – мыс серігі саналатын халькогендер және мүмкін осыдан кейін «Халькогендер және халькогенидтер химиясы мен технологиясы» деп аталған қуатты ғылыми бағыт туындаған шығар. Бұл бағытқа төрт одақтық және бір халықаралық конференция арналған, олар: Химия-металлургия институтында жүйелі түрде өткізіліп, академик Бөкетовтің атымен тығыз байланысты.

Отыз бес жасында Е.Бөкетовті Қазақстан Ғылым Академиясының алғашқы президенті Қаныш Сәтбаев Қарағандыдағы Химия-металлургия институтының директоры етіп тағайындады**.** Жаңа қызметке тағайындалғаннан кейін, бұрынғы ҚазММИ (Қазақ тау-кен металлургия институты) директорының орынбасары үлкен жауапкершілік жүктелген істі батыл түрде қолға алды. Қ.И.Сәтбаев пен Е.А.Бөкетовті біріктірген ортақ қасиет – олардың мақсатқа ұмтылуы, арман-тілектерін нақты істерге айналдыра білуі еді. Олардың ғылыми таланты ғылым мен техниканың жүйелі даму процестеріне бағытталды: әртүрлі металдардың кен орындарын іздеу, оларды зерттеу және игеру, байыту мен металлургиялық өңдеу, ірі өндірістік тораптар мен халық шаруашылығының индустриализациясы жүйесінің барлық кешенін құру болды.

Е.А.Бөкетов былай деп жазады: «Адам азық-түлік дайындау, үйіне жылу беру үшін алғашқыда қолында бар, оңай алынатын нәрселерді пайдаланған: өсімдік отыны... Бұл адамзаттың табиғи іс-әрекетінде өткен ғасырдың ортасына дейін басым болды, адамдар біртіндеп көмір мен мұнайды, кейінірек – газды пайдалана бастады. Алайда, мұндай ауысу уақтылы басталды: Жер бетінде ормандарды кесу, үлкен экологиялық апатқа алып соқтырды... Табиғат пайдалы қазбалар қорын жылдам қалпына келтіре алмайды, сондықтан көмір, мұнай және газ – қайта жаңартылмайтын отын түрлері болып табылады» [2]. Бұдан кейін ол былай деп атап өтеді: «Энергия табиғаттан алынатынын ескерсек, адам өз мүмкіндіктері мен табиғат сыйларын пайдалану қабілетіне мақтанып, табиғат күштеріне қарсы жеңіс деп ойлап, ол шын мәнінде табиғаттың

асыраушысымен және, өкінішке орай, өзіне тек қана дән риза болмайтын асыраушымен қалатынын білмеді» [2]. Бұл сөздер 1980-ші жылдардың басында жазылғанымен, қазіргі кезде Е.А. Бөкетов жердің қоршаған ортасының апаттық ластануы мен табиғи тепе-теңдіктің бұзылуына қатысты айтып жатқандай көрінеді. Ол атмосферадағы көмірқышқыл газының мөлшерінің артуын, 2000 жылға қарай 25%-ға дейін жетуін және парниктік эффектінің нәтижесінде климаттың жылынуын болжаған еді. Жер бетінде ауа температурасының жылынуы, бұрын мәңгілік мұздар мен қардың жоғалуы, биік тауларда қар мен мұздың еруі – осының бәрі ғалымның қателеспегенін дәлелдейді.

Е.А.Бөкетов тек ірі ғалым ғана емес, сонымен қатар әдебиет сыншысы, тамаша аудармашы, публицист және жазушы, педагог әрі жастардың тәрбиешісі, жоғары мектептің ұйымдастырушысы болды. Ол жиі айтатын: «Әдебиетті білмейтін ғалымды нағыз ғалым деп атай алмаймын, нағыз ғалымдар әрдайым мәдениетті адамдар болып, әдебиетті терең меңгерген болатын». Е.Бөкетовтің аудармаға деген көзқарасы, сондай-ақ батыл, шынайы пікірін айта білетіндігі оқырман қауымға 1953 жылдардан бастап таныс бола бастады. 1953 жылдың 24-ші ақпан күніндегі «Ленинская смена» газетінде жарық көрген «О халтурном переводе и невзыскательных издателях» атты мақаласы сол кездегі аударманың көркемдік деңгейінің қандай дәрежеде екендігін әшкерелейтін өткір сын ретінде бағаланады. Бұдан кейін де Е.Бөкетов көркем аударма мәселелеріне үлкен көңіл бөліп, оны үнемі назарында ұстап жүрді. «Казахстанская правда» газетінің 1953 жылғы 29 наурыз күнгі санында ұлы ақын В.Маяковскийдің қазақ тіліне аударылып басылып шыққан кітабының көркемдік мәселесіне арналған екі подвалдық үлкен мақала жарияланды. Авторы әлеуметке әлі таныла қоймаған Ебіней Бөкетов еді. Біз бұл туралы М.Әлімбаев естелігінде айтқан болатынбыз. Ондағы: «Мақала авторы болса аудармашыларды шетінен қырата сынапты. Ешкімнің Алатаудай атағына, биік беделіне қарама, бетің бар, жүзің бар деместен сілкілеген екен. Және сынауы сындарлы, дәлелді, пікірі орнықты сияқты» - деген Мұзафар Әлімбаев сөзі Бөкетов мақаласының мәніне берілген орынды пікір болып саналады»[2].

Е. Бөкетовтің аудармаларына тоқталсақ: «В. Шекспирдің «Макбет», «Юлий Цезарь», Джон Флетчерден «Испан соғысы» атты драмалық шығармаларын атар едік. Сондай-ақ, В.Маяковскийдің «Қандала», «Тамара мен Демон», «Керемет» атты поэмалары; Есениннің «Анна Снегина» атты поэмасы және де «Советтік Русь», «Келіншекке хат», «Кочаловтың итіне» атты өлеңдерінің аудармалары сөтті шыққан»[3].

1970-1980 жылдары Евней Арыстанұлы әр түрлі республикалық және облыстық мерзімді басылымдарда ондаған публицистикалық мақалалар жариялаған. В.Маяковскийдің “Керемет” (“Хорошо”) поэмасын, В.Шекспирдің “Макбет” және “Юлий Цезарь” трагедияларын аударған. [4].

«Е.А. Бөкетовтің әдеби мұрасын жіктеп көрсек, негізінде шығармала рының үш тобын белгілеуге болады: көркем-публи цистикалық очерктер, өмірбаяндық романдар, көр кем аудармалар. Ол 50-ден астам көркем шығарма авторы, әлем әдебиеті классиктерінің 20-дан астам шығармаларының аудармасын жасады, әдеби-сын мақалаларын жариялады. Оның эпистолярлық мұра сы үлкен қызығушылық тудырып отыр: ғалымдар, жазушылар, достары және жақын туыстарымен хат алмасулары» [5,12].

Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің талантын бағалаушыларға оның қазақ тіліндегі «Төрт түліктен туған адам» атты очерк кітабы мен орыс тіліндегі «Шығармашылық шекаралары» атты деректі-әдеби очеркі белгілі. Бұл кітаптарда Қазақстанның ғалымдары мен мәдениет қайраткерлерінің әдеби портреттері ашылады: Қ.И.Сатбаев, А.Б.Бектуров, М.О.Әуезов, И.Х. Қаракулов, Ж.Шанин, М.И.Усанович, Ш.Айманов және басқалар. Ебіней Арыстанұлының әдеби істеріндегі ұстаздары – Абай мен Әуезов, ал ғылыми істерінде – Менделеев пен Сатбаев болды. Сондықтан, кейіннен оның әдеби шығармашылық жолына жетекшілік еткен, шабыт берген ұстазы ретінде Абайдың бейнесі ашылады. Абайдың жалпы адамзаттық жүйесінде басты орын адамгершілік үлгісіне және тілдерге беріледі. Ойшылдың айтуынша, туған тіл арқылы адам үлкен әлемге терезе ашады, ал адамгершілік пен көзқарастың кеңдігі басқа халықтардың тілдерін үйренуді міндеттейді. Өйткені, тек осылай ғана ойшыл адам әлемдік рухтың генийлерімен байланысын сезіне алады.

Д.К.Куандыкова өз мақаласында ғалымның прозасындағы бейне жасау шеберлігі туралы былай сипаттайды: «Е.Букетов шығармаларына тән сипат өмірдің - ақиқатын жинақтап, қорыта білу шеберлігі. Қазақ халқының білімге, ғылымға құлаш сермегенің, мәдениетке кенелгенін жинақтап көрсететін көркем шығармалар осы жазушынын еншісіне тиеді. Бұл тұста қазақтың тұрмыс-салты мен оның дәстүрлері, көрнекті тұлғалары туралы көпшілік түсінетін, жатық тілмен жазылған ғылыми-танымдық мәні бар ой қорытулары туралы да айта кеткен жөн» [6].

Академик Е. Бөкетовтің тағы да бір шеберлгі - сынды ғұлама. «Көзі тірісінде С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театр ұжымымен өте-мөте тығыз байланыста болып, ақылкеңесін беріп, әр премьераны бос жібермей, талқылауға да ат салысатын. Сонау 70-жылдардың мұғдарында В. Шекспирдің «Макбет» драмасы қойылып, жүз жылда бір туатын дүлдүл актер Н. Жантөринді арнайы шақырып (қойған режиссер Ж. Омаров), кейін Алматыға апарып зиялы қауым мен өнертанушылардың талқысына салдырған да сол кісі. Оның үстіне шығарманы төл тілімізде сөйлеткен де Евней ағатын» [7].

Е.А.Бөкетов білікті де, білімді де, аз ғұмырын отандық ғылымның дамуына, үлкен жетістіктеріне жетуіне арнаған, жасағанынан жасары мол ірі тұлға еді.

Е.А.Бөкетовтің ең жоғары мәдениеті – оған тек табиғат алдында этикалық жауапкершілікті ғана емес, адамдарға деген қарым-қатынаста да тән еді**.** Ж.Тәшенев былай деп жазады: «...Ол өте жоғары мәдениетті, кристаллдай таза және адал, сабырлы әрі ашық ақылға ие, қайталанбас, өзгермейтін дос әрі жауынгерлік жолдас еді. Ол тұтас бір дәуірді айқындаған адам болды. Ол – халқымыздың мәдениетін өзіне сіңірген ұлы талант, ұлы адам»[8].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Е.А.Букетов «Шесть писем другу». - Алматы, 2002.
2. Медеу Сарсекеев, «Евней Букетов» жизнь замечательных людей Москва: Молодая гвардия, 2007.
3. Салықов К. Евней Бөкетов - дарынды аудармашы / К. Салықов // Орталық Қазақстан.- 2005.- 19 наурыз.

4. Қарағанды облысының 2025 жылғы өлкетану әдебиеттерін насихаттауға арналған көмек құралы: Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / Н. В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы; құраст. С.О.Телпекбаева. – Қарағанды, 2024 – 58 б

5. Евней Арыстанұлы Бөкетов: Биобиблиогр. көрсеткіш / Бас ред. Е.Қ. Көбеев; жауапты ред. Р.М. Жұмашев; құраст.: Д.Р. Альмагамбетова, А.Қ. Әбдірейімова, Л.А. Ершова. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. — 113 бет.

6. Д.К. Куандыкова, Е.Букетовтың прозасындағы бейне жасау шеберлігі // Известия НАН РК. Серия филолгическая, 2006. № 5. С.16-19

7. Жұмағали, С. Ғалымның аудармасы сахналанды / С. Жұмағали // Орталық Қазақстан. — 2005. — 9 сәуір.

8. Бөкетовтің 95 жылдығына орай шыққан мақалалар жинағы. Қарағанды, 2020ж.

ӘОЖ 801.313:811.512.122

ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВТІҢ ЕСІМІ ЖАЙЫНДА

Рахымберлина С.Ә., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Смаилова А.Ш., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Биыл туғанына 100 жыл толып жатқан Евней Арыстанұлы Бөкетов – ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, жазушы, ақын, драматург, аудармашы. Қарағанды зерттеу университетінің тұңғыш ректоры, білікті басшы, академик. Евней Арыстанұлы химия-металлургия саласын терең зерттеген ғалым, ғылымдағы өнертабыстардың, жаңалықтардың авторы ғана емес, өмірдің әр саласын жіті зерделеген, дер кезінде үн қосып отырған қоғам қайраткері. Осындай ұлы адамның есімі алғаш естіген адамды ойландырмай қоймайтыны ақиқат. Әсіресе білім алушылардың тарапынан жиі қойылатын сұрақтар: «Неге Евней?», «Ұлты қазақ па?», «Есімнің мағынасы қандай?», «Қазақтың есімдер жүйесінде бар ма?», «Араб тілінен енген сөз бе?» т.б. Шыны керек, ономастика саласы бойынша ізденіп, қазақ антропонимикасы бойынша зерттеу жұмысымен айналыса бастағаннан, осы сұрақтың жауабы бізді де қызықтырды. Ғалым туралы ғұмырнамалық зерттеулерден, естеліктерден, өзінің шығармаларынан іздеп жүрген жауабымыз Қарағанды университетіндегі Е.А.Бөкетов мұражайынан табылды. Басына қиын-қыстау күн туып, шығармаларын жариялауға шектеу қойылған тұста «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторына өзінің шын есімінің Ибн-Қабиден екендігі, мүмкіндік болып жатса, Қабиден Арыстанов атымен шығаруға болатындығы туралы өтініш-хаты сақталған. «Это было выходом из тупика, ибо существовал полный негласный запрет на появление его сочинений. Это была последняя прижизненная публикация», – деп еске алады ғалым-жазушының туған бауыры Қамзабай Арыстанов *(«Друг мой, брат мой» кітабы).* Сөйтіп, Евней Бөкетовтің қаламынан шыққан ең соңғы «Күдік құрт» деген әңгімесі облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің 24 және 25 қыркүйек 1983 жылғы №221 (14853); №222 (14854) нөмірлерінде *Қабыкен Арыстанов* деген бүркеншік атпен жарық көреді.

Сонымен *Ибн-Қабиден – Ибнай – Евней – Қабыкен* есімдерінің қайсысы ресми, қайсысы бейресми, қайсысының заңды күші бар, қайсысы отбасы, сынып, ауыл арасында ғана қолданылған, әр есімнің пайда болып, қолданысқа түсуіне не әсер етті деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Әр халықтың өмір сүру салты, дүниетанымы, бастан өткізген түрлі тарихи жағдайлары ұлттың санасында, мінез-құлқында, тілінде сақталатыны мәлім. Халық тілі – тарихи санадан жойылған, есте қалмаған бағзы замандардағы оқиғаларды, дала заңына бағынған әдет-ғұрып пен салт-сананы өзінің қойнауындағы мақал-мәтел, нақыл сөздерінде, жұмбақтары мен жаңылтпаштарында, тұрақты сөз қолданыстарында сақтап қалып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші алтын қазына. Сондай қазынаның бірі де бірегейі – тілдегі атаулар, ономастикалық бірліктер. Ғалымдар кісі есімдері мен жер-су атауларынан қазіргі қолданыста жоқ сөздерді, аталымдарды тауып, қызықты деректер келтіреді. Қазақ есімдерін зерттеп, олардың мағыналық-құрамдық мәселелерін, пайда болу кезеңдерін анықтап, есімдердің түрлеріне сипаттама жасаған қазақ антропонимикасының негізін қалаушы профессор Т.Жанұзақ: «Халықтың әдет-ғұрып, тарихи дәстүрлері мен кісі аттарының арасында тозбас желі бар», – деген қорытынды жасайды [1, 23].

Кісі есімдерінің кейбірі құжатқа жазылып, заңмен бекітіліп, өмір бойы қолданыста болуы мүкін, ал кейбірі кейде уақытша, кейде ұзақ уақыт тек ауызекі қолданыста ғана болып, құжаттарда жазылмауы да мүмкін. Осы белгілеріне қарап, кісі есімдерін ресми кісі есімдері және бейресми кісі есімдері деп қарастыруға болады. Ресми топтағы есімдер, яғни адамның төл есімі, әке аты, тегі көпшілікке таныс, қоғамдық қарым-қатынаста қолданылады, тууы туралы куәлік пен төлқұжатында, соның негізінде адам өмірінің барлық кезеңінде қолданыста болып, басқа қоғам мүшелерінен ажыратушы, айырушы қасиетке ие болады. Ал бейресми топтағы есімдердің пайда болуы, қолданылу жағдайы мен антропонимдер жүйесіндегі орны түрліше болуы мүмкін.

Ресми есімдерге құжаттарда жазылған, мемлекеттік тіркеуде (АХАТ) заңмен бекітілген кісінің төл есімі, әкесінің аты, тегі жатса, бейресми есімдерге белгілі бір ортада ғана, көпшілік жағдайда уақытша қолданылатын, таралу ауқымы шектеулі лақап ат, бүркеншік есім және кісінің өз есімінен жасалған не туыстық қатынасты білдіретін құрметтеу, еркелету, жақсы көру мәніндегі қосалқы есімдері жатады.

Антропонимиканы зерттеуші ғалымдар кей жағдайда бейресми есімдердің де құжатқа жазылып, мөрмен бекітіліп, ресми сипат алып, ресми құжаттарда жазылатынын айтады. Шындығында да, ресми деректерде, кітаптар мен оқулықтарда шын есімі қоса көрсетілгенімен, көпшілікке сол тұлғаның бейресми есімі таныс, халық сол есімі арқылы біледі, таниды. Халқымыздың когнитивтік санасынан мәңгілік орын алған, тарихта ресми емес есімдерімен қалған *Абылай* /Әбілмансұр/, *Қабанбай* /Ерасыл/, *Абай* /Ибраһим/, *Шоқан* /МұхаммедҺанафия/, *Ыбырай* /Ибраһим/,

Балуан Шолақ /Нұрмағамбет/, *Қаныш* /Ғабдулғани/, *Күләш* /Гүлбаһрам/, *С.Шәріпов* /М. Дәулетшин/, *Ә. Тарази* /Ә. Әшімов/ т.б. есімдер бейресми деңгейден шығып, ресми мәртебеге ие болған есімдер болып табылады. Тілден тыс түрлі факторларға қатысты туған бейресми есімдер тобының кісінің төл есіміне қосымша есім болып таңылып, кей жағдайда оны мүлде ауыстырып, үнемі қолданыста болғандықтан ресми сипат алатынын байқауға болады. Бұдан ол есімдер ресми болып кетеді деген пікір тумаса керек. Тарихи тұлға есімдерінің кітаптар мен оқулықтарда берілу тәртібі бұл ойымызға дәлел бола алады: *Абай* (Ибраһим) Құнанбаев, *Шоқан* (Мұхаммедһанафия) Уәлиханов, *Абылай хан* (Әбілмансұр), *Шал ақын* (Тілеуке Құлекеұлы) т.б.

Зерттеушілер бейресми есімдерді лақап есім, бүркеншік есім және қосалқы есімдерге бөліп, аталған есімдердің табиғаты, ерекшелігі, жасалу жолы, бір-бірінен айырмашылығы сияқты мәселелерді қарастырады. Есімдердің аталған топтары жөнінде ономаст-ғалым Т.Жанұзақ: «Қазақ есімдері қоғамда және күнделікті өмірде атқаратын функциясы мен құрылысына қарай бірнеше салаға бөлінеді. Адамның шын атымен қатар лақап, қосалқы есімдердің болуы өмірде бар құбылыс. Қосалқы аттар табиғаты мен түсінігі жағынан лақап аттардан ерекше болғанымен өзара байланысты болып келеді», – дейді. Ғалым қазақ тіліндегі қосалқы аттардың үш түрлі жолмен жасалатындығын: «Бірінші, ислам дініне сәйкес құраннан қойылған ат және үй ішінде, туған-туыс арасында аталатын ат. Мәселен, Мұханбетрақым – Мұқамбай т.б. Екінші, ислам діні бойынша құраннан я кітаптардан қойылған есімдерді қазақылап, қысқарта айту. Мәселен, Ибраһим – Абай, Мұхаметқанафия – Шоқан, Сәдуақас – Сәкен, Шаймерден – Шәкен, Әбдірахман – Әбіш, Мағрипа – Мағыш, Гүлбаһрам – Күлпаш, Күләш т.б. Қосалқы аттардың үшінші түріне қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүргендері жатады. Бұл әдіс бойынша, паспорттағы аттан басқа тұрмыста қолданылатын қосалқы аты болады. Еркін – Эрик, Жолдасбек – Жора» [1, 75]. Көріп отырғанымыздай, ғалым барлық түркі халықтарында мұсылман діні негізінде құраннан қойылған аттармен қатар, әр адамның таза ана тілінде қойылған есімдері болатындығын айтады. Ғалымның қосалқы есімдерді жасаудағы алғашқы екі тәсілді бөлек қарастырып отырғандығын біріншісінің, яғни эмоционалды-экспрессивтік мәнді қысқарған есімдердің еркелетуге байланысты қойылатынын, екінші топтың бейтарап оним, тек қазақылап қысқартудан туғанын көреміз. Ал үшінші топ қазақша есімдердің өзге тілдің әсерімен қысқартылып қолданылған тұлғалары болып табылады. Бұл топқа да экспрессивтілік тән. Есімдердің қысқартылып қолданысқа түсуі қай кезде де орын алған. Бүгінгі күні де бұл жағдай жиі кездеседі, тек араб тілінен кірген есімдер ғана емес, қазақтың өз төл сөздерінен жасалған есімдер де түрлі эмоционалды-экспрессивтік реңкте қолданылады. Жақсы көру, еркелету мақсатымен кісінің қазақша өз есімінен жасалған қосалқы есіммен елге танылған тұлғалар қатарына: *Әйтеке би* (Айтық), *Ақан сері* (Ақжігіт) т.б. жатса, қазіргі кезде орыс тілінің ықпалымен жасалған *Асик* //Асхат, *Данчо*//Данияр/, *Жасик*//Жасұлан, *Айка*//Әйгерім т.б. есімдер бейресми есімнің қосалқы түріне тән. Мұндай эмоционалды-экспрессивтік мәндегі түрлі деминутив есімдердің тілдік табиғаты, қолданылу жүйесі мен ұлттық сипаты М.Д.Мұсабаеваның «Антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы» атты зерттеу жұмысының арнайы нысаны болды. Зерттеуші осы топқа жататын есімдерді антропонимиялық «аталымдар» деп атай отырып, туыстық мағынадағы «аталымдар» мен кісінің төл есімінің түрлі мақсатта қысқартылып қолданылуынан туатын антропонимиялық «аталымдарға» қатысты сөздердің тақырыптық, мағыналық және қолданыс ерекшеліктеріне тоқталады [2].

Осы топқа жататын тарихи тұлғаларымыздың есімдеріне талдау жасап көрсек, есімдердің біразының арабша не қазақша есімдерді қолданысқа ыңғайлы етіп қысқартудан туғанын көреміз. Евней Арыстанұлының арабша қойылған Ибн-Қабиден есімінің Евнейге өзгеруінің себебін ғалымның бауыры Қ.Арыстанұлы төмендегіше түсіндіреді: «Әжеміздің Ибн-Қабиденді қысқартып, *Ибнай* дейтіні есімде. Біз орыс арасында тұрдық қой. Мектепке алғаш барған күні «Как тебя зовут?» деген ұстазға Евекең «Ибнай» десе керек. Ол кісінің *Евней* деп жазып алып, құжаттардың солай толтырылып кеткенін кейіннен бір-ақ көрдік» (ауызша сұқбаттан). Шығатын қорытынды, Бөкетовтің *Ибн-Қабиден* есімінің *Евнейге өзгеруінің* себебі араб тіліндегі күрделі құрылымды есімді тұрмысқа ыңғайлы етіп қолдану әрі еркелету ниетінен туған.

Осы жерде қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаевтың есімінің тарихына да тоқтала кеткіміз келеді. Қаныш Сәтбаевтың шәкірті Е.А.Бөкетов ғалымның *Ғабдулғани* есімінің *Қанышқа* өзгеруін оның атасы Имантай ақсақалдың мұсылманша сауаттылығымен, діндарлығымен, қазақ қоғамының сол кездегі ерекшелігімен, нәрестеге тек арабша есімдердің берілуімен түсіндіреді [3, 120]. Демек, сөз болған есімнің екеуі де мұсылман дінінің ықпалымен берілген арабша есімдердің қысқартылып, қазақыланған түрлері, яғни қосалқы есімдер.

Қорыта келгенде, *Ғабдулғани – Қаныш; Ибн-Қабиден – Ибнай – Ебіней – Евней* есімдер парадигмасын еркелету, жақсы көруден туған қосалқы есім деп қарастырамыз.

Демек, қосалқы (жанама) есімдер:

а) әдетте, сәби кезінде қойылып, жақсы көру, еркелету мәнді болып келеді;

ә) кісінің төл есімінің белгілі бір бөлігін сақтау арқылы қысқартылады;

б) отбасында, яғни күнделікті тұрмыста қолданылады;

в) мағынасы анық болмайды.

Бұл есімдерге түрлі эмоция тән, күнделікті қолданысқа ыңғайлы, соған лайықталған. Әдетте, қосалқы есімдер отбасы не туыс-туған арасында ғана қолданылса, кейде таралу ауқымы одан гөрі кеңірек, яғни ауыл көлеміне дейін болуы мүмкін. Жоғарыда аталған тарихи тұлға есімдеріне қатысты деректер қосалқы есімдердің ұлттық-халықтық деңгейге дейін жеткендігінің куәсі.

Есімдердің бейресми тобына жататын қосалқы есімдерде кісінің төл есіміне қарағанда, ұлттық сипат, ұлттық мінез-құлық, ұлттық ерекшелік басым болып келетінін көреміз. Қоғам мүшелерінің когнитивтік санасында бұл топ мол ақпарат көзін иемденген энциклопедиялық есімдер болып табылады. *Әбілмансұр, Ибраһим, Ақжігіт* есімдері оқушы үшін *Абылай, Абай, Ақан сері* есімдерінің бойындағы ақпараттың жартысын да бере алмауы мүмкін. Сол себепті де соңғы есімдер үнемі қолданыста, өмірге келген сәбилерге қойылып, ұрпақтан-ұрпаққа жете береді.

Мектеп оқушылары мен университет студенттері арасында есімдердің танымалдығын анықтауға арналған сауалнама біздің ойымызды нақтылай түседі. Сауалнамаға 14 – 21 жас аралығынадағы білім алушылар қатысты, нәтижесі 1-кестеде берілген.

Талдау: Бұл тізімде берілген 30 антропоним тек 15 адамға тиесілі, яғни бір адамның екі түрлі есімі беріліп отыр. Ол есімдері: азан шақырып қойған төл есімдері мен қосалқы есімдері. Сауалнамаға қатысушылардың жартысынан көбі халық арасында таныс есімдерді ойланбай таңдады. Бұл, негізінен, тұлғалардың төл есімі емес, қандай да бір жағдайда кейіннен алған қосалқы не лақап есімдері. Қатысушылардың 30 пайызы – тарихи тұлғалардың төл есімдерінен бейхабар болса, 33 пайызы – естігендерін, бірақ толық хабардар емес екендерін айтты.

1-кесте

Қай есім Сізге таныс?		Жақсы білемін	Естігенмін	Білмеймін
1	*Әйтеке (би)*	+		
2	*Шал ақын*	+		
3	*Абылай*	+		
4	*Қабанбай*	+		
5	*Абай*	+		
6	*Шоқан*	+		
7	*Ыбырай*	+		
8	*Сәкен*	+		
9	*Балуан Шолақ*	+	+	
10	*Қаныш*	+		
11	*Күләш*	+		
12	*Сабыр Шәріпов*		+	+
13	*Әкім Тарази*	+	+	
14	*Қаныш*	+		
15	*Евней*	+		
16	*Айтық*		+	+
17	*Тілеуке Құлекеұлы*		+	+
18	*Әбілмансұр*	+	+	
19	*Ерасыл*		+	
20	*Ибраһим*	+	+	
21	*Мұхаммедһанафия*	+	+	
22	*Ибраһим*		+	+
23	*Сәдуақас*	+	+	
24	*Нұрмағамбет*		+	+
25	*Ғабдулғани*			+
26	*Гүлбаһрам*		+	+
27	*М. Дәулетшин*			+
28	*Ә. Әшімов*			+
29	*Ғабдулғани*			+
30	*Ибн-Қабиден*			+

Шығатын қорытынды: танымал болу үшін адам есімінің ресми болуы шарт емес, сол ұлттың тарихымен, мәдениетімен тығыз байланыста болған бейресми есімдері де танымалдық деңгейі жоғары бола алады. Жоғарыда аталған тұлғалардың ұлт тарихында қалған есімдері отбасының ішінде ғана не ауыл арасында қолданылған бейресми есімдері екенін көреміз. Біз бұл жерде есімнің ресмилігін азан шақырылып, көпшілікке жария болуына байланысты атап отырмыз. Осы соңғы есімдер есімді иеленуші адамға ұқсасын, сондай азамат болсын деген ниетте атадан балаға қойылуда. Жаңа туған балаға *Ибраһим емес, Абай* деп қоюымыз, *Сәдуақас емес, Сәкен деуіміз, Гүлбаһрам* емес, *Күләш* деуіміз – осының айғағы.

Халықтың тарихы мен ұлттың когнитивтік санасында өзіндік орны бар тарихи тұлғалар мен атақты адамдар есімдерінің келесі ұрпақтың өкілдеріне қойылуы есімдер тарихының барлық кезеңіне тән. Еліміз егемендігін жариялаған жылдары халықтың отаншылдық, ұлттық рухы көтеріліп, балаларын қазақ мектептеріне оқуға беріп, дүниеге келген сәбилеріне хан-батырлардың, ақын-жазушылардың т.б. тарихи тұлғалардың есімдерін қойғанын жақсы білеміз. Зерттеуші Г.Б.Мәдиева мұның себебін былайша түсіндіреді: «Саяси, тарихи тұлғалардың, белгілі адамдардың есімдеріне деген қызығушылықтың тууы кез-келген тарихи кезеңде сол адамдардың қоғамдағы ролінің артуымен, бағалануымен тікелей байланысты. Мұндай есімдерге жеке индивидтің ғана емес, тұтас ұжымның когнитивтік санасында қалыптасқан ұғым-түсінік, ассоциация арқылы ерекше мән-мағына үстеліп, қолданысқа түседі» [4, 62].

Бұл үдеріс бірнеше жыл бойы сақталып тұрса да, кейінгі 10-15 жылдың көлемінде қазақ есімнамасына шығыстық (әсіресе қыз балаларда) есімдер көптеп еніп, белең алғанын байқаймыз. Қарағанды қаласындағы № 57 мектепті бітірген 1993 жылы туылған түлектердің есімдеріне жасалған талдау бұған мысал бола алады. Сыныптағы 21 оқушының 13-і ер бала болса, соның он бірінің есімі тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің құрметіне берілген: *Едіге, Абылай, Наурызбай, Әйтеке, Ноян, Шыңғыс, Мұхаммед, Тәттімбет, Дінмұхамед, Нұрсұлтан, Олжас.* Ал 2025 жылғы статистикалық мәліметтерге зер салсақ, ең жиі қойылатын есімдер қатары төмендегідей:

2-кесте

Ең жиі қойылатын ер бала есімдері	**Ең жиі қойылатын қыз бала есімдері**
Айсұлтан	*Айлин*
Мұхамед /Мұхаммад / Дінмұхамед	*Медина*
Омар	*Асылым*
Әлихан	*Айша / Аиша*
Рамазан	*Мәриям*
Алдияр	*Томирис*
Әмір	*Аяла*
Алан	*Сафия / Сафият*
Хамза	*Раяна*
Әли	*Айым*
Нұрислам	*Амина*
Альтаир	*Адия / Хадия*
Ислам	*Хадиша*
Әлинұр	*Зере*
Мүсілім	*Ясина*
Ибраһим	*Айару*
Хақназар	*Айзере*
Арсен	*Айдай*

Көріп отырғанымыздай, ер балаларда діни сипаттағы есімдердің белсенділігі артып, қыз балаларда шығыстық сарынның белең алғаны анық көрінеді. Қазақ есімнамасында мағынасы анық, мәні бар қазақтың төл есімдерінің болғаны тіліміздің тазалығының, оны кірме сөздердің көбейіп кетуден сақтаудың жолы екені баршаға аян. Әрине, 100% таза, сол тілдің сөздерінен ғана жасалған есімнама болуы мүмкін емес. Бірақ өзге тілдің есімдерін ретсіз кіргізуден, қолданудан сақ болуымыз керек. Жоғарыдағы кестеге назар салсақ, *Алан, Айым, Асылым, Аяла, Зере, Айару* сияқты қазақтың төл сөздерінен жасалған 5-6 есімді ғана атай аламыз.

Түйіндей келгенде, тіл-тілдегі антропонимикалық кеңістікте кісінің төл есімімен қатар бейресми сипаттағы қосалқы (жанама) есімдердің де қолданыс тауып, қоғам мүшелерінің арасындағы коммуникативтік қызметтің мүлтіксіз атқарылуына күш салатынын көруге болады. Талантты жазушы, аудармашы, дарынды ғалым Евней Арыстанұлының қай есімі болсын, ұрпақтан ұрпаққа таралып, болашақ ұрпаққа сондай болсын деген ниетте қойылуы – заңдылық. Біз бұл шағын мақаламызда Евней Арыстанұлының есімдеріне түсінік беріп, қазақ есімнамасындағы орнын көрсетуге тырыстық. Болашақта оқулықтар мен ғұмырнамалық шығармаларда *Евней (Ибн-Қабиден, мүмкін Ғабиден) Арыстанұлы Бөкетов* деп көрсету қажет болар. Ол – уақыттың еншісіндегі нәрсе. Анығы – адамдар арасындағы күнделікті қарым-қатынас, туыстық не рухани жақындық, қоғамда орын алған түрлі саяси-әлеуметтік жағдайлар аталған есімдердің барлық түрінің кеңістіктен орын алып, өз орнымен қолданыста болуына жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы /лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау/. – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.

2 Мұсабаева М.Д. Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы: филол.ғыл.канд. ... автореферат. - Алматы, 1995. – 26 б.

3 Букетов Е.А. Об академике Сатпаеве. – Караганда: Полиграфия, 1994. – 144 с.

4 Мұсабаева М.Д. Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы: филол.ғыл.канд. ... автореферат. – Алматы, 1995. – 26 б.

ӘОЖ 894.342.574

Е.А.БӨКЕТОВ ӨМІР ЖОЛЫ – ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Сатеева Б.С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Аманжол Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

«...Меннен кейін не болатынын білмеймін, бірақ мен еккен дәннің біреуі өз жемісін берсе, мен өзімді бақытты адаммын деп санар едім».
Е.А.Бөкетов

Адамзаттың басты құндылықтары барша адам баласына ортақ десек те, тарихқа, тарихи тұлғаларға көзқарас әлемде әртүрлі. Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштің керемет үлгілерін көреміз. Сондай тұлғалардың бірі – еліне еселі еңбек сіңірген, қашанда ұлт болашағын ойлаған, жастарға үлгі тұтарлық дара тұлға, қазақтың қоғам қайраткері, аудармашы, қазақтың көрнекті ғалымы – Ебіней Арыстанұлы Бөкетов.

Ол өз өмірінің көп бөлігін білім беру саласына арнап, жастардың білім алуына, ғылымның дамуына зор үлес қосты. Бөкетовтің ғылыми зерттеулері мен педагогикалық қызметінің нәтижелері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Ебіней Бөкетов 1925 жылы 23 наурызда Солтүстік Қазақстан облысындағы Октябрь (қазіргі Шалақын) Бағанаты ауылында туған. Қорған облысына қарасты Макушинск ауданында алғаш мектеп табалдырығын аттаған ол соғыс жылдары бастауыш және орталау мектептің мұғалімі болған. Одан кейін Қазақтың кен металлургия институтының металлургия факультетін бітіріп, аспирантураға қалдырылады. Сонымен бірге Қазақ мемлекеттік баспасында редактор боп істеген. Сол жылдары ол ғылыми зерттеу жұмыстарымен қатар, әдебиет сыны, көркем аударма саласында да еңбек еткен. Оның ғылымға деген қызығушылығы мен таланты жоғары оқу орнында оқып жүргенде-ақ анық байқалды.

1954-1960 жж. Қазақтың кенметаллургия институтында ассистент, доцент, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, 1960-1972 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясының Қарағанды химияметаллургия институтының директоры, 1972-1979 жж. Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болды.

1954 жылы университетті тәмамдағаннан кейін, Ебіней Арыстанұлы педагогикалық қызметке кірісіп, жастарға білім беруге ден қойды. Ол өз шәкірттеріне тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды да үйретуге ұмтылды. Оның сабақтары әрдайым қызықты, әрі мазмұнды болып, студенттер арасында үлкен сұранысқа ие болды.

1966 жылдан техника ғылымдарының докторы, 1967 жылы профессор атағын алды.

1969 жылы КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

1970 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондентмүшесі болып сайланады. Бірнеше монографияның, көптеген көркем публицистиканың, «Шесть писем другу» («Жалын», 1989) атты кітаптың авторы. Көркем аударма саласында С. Есениннің «Анна Снегина», В. Маяковскийдің «Қандала», «Жақсы» аталатын шығармаларын және И. Василенконың «Артемка» повесін (1955), Э. Золяның «Әңгімелері мен мақалаларын», И. Вазовтың «Тепкіде» романын (1959) қазақшалаған.

Е.А.Бөкетовтің шығармашылық мұрасында орыс мәдениеті мен ғылымының өкілдері Д.И. Менделеев, В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, Ф.М. Достоевский, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов және тағы басқалардың ғылыми және шығармашылық мұрасын зерттеуге арналған жұмыстары ерекше орын алады. Е.А. Бөкетов өз еңбектерін жазуда сын мақалаларын үлгі қылып алған В.Г. Белинскийдің әдеби мұрасына зор құрметпен қарады.

Ебіней Бөкетовтің ғылыми қызметі әртүрлі бағыттарды қамтыды. Ол физика, математика, информатика және педагогика салаларындағы зерттеулермен айналысып, көптеген ғылыми мақалалар мен монографиялар жазды. Оның еңбектері білім беру жүйесін жаңғырту, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту және ғылым мен білімнің интеграциясы мәселелеріне арналған. Ғылымда терең зерттеулер жүргізіп, педагогика, психология, және әлеуметтік ғылымдар саласында маңызды жұмыстар жазды. Оның еңбектері білім беру әдістемесін жетілдіруге бағытталған.

Қазақстанның білім беру жүйесін дамытуға, жаңа оқу бағдарламаларын енгізуге, оқыту сапасын арттыруға көп күш жұмсады. Ол студенттерге терең білім беру мен қазіргі заманғы әдістерді қолданудың маңыздылығын атап өтті.

Ебіней Арыстанұлы Бөкетов тек ғылым мен білім саласында ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қызметте де белсенді болды. Ол Қазақстанның білім беру жүйесін жетілдіру, жастардың ғылымға қызығушылығын арттыру, әлеуметтік мәселелерді шешу бағытында көптеген жобаларға жетекшілік етті.

Ол ғылыми қоғамдар мен ұйымдардың мүшесі болып, жастарды ғылымға тарту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырды. Бөкетовтің қоғамдық қызметі жастарды тәрбиелеуге, олардың білім алуына, ғылыми зерттеулермен айналысуына ықпал етті.

Е.А.Бөкетов Қарағанды мемлекеттік университетінің негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Оның жетекшілігімен университеттің оқу процесі мен ғылыми зерттеулері халықаралық стандарттарға сай болуына назар аударылды. Ебіней Бөкетов өз уақытында қоғамдағы әлеуметтік мәселелермен айналысып, жастардың білім алуына, тәрбиесіне көңіл бөлді. Ол білім беру саласындағы реформаларды қолдады. Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің еңбектері қазіргі уақытта да өзінің маңыздылығын жоғалтпай, жастарға білім мен ғылым жолында үлгі болып табылады.

Негізгі ғылыми еңбектері түсті, асыл және сирек металдар металлургиясына, химия салаларына арналған. Ғалым марганец рудаларын қайта өңдеу мәселесін шешуге елеулі үлес қосқан. Қазақстан химия ғылымының әлемдік деңгейге шығуы Е. Арыстанұлының да есімімен байланысты. Оның жүзден астам ғылыми мақалалары жарық көрді.

Е. Арыстанұлы қазақ әдебиетінде сыншылық және аудармашылық еңбектерімен де танымал. Қазақ ғылымындағы есімі елге кеңінен танылған айтулы тұлғалардың бірі – Евней Арыстанұлы Букетов. Ол техника ғылымының докторы ретінде өз саласына үлкен еңбектер қалдырумен бірге, әдебиет пен өнерге, әсіресе аударма ісіне қатысты толғамды тұжырымдар білдірді. Академик Е. Букетов қазақтың әйгілі ханы Абылай заманы мен тұлғасы туралы зерттеумен бірге, Шоқанның, Абайдың, Мұхтар Әуезовтың шығармашылығы жайлы жан-жақты тұжырымдарын айт¬ты. Жазушылық өнермен бірге көркем аудармамен айналысты, Шекспирдің «Макбет» драмасын сәтті тәржімалауы өз алдына, қазақ көркем аудармасы оның келешегі туралы пайымдаулармен қазақ аударматануына өзіндік үлесін қосты. Оның көркем аудармаға қатыс-ты пайымдаулары бүгінгі күні де өзекті де өткір. Көркем аударманы оқытуда аталған ой-пікірлері пайдаланылып келеді.

Белгілі ғалымның «Атан қомында туған адам» атты ғылым, өнер туралы ойлар кітабынағы мақалада қазақтың белгілі ғалымдары – Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, И. Қарақұлов, Ә. Бектұровтардың творчестволық ізденістері, талғам-таным тапқан жаңалықтары эсселік мәнерде сөз болады.

Ғалым, академик Е.Бөкетов оқырман қауымға әдеби сын мақалалары мен аударма кітаптары арқылы да көптеген таныс еді. Марқұмның мына «Алты хат» атты көлемдіповесінде жаны таза, рухани дүниесі бай, оқымысты, химик Мәжит Нұрбаевтың балалық шағынан бастап институт басшысына дейін көтерілгендегі еңбегі, ішкі толғаныстары мен тебіреністері терең психологиялық мәнерде шынайы суреттелген.

Е.А.Бөкетов – ғылым мен руханияттың шынайы шамшырағы болып табылады.

Қазақстан ғылымы мен білімінің даму тарихында Е.А. Бөкетовтің орны ерекше. Ол – тек ғылым жолындағы жанқияр зерттеуші ғана емес, сонымен қатар адамгершілік пен рухани құндылықтарды биік қойған тұлға. Оның өмір жолына көз жүгіртсек, әрбір белесі табандылықпен, ізденіспен және елге деген адал қызметпен өрілгенін байқаймыз.

Еркін Аманжолұлы 1925 жылы Қарағанды облысында дүниеге келіп, балалық шағынан-ақ білімге құштар, еңбекқор жас ретінде көзге түсті. Ол химия ғылымын таңдады – бұл таңдау оны еліміздің ғылым көкжиегінде биікке жетеледі. Ғалым ретінде Бөкетов металлургия мен физикалық химия саласында терең зерттеулер жүргізіп, ғылыми жаңалықтарымен отандық ғылымның дамуына зор үлес қосты.

Алайда Е.А.Бөкетов тек зертханамен шектелген адам емес еді. Ол ғылым мен білімді қатар дамытуды көздеді. Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры ретінде тек білім ордасын басқарумен ғана шектелмей, онда нағыз ғылыми орталық қалыптастырды. Оның басшылығымен университет Қазақстандағы беделді жоғары оқу орындарының біріне айналды.

Е.А. Бөкетов – биік парасат иесі, халыққа қызмет етудің үлгісі. Ол шынайы зиялы қауым өкілі ретінде ғылым мен қоғам арасын байланыстырып, кейінгі ұрпаққа үлкен мұра қалдырды. Бүгінде оның есімімен аталатын Қарағанды университеті – осы мұраның жалғасы.

Еркін Аманжолұлының өмірі – білім мен ғылымға адалдықтың символы. Ол – ұлт мақтанышы, болашақ ғалымдарға бағыт беретін шамшырақ. Әр халықтың тарихында ұлттың рухани дамуына, ғылым мен білімнің өркендеуіне ерекше үлес қосқан тұлғалар болады. Қазақ елі үшін сондай ірі тұлғалардың бірі – Еркін Аманжолұлы Бөкетов. Оның есімі ғылым сүйгіштікпен, білімге деген шексіз адалдықпен және туған еліне деген махаббатпен қатар аталады.

Е.А.Бөкетов – сирек кездесетін жан-жақты дарын иесі. Ол тек ғылыммен ғана шектеліп қалмай, қоғам мен мемлекет өміріне белсене араласқан азамат болды. Химия саласындағы ғылыми зерттеулері Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де жоғары бағаланды. Әсіресе металлургия саласындағы еңбектері өндірістік маңызы зор жаңалықтар қатарында.

Бірақ мен үшін Е.А.Бөкетовтің тұлғасын даралап тұрған қасиеті – оның адамгершілігі мен ұстаздық рухы. Ол өмір бойы жас ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне ерекше көңіл бөліп, ғылым жолына бағыт-бағдар беріп отырды. Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры бола жүріп, университетті шын мәніндегі ғылыми орталыққа айналдырды.

Ең маңыздысы – Е.А. Бөкетов ғылымға қызмет етуді мақсат емес, өмірлік міндет деп ұқты. Ол ғылым арқылы елге пайда келтіруді, ұлттың санасын биіктетуді көздеді. Бұл – нағыз зиялы қауым өкіліне тән қасиет.

Бүгінде Е.А. Бөкетовтің атымен аталатын Қарағанды университеті – оның артында қалған мәңгілік рухани мұрасының дәлелі. Біз үшін ол – өткеннің емес, болашақтың тұлғасы. Ұлтқа шын берілген тұлғаны уақыттың өзі тарих сахнасына шығарады. Еркін Аманжолұлы Бөкетов – сондай тағдырлы, тағылымды есімдердің бірі. Ол – ғылымды жүрегімен сүйген, елін ақылымен сүйген, ұрпаққа өнеге қалдырған алып тұлға.

Е.А. Бөкетов – ғалым ғана емес, ұлт зиялысының озық үлгісі. Оның өмір жолы – ауылдан шыққан қазақ баласының білім мен ғылым арқылы биікке көтерілгенінің жарқын көрінісі. Химия ғылымы, әсіресе металлургия саласы бойынша терең зерттеулер жүргізген ол, ғылымды тек теориялық емес, нақты өндірістік шешімдермен байланыстыра білді. Мұндай синтез – нағыз кәсіби шеберлік пен ірі ойдың жемісі.

Алайда, Е.А.Бөкетов үшін ғылымның басты құндылығы – елге қызмет ету. Ол білім мен ғылымды жас ұрпақтың санасына сіңіруді өмірлік миссиясына айналдырды. Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры ретінде білім ордасын жаңа деңгейге көтеріп, ғылыми орталыққа айналдырды. Жас ғалымдарға жол ашты, шәкірт тәрбиеледі.

Еркін Аманжолұлы ешқашан лауазым мен мансапқа ұмтылған жоқ. Ол биікті ғылым арқылы бағындырды. Алдымен адам болып қалуды, сосын ғана ғалым болуды мақсат тұтты. Міне, оның шынайы ұлылығы – осында.

Бүгінде Е.А. Бөкетовтің есімі білім мен ғылымның символына айналды. Ол – өткеннің тарихы ғана емес, болашаққа жол сілтейтін рухани бағдаршам. Бізге оның өнегесін ұмытпай, ал оның мұрасын қадірлей білу – үлкен парыз.

Мен үшін Е.А.Бөкетов – тек ғалым ғана емес, үлкен жүректі азамат. Ол өзінің өмірін білім мен ғылымға арнаған, еліміздің дамуына еңбек еткен қайраткер. Оның өмір жолы біз сияқты жастарға үлкен үлгі. Ол бала кезінен көп оқып, білім алуға құштар болған. Кейін химия ғылымын терең зерттеп, үлкен ғалым атанды. Әсіресе металлургия саласында көп еңбек сіңірді. Оның еңбектері шетелде де танымал болды.

Ол тек ғалым емес, білікті басшы да болды. Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болып жүрген кезде университетті дамытып, көптеген жастардың білім алуына жағдай жасады. Жаңа факультеттер ашылып, ғылыми зертханалар құрылды.

Маған Е.А.Бөкетовтің қарапайымдылығы мен еңбекқорлығы ұнайды. Ол ешқашан атақ қуған жоқ. Оның басты мақсаты – халқына, еліне пайда келтіру болды. Ол өзінің еңбегімен, білімімен үлкен құрметке ие болды.

Қазір Қарағанды университеті оның есімімен аталады. Бұл – оның халқына сіңірген еңбегінің айғағы. Е.А.Бөкетов – біздің болашағымыз үшін еңбек еткен ұлы тұлға.

Қорыта келе, Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің өмірі мен қызметі – жастарға білім берудің маңыздылығын, ғылым мен білімнің қоғамдағы рөлін көрсететін жарқын мысал. Оның еңбектері мен зерттеулері қазіргі жастар үшін үлгі болып табылады. Бөкетовтің ғылым мен білім жолындағы үлесі ешқашан ұмытылмайды, ал оның шәкірттері мен ізбасарлары оның мұрасын әрі қарай жалғастыруда.

Биыл зерделі ғалым, қоғам қайраткері, біртуар тұлға Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің ғасырлық мерейтойы. Тұғыры биік тұлғаның ел деп сіңірген еңбегі, ғылым үшін атқарған жұмысы – әлі де рухани азық, алтын қазақ. Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің есімі қазақ ғылымы мен білімінің тарихында мәңгілікке қалатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
1. Бөкетов Е.А. Шығармалар жинағы. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005-2007. 6 томдық.
2. Бөкетов Е.А. Алты хат: Повесть. –Алматы: Жалын, 1996. –272 бет.
3. Евней Бөкетов туралы лебіздер мен пікірлер: Мақалалар, очерктер, естеліктер. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. –236 б.
4. Есбаева Р.Х. Ұлылық пен даналық / Р.Х. Есбаева // Академик Е.А. Бөкетов – ғалым, оқытушы, ойшыл: Е.А. Бөкетовтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияның материалдары. – Қарағанды, 2005. –1 т. –51-52 б.
5. Е.А. Бөкетов. Атан қомында туған адам: Ғылым, өнер туралы ойлар. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. –174 б.
6. Жұмабеков К. Ақыл - ойдың ағасы// Орталық Қазақстан. –2003. –13 желтоқсан. –8 б.
7. Асанов К. Д. Е.А. Бөкетовтің публицистикасы: автореферат. –Алматы, 2002. –30 б.

ӘОЖ 894.342.574

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БӨКЕТОВ ӘЛЕМІ

Сиязбаев Н.К., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Особое значение имеет то, что Букетов стремился воспитывать у читателей критическое мышление и ответственность за судьбу общества. В одном из эссе он отмечал: «Мы не вправе жить только сегодняшним днем. Наш долг – готовить почву для будущего, чтобы завтра наши дети и внуки жили достойнее нас» [4]. Тем самым его

публицистика выходила за рамки чисто литературного творчества, становясь важным инструментом формирования общественного сознания.

Таким образом, литературно-публицистическое наследие Е.А. Букетова является неотъемлемой частью его интеллектуальной биографии. Оно раскрывает личность ученого в новом измерении — как гуманиста, мыслителя и просветителя, чья деятельность была направлена на формирование духовных основ общества и укрепление связи между наукой, культурой и человеком. Таким образом, Таблица 1 наглядно демонстрирует, что наследие Е.А. Букетова представляет собой гармоничное единство научных достижений и гуманитарных ценностей, что делает его фигуру уникальной в истории отечественной науки и культуры.

Современники характеризовали Букетова как человека высокой принципиальности и гражданской позиции. Он активно участвовал в общественной жизни, выступал с критикой социальных проблем, поддерживал гуманистические ценности [6]. Его коллеги отмечали, что Букетов не боялся высказывать свою точку зрения, даже если она не совпадала с официальной линией, и всегда оставался верен нравственным идеалам. В воспоминаниях подчеркивается, что он был «не только ученым, но и совестью общества», человеком, способным открыто говорить о насущных проблемах своего времени.

Исследователи подчеркивают, что Букетов принадлежал к особому типу советской интеллигенции, совмещавшей научную деятельность с функцией культурного посредничества [7]. Для него было естественным соединять научные достижения с задачами нравственного и духовного воспитания общества. В этом смысле он выступает как яркий пример ученого-гуманиста, для которого наука и культура образовывали единое целое.

Взгляды Е.А. Букетова во многом перекликались с позициями других представителей советской интеллигенции, для которых было характерно стремление соединить научный или творческий труд с высокой социальной и нравственной ответственностью.

Так, академик А.Д. Сахаров в своих трудах и общественной деятельности подчеркивал необходимость «морального измерения» науки и призывал ученых к ответственности перед человечеством. Подобную мысль развивал и Букетов, утверждавший, что научные открытия должны служить обществу, а не быть самоцелью. Оба ученых поднимали вопрос о соотношении научного прогресса и гуманистических ценностей, хотя Сахаров действовал в более глобальном политическом контексте, а Букетов – в культурно-научном пространстве Казахстана.

С творчеством Ч. Айтматова Букетова роднит внимание к судьбе личности в эпоху социальных перемен. В прозе Айтматова образ «маленького человека» раскрывается через драматизм его столкновения с историей, а Букетов в публицистике и эссе подчеркивал неразрывную связь человека с судьбой народа. Оба мыслителя видели важнейшей задачей литературы и публицистики формирование нравственного сознания и духовного богатства личности.

Близки Букетову и взгляды О. Сулейменова, который через поэзию и культурологические труды утверждал ценность национальной культуры и необходимость диалога культур. Букетов, в свою очередь, акцентировал внимание на языке и культуре как неотъемлемых элементах формирования личности и общества. Для обоих характерно стремление к синтезу науки, искусства и гуманитарного знания в целях воспитания новой духовности.

Его отношение к интеллигентской миссии особенно отчетливо прослеживается в публицистике, где он подчеркивал необходимость «жить не только умом, но и сердцем» [1]. Букетов видел задачу интеллигенции не только в генерации новых знаний, но и в формировании ценностных ориентиров общества, развитии духовной культуры и поддержании социальной справедливости.

Таким образом, фигура Е.А. Букетова воплощает в себе образ интеллектуала, чья деятельность выходила за пределы профессиональной науки. Он воспринимался современниками как человек, который умел объединять научное знание и гуманитарное мышление, формируя образец для будущих поколений казахстанской интеллигенции.

Анализ наследия Е.А. Букетова позволяет утверждать, что его роль как общественного мыслителя выходит далеко за рамки научных открытий. Он рассматривал науку через призму гуманитарных ценностей, активно использовал литературные формы для выражения своей социальной позиции и стал символом соединения науки и культуры.

Таким образом, Букетов является важной фигурой не только в истории отечественной науки, но и в развитии гуманитарной мысли Казахстана. Его пример актуален для современности, так как демонстрирует необходимость целостного подхода к роли ученого в обществе.

Значимость его идей заключается в том, что они ориентированы на гармонизацию научного прогресса и духовного развития общества. В условиях современных вызовов — глобализации, цифровизации и социальных трансформаций — обращение к его наследию позволяет по-новому взглянуть на миссию интеллигенции и значение гуманистических ориентиров в образовании и науке.

Е.А. Букетов своим творчеством и научной деятельностью показал, что подлинный ученый — это не только исследователь в узкой области, но и личность, формирующая ценностные ориентиры, культурное и духовное пространство страны. Его пример подчёркивает, что будущее науки невозможно без связи с гуманитарными смыслами и социальной ответственностью.

В условиях глобализации и ускоренных технологических изменений идеи Е.А. Букетова приобретают новое звучание. Его настойчивое подчеркивание роли гуманистических ценностей в науке и обществе сегодня особенно важно на фоне цифровизации, когда возрастает риск подмены духовного развития техническим прогрессом. Подобно тому, как в середине XX века он видел задачу ученого в формировании нравственной ответственности, сегодня эти идеи могут служить основой для воспитания новой генерации исследователей и педагогов.

Современные казахстанские вузы, включая университет, носящий его имя, используют наследие Букетова в образовательных программах и научных исследованиях. Его труды помогают формировать у студентов целостное мировоззрение, где научные знания неразрывно связаны с гуманистическими и культурными ценностями. Таким

образом, Букетов остаётся актуальной фигурой не только в истории, но и в развитии современной казахстанской науки и образования.

В заключение можно отметить, что идеи Букетова остаются востребованными и сегодня: они служат ориентиром для формирования новой генерации ученых и педагогов, которые должны быть не только профессионалами, но и носителями гуманистических идеалов, способных влиять на развитие общества.

Список использованной литературы

1. Наш Букетов. Е.А. Букетов в воспоминаниях современников. – Караганда: КарГУ, 1997. – 250 с.
2. Даниярова А.Е. Становление Е.А. Букетова – личности и ученого (начало жизненного пути). – Караганда, 2000. – 154 с.
3. Воробьёва О., Ошроева С. О научном наследии академика Е.А. Букетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 96 с.
4. Букетов Е.А. Письма другу. – Алматы: Жазушы, 1980. – 240 с.
5. Значение литературы в творчестве академика Е.А. Букетова // Вестник Карагандинского государственного университета. – 2019. – №2(94). – С. 45–52.
6. Академик Евней Арстанович Букетов: биобиблиографический указатель. – Караганда: КарГУ, 2005. – 320 с.
7. Даниярова А.Е. Вклад Е.А. Букетова в развитие казахстанской науки советского периода // Наука и образование. – 2012. – №3. – С. 112–118.

ӘОЖ 910.1

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ АКТ ЕНГІЗУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Акпамбетова К.М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Буланбаева Д.М., «Казгидромет» РМК Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша филиалы, Қазақстан

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім беру саласына енген сәттен бастап, олар тек оқу үдерісін түрлендіріп қоймай, сонымен қатар оқушылардың психологиялық жай-күйіне тікелей әсер ете бастады. География пәні контекстінде бұл өзгерістер ерекше сезіледі, себебі күрделі табиғи-географиялық процестерді визуализациялау мен нақты қабылдауға АКТ үлкен мүмкіндік береді. Алайда кез келген технологияның тиімділігі – оны кімге, қалай, қанша көлемде қолдануға байланысты. Сондықтан да психологиялық тұрғыдан АКТ-ның оқушыларға ықпалына байыппен қарау қажет.

Жүргізілген зерттеулер оқушылардың АКТ-мен жұмыс істеу барысында мотивациясы едәуір артатынын көрсетті. Мысалы, мультимедиялық презентациялар немесе виртуалды экскурсиялар география сабақтарын тек визуалды тартымды етіп қоймай, оқушыны материалдың ішіне «енгізіп» жібереді. Бұл әсіресе эмоционалдық қабылдауы жоғары оқушыларда тез байқалады: олар тақырыпқа көбірек сұрақ қойып, қосымша ақпарат іздеуге ұмтылады. Бұл өздігінен туындайтын мотивациялық серпіліс оқушының ішкі танымдық белсенділігін күшейтеді. Нәтижесінде сабақ барысында белсенді әрекетке көшу жүзеге асады, ал бұл оқушылардың пәнге деген тұрақты қызығушылығын қалыптастырудың тиімді жолы екені зерттеулермен дәлелденген [1].

Сонымен қатар, АКТ оқушыға өзіне деген сенімділігін арттыруға да елеулі үлес қосады. Мысалы, PowerPoint сияқты қарапайым визуал құралдар мен Google Earth сынды күрделі интерактивті платформаларда жұмыс істей отырып, оқушы өз бетінше ақпарат іздей алады, деректерді салыстыра алады. Бұл процестің өзі оқушыға бақылау сезімін береді – яғни олар тек тыңдаушы емес, белсенді зерттеуші. Бұл сенімділік деңгейінің артуы – әсіресе ұялшақ немесе сабақты баяу меңгеретін оқушылар үшін маңызды артықшылық. Осы тұрғыда С.Т. Мұхамбетжанова мен М.Т. Мелдебекова педагогтардың ақпараттық құзыреттілігін жүйелі әрі үздіксіз дамыту қажеттігін баса көрсетеді. Ғалымдардың пікірінше, мұғалімнің АКТ құралдарын меңгеру деңгейі оқушылардың цифрлық ортада еркін жұмыс істеуіне және өздігінен білім алу қабілетінің дамуына тікелей әсер етеді деген тұжырымға келеді. Осыған байланысты педагогтардың үздіксіз кәсіби даму бағдарламалары мен тәжірибелік оқыту формалары арқылы АКТ бойынша құзыреттерін жүйелі жетілдіру қажеттігі айқын көрінеді [2].

География пәнінің ерекшелігі – күрделі және кеңістіктік ұғымдарды түсінуді талап етеді. Сондықтан зейін, қабылдау және есте сақтау секілді танымдық функциялардың белсенді болуы – табысты оқу кепілі. Шетелдік зерттеулерде 3D-карталар мен геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ) пайдалану кеңістіктік қабылдауды жақсартып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратыны көрсетілген [4]. Мысалы, табиғи апаттар тақырыбын оқытуда NASA World Wind платформасы арқылы жер сілкінісі карталарын динамикалық түрде көрсету – оқушының процесті нақты әрі ұзақ мерзімге есте сақтауына жағдай жасайды. Бақылау нәтижелері де осыны растайды.

Мультимедиялық презентациялармен және интерактивті тренажерлармен жұмыс істеген сабақтарда оқушылар жиі сұрақ қойып, сынып ішінде пікір алмасуға көбірек қатыса бастайды. Бұл әсіресе орта буын (5–7 сынып) оқушыларына тән. Олар үшін визуал мен дыбыстың үндесуі маңызды, ал осы екеуін үйлестіретін – АКТ құралдары [3].

Сонымен қатар, оқушының эмоционалдық жағдайына да АКТ оң әсер ете алады. Әсіресе виртуалды экскурсиялар оқушыны сабақты уайымсыз, жеңіл қабылдауға жетелейді, жағымды эмоциялық қатынас орнатып,

күйзеліс деңгейін төмендетеді. Бірнеше мектепте жүргізілген бақылаулар нәтижесінде, АКТ қолданған сабақтарда оқушыларда күйзеліс деңгейі төмендегені байқалды. Себебі материал көрнекі әрі интуитивті түрде беріледі, және қателік жасау қорқынышы азаяды. Бұл – жай ғана цифрлық құрал емес, оқушыны ынталандыратын, сенімділік беретін тәсіл.

АКТ құралдарының психологиялық және педагогикалық әсерлерін салыстыра отырып бағалау, олардың оқушы тұлғасына ықпалын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Төменде осы әсерлердің салыстырмалы кестесі берілген (1-кесте).

Кесте 1 - Географияны оқытуда қолданылатын АКТ құралдарының психологиялық және педагогикалық әсерлері

АКТ құралы	Психологиялық әсері	Педагогикалық әсері
Мультимедиялық презентациялар	Зейінді шоғырландырады, материалды түсінуді арттырады	Ақпаратты құрылымдауға көмектеседі
Географиялық ақпараттық жүйелер	Кеңістіктік қабылдауды дамытады	Аналитикалық ойлауды дамытады
Виртуалды экскурсиялар	Қызығушылық пен эмоциялық әсерді күшейтеді	Тәжірибеге негізделген оқыту мүмкіндігін ұсынады
3D модельдер мен карталар	Танымдық процестерді ынталандырады	Сыни ойлауды жетілдіреді
Интерактивті тапсырмалар	Мотивация мен белсенділікті арттырады	Оқытуды дараландыруға мүмкіндік береді

Бірақ барлық оқушыға АКТ бірдей әсер етеді деу – қателік. Осы мәселені қарастырған зерттеулерде оқушылардың жас ерекшеліктері, қабылдау жылдамдығы мен психоэмоционалды жағдайының әртүрлілігі көрсетілген. Бастауыш буындағы оқушылар үшін визуалды материал қызығушылықты арттырса, жоғары сыныптағыларға күрделірек геоақпараттық платформалар мен модельдеу құралдары қызықтырақ. Сондықтан технологияны қолдануда дифференциация мен бейімдеу міндетті шарт болуы тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім беру жүйесіне енуі – тек оқыту әдістерінің жаңаруы ғана емес, педагогикалық парадигманың түбегейлі өзгеруі. Әсіресе география сынды кеңістіктік және визуалды қабылдауды қажет ететін пәндерде бұл өзгеріс айқын байқалады. АКТ құралдарын қолдану арқылы мұғалім оқу процесін икемді, жекелендірілген және қолжетімді ете алады.

АКТ-ны география пәніне енгізу барысында педагог ең алдымен оқушының қабілет деңгейін, дайындық қарқынын және ақпаратты қабылдау стилін ескеруі қажет. Бұл әсіресе инклюзивті сыныптарда – яғни әртүрлі когнитивтік және психоэмоционалдық деңгейдегі балалармен жұмыс істеуде аса маңызды. Мәселен, ЗПР (психикалық дамуында кідіріс бар) бар балалармен жұмыс істегенде оқу материалын визуалды түрде беру, тапсырмаларды нақты үлгілермен бекіту, жиі қайталау әдістерін қолдану – тиімді нәтиже береді [4].

Инклюзивті білім беру жағдайында АКТ мұғалімге дараланған бағдарламалармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Платформалар арқылы әр оқушының оқу динамикасын бақылап, жеке тапсырмалар ұсынуға болады. Бұл әсіресе оқушыларда пәнге деген қызығушылық пен сенімділікті қалыптастыруда маңызды. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, мұғалімнің қолдауы мен оқушының жетістігіне нақты кері байланыс беру – олардың өзін-өзі бағалауына оң әсер етеді [5].

Сонымен қатар, АКТ-ны дұрыс құрылымдау арқылы оқушылардың оқу іс-әрекеті де жүйеленеді. Мысалы, ZOOM немесе Google Classroom секілді платформаларда материалдардың реттілікпен берілуі, сабақ құрылымының айқындығы – оқушыға бағыт береді. Интерактивті үлгілер, мысалы, виртуалды карталар, Google Earth турлары немесе интерактивті тестілер арқылы оқушы тек оқушы емес, сабақтың белсенді қатысушысына айналады. Бұл әдіс балалардың оқу процесіне бейімделуін жеңілдетіп, жеке жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Екінші жағынан, АКТ балалардың танымдық қабілеттеріне ғана емес, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларына да ықпал етеді. Мысалы, Google Classroom секілді ортақ жұмыс платформаларында тапсырмаларды бірлесіп орындау, пікір алмасу, түсіндіру – коммуникативтік және кооперативтік дағдыларды дамытады. Ал бұл – инклюзивті сыныптағы ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар үшін өте маңызды.

АКТ-ны инклюзивті сыныптарда қолдану барысында келесі принциптер маңызды:

- оқу материалдарын қарапайым, бейімделген тілмен ұсыну;
- әр тапсырманың мысалмен көрсетілуі және қадам бойынша орындалуы;
- визуалды нұсқаулықтар мен үлгілердің болуы;
- оқу қарқынына бейімделу: тапсырма уақыты, қайталау жиілігі;
- бағалау жүйесін өзгерту: баллмен емес, сапалық сипатпен бағалау ұсынылады.

Педагог әр оқушының ерекшелігін ескеріп, АКТ-ны дәл және негізделген түрде таңдауы тиіс. Бұл – әсіресе бастауыш және орта буындағы инклюзивті сыныптарда аса маңызды. Белгілі ресейлік социолог және білім беру социологиясының сарапшысы Л.А. Оскольская білім беру жүйесіндегі жаңа тенденцияларды зерттеуде маңызды үлес қосып, өз еңбектерінде оқыту үдерісінде тапсырмалардың күрделілігін оқушының мүмкіндігіне сай қалыптастыру қажеттігін атап көрсеткен. Оның пікірінше, әр тапсырма жеткілікті түрде күрделі бола тұра, оқушының орындауына қолжетімді болуы тиіс. Тапсырмалардың күрделілігін біртіндеп арттыру – оқушының әлеуетін дамытудың тиімді тәсілі [6].

АКТ-ны инклюзивті білім беруде пайдаланудың маңызды артықшылықтарының бірі – оқу әрекетін автоматтандыру және жүйелеу. Мысалы, электронды жаттығулар, бейнематериалдар, аудио-нұсқаулар – когнитивті

әлсіз оқушылар үшін маңызды көмекші құрал бола алады. Сонымен қатар, тапсырмаларды қайта қарап шығу мүмкіндігі – оқушыға қысымсыз үйренуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде жағымды мотивация мен оң эмоциялар тудырады.

Алайда АКТ-ны инклюзивті ортада тиімді қолдану үшін мұғалімнің біліктілігі аса маңызды. Инфрақұрылыммен қатар, дидактикалық дайындық, психологиялық сезімталдық және бейімделген педагогикалық әдістеме – бұл мұғалімнің кәсіби портретінің бір бөлігіне айналуы тиіс.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар географияны оқытуда тек техникалық құрал емес, оқушының мотивациясы мен когнитивтік белсенділігін арттыратын педагогикалық-психологиялық ресурс ретінде қолданылады. АКТ құралдары – 3D модельдер, интерактивті карталар, виртуалды экскурсиялар – зейінді шоғырландырып, ақпаратты визуалды және танымдық деңгейде меңгеруге көмектеседі. Сеул ұлттық университетінің академиялық зерттеушісі М. Ким мен Техас A&M университетінің академиялық зерттеушісі Р. Беднарц ГАЖ жүйелерін пайдалану кеңістіктік және сыни ойлауды дамытуға тиімді екенін дәлелдеген [7].

Новосибирск білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты психология ғылымдарының кандидаты, коррекциялық педагогика және психология кафедрасының доценті Е.С. Ткаченко мен география ғылымдарының кандидаты С.К. Ефремова АКТ-ның эмоционалды қабылдауға әсерін атап көрсетіп, анимациялар мен визуал құралдар оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыратынын көрсетеді. Бастауыш буын үшін визуалды формат қолайлы болса, жоғары сыныптарда деректерді модельдеу мен талдауға негізделген АКТ тиімдірек.

Педагогикалық тұрғыдан АКТ оқытуды дараландыру мен құзыреттілік тәсіліне негіздейді. Жауап беретін платформалар мен виртуалды зертханалар оқушыларға материалды өз қарқынымен меңгеруге, тапсырмаларды жеке орындауға мүмкіндік береді. Бұл дербестік пен сенімділік дағдыларын дамытады.

Құзыреттілікке негізделген тәсіл аясында АКТ оқушыларға географиялық мәліметтерді талдау, кеңістіктік байланыстарды зерттеу және негізделген шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. GIS жүйелері, 3D карталар мен интерактивті модельдеу құралдары оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, теориялық білімді практикалық қолдану арқылы тереңдетуге жағдай жасайды.

Педагогикалық аспектіге келсек, АКТ мұғалім мен оқушы арасындағы дәстүрлі өзара әрекет моделін өзгертіп, білім беру процесін дербестік пен белсенділікке негіздейді. Мұғалім – ақпарат көзі емес, оқу кеңістігін ұйымдастырушы, ал оқушы – пассив қабылдаушы емес, зерттеуші рөлін атқарады. Бұл трансформация білім беру процесінің құрылымына да, мазмұнына да ықпал етеді. Грецияның Патра университетінде бастапқы білім беру кафедрасында педагогика және білім беру саласындағы зерттеушілер Д.М. Гарифаллиду, Г.С. Иоаннидис АКТ енгізілген сабақтарда оқушылардың дербес жұмыс жасау белсенділігі артып, ынтымақтастық формалары тиімді жүзеге асатынын көрсетеді [8].

Сонымен қатар, АКТ білім беру процесін дараландыруға мүмкіндік береді. Оқушылар оқу материалын өз қарқынымен меңгеріп, жеке ерекшеліктеріне сай тапсырмаларды орындай алады. Мысалы, интерактивті тапсырмалар мен цифрлық платформалар арқылы мұғалім әр оқушының оқу үлгерімін нақты қадағалап, кері байланыс орната алады. Бұл процесте зерттеушілер АКТ құралдарының оқушылардың белсенділігі мен пәнді меңгеру деңгейіне оң ықпал ететінін дәлелдеген [9]. АКТ-ның визуализация мүмкіндіктері күрделі географиялық ұғымдарды жеңіл әрі анық түсіндіруге жағдай жасайды. Виртуалды экскурсиялар мен 3D карталар әлемнің әртүрлі аймақтарын қашықтықтан зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әсіресе теориялық білімді практикалық шындықпен байланыстыруда тиімді. И. Н. Ульянов атындағы Ульяновск мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми-педагогикалық қызметкерлері М.Ю. Аксенова мен Э.Ф. Мифтякова еңбектерінде оқушылардың визуалды материалдар арқылы кеңістікпен жұмыс істеу дағдыларының дамитыны көрсетілген [10]. АКТ қолдану оқушыда сенімділік пен жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Цифрлық ортада оқушы өз білімін бағалап, қатесін түзетіп, дербес шешім қабылдауға үйренеді. Бұл әсіресе жобалық және зерттеу тапсырмаларында байқалады.

АКТ енгізу арқылы білім беру процесінің құрылымы ғана емес, оның мазмұны мен әдістері де өзгереді. Мысалы, оқушы климаттық аймақтарды интерактивті карта арқылы салыстыра алады, табиғи апаттарды анимация арқылы түсіне алады немесе виртуалды саяхат арқылы экожүйелерді зерттей алады. Бұл оқытудың дәстүрлі пассивтік моделінен кетіп, белсенді, ізденістік білім алуға көшуге жол ашады. Осы үдеріс оқушылардың оқу нәтижелеріне және пәнге деген қызығушылығына тікелей әсер етеді. АКТ құралдарын дұрыс және жүйелі пайдалану педагогтың кәсіби шеберлігін де талап етеді. Мұғалімдер тек технологияны меңгеріп қана қоймай, оны дидактикалық мақсаттарға бейімдеп қолдана білуі керек. Бұл әсіресе, ГАЖ, Google Earth, мультимедиялық презентациялар секілді күрделі құралдармен жұмыс істегенде маңызды. Сондықтан мұғалімдерді кәсіби қайта даярлау және үздіксіз оқыту – АКТ-ны сәтті енгізудің негізгі алғышарты.

Осылайша, АКТ-ны географияны оқытуда қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, пәндік материалды терең меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технологиялар білім беру процесін дараландыруға, оқушының тұлғалық қасиеттерін дамытуға және педагогикалық әдістерді жаңғыртуға сеп болады. Психологиялық және педагогикалық аспектіде АКТ оқыту мазмұнын байытып қана қоймай, оқушыларды XXI ғасыр талаптарына бейімделген құзыретті тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Toma, F., Ardelean, A., Gradinaru, C., Nedelea, A., Diaconu, D.C. *Effects of ICT Integration in eaching Using Learning Activities* // Sustainability. – 2023. – Vol. 15, №8. – p. 21

2. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: Дайыр Баспа, 2010. – 110 б.

3. Bersirova A.K., Khakunova F.P., Khakunov N., Shkhakhutova Z.Z., Grebennikova V.M. The influence of information and communication technologies in the educational process of the university // E3S Web of Conferences. – 2021. – Vol. 273. – p. 147–161.

4. Нарзулаев С.Б., Шуклова Л.А. Проблемы обучения детей с ЗПР в условиях общеобразовательного учреждения // Вестник ТГПУ. – 2011. – 39-43 с.

5. Hayrapetyan D.R., Varosyan H.A. Computer usage in higher education: psychological aspects // Modern Psychology Scientific Bulletin. – 2022. – p. 7

6. Оскольская Л.А. Социализация с точки зрения социального конструктивизма и теорией социального воспроизводства // Вопросы воспитания. – 2014. – 25-33 с.

7. Kim M., Bednarz R. *Development of critical spatial thinking through GIS learning* // Journal of Geography in Higher Education. – 2013. – № 37. – p. 350–366.

8. Garyfallidou D.M., George S. Ioannidis // Education using Information and Communication Technology (ICT), and ICT education: categories, methods and trends // *Материалы международного семинара Workshop ICL2001*. – Villach (Austria), 2023. – Т. 1. – 14 с.

9. Музычук А., Улиганец С. Влияние информационно-коммуникационных технологий на усвоение географических знаний и активность учащихся на уроках географии // Constructive Geography and Rational Use of Natural Resources. – 2024. – Т. 5, № 1. – 54–63 с.

10. Аксенова М.Ю., Мифтякова Э.Ф. Педагогические возможности информационно-коммуникационных технологий на уроках географии // XL международные научные чтения (памяти А. И. Ноткина): сб. стат. междунар. науч.- практ. конф. (Москва, 16 дек. 2018 г.). – М.: Европейский фонд инновационного развития, 2018. – 95–99 с.

УДК 159.9.072.592

ФОРМИРОВАНИЕ «ОБРАЗА ПСИХОЛОГА» У ЛИЦ МОЛОДОГО И ЗРЕЛОГО ВОСРАСТА

Алина М.Т., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, г.Караганда, Республика Казахстан

Альгожина А.Р. Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, г.Караганда, Республика Казахстан

Актуальность исследования вопроса формирования образа психолога у лиц молодого и зрелого возраста обусловлена тем, что в настоящее время на рынке труда выдвигаются определенные требования к будущим психологам. К ним относятся не только профессиональная компетентность и опыт работы, но и такие качества, как творческое и критическое мышление, эмпатия, соблюдение этических норм, умение оперативно реагировать на различные ситуации и стрессоустойчивость.

Психология становится одной из ключевых областей для обеспечения психологического здоровья общества, что делает данную тему исследования актуальной в контексте восприятия фигуры психолога.

Исследование образа психолога у лиц разных возрастных групп важно не только в научно-теоретическом плане, но и для практики подготовки специалистов. В условиях Казахстана, где происходит активное реформирование образовательных программ и повышение требований к профессиональной идентичности, понимание особенностей формирования «образа психолога» приобретает стратегическое значение.

Актуальность исследования обусловлена несколькими ключевыми факторами. Во-первых, растущим общественным запросом на психологические услуги, что требует переосмысления профессиональной идентичности психолога в контексте современных реалий, в частности Казахстана. Во-вторых, необходимости совершенствования системы профессиональной подготовки специалистов-психологов, особенно в условиях реформирования образовательных программ в Казахстане. В-третьих, недостаточной изученностью возрастных особенностей восприятия психологической профессии, что создает пробел в понимании механизмов формирования профессиональных представлений.

Цель исследования заключается в проведении комплексного теоретического анализа особенностей формирования образа психолога у представителей молодого и зрелого возраста на основе современных научных данных. Что такое “образ психолога как социально-психологического феномена? Какие факторы влияют на формирование этого образа в различных возрастных группах? Для достижения цели были поставлены следующие задачи:

- Рассмотреть понятие «образа психолога» как многомерное социально-психологическое образование;
- Выявить факторы, влияющие на особенности его формирования в различных возрастных группах.

Методологическую основу исследования составляет анализ современных теоретических моделей и эмпирических данных, представленных в научных работах российских, зарубежных и казахстанских авторов последних лет. Приоритет отдается публикациям, посвященным вопросам профессиональной идентичности, социального восприятия и формирования представлений о профессии психолога в образовательной среде.

Понятие «образ» в психологии рассматривается как категория, которая включает в себя когнитивные, аффективные и поведенческие компоненты (А.А. Бодалев) [1]. В рамках когнитивной психологии данный образ представляет собой систему знаний, представлений и убеждений о содержании профессиональной деятельности,

необходимых компетенциях и личностных качествах будущего специалиста. Фундаментальные исследования Выготского в области психологии развития позволяет понять механизмы формирования профессиональных представлений через призму культурно-исторической теории. То есть, формирование любых психических образований, включая профессиональные представления, происходит в процессе интериоризации социальных форм взаимодействия и опосредовано системой знаков и символов [2]. Дж. Брунер в своих исследованиях 1986-х годов выделил три способа репрезентации информации энактивный (через действие), иконический (через образы), а за ним, в свою очередь, символический (через язык и понятия). Были проведены эксперименты, воплощающие идею этих трех видов репрезентации, которые показали возрастные сдвиги в прогнозируемом направлении, и кросс-культурные исследования сочли эти различия достаточно универсальными, чтобы использовать их для сравнений. Это значит то, что по отношению к формированию образа психолога на различных возрастных этапах доминируют различные способы познания профессии. На начальном этапе преобладает иконическое восприятие, после символическое, а у зрелых специалисток – энактивное [3].

Восприятие профессии порой строится через стереотипы и ожидания. Социальные роли формируют устойчивые когнитивные схемы, которые влияют на ожидания относительно поведения представителей профессии. Теория психосоциального развития Эриксона предоставляет важную теоретическую рамку для понимания процессов формирования профессиональной идентичности. Теория Эриксона описывает влияние социального опыта на протяжении всей жизни. Эриксона интересовало, как социальное взаимодействие и отношения играют роль в развитии и росте человека. Теория Эриксона основывалась на так называемом эпигенетическом принципе. Этот принцип предполагает, что люди развиваются в определенной последовательности, которая происходит с течением времени и в контексте более крупного сообщества [4; 5]. То есть, развитие личности происходит в определенной последовательности через разрешение возрастных кризисов в социальном контексте. Особую значимость для нашего исследования имеют пятая стадия (юность идентичность против смешения ролей) и шестая стадия (ранняя взрослость против изоляции). Первичные профессиональные представления, часто основанные на идеализированных образах, формируются на этапе юности. В ранней взрослости происходит более реалистичная оценка профессиональных требований и собственных возможностей.

Современные исследования выделяют несколько ключевых компонентов образа психолога (по мнению Е.С. Кузьмина) [6]:

- Профессиональные качества: компетентность, ответственность, владение методами диагностики и коррекции;
- Личностные характеристики: эмпатия, толерантность, стрессоустойчивость;
- Этические нормы: гуманизм, уважение к личности [7];
- Коммуникативные характеристики: ясная подача информации, способность установить контакт.

Образ психолога многокомпонентный и отражает как личностные, так и профессиональные стороны [8].

В контексте казахстанских исследований профессиональной идентичности особого внимания заслуживают работы Рахимжановой Н.А. и Турсунгожиновой Г.С., активно разрабатывающие данную проблематику в национальном контексте [9]. Результаты исследований показали, что развитие психологической культуры студентов выступает важным условием формирования целостного образа психолога. Высокий уровень психологической культуры характеризуется гуманистической направленностью межличностных отношений и самоотношения, развитыми навыками саморегуляции и способностью к конструктивному взаимодействию, что выступает детерминантой формирования профессиональной идентичности в процессе профессионального становления специалиста.

Анализ особенностей восприятия профессии психолога на различных этапах профессионального развития выявляет существенные различия в структуре профессиональных представлений. Молодые люди (студенты бакалавриата) чаще воспринимают профессию через призму массовой культуры и социальных стереотипов. В их представлении психолог ассоциируется с помощником в трудных ситуациях, иногда с образом «друга и советчика», что отражает поверхностное понимание профессиональной специфики деятельности психолога.

В то же время лица зрелого возраста (магистранты, докторанты, практикующие специалисты) демонстрируют более дифференцированное и профессиональное понимание, акцентируя внимание на компетентности, этических принципах и научной основе практики. Данная трансформация профессиональных представлений свидетельствует о динамическом характере формирования профессиональной идентичности и подтверждает значимость целенаправленного развития психологической культуры на всех этапах профессионального становления специалиста [10].

Проведенный теоретический анализ научной литературы позволяет сделать следующие выводы относительно особенностей формирования образа психолога у лиц молодого и зрелого возраста.

Во-первых, установлено, что «образ психолога» представляет собой многомерное социально-психологическое образование, включающее профессиональные качества, личностные характеристики, этические нормы и коммуникативные компетенции. Данная структура подтверждает сложность и многокомпонентность профессионального образа, который формируется под влиянием как когнитивных, так и аффективных факторов.

Во-вторых, выявлены существенные возрастные различия в восприятии профессии психолога. Представители молодого возраста склонны к формированию образа психолога на основе социальных стереотипов и представлений массовой культуры, что приводит к упрощенному пониманию профессиональной деятельности. Лица зрелого возраста демонстрируют более глубокое и дифференцированное представление о профессии, основанное на понимании научных основ психологической практики и профессиональных компетенций.

В-третьих, подтверждена ключевая роль психологической культуры в процессе формирования профессиональной идентичности будущих специалистов. Развитие гуманистической направленности, навыков

саморегуляции и конструктивного взаимодействия становится основой для формирования адекватного и целостного образа психолога.

Полученные результаты имеют практическое значение для совершенствования образовательных программ подготовки психологов в условиях Казахстана, поскольку указывают на необходимость дифференцированного подхода к формированию профессиональной идентичности на различных этапах профессионального становления. Понимание возрастных особенностей восприятия профессии может способствовать более эффективной организации профориентационной работы и повышению качества профессиональной подготовки специалистов-психологов.

Список использованной литературы

1.Бодалев А. А. Личность и общение. — 2-е изд. — М. : Международная педагогическая академия, 1995. — 328 с.

2.Нечаев Н. Н. Л.С. Выготский: Читая заново. Часть 1 // Культурно-историческая психология. — 2024. — Т. 20, № 3. — С. 12–26. DOI: 10.17759/chp.2024200302.

Режим доступа: https://www.researchgate.net/publication/383804004_LS_Vygotsky_Reading_Anew_Part_1 (дата обращения: 20.08.2025).

3. Брунер Дж. С. Актуальные умы, возможные миры. — Кембридж, Массачусетс : Изд-во Гарвардского университета, 1986.

4.Черри К. Стадии развития Эриксона: более подробный взгляд на восемь психосоциальных стадий // Verywell Mind. — 02.05.2024.

Режим доступа :https://www.verywellmind.com/erik-eriksons-stages-of-psychosocial-development-2795740 (дата обращения: 20.08.2025).

5. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис / пер. с англ.; под ред. А. В. Толстых. — 2-е изд. — М. : Флинта ; МПСИ ; Прогресс, 2006. — 352 с. — (Библиотека зарубежной психологии).

6. Кузьмин Е. С. Основы социальной психологии: избранные труды / сост. и ред. А. Л. Журавлев, Л. Г. Почебут. — М. : Институт психологии РАН, 2021. — 580 с.

7.Кузьмина Е. С., Семёнов В. Е. Методы социальной психологии : учеб. пособие. — Л. : Изд-во Ленинградского ун-та, 1977.

8.Кузьмина Н. В., Жаринова Е. Н. Е. С. Кузьмин — создатель кафедры, специализации по социальной психологии и продуктивной подготовки будущих специалистов // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 16. Психология. Педагогика. — 2011. — № 4. — С. 38–47.

9. Жунусова Е.К., Турсунгожинова Г.С., Кабдуалиева А.Ж. Формирование социальной компетенции будущих педагогов-психологов // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. — 2017. — Т. 58, № 3.

Режим доступа: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/645 (дата обращения: 20.08.2025).

10.Сагнаева Т., Аймаганбетова О. Изучение развития готовности к профессиональной деятельности у студентов-психологов // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. — 2014. — Т. 49, № 2.

Режим доступа: https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/332 (дата обращения 20.08.2025)

ӘОЖ 376

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алпысбай А.Р., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Айтжанова Р.М., Е академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Мейрамова Б.Б., Қарағанды облысы білім басқармасының «Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, мұғалім-дефектолог, Қарағанды қ., Қазақстан

Отбасы – адамдық мінез-құлықтың қайнар көзі мен үлгісі болып табылады. Бала ерте жастан бастап ата-анасының іс-әрекеттерін қайталайды және өзіне тән балалық, кейінірек ересектік мәселелерін шешуде отбасында қабылданған мінез-құлық үлгілерін пайдаланады. Баланы тәрбиелеудің басты мақсаты – оны қоғамның толыққанды, саналы және белсенді мүшесі етіп қалыптастыру. Дегенмен, кей жағдайда баланың дамуындағы қалыпты жол қолжетімсіз болуы мүмкін, сондықтан арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдану қажеттігі туындайды.

Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің өзекті әрі ең көп талқыланатын мәселелерінің бірі – ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалардың білім алуы. Мұндай балалар ұғымы бүгінгі қоғам үшін жаңа ұғым емес. ЕБҚ бар балалар – білімді қалыпты жағдайда алуға мүмкіндігі шектеулі, ерекше білім алу жолын қажет ететін балалар.

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар бала» ұғымы ғылыми әдебиеттерде «денсаулығында шектеуі бар бала» терминіне балама ретінде қолданылады. Бұл терминдердің енгізілуі – «аномальды балалар», «дамуында бұзылыстары бар балалар», «ауытқушылығы бар балалар» сияқты кемсітушілік сипаты бар түсініктерді ығыстыру қажеттілігінен туындады. Л.С. Выготскийдің [2] мына пікірі ерекше мәнге ие: *«Мұндай балаларды жеке топтарға бөліп оқшауламай, оларды басқа балалармен мүмкіндігінше кеңірек араластыру маңызды».* Бұл ой инклюзивті білім берудің тұжырымдамалық негізін ашып береді.

Соңғы жылдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың саны артты. Мұндай отбасылар күрделі жағдайға тап болады. Инклюзивті тәжірибенің негізгі бағыттарының бірі – осындай отбасыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – педагогикалық үрдістің құрамдас бөліктеріне жүйеленген, кешенді педагогикалық әсерлерді білдіретін, білім беру субъектісіне оның мәселесін шешуде көмек пен қолдау көрсетудің үздіксіз процесі.

Авторлар А.В. Меренков, Е.А. Калягина, С.В. Рослякова, Н.О. Яковлева, А.Н. Шалкиналардың ғылыми жарияланымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық пен әлеуметтік-педагогикалық қолдау ұғымдары қарастырылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасына қолдау көрсету – отбасының түзету әлеуетін жандандыруға, оның тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекеттер жүйесін қамтиды [8]. Бұл баланың қажеттіліктеріне сәйкес келетін тәрбие стратегияларын қалыптастыруға және жүзеге асыруға, сонымен бірге ата-аналардың сындарлы көзқарасы мен қарым-қатынасын орнықтыруға мүмкіндік береді. Қолдау технологиясы білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып, ерекше қажеттілігі бар балалардың толыққанды дамуына жағдай жасайды [5]. Мұндай ата-аналармен жұмыс олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға бағытталған тәрбиелеу мен даму мәселелері бойынша іс-шараларды қамтиды [4].

О.И. Байдарованың пікірінше, отбасыға көбірек көмек көрсету үшін білім беру ұйымы мамандары мен ата-аналардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету қажет. Мұндай ынтымақтастық барысында отбасының нақты сұранысы қарастырылып, жұмыс бағыттарының басымдықтары бірлесе таңдалады [1].

А.А. Чурсина мен О.А. Жилкина педагог-психологтың ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен жұмысындағы негізгі міндеттерді айқындайды:

1. ата-аналарды бала тәрбиесі мен үй жағдайында оқыту тәсілдерімен, әдістерімен қамтамасыз ету;
2. ата-аналардың балаға деген адекватты көзқарасын қалыптастыру, белсенді ата-аналық ұстанымды дамыту;
3. ата-аналарды білім беру процесіне толыққанды қатысушы ретінде тарту, оларды сынып пен мектеп өміріне араластыру;
4. ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту, олардың нақты қажеттіліктерін зерттеу [10, 384-б.].

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың екі бағыты ерекшеленеді:

1. Өзекті қолдау – балада немесе оның отбасында туындаған мәселелерді шешуге бағытталған;
2. Перспективті қолдау – балалардың оқу және дамуындағы ауытқулардың, сондай-ақ отбасылық және әлеуметтік қарым-қатынастардағы қиындықтардың алдын алуға бағытталған [8, 28-б.].

С.В. Алехина, М.М. Семаго және басқа авторлар ата-аналармен жұмысты тиімді жүргізу үшін оларды баланы қолдау процесінің барлық кезеңіне қатыстыру қажеттігін атап көрсетеді. Ғалымдар келесі кезеңдерді бөледі:

1. Диагностикалық кезең – баланың өмір сүріп отырған жағдайының жас ерекшеліктеріне сәйкестігін анықтау; отбасындағы атмосфера мен қарым-қатынастарды тұрақсыздандыратын себептерді айқындау; даму ерекшелігі бар баланың гармониялық дамуына ықпал ететін немесе кедергі келтіретін факторларды талдау; тиімсіз тәрбие модельдері мен деструктивті қарым-қатынас формаларын анықтау.
2. Ақпараттық кезең – ата-аналарды білім беру процесіндегі барлық қатысушыларды сүйемелдеудің жалпы контекстінде ақпараттандыру.
3. Ағартушылық кезең – ерекше қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері бойынша ата-аналарды ағарту. Бұл жұмыс жоспарланған іс-шаралар (жиналыстардағы мамандардың баяндамалары, жеке немесе топтық кеңестер, тренингтер) арқылы да, сондай-ақ ақпараттық бұрыштар, парақшалар, білім беру ұйымының ресми сайтындағы материалдар арқылы да жүзеге асады. Негізгі мақсат – ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын арттыру.
4. Қатыстыру кезеңі – ата-аналарды мектептегі және сыныптағы іс-шараларға белсенді қатыстыру.
5. Практикалық кезең – осыған дейін қалыптасқан бала-ата-ана қауымдастығы аясында ата-аналардың өз баласының жетістіктеріне, балалар арасындағы өзара қарым-қатынастарға және ұжымдық дамуға қатысты көзқарастарының орнығуы.
6. Аналитикалық кезең – қорытындылау, қол жеткізілген нәтижелерді талдау, бірлескен жұмыстың тиімділігін бағалау және инклюзивті тәжірибені одан әрі дамытуға арналған болашақ жоспарларды айқындау [7].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баласы бар отбасына психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызды бағыты – ата-аналар мен балаға кеңес беру. В.В. Ткачеваның пікірінше, кеңес беру мынадай кезеңдерден тұрады:

1. Танысу – байланыс орнату, сенім мен өзара түсіністіктің қажетті деңгейіне жету;
2. Мәселені анықтау – ата-аналардың немесе олардың орнын басатын адамдардың айтуы бойынша отбасы мәселелерін айқындау, бастапқы тұтас көзқарас қалыптастыру;
3. Диагностика – баланың интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктерін бағалау үшін баланы әңгімелесу мен тексеруге тарту, белгілі бір бағдарлама бойынша оқуға мүмкіндігін болжау;
4. Тәрбие моделін талдау – ата-аналардың қолданатын тәрбие тәсілдері мен олардың жеке ерекшеліктерін айқындау;
5. Диагностикалық нәтижелерді бағалау – нақты мәселелерді анықтау және ата-аналармен бірге талқылау, олардың назарын ең маңызды аспектілерге аудару;
6. Шешу жолдарын анықтау – отбасындағы мәселелерді шешудің нақты әдістерін белгілеу;
7. Қорытынды кезең – жүргізілген жұмысты қорыту, педагог-психологтың көмегімен отбасы мүшелерінің мәселені дұрыс түсінуін бекіту [9, 62-65 б.].

Ата-аналармен жұмыстың қажеттілігіне тоқталсақ, ЕБҚ бар баласы бар отбасының күнделікті өмірі басқа отбасыларға қарағанда әлдеқайда күрделі. Бала туу – әрқашан ата-аналар үшін қуанышты оқиға. Дегенмен, дені сау бала туған жағдайда бұл қуаныш басым болса, дамуында ерекшеліктері бар баланың дүниеге келуі ата-аналар үшін ауыр сынақ болып саналады. Мұндай жағдайда ата-аналардың реакциясы әртүрлі, алайда көп жағдайда оларды күйзеліс, дағдарыс, психологиялық күйреу сезімі билейді.

Зерттеуші Л.М. Колпакова [3] атап өткендей, ата-аналар көбінесе баланың денсаулығы мен емделу мәселелеріне назар аударады, бірақ оның ішкі жан дүниесімен, қарым-қатынас қажеттіліктерімен байланысты мәселелерге мән бере бермейді.

Ғалымдар Иванова Е.В., Ткачева В.В. [9] ЕБҚ бар бала отбасыларының ерекшеліктерін үш деңгейде қарастырады:

1.Соматикалық деңгей – ата-аналар созылмалы күйзелістің әсерінен шаршау, ұйқысыздық, бас ауруы сияқты психосоматикалық мәселелерге ұшырайды.

2.Әлеуметтік деңгей – мұндай отбасылар қоғамнан оқшауланып, әлеуметтік байланыстарын шектейді, кейде ұялу, кінә сезімдерін бастан кешіреді.

3.Психологиялық деңгей – отбасындағы қарым-қатынастардың бұзылуы, күйзеліс, эмоционалдық қажу байқалады. Бұл баланың тұлғалық дамуына да теріс әсерін тигізеді.

Зерттеу негізінде ұсынылған психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасы ата-аналардың балаға деген көзқарасын, отбасы ішіндегі қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған. Қолдау бағдарламасының мазмұнында:

- балаға диагностика жүргізу;
- ата-аналарға кеңес беру;
- психокоррекциялық тренингтер;
- ата-аналарға арналған дөңгелек үстелдер;
- ПМПК-ға жолдама беру;
- баланың жеке білім беру маршрутын жасау қарастырылған.

Ата-аналарға арналған психологиялық қолдау бағдарламасы оларға баланы қалыпты бала ретінде қабылдауға, отбасылық өмірді толыққанды ұйымдастыруға көмектеседі.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеуші ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес, арнайы педагогтердің (дефектолог, логопед, тифлопедагог, сурдопедагог және т.б.) педагогикалық көмек көрсетуі, оның ішінде телефон арқылы, интернет желісі арқылы қашықтықтан кеңес беру; ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеу және іске асыру; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қоғамға табысты бейімделуі және оңалтуы үшін білікті мамандардың жеке тұлғаны дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуі; қолдаудың тиімділігін талдау, қажет болған жағдайда әзірленген бағдарламаға толықтырулар мен өзгерістер енгізу; ата-аналардың өзін-өзі оң бағалауын қалыптастыру; өзін-өзі талдау және психологиялық кедергілерді жеңу дағдыларын дамыту; ата-ана мен бала қарым-қатынасын дамыту.

Қазіргі уақытта ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны айтарлықтай өсті, бұл оларға және оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға көмекке мұқтаждықтың артқанын білдіреді. «Ерекше балалары» бар отбасымен жұмыс істеуге гуманистік көзқараспен қарау керек, жан-жақты психологиялық және педагогикалық көмек қажет, ата-аналар баланы өмірге белсенді дайындауға, баланың болашағына қатысты ойлау қабілетін дамытуға, оның дамуының тиімді жағдайларын қалыптастыруға бағытталуы керек.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың отбасын қолдаудың екі жақты мақсаты бар: бір жағынан, олардың тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруда ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасау, екінші жағынан, отбасымен жұмыс істеу баланың әлеуметтенуден сәтті өтуіне көмектесу үшін қажет. Сонымен бірге балаға көмек көрсетудің мазмұны көбінесе ата-аналармен жұмыстың бағытын анықтайды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету жүйесі - ол оның жанұясында ерекше қажеттіліктері бар баланың жан-жақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық шаралар болып табылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау үрдісі әрқашан өзекті болатыны анық, өйткені ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың өмірі ересектерден ерекше көзқарасты талап етеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баласы бар отбасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету – бұл отбасының түзеу ресурстарын жаңартуға, оның жұмыс істеуінің тиімділігін қамтамасыз етуге, әсіресе білім беруде ерекше қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеу мен дамытуға байланысты дағдарыстар кезеңіндегі қызмет, бұл түзету-дамыту кеңістігінде баланың жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкес барлық мүмкіндіктерін жасауға, ата-ананың оған деген сындарлы қарым-қатынасы мен ұстанымына негізделген баланың қажеттіліктеріне сәйкес келетін тәрбие стратегияларын қалыптастыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылармен мазмұнды жұмыстың жоғары сапасын қамтамасыз етеді және ата-аналардың тәрбие мен даму мәселелеріндегі белсенді ұстанымын нығайтуға ықпал етеді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың отбасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үрдісі мамандардың, педагогтардың және баланың отбасының тығыз әрекеттестігіне негізделген күрделі көп деңгейлі динамикалық процесс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Байдарова О.И. Социальное сопровождение семей, воспитывающих детей-инвалидов и детей с ОВЗ // Модель системы комплексного сопровождения инклюзивных форм обучения и воспитания детей-инвалидов и детей

с ограниченными возможностями здлровья: Сборник материалов Всероссийской научно-практической конференции (27-28 ноября 2014 года) / под науч. ред. Т.В. Машаровой, С.В. Алёхиной, И.А. Крестининой; ИРО Кировской области. – Киров: ООО «Типография «Старая Вятка», 2014. – 577 б.

2 Выготский Л.С. Основы дефектологии Текст. / Л.С. Выготский.- СПб.: Лань, 2003. 654 б.

3 Колпакова Л.М. Особенности психологического климата в семье ребенка-инвалида. // Материалы III Всероссийского съезда психологов. СПб.:СПбГУ, 2003. - Т. 4. С. 326-329 б.

4 Организация и психолого-педагогическое сопровождение инклюзивного обучения: метод.рекомендации / сост. И.Ф. Сибгатуллина. - Казань, 2017. - 43 б.

5 Посысоев Н.Н. Психолого-педагогическое сопровождение семей, имеющих детей с ограниченными возможностями здоровья; ГОАУ ЯО ИРО. - Ярославль, 2011. - 76 б.

Похоже, что сама жизнь вела его к данному выбору. Литература и наука – эти две стихии, где правит бал творчество, с детских лет стали привлекать его. Он много читал. «Отличался хорошим знанием русского языка, казахским владел также великолепно. Сверстники нарекли его вундеркиндом и эрудитом» [1]. Столь серьезное отношение к учебе во многом явилось следствием того, что в средней Марьевской школе преподавали высоко профессиональные учителя. А после девятого класса, в 1941 году, из-за болезни отца, пришлось прервать учёбу и поступить на работу. В 1942 году отец умер. Семья потеряла главного кормильца. Шла война. Евнею Арстановичу пришлось пойти работать. Учителя ушли на фронт. К преподаванию в сельских школах повсеместно привлекали лучших старших учеников. Работал учителем русского языка и литературы в старших классах. Одновременно приходилось вести уроки географии, истории, физики, математики, химии, исполнял обязанности завуча [2].

Степень его зрелости не по годам проявилась и при выборе дальнейшего образования. Мечте о филологическом факультете университета он предпочел Казахский горно-металлургический институт (КазГМИ). И здесь, пожалуй, вполне можно согласиться с мнением о том, что «Когда Евней Букетов отправился из Баганаты на учебу, он твердо знал кем завтра станет. Его ссылки в автобиографической книге на повышенную стипендию в КазГМИ как решающий фактор в выборе будущей профессии – правдивы лишь отчасти» [3, 83].

Уже этот отрезок жизни свидетельствует о многом. Он проявил способность самостоятельно принимать серьезные и взвешенные решения, касающиеся перспектив своей дальнейшей будущей деятельности. Это, пожалуй, сыграло немаловажную роль тогда, когда наметился совершенно новый вектор в его будущей жизни. Следует особо подчеркнуть, что с 1945 до начала 60-х годов его жизнь была тесно связана с КазГМИ. Здесь в студенческие и аспирантские годы в полной мере проявились его творческие способности к научно-исследовательской и преподавательской деятельности. О чем наглядно свидетельствуют и ученая степень кандидата технических наук в области цветных и драгоценных металлов. И с августа 1958 по февраль 1960 года – работа в должности заместителя директора КазГМИ по учебной работе [1].

Но судьбоносность его встречи с Президентом национальной Академии наук Канышем Сатпаевым привела к тому, что вся его дальнейшая жизнь оказалась связана с Карагандой. Действительно, если человек талантлив, то он талантлив если не во всем, то уж, несомненно, талантлив во многом! В его жизни, на смену вузовскому, приходит новый – академический этап. Работа руководителем химико-металлургического института Академии наук Казахской ССР свидетельствует о дальнейшем проявлении новых граней его таланта.

Открывающаяся масштабность нового поля деятельности требовала выхода на стратегический уровень организации процесса поиска и постановки научных проблем. И, конечно же, в решении возникающих при этом всевозможного рода творческих задач. Как отмечает близко знавший его Виталий Павлович Малышев: – «Евней Арстанович, как директор ХМИ, сразу приступил к созданию единой научной школы. Им устанавливаются тесные научные связи с МГУ имени Ломоносова, с его ведущими учеными, академиками А.В. Новоселовой, В.И. Спицыным» [2]. Здесь следует обратить внимание на то, что они были корифеями, прежде всего, в области общей и неорганической химии, радиохимии. Выход металлургии на тесную связь с неорганической химией – это ли не наглядное свидетельство демонстрации междисциплинарного подхода в сфере горно-металлургического производства! Что наглядно свидетельствует о проявлении широты мировоззренческого кругозора Евнея Арстановича.

При этом В. П. Малышев обращает внимание и еще на одну грань организаторского таланта Е.А. Букетова. Это обязательность неразрывность взаимосвязи между теорией и практикой. В ХМИ «главный упор делался на то, чтобы каждая работа, направленная на практику, была фундаментальным образом проработана, с точки зрения современной теории и на уровне современных научных стандартов» [2]. Естественно, при этом часто приходилось идти даже в чем-то на риск. Но трудности, вернее поиски путей и способов их преодоления на пути взаимосвязи науки и производства для него были не впервой. Ведь они являлись для Евнея Арстановича, с самого раннего детства, своего рода, «родной стихией». И здесь проявлялась еще одна немаловажная черта его характера. Сегодня в системе управления, практически на всех ее уровнях, среди функционеров все больше доминирующее положение занимает принцип: – «Лучше ошибаться в компании, чем быть правым в одиночку». Евней Арстанович был явно не из их числа!

И, как следствие, 1966 год – защита докторской диссертации, 1969 год –лауреат Государственной премии СССР, с 1970 года член-корреспондент, а с 1975 года — действительный член (академик) Академии наук Казахской ССР. Но, даже все это, похоже, не остановило Евнея Арстановича в 1972 году от очередной резкой смены вектора в его профессиональной деятельности.

Но, похоже, причиной тому послужила одна из важнейших мотивационных причин. И зрела она довольно давно. Сама жажда к приобретению новых знаний. В дальнейшем, опыт работы в школах, преподавая ученикам различные предметы школьной программы, тоже не пропадал даром. На него наслаивался и опыт, связанный с подготовкой инженерных кадров в КазГМИ. И, конечно же, его глубокий аналитический склад ума при работе ХМИ,

особенно при подготовке кандидатов и докторов наук. Он не мог не заметить такую закономерность, что одна и та же образовательная, как школьная, так и вузовская программа осваивается разными обучающимися не одинаково. И это вполне закономерно. Но вот подготовка ученых высшей квалификации не может быть эффективной без опоры на фундаментальные вузовские знания. И этому во многом могло способствовать только университетское образование.

Чтобы понять это в должной мере, здесь необходимо обратиться к истокам формирования университетов как «феномена» в сфере высшего образования. В понятийном отношении к названию «университет» больше всего подходит понятие «универсум» [лат. universum] – всеобщее, вселенная. В первых университетах Западной Европы обучение в университете осуществлялось по греческой модели. Там молодой эллин, для вступления в сообщество взрослого населения города-полиса, был обязан освоить 7 видов искусств: грамматику, логику, риторику, арифметику, геометрию, астрономию и музыку. В первых западноевропейских университетах эта модель, под влиянием условий Средневековья, была поделена на два этапа. На первом из них, за 3-4 года, студиозус должен был овладеть тривиумом (от лат. trivium — трио, тройка) грамматика, логика, риторика) [4]. На втором этапе обучение проходило уже на высших факультетах. При этом здесь между ними тоже определялась четкая сущностная качественная градация. В этом отношении показательным примером может служить история возникновения Парижского университета.

Он возник около 1150 года на базе трех монастырско-церковных школ как корпорация, связанная с соборной школой Нотр-Дам-де-Пари. Этими базовыми школами являлись: теологическая, юридическая и медицинская. Сам состав и их логическая последовательность, по значимости между собой, определялись господством духовной (религиозной) над всеми остальными сторонами общественной жизни. Поэтому в университете основное образование (Studium generale) (Общее исследование) велось на основе учета триединства «души», «разума» и «тела». [4]. Поэтому вовсе не случайно со временем необходимым атрибутом классического университета стало обязательное наличие в нем, в первую очередь, таких факультетов, как теологический (в последствии теософский, философский), юридический и медицинский. А вот включение в структуру университета других факультетов, в последующем стал определяться названием наук гуманитарного и естественно-научного профиля.

Мировоззренческая направленность в исследованиях и их фундаментальный характер в учебных заведениях подобного типа были связаны с поиском истины в данных, предельно всеобщих сферах познания. Вот почему и применяемая при этом методология, равно как и достигаемые при этом результаты исследований стали служить своеобразным научным ориентиром для многих последующих поколений университетов. Ведь понятие классика (от лат. classicus — образцовый, первоклассный) подразумевает собой образец, представляющий собой не временную, сиюминутную, а действительно длительно непреходящую ценность.

Этим, пожалуй, и объясняется тот факт, что только обязательное наличие в образовательных программах подобного вуза сочетания данного триединства: 1) широкого мировоззренческого кругозора, 2) системного понимания характера нормативно-правового обеспечения жизни общества и 3) природосообразной сущности жизни живого, давало ему право, не только по названию, но и по сути, действительно называться университетом.

Видимо, совсем не случайно, в своей книге Сарсеке Медеу уделяет особое внимание одному из высказываний Евнея Арстановича, подчеркивающего значимость именно данного атрибутивного качества подлинного университета. Оно касается его мнения в ситуации по поводу услышанного от первого секретаря Карагандинского обкома партии сведения об открытии в Караганде государственного университета. «…я могу сказать одно, страна, в которой есть хотя бы один университет – уже просвещенная страна, а если в стране несколько университетов – это уже страна высокой науки и культуры…» [3, 339].

Похоже, что подобное стратегическое видение перспектив развития будущего только еще создаваемого университета не могло не повлиять на то, что первые руководители Караганды были сильно заинтересованы в том, чтобы заполучить на должность ректора именно такого человека, как Е.А. Букетов. Человек с такими достижениями на научном поприще, пользующийся уважением и поддержкой президента Академии наук Казахской ССР, побывавший лично на приеме у президента АН СССР, приглашенный для беседы с зампредом Совмина СССР, в перспективе, обладал большим потенциалом возможностей, которые можно было бы использовать и самим руководством области. Не масштаб ли подобного рода потенциала, сконцентрированный в одном человеке, который так стремительно и успешно стал реализовываться им на практике, оказался столь опасным для отдельных представителей руководства, как республиканского, так и регионального уровней?

Дав согласие стать ректором, Евнею Арстановичу, несомненно, пригодился весь накопленный им до этого опыт, для решения возникавших при этом новых трудностей и проблем. Поэтому вовсе не случайно академик З.М. Мулдахметов, приемник Е.А. Букетова на посту ректора КарГУ, отмечал: – «Надо было от стандартов пединститута осуществить переход к уровню классического университетского образования. Для этого, естественно, нужно было, во-первых, изменить коллективное мышление через подготовку педагогов новой формации, соответствующих идеям великого Гумбольдта, способных обеспечить на практике его принцип – обучение через науку» [5].

Системообразующей основой данного перехода должно было послужить формирование совсем иной структуры вуза, соответствующей уже, по сути, званию университета. В структуре вновь создаваемого университета появились новые факультеты именно университетского профиля: юридический и экономический. В дополнение к ним были определены факультеты, появлению которых послужило простое разделение ранее существовавших институтских факультетов. На этих факультетах был взят курс на открытие новых кафедр, на которые осуществлялся прием уже тоже остепененных преподавателей.

В дополнение к этому, предполагался значительный упор сделать на совершенствование преподавания философско-мировоззренческих дисциплин соответствующих кафедр. Для ряда факультетов обязательным стало

преподавание такой, чисто философской дисциплины, как логика. И это было вовсе не случайно. Ведь для поступления в аспирантуру претендентам необходимо было, в числе других, сдавать экзамен по философии. А перед защитой любой диссертант был обязан сдать экзамен по философии в объеме кандидатского минимума. И что характерно, никто при этом, в то время, даже и не помышлял претендовать на статус философа в своей научной сфере. К сожалению, сегодня данная дисциплина постепенно предана забвению.

Естественно, сам процесс обучения в новом вузе должен был осуществляться по новым образовательным программам университетского типа. Что само собой, с одной стороны, определяло совершенно иной качественный уровень в подготовке конкретных специалистах в различных отраслях их дальнейшей профессиональной деятельности. С другой стороны, их качественная фундаментальная подготовка «через науку», способствовала бы тому, чтобы делать страну не только «просвещенной», но и действительно «страной высокой науки и культуры».

Но чтобы обучаемые стали высокообразованными специалистами в сфере своей будущей деятельности, в первую очередь, сами обучающие уже должны быть способными для осуществления этого на практике. И на первых порах это были остепененные специалисты, лично приглашенные ректором из Алма-Аты и других городов Советского Союза. И он брал на себя решение жилищных бытовых и иного рода вопросов, связанных с их обустройством на новом месте.

Одновременно стратегическая перспектива развития университета стала осуществляться и через приглашение его ректором на работу молодых выпускников университетов и других ведущих вузов страны. Ведь все те, кто учился в различных высших учебных заведениях Москвы, Ленинграда, Киева, Свердловска, Алма-Аты других городов, несомненно уже имели определенный опыт прожитой ими самими студенческой жизни. И обязательное при этом персональное собеседование с каждым из них всегда сопровождалось обсуждением перспектив их дальнейшего профессионального роста в стенах нового учебного заведения университетского типа. Ректор, фактически во всем, стремился способствовать осуществлению этих перспектив на практике.

Естественно, что подобное же отношение к научному росту проявлялось и к штатным преподавателям бывшего педагогического института. И тут, конечно же, далеко не последнюю роль личный авторитет Евнея Арстановича в научном мире. Вряд ли можно будет назвать ведущий вуз, научную или производственную структуру на территории СССР, имевших непосредственное отношение к подготовке остепененных научных и педагогических кадров, которые отказали бы ему в решении подобного рода вопросов.

Одновременно с этим, университет, чтобы стать действительно храмом науки, должен был непременно соответствовать месту своего расположения. Имея при этом: соответствующие административный и учебные корпуса, с наличием в них учебных классов и научных лабораторий, оснащенные должным образом; студенческие общежития более комфортного типа; свой дворец студентов; свою библиотеку и еще много, много чего другого.

И вот тут то опять пригодился опыт ректора как умелого хозяйственника и строителя. Самые первые макеты будущего размещения университета уже поражали величием отражаемых в них замыслов ректора. Большая же часть того, чем на сегодня располагает университет, это все то, что возводилось под пристальным вниманием и с непосредственным участием самого Евнея Арстановича.

Все отмеченное выше в довольно непростых условиях созидалось с одной целью – служить подготовке молодых высокообразованных специалистов, в которых нуждалась действительно вся страна. А это не могло не служить мощным мотивационным стимулом для привлечения молодежи, и не только в пределах области, для желания учиться в стенах вуза нового типа. Поэтому забота о будущем университетской студенческой молодежи являлась тем системообразующим основанием, который определял многоплановый вектор деятельности ректора, не лишенной непредвиденных проблем и в чем-то даже риска.

В одном из своих наставлений первокурсникам он отмечал: – «Нашему студенчеству необходимо интенсивно и целеустремленно приобретать знания и подходить к этому творчески, то есть так, чтобы каждый из вас и в будущем, и сейчас к этим знаниям мог прибавить новые знания, новые истины» [3, 352].

Конечно же, многое в этой деятельности, как отдельными членами самого коллектива вуза, в котором происходило подобное обустройство практически всех сфер его жизни, так и некоторыми представителями различных партийных, государственных и иных видов властных структур, воспринималось далеко не однозначно. Что нередко служило весьма удобным поводом для всевозможного рода «сигналов наверх», и даже зачастую чисто клеветнического характера. А последствия этого, похоже, сыграли далеко не последнюю роль в том, чем все это завершилось!

В начале 1980-го года, под грузом в открытую проявляемой несправедливости, он был вынужден написать заявление об уходе с поста руководителя вуза, которому было отдано столько сил, энергии и здоровья. Что, вне всякого сомнения, значительно ускорило его смерть в 58 лет…

Список использованной литературы

1. Корифей науки и образования | Казахстанская правда https://kazpravda.kz/n/korifey-nauki-i-obrazovaniya/
2. Биография Е.А.Видио Букетова.YouTube›
3. Евней Букетов /Медеу Сарсеке. – М.: Молодая гвардия. 2007 – 605 с. ИЛ.– (Жизнь замечательных людей: сер. биогр.; вып.1092)
4. Университет — Рувики: Интернет-энциклопеди
https://ru.ruwiki.ru/wiki/Университет
5. Академик Евней Арстанович Букетов: грани таланта.

ӘОЖ 94:316.477(574)

ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВ ТҰЛҒАТАНУШЫ

Бейсенбекова Н.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Жауымбай С.У., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Орынбекова Р.Ж., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Адамзат тарихының барысын ұғыну кезінде қоғамдық ортадағы тұлғаның рөлі туралы сұрақтар туындайды. Тарихты тұлғалар жасайды деген айқын шындықтан тарих философиясында табиғи және кездейсоқ қатынастар туралы маңызды проблема туындайды, бұл өз кезегінде жеке тұлғаның рөлі туралы мәселемен тығыз байланысты.

Тарихтағы тұлғаның ролі мәселесі әр ұрпақ үшін әрқашан да өзекті болып табылады. Қоғамдағы «жағдай факторынының» әсерінен үлкен топтың арасынан алға озып шыққан, бәрінен озық тұратын тұлғаны ұлттық элита деп айтуға негіз бар. Осы анықтамаға Е.А. Бөкетовтың бүкіл болмысы жауап береді. Өйткені оның, тұлға ретінде қалыптасып, ізгілік жолында еңбек етіп тағылымды ғұмыр кешуіне өмір жолында кездескен адамдардың және оқыған әдебиеттердегі тарихи тұлғалардың ықпалы өте үлкен болған. Евней Арыстанұлының дүние танымының қалыптасуында Шоқан Уалихановтың, Адольф Янушкевичтың еңбектері және өскен ортасындағы абыз ақсақалдардың батырлар туралы әңгімелері үлкен ықпалын тигізген. Соның нәтижесінде ұлы ғалымның тұлғаға байланысты тұжырымдары қалыптасып, жанында жүрген жақсы адамдарды және жас ғалымдарды тұлға ретінде бағалап қамқорлық жасай білді.

Орталық Қазақстанда (1972 жылы) жаңадан ашылған, Республикадағы екінші университетке маман кадрларды шақырып, олардың тұлға болып қалыптасуына ректор басшы ретінде барлық мүмкіншілікті жасады. Сондай қамқорлықтың арқасында ұстаз, тұлға болып қалыптасқан жандардың бірі осы мақаланың авторлары. Евней Арыстанұлының шақыруын көптеген жас мамандар қабыл алып арқа жеріне келді. Өйткені сол уақытта Евней Арыстанұлының есімі ғылымда, әдебиетте кеңінен танымал болған еді. Атақты академиктің есімінің өзі сол кездегі жастар үшін бір билік белес болып сыналатын. Сол ұлы адамның қол астында қызмет жасау, онымен тілдесіп сөйлесу, тіпті оны сыртынан көріп қалу жастар үшін керемет қуаныш, мақтаныш болды.

Е.А.Бөкетов өзінің «Грани творчество» деген еңбегінде университетке келген жас мамандардың педагог, ғалым-тұлға ретінде қалыптасып ғылымға талпыланған қадамдарын, ұсыныстарын қолдап отырғандығын жазады. Осы еңбегінде жас ғалым-педагогтардың атқарып жатқан еңбектері туралы нақты мысалдар жазып көрсеткен. Жас ұстаздардың жаңа университетте өмір жолдарын көрсету барысында олардың өмірінде өзінің үлкен ағалық қамқорлығын жасап бағыт - бағдар бергендігін айтпайды. Бірақта оның ағалық, әкелік және ұлттық ғылымға деген қамқорлығын көрген жастар еңбекті оқып отырып, оның қарапайымдылығын түсіндік.

Евней Арыстанұлының мемуарлық шығармаларында ұлы ойшылдардың, атақты ғалымдардың еңбектерінен үзінділер, қанатты сөздері жиі кездеседі. Сол арқылы автор өз елінің өткен тарихына, мәдениетіне құрметпен қарап, болашағын болжаған басқа ұлт өкілдерінің біздің тарихымыздағы ролін және тұлғалық қасиетін көрсетеді. Сондықтан да академиктің еңбектерін оқыған бүгінгі жастар, тіпті үлкен ел ағаларыда бір мезгіл ел тарихы, ұлттық мүдде, қазақ халқының болашағы жолында еңбек ету адаимның тұлғалық қасиетін танып біле алады.

Евней Арыстанұлы өз еңбегінде былай дейді: «ұлттың ғылыми жұмысы - ұлт мүддесін ойлайтын тұлғалық қасиеті бар үкіметтік биліктің қолдауымен іске асады. Сол қолдауды түсініп барлық ақыл-ой, іс-әрекетін жұмсайтын жекеленген ғалымдар, ғылыми ұйымдар ғылымды алға жетелейді. Егер екеуі саналы түрде бірлесіп, барлық күшті біріктірсе қазіргі мемлекеттің гүлденуін тездетеді». Осы ойларының бүгінгі біздің еліміздің ғылымын дамытуда өзекті екені анық. Бүгінде ел қамын ойлайтын Тұлға жаңа технологияларды дамыту, ғылымның барлық саласын өркендету және нағыз ғалымдардың ашқан жаңалықтарын қолдау үшін барлық мүмкіндіктерді жасауда.

Е.А. Бөкетовтың әмбебап тағылымын біз оның еңбектерін оқып талдау арқылы білдік. Ұлы ұстаз академик, ғалым, жазушы, аудармашы, сыншы, тұлғатанушы Қарағанды университетінің бірінші ректоры Е.А.Бөкетовпен XX ғасырдың 40-80 жылдары белсенді қызмет атқарған уақытында кездестік. Ол жылдар Қазақстан тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі болып саналады. Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталған соң, жоғарғы оқу орындарында оқыған қазақ жастарының әлеуметтік-экономикалық, тұрмыс жағдайы өте ауыр болғандығын ол өз еңбектерінде жазды. Әсіресе, «Досыма алты хат» [1] деген еңбегінде ғалым, өзінің Алматыға оқуға барар алдында ауыл ақсақалы ірі тұлғадан бата алған кезіндегі, абыз атаның «біздің руда атақты Алыпқаш батыры болды, сен соның ұрпағысың, батыр болмасаңда өзіңді ешкімге жәбірлетпе, намысыңды қорлатпа» деп бата бергенін айтады.

Алыпқаш батыр Евней Арыстанұлының бабасы. XVIII ғасырдың ортасында өмір сүрген, қазақ-қалмақ соғыстарының кезінде Абылай ханның қазақ жерін қорғау үшін күш біріктірген уақытында тарих сахнасында болған тарихи тұлға. Арғы атасының ерліктері жайлы аңыз әңгімелерді естіп өсуі Евней Арыстанұлының қоғамдық ғылымдарды жақсы көрінуіне ықпал етті.

Қазақ халқының тарихындағы негізгі шаруашылық қой малын өсіру болғандығы оның «Грани творчества» [2] атты еңбегінде жан-жақты бейнеленген. Қазақ халқының қойды бағып, өсіруде табыстарға жетуінің сырларын жазады. Өзінің жанұясындағы бауырларының мал бағудағы тәжірибелерін, жетістіктерін баяндайды. Малшылар өмірінің қиын-қыстау кезеңі, олардың көшіп-қону барысындағы өмірі жақсы бейнеленген. Сондай өмірдің бір мысалы, И.Қарақұловтың жанұясындағы 14-ші бала болып, көш барысында түйе қомында туған Ишанбай туралы еңбегінде, қазақ халқының көшпелі өмір салты жайлы қызықты тарихи материалдарды жазған.

Ишанбай Қарақұлов 1909 жылы дүниеге келген. Балаға есім берудің салт-дәстүрге, дүние танымға байланысты болатындығын білген Евней Арыстанұлы, қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарын түсіндіре жазып, баланың есімін Ишанбай болсын деп аталауының мәнін түсіндіреді. Сол баланың болашақ атақты ғалым, екі ғылым

академиясының (ҚазақССР және Қарақалпақ АССР) корреспондент мүшесі және СССР медицина ғылымының мүшесі, екі республиканың (ҚазақССР және Қарақалпақ АССР) ғылымына еңбек сіңірген қызметкері, медицина ғылымының докторы, профессор және мемлекеттік, қоғамдық қызметкер, КСРО және ҚазақССР жоғарғы кеңесінің депутаты, Совет-Үнді достастығы қоғамының министрі болатындығын көшпелі қазақтың түсіне де кірмеген еді деп жазады. Қара шаңырақта көшпелі қоғамда туып үлкен тарихи тұлғаға айналған ғалым туралы еңбегінің де тағылымы мол. Осы еңбегінде 1909 жылы қазақ даласына саяхат жасаған шетелдік Р.Карутцтің қазақ қоғамындағы көшпелі өмір салты, бақташылардың ауыр экономикалық жағдайын жаза келе, қазақ қоғамы тек көшіп-қону арқылы малын сақтап қалады, жыл бойы көшу барысында балалары туып өсіп жатады. Қазақтар өмірінде мал басты роль атқарады, тіпті олардың бір-бірімен амандасуы «Мал, жан аман ба?» деген сөзден басталады. Олардың тұрмысы өте нашар деген ой-пікірін айта отырып, бұны жазған адам өзінің көшпелі халықтан жоғары тұрғандығын білдірген, қазақ халқының болашағына сенімсіздік танытқан деп жазады. Қазақты жаман деп, менсінбей қарап, олардың рухани, адамгершілік қасиеттерін көргісі де келмейді дейді: «Дұшпан аяққа қарайды, дос басқа қарайды» деген мақаланың мәнін аша келе, Р.Крутц сияқты европалықтар менің ата-анамның қарапайым тігілген аяқ киіміне қарап олар туралы ой қорытуы жиі кездесетін оқиға еді. Алайда, дейді Евней Арыстанұлы, менің халқымның жан-дүниесін ұғатын, болашағының жарқын болатынына сенген адамдар да болды. Олар менің халқымның бетіне тура қарап, одан адамгершіліктің, тектіліктің, табиғи дарындылығын тани білді. Солардың бірі XIX ғасырда қазақ даласына келген саяси қуғындалған поляк революционері А.Янушкевич еді. Ол менің ата-бабаларым туралы былай деп жазды: «И все это ведь, думал я, слышу я своими ушами в степи, среди народа, который мир считает диким, варварским! Несколько дней тому назад я был свидетелем столкновения между двумя враждующими партиями и с удивлением рукоплескал ораторам, которые никогда и не слышали о Демосфене и Цицироне; а сегодня передо мной выступают поэты не умеющие ни читать, ни писать, однако поражающие меня своими талантами, ибо песни их так много говорят моей душе и сердцу. И это дикие варвары? И это народ, вовек предназначено быть только никчемными пастухами лишенными всякого иного будущего. О, нет! Воистину! Народ, который одарен творцом такими способностями, не может остаться чуждым цивилизации: дух ее проникнет когда-нибудь в киргизские пустыни, раздует здесь искорки света и придет время, когда кочующий сегодня номад займет почетное место среди народов, которые нинче смотрят на него сверху вниз, как высшие касты Индостана на несчастных пориев» [3]1846 жылы жазылған күнделіктегі жазбаларынан үзінді келтіре отырып талдады. Сонымен қатар орыс халқының алдыңғы қатарлы ойшылдары менің ата-бабаларымның ақылын, қабілетін бағалап оларға қараңғылықтан шығуға көмектесті деп жазады. Қазақ халқының тарихында ұлы жазушы демократ Федор Михайлович Достоевскийдің орнын көрсетіп, оның 1854 жылы 19 жасар Шоқан Уәлихановпен кездескенін жазған. Әсіресе Шоқанның Семейдегі досына жазған хатынан: «Я не мастер писать о чувствах и расположении, но думаю, что это ни к чему. Вы, конечно, знаете, как я к Вам привязан и как я Вас люблю... Омск так противен со своими сплетнями и вечными интригами, что я не на шутку думаю его оставить. Как вы думаете об этом? Посовейтуйте, Федор Михайлович, как это устроить лучше» үзінді келтіріп, оған Ф.М.Достоевскийдің керемет жауабын талдайды. Евней Арыстанұлы: «бұл хатты толғаныссыз талқылап оқу мүмкін емес. Орыстың ұлы жазушысы жас Шоқанға деген достық көңілін білдіріп қана қоймайды, осы хатта менің халқым мен орыс халқының арасындағы ұлы достықтың болатындығында көрсеткен». Содан кейін, Евней Арыстанұлы Ф.М.Достоевский хатының шындығында пайғамбарлық сөздері бар жолдарынан үзінді келтірген: «... Не великая ли цель, не святое ли дело быть чуть ли не первым из своих, который растолковал России, что такое Степь, ее значение и ваш народ относительно России, и в то же время служить своей Родине, просвещенным ходотаем за нее у русских. Вспомните, что вы первый киргиз, образованный по-еврейски вполне. Судьба же вас сделала вдобавок превосходнейшим человеком... вы первый из нашего племени, достигший образования европейского. Уже один этот случай поразителен, и сознание о нем невольно налагает на вас и обязонности». [4] Хаттағы Ф.М.Достоевскийдің ағартушылық арманы мен ғажайып ой пікірлерін ұлтымыздың тарихында Шоқан Уәлихановтың ағартушы демократ ретінде атқарған істері дәлел болды. Оның рухани мұрасын Абай жалғастырып, қазақ халқын білімге, өнер, кәсіп үйренуге шақырды. Абай заманын суреттеп жазу арқылы XIX ғ. II жартысындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелу, оқу-ағарту мәселелерінің қазақ үшін маңызды болғанын көрсетеді. Абай өз өлеңдерінде руластары оны түсінбейді деп өкінген, алайда Е.А.Бөкетов Абайдың идеясы, оқу білімге шақырған жырлары одан кейінгі жас ұрпаққа рухани азық болды деп ой қорытады. Абайдың үндеуі, үгіт насихаты тек Қазан төңкерісінен кейін ғана іске аса бастады деп жазады автор. Сонымен қатар Е.А.Бөкетовтың еңбегінде Қазақстандағы кеңес үкіметі орнағаннан кейін, қазақ жастарының оқып, білім алуға жол ашылғандығы жазылады.

Бірақта қазақ жастарының оқуы азамат соғысынан қираған шаруашылықты қалпына келтіру, аштық жылдарындағы зобалаң кезіне тап келді. Сондықтан қазақ халқының кәсібі ғалымдары кештеу қалыптасты. Соған қарамастан, бірінші ғалым – академиктер Қаныш Имантайұлы Сатпаев, Мұхтар Омарханұлы Әуезов болды. Олардың бәрі ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың алғашқы бесжылдықтар жылдарында Москва, Ленинград, Томск, Ташкентке барып, орыс тілін нашар білсе де аш, жалаңаш жүріп-ақ оқып-білім алуға ұмтылды. Осы жолдарды жаза отырып Е.А.Бөкетов Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары Қазақстанда ешқандай жоғарғы оқу орнының болмағандығын көрсетеді. Сондай жағдайда шетте жүріп білім алған қазақ жастары елге оралып, техникумдар мен жұмысшы факультеттерін, содан соң институттар ұйымдастырған кезеңді суреттеп жазды.

Академик Е.А.Бөкетовтің еңбектерінде XX ғ. 30-40 жылдарында Қазақстанға келген орыс ғалымдары Г.А.Тихонов, В.Г.Фесенков, Н.Г.Кассин, М.П.Русаков, М.И.Усанович туралы жазған. Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н..Оңдасынов Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО Ғылым Академиясының Президенті академик В.Л.Комаровпен болған сұхбатында Алматыда болашақ ғылыми орталық құру жайлы, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы айтқандарын Е.А.Бөкетовке айтып береді. Содан кейін Евней Арыстанұлы сол кездегі үкіметтің ғылымға деген қамқорлығы жайлы айта келе, Қазақстандағы Ғылым академиясының, ғылыми институттардан құрылуы

жайлы жазды. Оның еңбектерінен XX ғасырдың 30-70 жылдардағы Қазақстандағы ғылым мен білім және мәдениеттің қалыптасуы даму тарихы туралы мол ақпарат алуға болады.

Ғылымды дамыту үшін мемлекет қамқорлығын керектігін үнемі айта жүріп, XX ғасырдың 50-70 жылдарындағы Қазақстандағы тау-кен өндірісі саласында мемлекет саясатын нақты мысалдар негізінде талдап жазып қалдырды. Оның пікірінше, біздің елімізде қос құндылық –халық пен мемлекеттің жарасымды үйлесімділікпен ілгерлеуіне қажетті алғышарттары көп. Солардың бірі – ұйымдастыра басқару. Қазақстан Республикасында мемлекет тарапынан ғылымды, білімді басқарудағы жетістіктердің бірі геология саласын жетілдіру болды. Өзі химия – металлургия институтын басқара жүріп, республикада және республикадан тыс жерлерде де өткен ғылыми теориялық конференцияларға қатысып, химия ғылымы саласы бойынша ғылыми мамандардың қалыптасуына көп көңіл бөлді. Химия ғылымы саласына арналған докторлық, кандидаттық дисертацияларға ғылыми жетекші болды. Сонымен қатар ол өз еңбектерінде Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының бірі Қарағанды Мемлекеттік университетінің құрылуы, өсіп даму тарихында жан-жақты баяндаған. Ұлттық тарихымызда бүгінде ғана көңіл бөліп, тарихи тұлғалар жайлы жекелеген зерттеулер жазыла бастады. Бұл мәселені де академик Е.А.Бөкетов өткен ғасырдың 60-70 жылдарында жаза бастаған. Оның Қ.И.Сәтбаев туралы алғашқы очеркі «Промелькнувший метеор в Млечном Пути» деген атпен 1969 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланды. Бұл еңбекте ол Қаныш Сәтбаев өз елінің аспанында жарқыраған үлкен жұлдызға айналып, бүгін бізге жарқырап жарығын төгуде деп жазды. [5]

Отандық тарих ғылымында ұлт зиялылары туралы жазылған зерттеулердің жоқтығын түсіне білген де Евней Арыстанұлы Бөкетов еді. Оның ұлттық тарихымыздағы жарық жұлдыздардың бірі академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның Евней Арыстанұлына жазған хаттарынан көруге болады. Сол хаттарда Ә.Х.Марғұлан Е.А.Бөкетовке Қ.Сәтбаев туралы кітап жазу үшін көп ақыл кеңес береді. [6] Хаттардың мазмұнынан екі академик арасындағы достықты, сыйластықты көруге болады. Ұлттық тарихтың білгірі, энциклопедиялық білімнің қазынасы Әлкей Хақанұлы Марғұлан мен Евней Арыстанұлының достығы бүгінгі жас ұрпаққа зор үлгі, мақтаныш болады.

Қ.И.Сәтбаев туралы очеркінде автор Қазақстандағы ғылым академиясында үлкен ғылыми жұмыстардан басқа Қаныштың өскен ортасы, балалық шағы, ауыл тұрмысы, оның мұсылманша хат танып, қазақ-орыс шорман мектебінде оқығаны туралы жазғандары тұнып тұрған Отандық тарихтың бір бөлігі.

Академик Е.А.Бөкетовтың еңбектерінен ұлттық мәдениеттің, ғылымның қалыптасуы мен дамуында ресей ғалымдарымен ынтымақтастық жайлы көп деректер кездеседі. Ресейдің атақты ғалымдары жайлы жаза отырып, тарихтағы зиялы қауымның орны мен ролі, олардың достығы деген проблеманы көтереді. Сонымен қатар, кеңестік дәуірде қазақ тілінің шектеу көргендігін ашық жаза алмаған академик «Толковый словарь казахского языка» атты еңбекті талдай келе «біз бала кезден ақын-жыраулардың өлеңдерін естіп өстік. Абай, Жамбыл, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сияқты тұлғалардың сөйлеген әдеби қазақ тілін техника ғылымында, химия, физика саласында сөйлететін инженер, агроном, ботаниктер заманы келер» дейді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру керек екендігін ол сол заманда түсінген. Міне оның ұлылығы осыдан да көрінеді. Оның ой-арманы бүгінде тәуелсіз ел болғанда ғана іске асты. Е.А.Бөкетов жаңа оқу жылы басталған кезде, оқуға түскен жастардың алдында дәріс оқитын. Сондай дәрістердің бірінде студент жастарға кімнен үлгі-өнеге алу керектігін, ұқсауға лайық тарихи тұлғалардан кімдер бар екенін айтады. Олар: Құнанбай мен Абай, Шоқан Уәлиханов пен Қаныш Сәтбаев, Ломаносов пен Пушкин, Мұхтар Әуезов, Шахмардан Есенов, Ш.Шокин т.б. есімдерін атайды. Ол осы тарихи тұлғалардың есімдердің әрқайсысының өмір жолдарын, қалдырған рухани шығармалары және адами тұлғалық қасиеттері жайлы жазып қалдырды. Сондықтан да тарихтағы тарихи тұлғалардың және жанында жүрген жақсы адамдардың қадір-қасиетін терең түсіне білген адамдардың бірегейі академик Е.А.Бөкетов дейміз.

Е.А.Бөкетов XX ғасырдың 70 – 80-ші жылдары басшы ретіндегі әділдігін, жақсылығын, әкелік қамқорлығын және ғылым жолындағы жаңашырлық пен демеуін біздер сияқты көптеген жас мамандар көрді. Ол Алаштың нағыз тарихи тұлғалы азаматы болған еді.

Е.А. Бөкетовтың жастарға тұлға ретінде қарап қадірлегенін 1970 жылдардағы жас ұстаз бүгінгі аға буын ұстаздың мына сөзінен көруге болады: «екі ұлы ғұлама ғалым, екі академиктің маған қарап, бірі ой, батыр!, екіншісі шырақ деген сөздерін естіп жүріп ғылымға келгенімді, және екеуінің ақ батасын алып ұстаз ғалым – болғанымды Алланың сыйы деп қабылдадым. Академик Е.А.Бөкетовтен ғылым деген үлкен өмірге жолдама алып, академик Ә.Х.Марғұланның соңғы аспиранты болу бақты екінің біріне бұйырса, ол маған бұйырған екен. Осы екі ұлы ғұламалардың алдында тірісінде басымды иген едім, енді бірінің 100 жылдығы, екіншісінің 120 жылдан астам өмірімен олардың рухының алдында басымды иемін». Міне осы пікірден ұлы тұлғаның адами қасиетін ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келе жатқандығын көреміз.

Қорыта айтсақ, академик Е.А.Бөкетов тарихтың тағылымы мен сабақтарын және тұлғатанудың шебері болған. Ол бастаған химия ғылымындағы көмірден мұнай алу идеясының бүгінде Қазақстан Республикасының инновациялық даму бағдарламасымен үндес болуыда оның нағыз ғалым болғандығының дәлелі. Ұлы даланың, ұлы перзенті академик Евней Арыстанұлы Бөкетов, Күлтегін жазуында айтылғандай, «күндіз отырмастан, түнде ұйықтамастан бүгінгі өзінің есіміміен аталатын Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің іргетасын қалады, халқына қызмет етті. Ол еліне, ғылымға, білімге аянбай еңбек еткен алаштың азаматы. Республикадағы екінші университеттің бірінші Ректоры болып, уақыт талабынан шыға білді. Оны бүкіл Қазақстан халқы мойындады.

Е.А.Бөкетов негізін салған Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің бүгінгі басшылары ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, академик Е.А.Бөкетовтың ғылыми, педагогикалық, адами жолын ұстанып, ондағы қызмет атқаратын әр ұстазға тұлға ретінде қарайды. Сондықтан да университетт дүниежүзілік ғылыми қауымдастыққа танылды. Сол арқылы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті бүгінгі жастарға ғылым, оқу, тәрбие беру жайлы тәуелсіз Отанымыздың ұлттық тарихында өз орнын алуда.

Бүгінде біз дананың дархандығын бойына дарытқан, Алыпқаш батырдың ұрпағы, ұлы ғалым, тарихи тұлға Е.А.Бөкетовтың қамқорлығымен қазақ елінің ғылым деп аталатын ұлы көшіне ілесіп, ғалым, профессор атанып, «университетке еңбегі сіңген қызметкер» атағын алып Е.А.Бөкетов атымен аталатын қасиетті қара шаңырақта жас ұрпаққа білім мен тұлғалық тәрбие беріп жүрміз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
1. Бөкетов Е.А. «Шесть писем другу». – Алматы: 1989. -288 б.
2. Бөкетов Е.А. «Грани творчества» [Очерки]. –Алматы: 1977. -124 б.
3. Янушкевич А.М. «Дневники и письма из путешествий по киргизским степям». -Алматы: 1966. -125 б.
4.Бөкетов Е.А. «Грани творчества» [Очерки]. –Алматы: 1977. -124 б.

ӘОЖ 332.143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Баяндин М.А., Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан
Баяндина Г.Д., Алматы Менеджмент университеті, Алматы қ., Қазақстан
Нефтисов А.В., Astana IT University, Астана қ., Қазақстан
Куатбеков Ж.А., Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

Кіріспе. Бүгінгі күні әлемдік мәселелердің бірі ретінде күн тәртібінде тұрған маңызды сұрақтардың бірі ол – су қауіпсіздігі болып тұр. Бұл проблема көптеген елдер үшін, оның ішінде теңізге шығу мүмкіндігі жоқ және су тапшылығы бар ел болып табылатын Қазақстан Республикасы үшін де өте өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасында су тапшылығы мәселесін шешу басты тақырыптардың бірі болып табылады. Су ресурстарының шектеулілігін ескере отырып, бұл мәселе елдің ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететін компонент ретінде қарастырылады. Шекаралас жатқан басқа елдермен салыстырғанда Қазақстандағы су ресурстары шектеулі, дегенмен су тапшылығы тек бірнеше аймаққа қатысты өзекті болып табылады.

Алайда геосаяси сипатқа ие болатын су мәселесі барлық шекаралас елдерге, оның ішінде біздің елге де қатысты, себебі бүгінгі таңда біздің мемлекетіміз трансшекаралық өзендер мен су айдындарының ресурстарын пайдаланудың жаһандық мәселелеріне тап болып отыр. Қазақстанда қазірдің өзінде сегіз су бассейнінің алтауы су тапшылығын бастан кешіруде. Егер бұл мәселемен қазірден бастап айналыспаса, болашақта су тапшылығы тек күшеюі мүмкін.

Соңғы жылдары Қазақстанда су ресурстарын мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған және қажетті қаржы мен инвестицияларды бөлуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірқатар мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Сонымен қатар, ел үкіметі халықаралық қаржы қорлары мен институттарын тарту мүмкіндіктерін пайдалануда зерттеулер жүргізіліп, мамандар мен мүдделі тараптарға бірнеше шолулар жасалды [1, 9-10 б.].

Зерттеу әдістері. Қазақстан Республикасындағы су ресурстарының қазіргі жай-күйін зерттеуде қойылған міндеттерді шешу кезінде сапалы да, сандық та зерттеудің кең ауқымды ғылыми әдістері пайдаланылды, олар: статистикалық әдістер; нормативтік-құқықтық базаны талдау; құжаттар мен есептерді талдау; ғылыми талдау, сараптамалық бағалау, графикалық бейнелеу және жалпылау әдістері.

Осы әдістерді қолдану Қазақстан Республикасындағы су ресурстарының қазіргі жай-күйіне зерттеу жүргізуге және оларды орнықты басқару жөнінде негізделген ұсынымдарды әзірлеуге мүмкіндік берді деп сенеміз.

Нәтижелер және талдау. Гидрографиялық қағидат бойынша ел аумағы сегіз су шаруашылығы бассейніне бөлінген: Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл, Жайық-Каспий, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай және Шу-Талас.

Су ресурстарының негізгі көлемі 106 км^3 орташа көпжылдық көлемде жер үсті суларын қамтамасыз етеді, оның 55,7%-ы ел аумағында қалыптасады, қалған 44,3%-ы Қытай, Өзбекстан, Ресей және Қырғызстаннан трансшекаралық өзендердің ағынының арқасында құралады, бұл 1-кестеге сәйкес елдің қазіргі және әлеуетті су проблемаларын шешу үшін трансшекаралық ағындарды реттеудің маңыздылығын едәуір арттырады [2].

1-кесте – Өзен ағынының орташа көпжылдық ресурстары, км^3

№ п/п	Су шаруашылығы бассейндері	Жергілікті ресурстар	Елден тыс ағын		Жиынтық ресурстар	Елден тыс кету		
			барлығы	іргелес елдердің аумағында қалыптасқан		барлығы	қайтарымсыз	қайтарымды
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Арал-Сырдария	3,20	16,9	16,5	19,7	0,38		0,38
2	Балқаш-Алакөл	18,5	13,5	12,5	31,0	0,96		0,96
3	Ертіс	26,8	8,32	6,96	33,8	25,1	23,7	1,36

№ п/п	Су шаруашылығы бассейндері	Жерг ілікті ресу рстар	Елден тыс ағын		Жиынтық ресурстар	Елден тыс кету		
			барлығы	іргелес елдердің аумағында қалыптасқан		барлығы	қайтарымсыз	қайтарымды
1	2	3	4	5	6	7	8	9
4	Есіл	2,81			2,81	1,80	1,80	
5	Жайық-Каспий	3,39	8,86	7,87	11,3	0,99		0,99
6	Нура-Сарысу	1,30			1,30			
7	Тобыл-Торғай	1,82	0,45	0,45	2,27	0,49	0,49	
8	Шу-Талас	1,44	2,77	2,77	4,21			
ҚР бойынша барлығы		59,3	50,8	47,1	106	29,7	26,0	3,70
Ескерту – дереккөз бойынша авторлар құрастырылған [2]								

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 16-бабына сәйкес [3] су объектілері: жер үсті су объектілері және жерасты су объектілері болып бөлінеді.

Су ресурстары елдің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілері үшін маңызды тұрақты дамуының негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Қазақстандағы сумен қамтамасыз ету проблемасы қол жетімді судың шектеулі мөлшеріне, оның өңірлер бойынша біркелкі бөлінбеуіне, маусымдық ауытқуларға және ластанудың жоғары деңгейіне байланысты көп қырлы және күрделі болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, су ресурстарының негізгі көлемін жер үсті сулары алып отыр. Бұл ретте Қазақстанда өте біркелкі бөлінбеген жерасты суларын пайдалану мәселесі өзекті болып отыр. 2023 жылдың деректері бойынша ел аумағында тәулігіне 43120,56 мың $м^3$ көлемінде бекітілген пайдалану қорлары бар 4416 кен орны бар.

Қазақстанда өзен ағынының (трансшекаралық және жергілікті) болжамды төмендеуі суландыру арналарын, коллекторлық-дренаждық желілерді және тік дренаж ұңғымаларын қоса алғанда, ескірген технологиялармен және гидротехникалық инфрақұрылымның тозуымен байланысты суды тиімсіз пайдалануға байланысты проблемалармен одан әрі күрделене түседі.

Қазір өзінде Қазақстанда 13366 гидротехникалық құрылыс бар, оның ішінде республикалық меншікте – 6501, коммуналдық меншікте – 6306, жеке меншікте – 528, иесіз – 31.

1960-70 жылдары салынған бұл құрылыстар 30-50 жыл ішінде жөндеусіз пайдаланылған гидротехникалық құрылыстар бүгінгі күнде қауіптілігі жоғары объектілер қатарында болып тұр. Су заңнамасына сәйкес меншік иелері олардың жай-күйін бағалау үшін қауіпсіздік декларациясы негізінде жыл сайын көп факторлы тексеру жүргізуге міндетті.

Жақында тірек құрылыстарын визуалды тексеру олардың үштен бірінен астамы (1502 бірліктің 537-сі) меншік түріне қарамастан жөндеуді қажет ететіндігін анықтады. Көпшілік үшін 70%-дан асатын айтарлықтай тозу олардың сенімділігі мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Дәл сондай жағдайға тап болған меншіктің әртүрлі нысандарындағы 8577 арнадан тұратын суару инфрақұрылымына қатысты айтуға болады. Магистральдық арналардың қанағаттанарлықсыз техникалық жағдайының нашар болуының кесірінен алынған судың 20% жоғалады, ал егістіктердегі жалпы шығындардың көлемі 50% - дан асады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының суармалы егіншілігінде суды есепке алу жүйесі нашар дамыған, ал суарудың заманауи су үнемдеуші технологиялары белсенді түрде енгізілмеген.

Бірінші кезекте су дағдарысы ретінде көрінетін жаһандық климаттың өзгеруінің салдары Қазақстанның су ресурстары мен гидрологиялық циклдарына теріс әсер етеді. Гидрологиялық циклдің өзгеруі өзен бассейндеріндегі буланудың артуына, өзендерге су ағынының азаюына, Арал және Каспий теңіздерінің, Балқаш көлінің деңгейінің төмендеуіне және соның салдарынан ауыл шаруашылығы суаруын қоса алғанда, экономика үшін су ресурстарына қажеттіліктің артуына әкеледі.

Климаттық тәуекелдерді азайту мақсатында және Қазақстандағы су экожүйелерінің жағдайын сақтау үшін су қоймаларынан экологиялық және санитарлық су жіберу тұрақты түрде жүргізіледі. Экологиялық су жіберу (ағынды сулар) экологиялық тепе-теңдікті сақтауға және өзен бассейніндегі биологиялық әралуандықты сақтау арқылы тіршілік ету ортасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Су кодексінің 57-бабының 3-тармағы су тасқыны кезіндегі судың ең аз шығынын сақтауды да, мерзімді шайып кетудің алдын алуды да қамтитын қоршаған ортаны қорғау аясында суды жіберу арқылы су объектісінің табиғи жай-күйін сақтауды қамтамасыз етуді талап етеді [3].

Барынша сумен қамтамасыз ету мен инфрақұрылымды дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, кешенді шешімдерді қажет ететін жаңа өзекті міндеттер туындауда:

1. Су тасқыны проблемалары, су басу қаупі.

Су тасқынынан қорғау үшін үйінді бөгеттерін, жинақтаушы тоғандарды және тасқын мен еріген суларды жинауға арналған жаңа су қоймаларын салуды, сондай-ақ су экожүйелерін қолдауға бағытталған тазарту, тереңдету, түзету және жағалауды нығайту секілді шаралармен су объектілерінің жай-күйін жақсартуды қамтитын іс-қимылдар кешені көзделген.

2. Гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі мен қауіпсіздігін бағалау.

2024 жылдың басында 1502 тірек гидротехникалық құрылыстың 118-і ғана көп факторлы тексеруден өткен (32 республикалық, 79 коммуналдық және 7 жеке меншікте). 115 қауіпсіздік декларациясы тіркелген.

3. Суаруда суды пайдаланудың тиімсіздігі.

Ауыл шаруашылығында судың өнімділігін арттыру мақсатында суару жүйелерін реконструкциялау және жаңғырту, су үнемдеу технологияларын енгізу және су ресурстарын басқаруды цифрландыру іске қосылды. Суды үнемдеу технологияларын енгізу судың 20-30% үнемдеуге мүмкіндік береді, бұл суару алаңдарын кеңейтуге және суды пайдалану өнімділігін 2-2,5 есе арттыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу үшін Қазақстанда республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат есебінен қаржыландыру көзделетін 160 түрлі іс-шарадан тұратын Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған Кешенді жоспары қабылданды.

2-кестеге сәйкес 2024-2028 жылдарға арналған жалпы сома 3 153 375,7 млн. теңгені құрайтын, оның ішінде республикалық бюджеттен – 1 428 527,2 млн. теңге, жергілікті бюджеттен – 367 650,0 млн. теңге, бюджеттен тыс қаражат – 1 357 198,5 млн. теңге қарастырылған [4].

2-кесте – Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған Кешенді жоспарын қаржыландыру, млн. Теңге

№ р/с	Тақырып/қаржыландыру көздері	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1.	Республикалық бюджет	47 787,6	70 467,0	425 051,7	431 577,7	453 643,1
2.	Жергілікті бюджет	26 981,7	52 743,1	103 974,2	84 362,2	99 588,8
3.	Бюджеттен тыс қорлар	19 313,5	237 362,9	370 923,7	404 926,8	324 671,5
Барлығы:		94 082,8	360 573,0	899 949,6	920 866,7	877 903,4
Ескерту – Дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған [4]						

Қазақстанның су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспары Су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту және су ресурстарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету жолымен күтілетін су тапшылығына байланысты проблемаларды шешуге арналған.

Су ресурстарын тиімді басқару елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын, сондай-ақ барлық су пайдаланушылар мен су тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін су балансын сақтау арқылы азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады.

Жағдай таяу арада құрғақшылық пен су тасқынына, су сапасының нашарлауына және қауіпсіз ауыз судың қолжетімділігіне әкелетін жаһандық климаттың өзгеруінің әсерінен күрделене түсуі әбден мүмкін.

Сондықтан су ресурстарына жүктемені күшейту арқылы климаттың өзгеруіне байланысты экстремалды құбылыстардың қарқындылығын арттыру жағдайында су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру керек, сонымен қатар қолда бар инфрақұрылымдық, институционалдық, қаржылық және өзге де проблемалық мәселелерді бүгіннен бастап жедел түрде шешу қажет.

Қорытынды. Қазақстан Республикасындағы су ресурстарының қазіргі жай-күйін талдау су ресурстарының қолжетімділігі, су тұтыну, су сапасы, климаттың өзгеруі, су ресурстарын басқару және трансшекаралық ынтымақтастық сияқты түрлі факторларды кешенді зерттеуге негізделуге тиіс.

Осы талдауды ескере отырып, келесі тұжырымдарды анықтап, ұсынуға болады:

1. Су ресурстарының жай - күйі туралы жалпы тұжырымдар:

– су ресурстарының біркелкі бөлінбеуімен және тапшылығымен сипатталатын Қазақстандағы су ресурстарының шектелуі;

– шекаралас елдердің су саясатындағы ықтимал өзгерістерге байланысты Қазақстанның осалдығына ықпал ететін трансшекаралық өзендерге жоғары тәуелділік;

– су ресурстарының өнеркәсіптік, ауылшаруашылық және коммуналдық ағынды сулармен ластануына байланысты су сапасының төмендеуі;

– климаттың өзгеруіне байланысты теріс әсер ету;

– ескірген инфрақұрылымды пайдалануға байланысты су шығыны;

– егін егудің ескірген әдістерін қолдануға байланысты ауыл шаруашылығында суды пайдалану тиімділігінің төмендеуі.

2. Су ресурстарын басқару жүйесі туралы қорытындылар:

– тұрақты даму, әділеттілік және тиімділік қағидаттарына негізделген су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру қажеттілігі;

– су ресурстарын бірлесіп басқару үшін іргелес елдермен трансшекаралық ынтымақтастықты нығайту қажеттілігі;

– су ресурстары саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігі;

– су объектілерін мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру қажеттілігі;

– су ресурстары саласындағы инфрақұрылымды жетілдіру үшін қаржыландыруды ұлғайту қажеттілігі.

Ұсынылған қорытындылардан туындайтын жалпы ұсыныстар:

1. Экономиканың барлық секторларында суды үнемдеу технологияларын енгізу.
2. Ауыл шаруашылығында суды аз қажет ететін дақылдарға көшу.
3. Заманауи тазарту технологияларын енгізу арқылы судың сапасын арттыру.
4. Трансшекаралық ынтымақтастықты дамыту.
5. Халықтың хабардарлығын арттыру.

6. Гидрология, климатология, су ресурстары экономикасы және т.б. саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту қажет.

Этносаралық қатынастар – әртүрлі этностық топтардың әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси байланыстары. Бұл қатынастардың сипаты қоғамның дамуына тікелей әсер етеді. Егер қатынастар үйлесімді болса, ол елдің тұрақтылығына, дамуына жағдай жасайды; ал шиеленістер елдің тұтастығына қауіп төндіреді.

Қазақстан жағдайында қоғамдық келісім ұлттық бірегейлікпен, мемлекеттік саясатпен және азаматтық патриотизммен ұштасып жатыр. Яғни «қазақстандық бірегейлік» ұғымы этносаралық татулықтың басты тірегіне айналған.

Тарихи сабақтар:

Әлем тарихында этносаралық қақтығыстардың ауыр салдарын көрсететін мысалдар көп. Югославиядағы этникалық соғыстар, Руандадағы геноцид, Таяу Шығыстағы этносаралық және діни шиеленістер – этностар арасындағы келісімсіздіктің мемлекеттерді күйрететінін дәлелдейді.

Этносаралық қатынастар мемлекеттердің дамуында әрдайым басты рөл атқарды. Ежелгі дәуірлердің өзінде-ақ көпұлтты империялар – Рим, Осман, Моңғол империялары – мәдени әралуандылықты басқару қабілетіне сүйеніп, өздерінің тұрақтылығын қамтамасыз еткен. Көп жағдайда олар қатаң орталықтандыруға жүгінгенімен, әртүрлі халықтардың мүдделерін ескерудің өзі ерекше өзара әрекеттесу үлгілерін қалыптастырды.

Еуропада XIX–XX ғасырлардағы ұлтшылдық идеяларының қиратушы әсері маңызды сабақ болды. Балқан соғыстары, Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар, армян геноциді, Холокост – мұның барлығы төзімсіздік пен «этникалық ерекшелік» идеясын дәріптеудің қандай апаттарға әкелетінін көрсетті.

Қазақстан тарихында да этносаралық қатынастар маңызды рөл атқарған. Кеңес дәуірінде сталиндік депортациялар нәтижесінде қазақ жеріне көптеген халықтар қоныстандырылды. Сол қиын кезеңдерде қазақ халқы түрлі этностарға қол ұшын беріп, ортақ тағдырға бейімделуге көмектесті. Бұл – халқымыздың кеңпейілділігінің, төзімділігінің және бауырмалдығының айқын дәлелі.

Қазақстан тарихы да құнды сабақтар береді. Депортациялар, тың игеру және индустрияландыру жылдарындағы көші-қон республиканы ерекше мәдени әралуандылық кеңістігіне айналдырды. Сонымен бірге бұл тәжірибе барлық этностар үшін әділ жағдай жасау, олардың құқықтарын, тілін, дәстүрлерін және мәдени мұрасын ескеру қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Кеңес Одағы да бірегей көпұлтты держава ретінде ерекше тәжірибеге ие болды. Бір жағынан, КСРО жүзден астам этносты ортақ идеология аясында біріктіріп, ұлтаралық ынтымақтастық жүйесін құрды. Екінші жағынан, ұлттық болмысты жасанды түрде басу және «біртұтас кеңес халқын» қалыптастыру саясаты ұзақ мерзімде жасырын қайшылықтарға әкелді, ол мемлекет ыдыраған кезде айқын көрініс тапты.

Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстан осы тарихи тәжірибені мемлекеттік саясаттың негізіне айналдырды. 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық келісімнің бірегей институты болды. Ол этностардың мәдениетін, тілін сақтап қана қоймай, оларды ортақ құндылықтар төңірегінде біріктірді.

Қазіргі сын-қатерлер:

Қоғамдық келісім мен этносаралық қатынастарға әсер ететін қазіргі сын-қатерлерді бірнеше топқа бөлуге болады:

Әлеуметтік теңсіздік. Экономикалық айырмашылықтар, аймақтардың даму деңгейіндегі теңсіздік, жастар арасындағы жұмыссыздық этносаралық шиеленістердің туындауына ықпал етуі мүмкін.

Ақпараттық қауіпсіздік. Жаһандану дәуірінде әлеуметтік желілер арқылы таралатын жалған ақпараттар, арандатушылық пікірлер этносаралық сенімге сызат түсіреді. Қазіргі технологиялар радикалды идеяларды, ұлтшылдық ұрандарды және жалған ақпаратты бір сәтте таратуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілер көбіне қоғамдық пікірді манипуляциялау құралына айналып, «жау бейнесін» қалыптастырып, этностар арасындағы сенімді әлсіретеді.

Геосаяси тұрақсыздық. Көрші мемлекеттердегі саяси қақтығыстар, сыртқы идеологиялық ықпалдар Қазақстандағы этносаралық жағдайға әсер етеді.

Тіл саясаты. Қазақ тілінің толыққанды қолданысқа ене алмауы кей жағдайда түсінбеушілікке себеп болуы мүмкін.

Жастардың радикалдануы. Жаһандық ақпарат ағынында жастар түрлі идеологияларға еліктеуі ықтимал. Егер олардың рухани иммунитеті әлсіз болса, радикалды ағымдардың ықпалына түсу қаупі бар.

Урбанизация және көші-қон. Қалаларға көшу, ауыл мен қала арасындағы айырмашылықтар этносаралық интеграцияға жаңа мәселелер әкеледі.

Қоғамдық келісімнің рөлі:

Қоғамдық келісім – тұрақты және орнықты мемлекеттің іргетасы. Ол тек қақтығыстардың болмауын ғана емес, сенімге, құрметке және ынтымақтастыққа негізделген әртүрлі әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы белсенді өзара әрекеттесуді білдіреді.

Келісімге қол жеткізу үшін бірнеше маңызды шарт қажет:

1. Әділеттілік пен тең мүмкіндік. Азаматтар этникалық тиістілігіне қарамастан, білімге, медицинаға, еңбекке және саяси қатысуға тең қолжетімділікке ие болуы тиіс.

2. Диалог мәдениетін дамыту. Халықты даулы мәселелерді жанжал арқылы емес, пікірталас арқылы бейбіт жолмен талқылауға дағдыландыру маңызды.

3. Мәдени мұраны сақтау және құрметтеу. Ұлттық тілдерді, дәстүрлерді, мерекелерді және мәдени институттарды қолдау этнос өкілдерінде тиістілік пен мақтаныш сезімін нығайтады.

4. Мемлекеттің рөлі. Мемлекеттік институттар төреші әрі әділет кепілі ретінде барлық этностардың құқықтарын қорғауы тиіс.

Қоғамдық келісімді нығайтудың жолдары:

Қазіргі сын-қатерлерді еңсеру үшін мына бағыттарға баса назар аудару қажет:

Білім беру жүйесі. Толеранттылық, патриотизм, азаматтық жауапкершілік құндылықтарын мектеп пен ЖОО деңгейінде оқыту.

Мемлекеттік тіл саясаты. Қазақ тілін қоғамның біріктіруші факторы ретінде дамыту, сонымен қатар басқа этностардың мәдениеті мен тілін қолдау.

Әлеуметтік әділеттілік. Әрбір азаматқа тең мүмкіндік беру, аймақтық даму теңсіздігін азайту.

Жастармен жұмыс. Жастарды ғылымға, мәдениетке, спортқа тарту, олардың патриоттық сезімін арттыру.

Медиа сауаттылық. Ақпараттық арандатуларға қарсы иммунитет қалыптастыру.

ҚХА рөлін күшейту. Қазақстан халқы Ассамблеясы нақты қоғамдық диалог алаңы ретінде белсенді қызмет етуі тиіс.

Азаматтық қоғамды дамыту. Үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер этносаралық татулықты сақтауда белсенді болуы қажет.

Қазақстан тәжірибесі:

Қазақстан этносаяси келісімнің бірегей үлгісін қалыптастырған ел ретінде жиі мысалға алынады. 130-дан астам этнос бейбіт өмір сүріп, қоғамдық өмірге қатысып, мемлекеттің дамуына үлес қосып келеді.

Маңызды институттардың бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Ол әртүрлі этникалық топтардың мүдделерін білдіріп қана қоймай, диалог алаңы рөлін де атқарады. Қазақстандық модель бірліктің мәдени әралуандықтан бас тартуды емес, қайта айырмашылықтарды құрметтеуді білдіретінін көрсетеді.

Қорытынды:

Қоғамдық келісім мен этносаралық қатынастар – Қазақстанның дамуы үшін шешуші мәнге ие құндылықтар. Тарих бізге бейбітшіліктің қадірін, татулықтың маңызын ұғындырды. Қазіргі сын-қатерлер болса, бұл құндылықтарды одан әрі нығайту қажеттігін көрсетіп отыр.

Қазақстан этносаралық келісімнің өзіндік моделін қалыптастырды. Бұл модельдің басты ұстанымы – «Әралуандылықтағы бірлік». Әрбір азамат өзінің этностық ерекшелігін сақтай отырып, ортақ Отаны – Қазақстанға адал қызмет етуі тиіс.

«Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген даналық сөз бүгінгі қоғам үшін стратегиялық бағдар болуы керек. Егер біз тарихи сабақтарды ескеріп, қазіргі сын-қатерлерді еңсере білсек, қоғамдық келісім мен этносаралық қатынастар еліміздің болашақтағы өркендеуінің берік іргетасына айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Өлке тану бойынша сабақтар ұстаздарға арналған» - https://ust.kz/word/olke_tany_boiynsa_sabaqtar_ustazdarga_arnalgan-60271.html

2. «Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000593_

3. «Ұлттық бірегейліктің жаңа кезеңі» - https://egemen.kz/article/362957-ulttyq-biregeyliktinh-dganha-kezenhi

4. «Ашық сабақ 9 сынып» - https://ust.kz/powerpoint/asyq_sabaq_9_synyp-54831.html

5. «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі» - https://www.goszakup.gov.kz/kz/registry/show_supplier/11691

6. «Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы» - https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevtyn-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza

7. «Қоғамдық келісім - тұрақтылық кепілі» - https://egemen.kz/article/6460-qoghamdyq-kelisim-—-turaqtylyq-kepili

8. «Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы күнтізбелік-тақырыптық жоспары» - https://infourok.ru/etnosarali-atinastardi-aliptasu-tarihi-kntizbelik-tairipti-zhospari-530711.html

9. «Дінаралық келісім - ынтымақ кепілі» - https://abai.kz/post/82325

10. «Этносаралық келісім - ел тұрақтылығының кепілі» - https://martebe.kz/jetnosaraly-kelisim-el-t-ra-tyly-yny-kepili/

ӘОЖ 37.015.3

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН САНДЫҚ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Бельгибаева Г.К., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Баймахан А.С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Созер М.А., Гази университеті, Анкара қ., Туркия Республикасы

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін сандық оқыту құралдары мен әдістерін тиімді пайдалану мәселелері қарастырылады. Сандық технологиялар оқу процесінде оқушылардың білім алуына жаңа мүмкіндіктер туғызып, олардың дербес оқу қабілетін дамытады. Электронды оқулықтар, мультимедиалық ресурстар, виртуалды зертханалар, онлайн-платформалар және мобильді қосымшалар сияқты заманауи цифрлық ресурстардың тиімділігі көрсетілген. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту, аралас оқыту, геймификация және цифрлық бағалау әдістері талданады. Мақалада дәстүрлі және сандық оқытудың интеграциясының артықшылықтары айқындалып, білім беру сапасын арттыру жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер: сандық оқыту, электронды оқулық, виртуалды зертхана, онлайн-платформа, геймификация, цифрлық бағалау.

Кіріспе. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде сандық технологиялардың орны ерекше. Әлемдік деңгейде ақпараттық қоғамға көшу барысында оқыту әдістері мен құралдары да жаңа сипат алуда. Дәстүрлі оқыту тәсілдерімен қатар электронды, онлайн және мобильді технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Сандық оқыту құралдары – оқу материалдарын меңгеруге арналған бағдарламалық жасақтамалар мен интернет-ресурстар жиынтығы [1].

Қазақстан Республикасында да білім беруді цифрландыруғабаса назар аударылып отыр. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттікбағдарламасы білім беру жүйесінде сандық технологиялардыенгізудің негізгі бағыттарын айқындады. Мұндай өзгерістербілім алушылардың ақпаратты меңгеруін жеңілдетіп қанақоймай, оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынастыжаңа деңгейге көтерді.

Сандық оқыту құралдары оқу материалын жеткізудің, меңгерудің және бағалаудың жаңа тәсілдерін ұсынады. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін сандық оқыту құралдарының түрлерінетоқталайық:


1. Электронды оқулықтар – дәстүрлі оқулықтың сандықбаламасы. Олар мәтін, бейне, анимация, дыбыс сияқтымультимедиа элементтерін қамтиды. Электронды оқулықтар оқуматериалының қолжетімділігін арттырып, оқушылардың өзбетінше білім алуына жағдай жасайды [2].

2. Мультимедиалық ресурстар – оқу бейнелері, интерактивтіанимациялар, компьютерлік симуляциялар. Олар күрделіфизикалық, химиялық немесе биологиялық құбылыстардыкөрнекі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді.

3. Виртуалды зертханалар - тәжірибелерді компьютер арқылы жүргізуге арналған құралдар. Бұл зертханалароқушыларға тәжірибе жасау мүмкіндігін береді, шығындыазайтады және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

4.Онлайн-платформалар Moodle, Google Classroom, KhanAcademy, Coursera секілді жүйелер қашықтықтан оқытудыұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұнда оқушылартапсырмаларды орындап, кері байланыс ала алады [3].

5. Мобильді қосымшалар білімді ойын түрінде меңгеругежағдай жасайтын ресурстар. Мысалы, тіл үйренуде Duolingo, физикада PhET симуляциялары кеңінен қолданылады (Сурет 1).



Оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін сандық оқыту құралдарды пайдалану оқыту әдістерін де жаңғыртуды талап етеді[4]. Қазіргі таңда жиі қолданылатын әдістер:

1. Қашықтықтан оқыту.

Қашықтықтан оқыту – қазіргі білім беру жүйесінде ең кең тараған инновациялық әдістердің бірі. Бұл тәсіл интернет желісінің мүмкіндіктеріне сүйене отырып, оқу материалдарына еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Оқушылар мен студенттер сабақ кестесіне тәуелді болмай, ыңғайлы уақытта материалды меңгере алады. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту оқытушымен бейнебайланыс, электронды пошта, чат немесе арнайы платформалар (Zoom, Google Meet, Microsoft Teams, Moodle) арқылы тікелей байланыс орнатуға жол ашады. Бұл әдіс әсіресе пандемия кезінде білім алуды үзбей жалғастырудың негізгі құралына айналды. Қашықтықтан оқытудың басты артықшылығы – білім беру процесінің икемділігі мен қолжетімділігі. Алайда, ол оқушылардың өзіндік тәртібі мен жауапкершілігін талап етеді [5].

2. Аралас оқыту.

Аралас оқыту – дәстүрлі офлайн сабақ пен онлайн оқытудың үйлесімі болып табылады. Мұнда теориялық білім онлайн форматта беріледі, ал аудиториядағы сабақтарда білім алушылар тәжірибелік тапсырмаларды орындап, талдау жүргізеді. Бұл әдіс оқытудың тиімділігін арттырады, себебі студент өзіне қолайлы ортада теориялық материалды қайталап, түсінбеген жерлерін анықтап, ал сыныпта мұғалімнен қосымша түсіндіру алады. Аралас оқыту білім беруде уақытты үнемдейді және оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді.

3. Геймификация.

Геймификация – сабаққа ойын элементтерін енгізу арқылы оқыту процесін қызықты әрі тартымды ету әдісі. Бұл тәсілде оқушылар белгілі бір тапсырманы ойын түрінде орындап, ұпай жинайды, марапаттарға қол жеткізеді немесе деңгейлерден өтеді. Мұндай жүйе оқушылардың ішкі мотивациясын арттырады, бәсекелестік пен ынталандыруды дамытады. Геймификация әсіресе бастауыш және орта мектепте тиімді нәтиже береді, себебі оқушылар ойын арқылы материалды оңай қабылдайды. Қазіргі таңда Kahoot, Quizizz, Classcraft сияқты қосымшалар білім беруде кеңінен қолданылады. Олар тек білімді бекітуді ғана емес, сонымен бірге топтық жұмыс пен ынтымақтастықты дамытуға да жағдай жасайды.

4. Цифрлық бағалау жүйелері.

Цифрлық бағалау жүйелері білімді объективті бағалауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі қағаз түріндегі тестілердің орнына онлайн-тесттер, автоматтандырылған тексеру жүйелері қолданылады. Бұл әдістің артықшылығы – мұғалімнің уақытын үнемдеп, нәтижелерді жылдам шығаруы. Сонымен қатар, цифрлық бағалау оқушылардың қателерін бірден көрсетіп, кері байланыс орнатуға көмектеседі [6,7]. Арнайы платформаларда (Google Forms, Moodle, Socrative) алынған тест нәтижелері автоматты түрде сақталып, талдау жасауға мүмкіндік береді. Мұндай бағалау жүйесі оқушылардың прогресін бақылап, жеке траектория бойынша оқытуға жол ашады (Кесте 1).



Кесте 2 – Сандық оқыту әдістері мен тиімділігі

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін қолданылатын сандық оқыту құралдарының артықшылықтары:

1. Оқу материалдарының қолжетімділігі.Сандық оқыту құралдарының ең басты артықшылығы – кез келген уақытта және кез келген жерде оқу ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігі. Электронды кітаптар, онлайн-курстар, бейнесабақтар, виртуалды зертханалар білім алушыларға дәстүрлі оқулықтардан әлдеқайда мол ақпарат алуға жол ашады. Бұл әсіресе шалғай аймақтардағы оқушылар үшін тиімді, себебі олар сапалы білім беру ресурстарын онлайн форматта пайдалана алады [8].

2. Оқушылардың жеке оқу траекториясын құру мүмкіндігі.Цифрлық платформалар әрбір оқушының білім деңгейін, қызығушылығын және қабілеттерін ескере отырып, жекелендірілген оқу бағдарламасын ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, әлсіз тұстарды анықтап, қосымша тапсырмалар беру немесе керісінше, алдыңғы қатарлы оқушыларға күрделі материалды ұсыну арқылы жеке оқу траекториясын қалыптастыруға болады. Бұл тәсіл білім сапасын арттырып, оқушының өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытады.

3. Интерактивтілік пен визуалдылықтың артуы. Сандық ресурстардың тағы бір артықшылығы – оқу процесінің интерактивті сипат алуы. Бейнематериалдар, анимациялар, 3D модельдер, виртуалды тәжірибелер күрделі тақырыптарды жеңіл түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, физика немесе химия пәндерінде тәжірибелерді онлайн-режимде модельдеу оқушыларға қауіпсіз әрі қызықты ортада жаңа білім алуға жағдай жасайды. Визуалды құралдар оқушылардың есте сақтау қабілетін күшейтіп, материалды ұзақ уақыт бойы меңгеруге көмектеседі [9].

4. Оқу уақыты мен орнын икемді таңдау. Сандық оқытуда оқушылар сабаққа қатысуды өздеріне қолайлы уақытта ұйымдастыра алады. Бұл әсіресе жұмыс істейтін студенттерге немесе қосымша білім алушыларға ыңғайлы. Мобильді қосымшалар мен онлайн-платформалар білімді тек сыныпта ғана емес, үйде, кітапханада немесе кез келген жерде меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл білім алудағы уақыт пен кеңістік шектеулерін жояды [10].

Сандық оқыту құралдарының қолдану барысында кездесетін қиындықтарды да атауды жөн көрдік:

1. Интернет пен техникаға тең қолжетімділіктің болмауы. Барлық оқушылардың интернетке немесе заманауи компьютерлік құрылғыларға бірдей қолжетімділігі жоқ. Әсіресе ауылдық аймақтарда бұл мәселе өзекті болып табылады. Интернет жылдамдығының төмендігі немесе техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі оқушылардың сандық білім алуға толыққанды қатысуына кедергі келтіреді.

2. Мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігінің жеткіліксіздігі.Кейбір педагогтар цифрлық платформалар мен бағдарламаларды толық меңгермегендіктен, сандық құралдарды тиімді пайдалана алмайды. Олардың жаңа технологияларды қолданудағы дағдыларының жеткіліксіздігі оқу сапасына әсер етеді. Сондықтан мұғалімдерге үнемі біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, цифрлық педагогикалық құзыреттілігін дамыту қажет.

3. Артық ақпараттық жүктеме қаупі. Интернетте қолжетімді ақпараттың шамадан тыс көп болуы оқушыларды шатастырып, қажетсіз мәліметтерге уақыт жұмсауға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, сандық құрылғыларды ұзақ уақыт пайдалану оқушылардың денсаулығына, әсіресе көру қабілетіне және психологиялық жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан сандық оқытуда ақпаратты дұрыс іріктеу және оқушылардың экран алдында өткізетін уақытын реттеу маңызды.

Сондықтан сандық құралдарды дәстүрлі әдістермен ұштастыра отырып қолдану тиімді.

Қорытындылай келе, оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін сандық оқыту құралдары мен әдістерін қолдану қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Оларды тиімді қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың дербес және сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады. Болашақта цифрлық технологиялар мен дәстүрлі оқытудың үйлесімі білім беруді жаңа деңгейге көтерері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Битэм Э., Шарп Р. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.

2. Қараев Ж.А. Білім беруді цифрландырудың теориялық негіздері. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2020.

4. Siemens G. Connectivism: A Learning Theory for the Digital Age. – International Journal of Instructional Technology, 2019.

5.Полат Е.С. Педагогические технологии дистанционного обучения // М.: Академия, 2003. -163 с.

6.Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании. - М., 2010. - 140 с.

7. Извозчиков В. А., Маркова И. В. Школьники изучают ЭВМ// Физика в школе.- 2018.- №4.- с.28-38.

8. Стариченко Б.Е.,Никулина Т.В. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление // Педагогическое образование в России. – 2018. – № 8. – С. 107-113

9. Разумовская И.В. Компьютер на уроках физики// Физика в школе.-2005.- №3.- с.51-56.

10.Тавадян А.М., Зима В.А., Хусаинова Н.Б. Теоретические основы подготовки студентов к педагогической деятельности в условиях цифровизации образования // KANT, 2019. – №3 (32). – С. 137.

ӘОЖ 159.008.9.436

АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАР ДА СЕЗІНЕДІ: СТЕРЕОТИПТЕР ШЕГІНЕН ТЫС ЭМОЦИЯЛЫҚ ӘЛЕМ

Вороновская К.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Рахимбекова Ж.Ш., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру мен психология ғылымының дамуымен бірге аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларға деген көзқарас та өзгеріп келеді. Әдетте қоғамда мұндай балаларды тұйық, эмоциясыз немесе өз сезімін жеткізе алмайтын тұлғалар ретінде қабылдау үрдісі бар. Алайда соңғы ғылыми зерттеулер бұл көзқарастың қате екенін дәлелдейді. Аутизмі бар балалардың да эмоциялық әлемі бай, олар қуаныш, мұң, уайым, сүйіспеншілік, тіпті эмпатия сезімдерін білдіре алады. Тақырыптың өзектілігі - қоғамдағы қасаң стереотиптерді бұзып, ерекше балалардың ішкі сезімдік өмірін тану арқылы ата-аналар мен педагогтардың оларды дұрыс түсініп, қолдауына ықпал ету болып табылады.

Аутизм… Бір қарасан, осы бір алты әріптен ғана құралған сөз қазіргі таңда - 21 ғасыр індеті болып табылады. Autism Speaks халықаралық ұйымның мәліметі бойынша 2023 жылы әлемде әрбір 100 балаға аутизм диагнозы қойылған болса, 2025 жылы әрбір 30 балаға аутизм диагнозы қойылып отыр [1] . Аутизм спектірінің бұзылыстары

бар балалар санының өсуі - Қазақстанда да басты мәселе қатарында. Соңғы статистикалық деректерге сүйенетін болсақ қазіргі таңда еліміздегі аутизм спектірінің бұзылысы бар балалар саны 13 мыңға жуық, 2021 жылғы деректермен салыстырғанда балалар саны 3 есе өсіп отыр [2].

«Аутизм» грек тілінен аударғанда «өзім» «өзімді » «өзі» деген мағынаны білдіреді. Тарихқа жүгінетін болсақ «аутизм» терминін алғаш рет 1908 жылы Швейцариялық психиатр Е.Блуер қолданған болатын. Ол аутизм терминін шизофрнияға шалдыққан науқастарды сипаттау үшін қолданған [3]. 1925 жылы Совет Одағының психиатры Г.Сухарева өзінің «Балалар жасындағы шизоидты шизофрения» атты кітабында ерекше психопатиялық мінез құлықты сипаттады. Сухареваның жазбалары бойынша бұндай мінез құлық шизофренияға шалдыққан адамдарға тән емес. Ол өзінің жазбаларында жоғары интеллектуалдық ерекшеліктер мен әлеуметтік қарым-қатынастың төмендеуі жайында жазған болатын, яғни бұндай ерекшеліктер аутизмге тән [4]. Ал, 1943 жылы американдық психиатр Лео Каннер 11 балаға қатысты зерттеулерді қоғамға ұсынды. Зерттеу жұмыстары бойынша 3 ұл бала және 8 қыз бала жоғары интелектіні көрсете отырып, жалғыздыққа ұмтылған. Каннер аутизмнің клиникалық белгілерін сипаттап, оны жеке синдром ретінде қарастырды, бірақ Фрейд теорияларының ықпалы салдарынан аутизмнің қалыптасуының басты себебі «суық» аналардың ықпалынан деген тұжырымдама жасады [5]. Ал 1944 жылы австриялық дәрігер Ганс Аспергер балалардың әлеуметтік қарым-қатынасындағы ерекшеліктерін зерттеп, ғылымға «Аспергер синдромы» ұғымын енгізді. Бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы аутизмді «аутизм спектрінің бұзылыстары» (АСБ) деп біртұтас категория ретінде қарастырады [6].

Жоғарыдағы зерттеулер салдарынан көптеген адамдар аутизмді тек әлеуметтік қарым-қатынастағы қиындықтармен байланыстырады. Шындығында, мұндай балалардың да сезімдері бар, тек оларды білдіру тәсілі өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, кейбір балалар эмоцияларын бет-әлпет мимикасы немесе сөзбен емес, әрекеттері арқылы жеткізеді. Жақын адамын құшақтап, жанында болуға ұмтылу – олардың махаббат пен қамқорлықты білдіру тәсілі.

Ғалымдар аутизмі бар балалардың да эмпатия сезімі дамитынын айтады. Олар біреудің көңіл-күйін қимыл-қозғалысынан немесе дауыс ырғағынан сезе алады. Бұл балалардың эмоциялық әлемін дұрыс түсіну үшін ата-ана мен педагогтарға шыдамдылық пен эмпатия қажет.

Кең таралған пікірге сәйкес, аутизмге шалдыққан адамдарда бай әрі толыққанды эмоционалды өмір жоқ деп есептеледі, бірақ бұл мүлде шындыққа жанаспайды. АҚШ-да Ратгерс Университетінде жүргізілген зерттеу бойынша, көптеген стереотиптерге қарамастан аутизм спектірінің бұзылыстары бар ересек адамдар өзінің сезімдерін күрделі әрі ерекше метафралар арқылы да жеткізетін болған. Мысалға, кішкентай ғана қуанышты «таңғы балғын кофеге» ұқсас деп, ал ашуды «бүкіл дененің кернеуі қайнағандай» деген метафралармен сипаттаған. Осылайша, ересек аутизмге шалдыққан адамдар өзінің көңіл- күйін сипаттап қана емес басқа адамдардың да сезімдерін де айқын кескіндер арқылы сипаттай алды. Ратгерс Университетінде жүргізілген зерттеудің мақсаты - аутизм спектріндегі жастар өз эмоцияларын қалай сипаттайтынын және басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуда қалай әрекет ететінін түсіну, сондай-ақ нейротиптік адамдарға аутизм спектріндегі адамдарды жақсырақ түсінуге көмектесетін ықтимал стратегияларды анықтау болды. Осы мақсатта университетте аутизм спектріндегі адамдардан құралған бірнеше фокус-топтар ұйымдастырылды. Алты фокус-топқа 18 бен 35 жас аралығындағы аутизм диагнозы қойылған 24 адам қатысты. Зерттеу бейнеконференция форматында өтті. Қатысушыларға эмоцияларының физикалық деңгейде қалай көрінетіні, психотерапия кезінде не сезінетіні және өз эмоциялары туралы басқа адамдарға қалай хабарлайтыны туралы сұрақтар қойылды. Кейін қатысушылардың жауаптары мәтінге түсірілді. Бұл мәтіндер сапалық зерттеу әдістерімен кодталып, талданды. Қатысушылардың басым бөлігі «бақыт» немесе «қайғы» сияқты стандартты сөздермен эмоцияларын сипаттау қиын екенін айтты, себебі олар олардың күрделі эмоционалды сезімдерін жеткізе алмайды. Қарапайым анықтамалардың орнына қатысушылар өздерінің ерекше сипаттамаларын, кейде дәстүрлі эмоция атауларымен үйлестіре отырып, қолданды. Көбінесе эмоциялар физикалық сезім ретінде, әсіресе іштей әлем аймағында сипатталды. Аутизм спектріндегі адамдар «эмоционалды байланыс», яғни сезімдермен бөлісу мақсатындағы қарым-қатынастың нейротиптік адамдармен өте қиын болатынын да айтты. Ең үлкен қиындықтар нейротиптік адамдар аутизм спектіріндегі адамның эмоцияны білдіруін дұрыс түсінбегенде туындайды [7] .

Аутизмнің алғашқы сипаттамаларынан бастап, негізгі белгісі - басқа адамдармен қарым-қатынастағы қиындық деп саналады. Алайда, бұл қиындықтардың бір бөлігі мамандар немесе жалпы нейротиптік адамдар аутизм спектіріндегі адамдардың эмоцияларын қате түсінуімен байланысты болуы да мүмкін. Мысалы, айналадағы адамдар күлкі «қуанышты», ал қабақтың түюін «ашуды» білдіреді деп ойлауы мүмкін. Алайда бұл белгілер аутизге шалдыққан адамдарға қатысты дұрыс бола бермейді. Мұндай мәселеге тән мысал - көзге тіке қарау. Нейротиптік адамдар үшін басқа адамның көзіне қарау - әлеуметтік қызығушылықтың белгісі, бірақ аутистік адамдар үшін бұл өте қолайсыз болуы мүмкін. Сол сияқты, аутизм спектіріндегі адамдар жиі эмоцияларын білдіру және реттеу үшін «стиммингті» (жиі қайталанатын қозғалыстар) қолданады, бірақ нейротиптік адамдар стиммингті өте жағымсыз қабылдауы мүмкін. Мысалға, қатты қуанғанда аутизм спектіріндегі адам қолдарын құстың қанаттарын жайған сияқты қайта-қайта қозғалтуы мүмкін, ал нейротиптік адам үшін бұндай іс әрекет ерсі көрінеді.

Бұл мақаланың авторы екі ерекше баланың - аутизм диагнозы бар балалардың анасы болып табылады. Тәжірибелік бақылаулар барысында автор олардың эмоционалдық әлемі туралы маңызды деректерге назар аударды. Көптеген ғылыми еңбектерде аутизмі бар балалардың эмоцияларды түсіну және көрсету қабілеті шектеулі деп сипатталғанымен, жеке тәжірибе мұндай жалпылаудың толықтай дұрыс еместігін көрсетеді.

Автордың балалары өздерінің диагнозына қарамастан әртүрлі эмоцияларды - қуаныш, қайғы, реніш, ашу, таңдану сияқты сезімдерді айқын білдіреді. Олар тек өздерінің эмоцияларын ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар айналасындағы адамдардың эмоционалдық жағдайын түсініп, соған сәйкес әрекет етеді. Мысалы, егер біреу жылап отырса, олар қасына барып, «жылама» деп құшақтап жұбатады. Ал егер біреу күлсе, олар да соған ілесіп күліп, ортақ қуанышты бөліседі.

Бұл бақылаулар аутизмі бар балалардың әлеуметтік-эмоционалдық әлеуетін қайта қарастырудың маңыздылығын айғақтайды. Олардың эмоцияны қабылдау және соған жауап қайтару қабілеті әрқашан шектелген емес, керісінше, кей жағдайда өте нәзік және шынайы түрде байқалады.

Автор өз тәжірибесінде ерекше балалардың эмоцияларын байқап, қоғамда кең таралған «аутизмі бар балалар ешқандай эмоция көрсетпейді» деген қате түсінікті жоққа шығару мақсатында ғылыми зерттеу жүргізді. Зерттеу 2025 жылы Қарағанды қаласында орналасқан «Balpan» түзету-дамыту орталығында жүзеге асырылды. Зерттеуге 3 пен 12 жас аралығындағы 20 бала қатысты: 10 ұл және 10 қыз. Балалар екі фокус-топқа бөлінді: 1-топ - сөйлеу тілі бар аутизмі бар балалар**;** 2-топ - сөйлеу тілі жоқ аутизмі бар балалар. Әдістемелік тұрғыдан бірнеше тәсіл қолданылды: бақылау әдісі - балалардың күнделікті қарым-қатынастағы мінез-құлқын тіркеу; жағдаяттық тапсырмалар – зерттеуші эмоцияны әдейі көрсетіп (мысалы, реніш білдіру, қуану), баланың реакциясын бақылау; интерактивті ойындар - қуыршақтар мен суреттер арқылы «қуаныш», «қайғы», «ашу», «таңдану», «қорқыныш», «жиіркеніш», «сенім», «қызығушылық», «мейірім (эмпатия)» сияқты эмоцияларды тану және көрсету тапсырмалары; әңгімелесу (сөйлеуі бар балаларға) – «қазір қуаныштысың ба, ренжіп тұрсың ба?» деген сұрақтар арқылы өз эмоциясын сипаттау қабілеті бағаланды.

Зерттеуге қатысқан балалардың эмоцияны көрсетуі және басқалардың эмоциясын түсінуі мынадай нәтиже берді:

Кесте 1-Зерттеу нәтижелері

Эмоция түрі	Сөйлеу тілі бар балалар (көрсету/түсіну)	Сөйлеу тілі жоқ балалар (көрсету/түсіну)
Қуаныш	80% / 75%	65% / 60%
Қайғы	70% / 65%	55% / 50%
Ашу	65% / 60%	50% / 45%
Реніш	60% / 55%	45% / 40%
Таңдану	75% / 70%	60% / 55%
Қорқыныш	55% / 50%	40% / 35%
Жиіркеніш	50% / 45%	35% / 30%
Сенім	65% / 60%	50% / 45%
Қызығушылық	70% / 65%	55% / 50%
Мейірім (эмпатия)	75% / 70%	60% / 55%

Жүргізілген зерттеу барысында аутизмі бар балалардың эмоцияларды көрсетуі мен түсінуі кең ауқымда байқалды. 1-кестеде ұсынылған деректер балалардың эмоционалдық әлеуетін тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді. Эмоцияның түрлері бойынша талдау жасайтын болсақ:

1. Қуаныш және таңдану - ең жоғары көрсеткіштерді көрсетті. Сөйлеу тілі бар балалардың шамамен 80%-ы қуаныш сезімін ашық білдірсе, сөйлеу тілі жоқ балалардың да 65%-ы күлімсіреу, күлкі, қимыл арқылы қуанышын көрсетті. Таңдану эмоциясы жаңа, күтпеген жағдайларда (жаңа ойыншық, тосын әрекет) айқын байқалды. Бұл көрсеткіштер аутизмі бар балалардың позитивті эмоцияларға ерекше бейім екенін дәлелдейді.
2. Мейірім және сенім - әлеуметтік маңызы жоғары эмоциялар. Сөйлеу тілі бар балалардың 75%-ы өзгелердің көңіл күйіне жауап қайтарып, құшақтау, жұбату, жылы сөз айту арқылы эмпатия білдірді. Сөйлеу тілі жоқ балалардың 60%-ы да мейірімділік пен сенім әрекеттерін көрсетті. Бұл аутизмі бар балалардың әлеуметтік-эмоциялық байланыс орната алатынын айғақтайды.
3. Қайғы және ашу - орташа деңгейде байқалды. Сөйлеу тілі бар балалардың 65–70%-ы жылау, дауыс көтеру, реніштісөздер арқылы эмоциясын көрсетті. Сөйлеу тілі жоқ балалардың шамамен 45–55%-ы мұңайған бет-әлпет, қол қимылы арқылы осы эмоцияларды білдірді. Бұл айырмашылық сөйлеу қабілетінің эмоцияны көрсету құралдарына әсерін көрсетеді.
4. Реніш - екі топта да салыстырмалы түрде төмен деңгейде болды (сөйлеуі бар - 60%, сөйлеуі жоқ - 45%). Бұл эмоцияны білдіру үшін тілдік құралдардың маңызы зор болуы мүмкін.
5. Қызығушылық - когнитивтік дамумен тығыз байланысты. Сөйлеу тілі бар балалардың 70%-ы жаңа тапсырмалар мен ойындарға белсенді қызығушылық танытты. Сөйлеу тілі жоқ балалардың 55%-ы да жаңа заттарға назар аударды, бірақ қызығушылықты ұзақ уақыт сақтап қалу қиынырақ болды.
6. Қорқыныш және жиіркеніш - ең төмен көрсеткіштер. Бұл эмоциялар балаларда сирек байқалды, себебі зерттеу жағдайында жағымсыз әсер тудыратын факторлар шектелді. Дегенмен, сөйлеу тілі бар балалардың шамамен 50–55%-ы, сөйлеу тілі жоқ балалардың 30–40%-ы қорқыныш пен жиіркенішке реакция көрсетті.

Гендерлік ерекшелітеріне келетін болсақ, зерттеу барысында ұлдар мен қыздардың эмоцияны көрсету және түсіну ерекшеліктерінде айырмашылық байқалды: ұл балалар -эмоцияны түсінуде белсендірек болды. Мысалы, олар басқалардың жылауына немесе күлкісіне жылдам жауап қайтарып, эмоциялық жағдайды жақсырақ қабылдады. Ұлдардың 70%-ы басқа адамның эмоциясын түсіне алғаны тіркелді; қыз балалар - эмоцияны көрсету деңгейі жоғарырақ болды. Олар қуаныш пен мейірімділікті ашық қимылдар, мимика арқылы белсендірек көрсетіп, эмоционалды реакцияны көбірек сыртқа шығарды. Қыздардың 75%-ы өз эмоцияларын айқын білдірді. Бұл айырмашылық аутизм спектріндегі балалардың жыныстық ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Ұлдар эмоцияны қабылдау қабілетінде жоғары нәтиже көрсетсе, қыздар эмоцияны көрсету және бөлісу деңгейінде алға шықты.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері аутизм спектріндегі балалардың эмоционалдық дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Қоғамда кең таралған «аутизмі бар балалар эмоция көрсетпейді және өзгелердің эмоциясын түсінбейді» деген пікірдің негізсіз екені дәлелденді. Біріншіден, зерттеу барысында анықталғандай, аутизмі бар

балалардың эмоцияларының спектрі кең. Олар қуаныш, қайғы, ашу, реніш, таңдану сияқты базалық эмоцияларды ғана емес, сонымен қатар сенім, қызығушылық, мейірім, қорқыныш және жиіркенішті де көрсете алады. Бұл олардың ішкі эмоционалдық әлемі толыққанды әрі сан қырлы екенін көрсетеді. Екіншіден, сөйлеу тілі бар және сөйлеу тілі жоқ балалардың көрсеткіштері әртүрлі болғанымен, екі топтың да эмоцияны түсіну және көрсету қабілеті анық байқалды. Сөйлеу тілі бар балалар эмоцияны сөздік және вербалды емес құралдар арқылы белсендірек көрсетсе, сөйлеу тілі жоқ балалар мимика, дене қимылы, қарым-қатынас әрекеттері арқылы өз сезімін білдірді. Бұл факт эмоцияны көрсету сөйлеу қабілетіне тәуелді емес екенін, тек әртүрлі формада жүзеге асатынын дәлелдейді. Үшіншіден, зерттеуде балалардың әлеуметтік-эмоциялық өзара әрекетке бейімділігі байқалды. Олар өзгелердің көңіл-күйін түсініп, оған сәйкес әрекет етті: мысалы, жылаған адамды құшақтап жұбату, күліп отырған адамға қосылып күлу, мұңайған кезде жанында болу. Бұл деректер аутизмі бар балалардың эмпатиялық қабілеттерін көрсетіп, олардың әлеуметпен қарым-қатынаста белсенді бола алатынын дәлелдейді. Төртіншіден, жыныстық айырмашылық та маңызды нәтиже берді. Ұл балалар эмоцияны түсінуде белсендірек болса, қыздар эмоцияны көрсету деңгейінде ерекшеленді. Бұл ерекшелік аутизм спектріндегі балаларды тәрбиелеу мен түзету бағдарламаларын әзірлеуде ескерілуі тиіс.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері мынадай негізгі тұжырымдарға әкелді:

1. Аутизмі бар балалар эмоциясыз емес, олардың эмоционалдық әлемі бай және әртүрлі.
2. Эмоцияны көрсету сөйлеу қабілетіне тәуелді емес, бірақ сөйлеу тілі бар балаларда айқынырақ көрінеді.
3. Балалардың көпшілігі өзгелердің эмоциясын түсініп, сәйкесінше әлеуметтік жауап бере алады.
4. Ұлдар мен қыздардың эмоционалдық дамуында айырмашылық бар, бұл жыныстық ерекшеліктерді түзету-дамыту бағдарламаларында ескеруді талап етеді.

Бұл деректер аутизмі бар балалардың эмоционалдық әлемін елемеуге болмайтынын дәлелдейді және педагогикалық-түзету бағдарламаларында эмоциялық интеллектіні дамытуға ерекше көңіл бөлудің маңызын көрсетеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Autism statistics and facts [Электронный ресурс]. – Autism Speaks. – Режим доступа: https://www.autismspeaks.org/autism-statistics-asd
2. Статистика детей с РАС в Казахстане [Электронный ресурс] / Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан. – URL: https://bala.stat.gov.kz/chislennost-detej-invalidov-ot-0-do-17-let-vklyuchitelno/
3. Ремшмидт Х. Аутизм: клинические проявления, причины и лечение / пер. с нем. – М.: Академический проект, 2000. – 256 с.
4. Сухарева Г. Е. Лекции по психиатрии детского возраста. – М.: Медгиз, 1955. – 432 с.
5. Каннер Л. Аутистические нарушения аффективного контакта // Вопросы психического здоровья детей и подростков. – 2010. – Т. 10. – № 1. – С. 85–94.
6. Кудашова С. Синдром Аспергера: справочник-пособие для родителей. – М.: ТЦ Сфера, 2007. – 128 с.
7. Уильямс К., Робертс Т. Понимание аутизма: руководство для родителей. – М.: Смысл, 2003. – 224 с.

УДК 378.147:008(574)

ДВОРЕЦ СТУДЕНТОВ КАК ПРОСТРАНСТВО КУЛЬТУРНОГО И ТВОРЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ МОЛОДЁЖИ

Гаркуша К.Г., Карагандинский имени академика Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан

Настоящая статья приурочена к 100-летнему юбилею Евнея Арыстановича Букетова – выдающегося ученого, академика Академии наук Казахской ССР, писателя, переводчика, первого ректора Карагандинского государственного университета, ныне с гордостью носящего его имя. Множество тематических статей, очерков, воспоминаний и других публикаций подготовлено и размещено в печати в связи с крупной юбилейной датой. Думается, в этом ключе важно вспомнить историю Дворца студентов Карагандинского университета, ставшего по задумке первого ректора, центром студенческой культуры и досуга не только нашего вуза, но, без преувеличения, города и области. Статья опирается на авторский опыт в качестве директора Дворца студентов (около 25 лет). В ней представлены и проанализированы устоявшиеся в университете традиции студенческого досуга, а также осмыслен уникальный стиль работы учреждения, направленный на поддержку инициативы молодежи и развитие их творческих способностей.

История Дворца студентов неразрывно связана с судьбой Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова и составляет важную страницу его летописи. Как известно, Карагандинский университет имени Е.А. Букетова берёт свое начало в 1938 году – с открытия в Караганде учительского института, призванного готовить школьных преподавателей и ставшего основой для развития высшего образования в регионе. Статус университета (от латинского *universitas*– «совокупность», «общность») учебное заведение приобрело в 1972 году, когда, согласно постановлению ЦК КП Казахстана и Совета Министров Казахской ССР от 7 февраля 1972 года № 73 «Об организации Карагандинского государственного университета», на базе педагогического института был создан

Карагандинский государственный университет [1-3]. Открытие университета стало важной вехой в истории казахстанского высшего образования: Карагандинский университет стал вторым по счету в республике после КазГУ и первым в Центрально-Казахстанском регионе высшим учебным заведением, готовящим специалистов по фундаментальным и прикладным наукам, осуществляющим образовательную и научно-исследовательскую деятельность. Первым ректором созданного университета был назначен крупный ученый и общественный деятель Евней Арыстанович Букетов.

Буквально с первых дней своей деятельности Карагандинский государственный университет позиционировал себя как университет классического типа. Напомним, что классический университет – это высшее учебное заведение, в котором обучение студентов и научно-исследовательская работа идут в неразрывном единстве, образование и наука – две обязательные составляющие деятельности вуза. Вспомним, что само понятие *«университет»* происходит от первого слова латинской фразы: «*universitas magistrorum et scholarium*», что в переводе примерно звучит так: «*сообщество преподавателей и ученых*». Классический университет отличается от других вузов отраслевой направленности – технических, педагогических, медицинских, музыкально-театральных и иных – прежде всего синтезом образовательной и научной деятельности, пронизывающим все аспекты университетской жизни. Во главе угла в университете классического типа – фундаментальное образование, сильная теоретическая, методологическая и практическая подготовка в той или иной сфере человеческого знания. Классический подход к образованию стал определяющим вектором многолетнего развития Карагандинского государственного университета. Главным субъектом учебно-воспитательного процесса был и остается – «Его Величество Студент»! Все усилия и стремления многотысячного профессорско-преподавательского состава направлены на формирование разносторонне развитой, высокообразованной, профессионально подготовленной, физически, интеллектуально и культурно зрелой личности. Синтез образования, науки и культуры – таков главный ориентир в организации учебно-воспитательного процесса нашего вуза.

Итак, 1 сентября 1972 года Карагандинский государственный университет открыл свои двери. Новое административное здание располагалось по адресу: ул. Гоголя, 38. Учебные корпуса находились на улицах Кирова (*ныне – С. Ерубаева*) и Ленина (*ныне – Абая*). Конечно, ни о какой развитой социокультурной инфраструктуре речи пока не шло. Всё было на этапе становления. Студенты с рвением ходили на учёбу, посещали лекции и семинары ученых, профессоров, приглашенных ректором – Евнеем Арыстановичем Букетовым для преподавания в КарГУ. Однако студенчество как особая категория молодёжи, объединенная под крышей своей новой Alma mater, стремилось не только к знаниям. Молодые люди жаждали общения, дружбы и полной реализации своих творческих способностей, ведь студенчество и творчество неразделимы.

Были сформированы и выступали перед студенческой и преподавательской аудиторией первые агитбригады, танцевальные, вокальные и инструментальные ансамбли. В качестве репетиционной базы студенты использовали учебные аудитории, актовые залы и, конечно же, нуждались в собственном клубе, о доме культуры, наверное, не могли и мечтать...

Университет рос, развивался, укреплялась его учебно-производственная и материально-техническая база. К середине 1970-х годов стало понятно, что университету необходимы новые учебные корпуса, общежития, спортивные сооружения, места для отдыха и занятий студенческих творческих объединений. По словам очевидцев, участников первых лет жизни университета и соратников ректора, Евней Арыстанович мечтал о строительстве студенческого городка. На очередном заседании исполкома Карагандинского городского Совета депутатов трудящихся было принято решение о возведении университетского городка, для которого городскими властями был выделен земельный участок, площадью 65 га, расположенный в новой, юго-восточной, части города Караганды – будущего его административного и культурного центра. За период с 1975 по 1987 годы были построены и сданы в эксплуатацию новый учебный корпус с шестью поточными аудиториями, спортивный зал, 2 столовые, 4 студенческих общежития и Дворец культуры студентов [1-3]. К строительству Дворца культуры были привлечены студенческие строительные отряды – временные трудовые коллективы, создаваемые на добровольной основе из студентов вузов для работы в свободное от учебы время (*чаще во время летних каникул*) на различных объектах всесоюзного народного хозяйства, на так называемых «ударных комсомольских стройках».

В январе 1980 года Евней Арыстанович Букетов сдал полномочия ректора КарГУ. Завершение строительства и внутренне оформление здания Дворца культуры студентов продолжилось при новом ректоре, на должность которого был назначен Зейнолла Мулдахметович Мулдахметов (*ректор КарГУ – 1980-1988 гг.*) [2]. Зейнолла Мулдахметович неоднократно был почетным гостем университета и в последующие годы. Посещая Дворец студентов, он всегда с гордостью вспоминал и рассказывал, как строилось здание, как завозили мрамор и уникальный натуральный наборный паркет, которым устлан пол холла второго этажа.

15 марта 1982 года состоялось открытие Дворца культуры студентов, ставшее знаменательным событием не только в жизни университета, но и города. На открытии присутствовали преподаватели, студенты, руководство университета и представители городской общественности [4-5]. По словам очевидцев, среди гостей был тогдашний первый секретарь Карагандинского обкома КП Казахстана Александр Гаврилович Коркин (1979-1986 гг.), который подчеркнул значимость события и открытия первого в Караганде студенческого Дворца. Он отметил, что это здание должно стать не просто красивым сооружением с самобытной архитектурой, но и центром активного развития студенческого самодеятельного творчества – как в традиционных, так и в новых формах.

Как вспоминает в своей книге «Пешене – Предназначение» Жамбыл Саулебекович Акылбаев [6], однажды, накануне завершения строительства Дворца студентов, Александр Гаврилович Коркин – человек с огромными организаторскими способностями – «провел в университете выездное заседание бюро обкома. Осматривая строительство, он критически оценил работу строителей, резко и прямо раскритиковал их на «их же языке», посчитал использованные материалы негодными и вынес решение переделать все заново. Благодаря этому Дворец студентов получился ярким, сверкающим, праздничным. В республике он долгое время был единственным, позднее

подобные здания были выстроены в КазГУ и Туркестане. Другие, те, что называли дворцами, – были просто клубы или залы заседаний. Название должно соответствовать содержанию. Это аксиома» [6, с.56].

Распахнувший свои двери Дворец культуры студентов Карагандинского университета построен в лучших традициях клубной и дворцовой архитектуры периода середины XX века, отражающей комплексное назначение объекта (*главный архитектор – М.Ш. Мусаев*) [4]. Дворец состоит из двух частей, объединяя сооружение клубного типа, имеющее зал и амфитеатр, и второй элемент здания – спортивный комплекс, занимающий отдельный блок. Общая площадь здания – 209044 м².

Дворец студентов (*следует пояснить, что с 2010 года Дворец культуры студентов был переименован во Дворец студентов, поэтому в статье используются оба наименования*) Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова – это не просто архитектурное сооружение, а живое, динамичное культурное пространство, особым образом структурированная территория творчества, духовного роста и студенческого самовыражения. За весь почти полувековой период развития здесь сформировалась уникальное пространство культуры и досуга, где каждый студент может найти вдохновение, реализовать свои способности, почувствовать сопричастность к большой университетской семье.

Идеология и смысловое содержание деятельности Дворца студентов были заложены основателем университета, его первым ректором – Евнеем Арыстановичем Букетовым. С первых дней функционирования работа Дворца студентов строилась на ценностях гуманизма, культурного многообразия и активного гражданского участия молодёжи. Дворец студентов стал местом студенческого досуга, где культивировались уважение к традициям и открытость новым идеям, где каждый участник культурной жизни воспринимался не как зритель, а как соавтор происходящего. К концу 1970-х годов в КарГУ были сформированы вокально-инструментальные ансамбли с ярко выраженной тематикой и высоким уровнем сценической культуры. Среди них – ансамбль политической песни «Аванте» (*рук. С. Кентбек*), пропагандировавший идеи гражданственности и интернационализма; ансамбль «Кредо» (*рук. С. Абаев*) и женский коллектив «Меруэрт», исполнявшие эстрадные и народные произведения в оригинальной аранжировке. Популярностью пользовался студенческий театр «Юность», ставший площадкой для самореализации молодёжи. Центральное место в художественной самодеятельности занимали оркестр казахских народных инструментов (*рук. Р.И. Бимендина*), студенческий хор (*рук. В.Ф. Пилипенко*), ансамбль казахского танца (*рук. К.А. Мукатова*). Эти коллективы, наряду с ВИА, чтецами и другими участниками, были объединены в сводный ансамбль «Жас Даурен», созданный по инициативе студента Анатолия Донника, активно проявившего себя в общественной жизни университета. Ансамбль стал символом массовости и высокого уровня студенческого творчества 1970-1980-х годов. Самодеятельные коллективы входили в состав агитбригад, выезжали на студенческие стройки, выступали на городских и областных мероприятиях, участвовали в республиканских и всесоюзных фестивалях (Алма-Ата, Москва, Ленинград, Киев и др.), где демонстрировали высокий уровень мастерства и представляли университет на престижных площадках.

С открытием в 1982 году Дворца культуры студентов появилась возможность полноценной творческой реализации. В начале 1980-х годов свою деятельность продолжили хор, оркестр, ансамбль «Жаркын», ВИА, театральные группы и другие студенческие объединения, охватывающие музыкальное, хореографическое, театральное и иные направления художественного творчества. Дворец культуры стал местом, где находили свое воплощение разнообразные формы культурно-просветительской работы. Как вспоминает известный режиссёр Вениамин Филиппович Ким, в 1980-е годы работавший в университете и поставивший во Дворце студентов несколько спектаклей и театрализованных программ (*ныне В.Ф. Ким проживает в Москве*), «… Ректоры университета – и Евней Арыстанович, и Зейнолла Мулдахметович – подготовку будущих специалистов увязывали с необходимостью воспитания гражданской позиции студентов, желанием подготовить людей, широко эрудированных, мыслящих по-государственному, объёмно».

Конец 1980-х – начало 1990-х годов ознаменовались масштабными и непростыми преобразованиями во всех сферах жизни университета. Это было связано с историко-культурным и социально-экономическим переустройством всего казахстанского общества. Серьёзным изменениям подверглась и система воспитательной работы в вузе, в том числе её важнейшая составляющая – организация студенческого досуга. Обретение Казахстаном независимости открыло новые горизонты для развития высшего образования и переосмысления роли студенческой культуры. Однако одновременно с этим прежние формы работы разрушались, а новые ещё не успели сформироваться. Помимо идейно-содержательных были и серьёзные экономические трудности так называемого переходного периода, связанные с сокращением финансирования: возникали сложности с выплатой заработной платы, не говоря уже о пошиве костюмов, приобретении музыкальных инструментов, обеспечении отопления и электроэнергии, организации поездок. Многие культурно-досуговые организации переходили на коммерческие формы работы, некоторые и вовсе прекращали свою деятельность.

Интеграция искусственного интеллекта в педагогическое образование открывает новые возможности для повышения качества обучения и подготовки будущих педагогов. Современные технологии позволяют создать персонализированные образовательные пути, оптимизировать административные процессы и разработать адаптивные учебные материалы, что способствует более эффективному и вовлеченному обучению студентов не только педагогического образования, но и других областей [6].

Таким образом, подготовка педагогов, способных эффективно использовать технологии ИИ, становится не просто желательной, а необходимой для создания конкурентоспособной образовательной среды. В конечном итоге, успешная адаптация педагогического образования к новым условиям позволит сформировать квалифицированных специалистов, готовых отвечать на вызовы современного мира и использовать инновационные технологии на благо образования.

Перспективы применения ИИ в электронном обучении студентов выглядят весьма многообещающими. Однако, необходимо реалистично оценивать технические возможности ИИ и границы его применимости для решения задач в конкретно заданных образовательных условиях.

К будущему искусственного интеллекта могут быть выдвинуты требования, отвечающие на вопрос, как и в каких пределах ИИ сможет изменять базы, заложенные в своей системе. И это крайне важный вопрос, поскольку выход машины из-под контроля будет сопутствовать отсутствию у ИИ ценностей, присущих человеку, и мотивирующих на прекращение действий.

Список использованной литературы

1. Амиров Р.А. Искусственный интеллект в высшем образовании / Р.А. Амиров // Механизм реализации стратегии социально-экономического развития государства: сб. материалов XII Междунар. науч.- практ. конф. - Махачкала: Информ.-Полиграф. Центр ДГТУ, 2020. - С. 27-30.
2. Амиров Р.А. Перспективы внедрения технологий искусственного интеллекта в сфере высшего образования / Р.А. Амиров, У.М. Билалова // Управленческое консультирование. - 2020. № 3 (135). - С. 80–88
3. Возможности применения технологий искусственного интеллекта в системе высшего образования / С.А. Корчагин, Ю.В. Клинаев, Д.В. Сердечный, Д.В. Терин // Физика и физическое образование: развитие, проблемы, достижения: сб. науч. тр. – Саратов: Саратов. источник, 2020. - С. 146-154.
4. Достанбекова, Ф.Х. Искусственный интеллект в высшем образовании: перспективы применения / Ф.Х. Достанбекова, Н.М. Виштак // Наука и образование: сб. тр. участников XII Регион. науч. конф. студентов и молодых ученых. - Красноярск: ООО «Научно-инновационный центр», 2021. - С. 89 - 97.
5. Искусственный интеллект в высшем образовании: зарубежный опыт развития / Е.С. Павлюк, В.Ю. Линник, Л.В. Павлюк, С.В. Фирсова. - М.: ООО «Издательство «КноРус», 2021. - 108 с.
6. Кешенкова, Н.В. Искусственный интеллект в высшем образовании: перспективы и проблемы / Н.В. Кешенкова // Интеллектуальный потенциал образовательной организации и социально экономическое развитие региона: сб. материалов междунар. науч.-практ. конф. Академии МУБиНТ. – Ярославль: Ред.-издат. отд. Междунар. академии бизнеса и новых технологий (МУБиНТ), 2021. - С. 139 - 142.

ӘОЖ 371.3:316.477(574)

Е.А. БӨКЕТОВ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ STEM БІЛІМІНДЕГІ ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ

Дулаткызы Д., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Акбаева Г.Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Акиф Соезер Мехмет, Гази университеті, профессор, Анкара, Түркия

XXI ғасырдағы жаһандық өзгерістер білім беру жүйесінің жаңа философиялық тұғырнамасын айқындауды талап етуде. Қоғамның ғылыми-техникалық даму қарқыны, цифрлық трансформация, жасанды интеллект пен биотехнологиялардың өрлеуі – мұның барлығы білім беру мазмұнын қайта қарастыруды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) білім беру моделі әлемдік педагогикалық ойдың басты бағдарларының біріне айналып отыр. STEM тек жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің интеграциясы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның сыни ойлау, шығармашылық, коммуникативтік және soft құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған кешенді тәсіл. Демек, STEM білімінің философиялық мәнін кеңінен талдау оны тек техникалық рационалдылықпен шектемей, гуманитарлық қырларын да ашуды қажет етеді.

Бұл идеялар қазақ ойшылдарының еңбектерінде де өз көрінісін тапқан. Академик Е.А. Бөкетовтің педагогикалық және философиялық тұжырымдары STEM парадигмасымен үндес келеді. Ол ғылым мен білімді тек кәсіби даярлық құралы емес, ең алдымен адамның рухани кемелденуінің, мәдениет пен гуманизмнің негізі деп қарастырды. Бөкетов шығармашылық еркіндік пен адамгершілік құндылықтарды ғылыммен ұштастыруды ұсынды. Бұл STEM біліміндегі гуманитарлық бағдардың мәнімен сәйкес келеді. Егер STEM тек техникалық-утилитарлық сипатта қалса, ол тұлғаның біржақты дамуына алып келуі мүмкін. Ал Е.А. Бөкетов идеясы бойынша ғылым мен өнердің, жаратылыстану мен гуманитарлық білімнің синтезі – адамның шынайы шығармашылық әлеуетін ашады.

Осыған байланысты қазіргі зерттеудің **ғылыми проблемасы** Қазақстандағы STEM білім беру үрдістері көбінесе техникалық және утилитарлық сипатта қарастырылып, оның философиялық-гуманитарлық өлшемдері жеткілікті деңгейде зерделенбегендігінде жатыр. STEM білім беруді ұлттық мәдениет, гуманистік идеялар және тұлғалық даму контекстінде пайымдау қажеттілігі туындап отыр.

Зерттеуіміздің мақсаты – STEM білімінің философиялық және гуманитарлық негіздерін айқындап, оны академик Е.А. Бөкетов идеяларымен салыстыра отырып, Қазақстан жағдайына бейімделген тұғырнамалық ұсыныстар жасау.

Осылайша, зерттеу STEM білімін тек техникалық-инновациялық үрдіс ретінде ғана емес, сонымен бірге философиялық-гуманитарлық мазмұны бар кешенді құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл көзқарас ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртуға, жас ұрпақтың шығармашылық және адами әлеуетін дамытуға, сонымен бірге қазақстандық педагогикалық ғылымды жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаты – болашақ ұрпақты жаһандық өзгерістерге бейім, бәсекеге қабілетті, шығармашылық тұрғыда ойлай алатын тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл бағытта STEM-білім беру (Science, Technology, Engineering, Mathematics) ұғымы халықаралық деңгейде кеңінен қолдау тауып отыр. UNESCO-ның 2021 жылғы баяндамасында атап көрсетілгендей, STEM-білім беру оқушылардың тек пәндік білімін ғана емес, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау, проблеманы шешу, топпен жұмыс жасау сияқты XXI ғасыр дағдыларын дамытуға негіз болады [1].

Осыған ұқсас пікірді Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) да қолдайды. OECD-нің PISA және TIMSS зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей, STEM бағытындағы сапалы білім елдердің инновациялық әлеуетін арттырып, экономикалық өсудің маңызды факторы болып табылады [2].

Қазақстан жағдайында STEM-білім берудің өзектілігін отандық ғалымдар да ерекше атап өтеді. Мәселен, академик Е.А. Бөкетовтің еңбектерінде болашақ мамандардың ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін интегративті білім беру әдістерін қолданудың маңызы көрсетілген [3]. Бұл идеялар қазіргі заманғы STEM-білім берудің мәнімен толық сәйкес келеді.

Демек, STEM-білім берудің енгізілуі Қазақстан үшін тек білім сапасын арттыру құралы ғана емес, сонымен бірге елдің адами капиталын дамытуға, жаһандық еңбек нарығында қазақстандық мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық қадам болып табылады.

Е.А. Бөкетов тұлғаның жан-жақты дамуын, ғылым мен руханияттың өзара байланысын ерекше атап өткен. Оның ойынша, адам тек қана білімді меңгеруші емес, ол – қоғамның рухани тірегі, мәдени-әлеуметтік құндылықтарды тасымалдаушы. Бұл идеялар қазіргі заманғы STEM-білім беру үрдісінде өзектілігін арттырып отыр. STEM бағытындағы білім беруде оқушыны тек техникалық дағдыларға үйретіп қана қоймай, оның сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін, әлеуметтік-рухани құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыру міндеті де қойылады.

Сондықтан Е.А. Бөкетовтің көзқарастарын қазіргі білім беру жүйесінің стратегиялық басымдықтарымен ұштастыра қарастыру, STEM-білімнің тұлғаның рухани-әлеуметтік дамуына ықпалын зерделеу – ғылыми тұрғыдан маңызды әрі практикалық мәнге ие мәселе болып табылады.

Бұл зерттеу сандық әдіске негізделді, оның мақсаты – Е.А. Бөкетовтің тұлғаның рухани-әлеуметтік дамуына қатысты негізгі идеяларын STEM-білім беру тұжырымдамасымен байланыстырып, олардың тәжірибелік деңгейде қалай жүзеге асатынын анықтау. Зерттеу міндеттері мыналарды қамтиды:

1. Е.А. Бөкетовтің еңбектеріндегі тұлғаның рухани дамуы мен шығармашылық синтезге қатысты ойларын жүйелеу [4].
2. STEM-білім беру мазмұнын талдау және оның тұлғаның жан-жақты дамуына ықпалын сандық деректер негізінде көрсету [5; 6].
3. STEM-пәндер мен soft құзыреттіліктердің байланысын статистикалық тұрғыда анықтау.
4. Интегративті үлгі ұсыну: STEM білім беру, soft құзыреттіліктері және Бөкетовтің шығармашылық идеялары.

Зерттеу іріктемесіне Қазақстандағы жоғары оқу орны – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Математика», «Информатика», «Программалық инженерия» мамандықтарында оқитын студенттер (N = 210) қатысты. Зерттеуде деректерді жинау үшін үш құрал қолданылды: біріншіден, сауалнама (Likert шкаласы негізінде), онда студенттердің рухани-әлеуметтік құндылықтарға (әділеттілік, еңбеққорлық, адамгершілік) бағдарлануы мен STEM саласында soft құзыреттіліктердің (креативтілік, командада жұмыс, көшбасшылық, сыни ойлау) қалыптасу деңгейі бағаланды; екіншіден, диагностикалық тапсырмалар енгізіліп, сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттер анықталды, сондай-ақ Е.А. Бөкетовтың «еңбектің адамгершілік мәні» туралы идеясына сәйкес құндылықтық сұрақтар қойылды; үшіншіден, әлеуметтік-демографиялық блок арқылы қатысушылардың жасы, курсы және мамандығы туралы деректер жиналды. Жиналған ақпарат сипаттамалық статистика (орташа мән, стандартты ауытқу) арқылы өңделіп, Pearson корреляциялық талдауы STEM пәндері мен soft құзыреттіліктер арасындағы өзара байланысты анықтауға қолданылды. Сонымен қатар регрессиялық модель құру арқылы STEM білімінің тұлғаның рухани дамуына ықпал ететін негізгі айнымалылары болжанды.

1-міндет. Е.А. Бөкетовтің тұлғаның рухани-әлеуметтік дамуына қатысты идеяларын жүйелеу

Бұл кезеңде біз студенттерге сауалнама жүргіздік (n = 120). Сауалнама Е.А. Бөкетовтің «Адам және қоғам» (1972), «Қоғамдық сана және рухани даму» (1980) еңбектерінде айтылған рухани-әлеуметтік құндылықтарға негізделді. Әрбір құндылық бойынша **5 балдық Ликерт шкаласы** қолданылды («мүлдем келіспеймін» – 1, «толық келісемін» – 5). Алынған нәтижелер сипаттамалық статистика (frequency analysis) арқылы пайыздық көрсеткішке айналдырылды.

Кесте - 1 Бөкетов идеялары мен студенттердің рухани бағдарларының сәйкестігі (Ликерт шкаласы негізінде)

Рухани-әлеуметтік құндылықтар	Бөкетов еңбектерінде (1972, 1980)	Орташа балл (M)	Келісу деңгейі (%)
Еңбектің адамгершілік мәні	«Еңбек – рухани жетілудің негізі»	4.1	74%
Әділеттілік пен адалдық	«Әділеттілік – қоғам дамуының шарты»	3.8	68%
Жауапкершілік пен еркіндік	«Жауапкершілік – еркіндіктің кепілі»	4.0	71%
Шығармашылық ізденіс	«Жаңашылдық – тұлға дамуының өлшемі»	3.6	65%

Ликерт шкаласы (Likert, 1932), сипаттамалық статистика (SPSS Frequency Analysis).

STEM білім беру мазмұнын талдау және тұлғаның жан-жақты дамуына ықпалын көрсету

Бұл кезеңде STEM пәндері (математика, физика, информатика, инженерия) мен soft құзыреттіліктер арасындағы байланыс **Пирсон корреляциясы** (Pearson correlation coefficient, r) арқылы есептелді. Сауалнамада студенттер әр пәннің олардың soft-skills дағдыларына қаншалықты ықпал еткенін 5 балдық шкалада бағалады.


Кесте - 2 STEM білім беру мен soft құзыреттіліктердің **байланысы (Пирсон корреляциясы, r)** (*p < 0.05)

Soft құзыреттіліктер	Математика	Физика	Информатика	Инженерия
Сыни ойлау	r = 0.62*	0.55*	0.48*	0.44*
Креативтілік	0.41*	0.36	0.52*	0.49*
Командада жұмыс	0.29	0.31	0.57*	0.61*
Көшбасшылық	0.26	0.28	0.44*	0.58*

Пирсон корреляциялық талдау (Pearson, 1895).

STEM білім беру мен soft құзыреттіліктері және Е.А. Бөкетов идеяларының өзара байланысын анықтау үшін **факторлық талдау (Exploratory Factor Analysis, EFA)** жүргізілді. Varimax айналдыру әдісі қолданылды.

Сызба- 1 STEM білім беру мен Е.А. Бөкетов идеяларының ортақ факторлық моделі (факторлық талдау негізінде)



Факторлық талдау (KMO > 0.7, Bartlett's Test p < 0.05). Жалпы жинақталған деректер негізінде STEM пәндері, soft құзыреттіліктері және Бөкетов идеяларын біріктіретін интегративті модель ұсынылды.

Сызба - 2 Интегративті STEM-модель (сандық талдау негізінде)



Бұл үлгі STEM білімін тек техникалық құзыреттіліктермен шектемей, тұлғаның рухани-әлеуметтік қалыптасуына ықпал ететін кешенді жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, XXI ғасырдағы жаһандық өзгерістер білім беру жүйесінің жаңа философиялық тұғырнамасын қалыптастыруды қажет етеді. STEM-білім беру моделі әлемдік педагогикалық ойдың басты бағдарларының біріне айналып, болашақ мамандарды тек техникалық тұрғыда даярлаумен шектелмей, олардың шығармашылық және рухани әлеуетін дамытуға да бағытталуы тиіс.

Зерттеу барысында STEM пәндері мен soft құзыреттіліктер арасындағы өзара байланыс анықталып, олардың тұлғаның сыни ойлау, креативтілік, көшбасшылық, командалық жұмыс сияқты маңызды дағдыларын қалыптастыратыны дәлелденді. Бұл тұста Е.А. Бөкетовтің тұлғаның рухани дамуы, әділеттілік пен еңбектің адамгершілік мәні, шығармашылық еркіндік туралы идеялары STEM парадигмасының гуманитарлық қырымен үндесетіні көрсетілді.

Жасалған факторлық және регрессиялық талдау нәтижесінде STEM пәндері мен soft құзыреттіліктері және рухани құндылықтарды біріктіретін интегративті модель ұсынылды. Бұл модель тұлғаның жан-жақты дамуына, ғылым мен гуманизмнің тоғысында нағыз шығармашылық әлеуетті ашуға мүмкіндік береді.

Яғни, STEM білім беруді Қазақстан жағдайында дамыту тек техникалық-инновациялық міндет қана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениетке, гуманистік идеяларға және тұлғаның рухани дамуына негізделген стратегиялық бағыт болуы тиіс. Бұл тәсіл қазақстандық білім беру жүйесін жаңғыртып қана қоймай, жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, рухани бай әрі жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. UNESCO. Exploring STEM competences for the 21st century [Электрон. ресурс]. – UNESCO, 2021. – Режим доступа: https://learningportal.iiep.unesco.org/en/library/exploring-stem-competences-for-the-21st-century– (қол жеткізілген күні: 31.08.2025).

2. OECD. PISA 2022 Results (Volume I): The State of Learning and Equity in Education [Электрон. ресурс]. – OECD Publishing, 2023. – DOI: https://doi.org/10.1787/53f23881-en – (қол жеткізілген күні: 31.08.2025).

3. Білімді интеграциялау және пәнішілік байланыстар жүйесі [Электрондық ресурс] / Ж. А. Таджибаева, Д. Қалабай, Ж. Масат. – Қарағанды : Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2023. – Режим доступа: https://rep.ksu.kz/handle/data/16869 (қолжетімділік күні: 31.08.2025).

4. Көбеев Е. Шоқтығы биік тұлға: академик Е. А. Бөкетов хақында // Жалын. – 2005. – №3. – Б. 24–27.

5. UNESCO. Cracking the code: Girls' and women's education in science, technology, engineering and mathematics (STEM) [Электрондық ресурс]. – Paris : UNESCO Publishing, 2017. – Режим доступа: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000253479 – (қолжетімділік күні: 31.08.2025).

6. OECD. OECD Skills Strategy 2019: Skills to Shape a Better Future [Электрондық ресурс]. – Paris : OECD Publishing, 2019. – Режим доступа: https://www.oecd.org/publications/oecd-skills-strategy-2019-9789264313835-en.htm – (қолжетімділік күні: 31.08.2025).

ӘОЖ 821.512.122.09

Е.А.БӨКЕТОВ – ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Естаева А.Р., М.Құрманғалиева атындағы 32 гимназия, Ақтөбе, Қазақстан

Евней Арыстанұлы Бөкетов – қазақ әдебиеті мен ғылымында өзіндік қолтаңбасын қалдырған көрнекті тұлға. Оның әдеби мұрасы терең философиялық ойлар мен ерекше көркемдік тәсілдерге бай. Е.А.Бөкетовтің шығармалары жан-жақтылығымен, тілдік шеберлігімен және идеялық мазмұнымен ерекшеленеді. Ол тек қана ғалым, аудармашы ғана емес, сонымен қатар әдебиет майталманы, сөз өнерінің қадірін арттырушы қайраткер ретінде танылды. Бөкетов шығармаларының басты ерекшелігі – халықтық рухты сақтау, ұлттық болмысты терең таныту, көркемдік пен ойшылдықты шебер ұштастыру

Бөкетов шығармаларында ұлттық болмыс пен заман талабын қатар суреттеу басым. Ол қазақтың салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, тарихи құндылықтарын көркем образдар арқылы асқан шеберлікпен жеткізеді. Сонымен қатар, кейіпкерлерінің психологиясын, ішкі әлемін терең ашу – оның басты ерекшелігі.

Е.А.Бөкетов шеберлігі арқылы оқырманды кейіпкердің жан дүниесіне үңілдіреді, олардың сезімін, ой-армандарын көркем сөзбен жеткізе біледі.

Бөкетовтің әр шығармасында көркем тіл мен бай сөз қорын қолдануы айқын байқалады. Оның сөз саптауы, теңеу мен метафораларды қолдануы шығармаларына ерекше реңк береді. Қазақ әдеби тілінің көркем мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жазушы халық ауыз әдебиеті үлгілеріне де сүйенеді. Бұл оның тілінің сұлулығы мен көркемдігін арттырады.

Е.Бөкетов публицистикасындағы басты өзек – дәстүр мен тағылым мәселелері төңірегінде өрістейтіні белгілі. Осы бағытта жазушы сан алуан мақалалар мен лекциялық сөйлер дайындаған. Жастарды білім алуға ынталандыру, тәрбиелі әрі мәдениетті азамат боп қалыптасуларына ықпал ету – оның көптеген публицистикалық еңбектерінің негізгі мақсаты. Жазушының өнегелі ойлары мен орынды тұжырымдары публицистикасынан айқын аңғарылады. Мәселен, «Ағадан ақыл, іниден ілтипат», «Қараша үйден Қарағанды Университетіне дейін», «Жас замандас бейнесі», «Арманшылды ардақта», «Сыйластық пен сырластық», «Парасат - білімнің бастауы», «Ғылымға жол ашсақ» секілді мақалалары жас ұрпақтың бойындағы игі қасиеттер мен адамгершіліктің орнығуына ерекше мән береді, осы бағытқа жетелейді.

Жазушы шығармаларында заман, уақыт, адам болмысы туралы ой қозғайды. Философиялық толғамдар адамгершілік, имандылық, ұлттың болашағы туралы сұрақтарды көтереді. Осы арқылы оқырманды терең ойға жетелейді, әрбір оқиғаның астарындағы мәнін ашуға шақырады.

Е.А.Бөкетов публицистикасында да көркемдік тәсілдер кеңінен қолданылады. Ол қоғамдық мәселелер мен заманауи өзгерістерді сипаттағанда көркемдік детальдар мен бейнелеу құралдарын ұтымды пайдаланады. Оның публицистикалық шығармалары нақтылық пен әсерлілікке толы.

Көпқырлы талантымен танылған көрнекті ғалымның әдебиет саласына зор үлес қосуына, сөз жоқ, оның өнерге деген ерекше іңкәрлігі, әдебиетші ретіндегі бейімділігі себепші болды. Бұл тақырыпты кеңінен қарастырмас бұрын, публицист Е.Бөкетовтің аталған кезеңдегі рухани ортасына назар аудару орынды саналады.

Әдеби мұрасының мазмұндық сипаты

Е.А. Бөкетовтың әдеби еңбектері – ұлттық мәдениеттің, рухани қазынаның маңызды бөлігі. Оның туындыларында:

- ұлттық дүниетаным, халық тарихы, салт-дәстүр ерекшеліктері көрініс тапқан;
- әлеуметтік әділет, адамгершілік пен ізгілік идеялары терең суреттелген;
- заман шындығын бейнелеумен қатар, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу айқын байқалады.

Е. Бөкетовтің қаламгерлік шеберлігі мен шешендікке тән қасиеттерінің бастау көзін оның табиғи болмысынан, бала күнгі өскен ортасынан іздеген дұрыс. Болашақ ғалым жастайынан шығыстың қисса-дастандарын жаттап, халық ауыз әдебиетінің нәрімен сусындап өсті. Ана әлдиімен, халықтық тәрбиемен бойына дарын қонған ол ерте жастан-ақ сөзге жүйрік, ойға алғыр болып қалыптасты.

Сол себептен де алғашқы ұстазы Августа Иустиновна шәкірті Евнейге ерекше ықыласпен қарап, оны әрдайым қолдап отырды. Парасатты ұстаздың өмір жолында жолыққан қазақтың алғыр да білімге құштар баласына деген мейірімі оның тағдырына айрықша әсер еткені анық. Абай айтқандай, «Шығысым – Батыс болып кетті» дегендей, шығыс әдебиетімен сусындап өскен Евнейдің Еуропа әдебиетіне қызығушылығын оятқан да – осы ұстазы еді. Жарты ғасыр өткен соң, академик Е. Бөкетовтің өзі білім алған мектебін, ұстазының ізін іздеп баруы – үлкен жүректі қаламгердің адамгершілік болмысының бір көрінісі.

Е. Бөкетовтің публицистикалық мұраларын оқыған жан оның тілінің шұрайына, жазу мәнерінің ерекше көркемдігіне сүйсінері сөзсіз. Белгілі қаламгер Ақселеу Сейдімбековтің «Шоқан туралы қолжазбаңызды оқып, тіліңізге сүйсіндім» деуі де тегін айтылмаса керек. Өйткені Бөкетов тілі – үнемі жаңарып, толығып отыратын құбылыстың жарқын үлгісі. Оның қолданысында жаңа дәуір туғызған тың сөздер, жаңа мағынаға ие болған көне ұғымдар мен интернационалдық терминдер орынды әрі шебер қолданылды. Мұндай сөздерді сәтті пайдалану автордың тілге деген ұқыптылығын, қаламгерлік мәдениетін айқын танытады.

Жас Бөкетовтің әдебиет пен өнерге құмарлығы, асқан талап-арманы тағдыр жолымен табиғаттану ғылымының өрісіне түсті. Өзі айтқанындай, «Ұлы Отан соғысынан кейін жоғары оқу орнына түскен біздер, көбінесе, мамандық таңдауға мүмкіндік болмады. Мысалы, мен мектепте оқып жүргенде инженер-металлург боламын деп мүлде ойлаған емеспін», – деп жазады Евней Бөкетов. «Арманшыл болғанға не жетсін» мақаласында: «Әрине, ұнатқан мамандық – тамаша түсінік. Бірақ бір ескеретін жайт – қандай шаруаның да нәтижесі еңбекте жатыр. Шын мәніндегі сүйікті мамандық – маңдай тер мен ыстық ықыласты қажет ететін іс. Нағыз еңбектенген мамандықты шын жүректен сүю де, күйзелу де болады; жан-дүниеңді арнаған ісіңе толықтай берілесің. Сондықтан бір кемшілік кетті деп артқа шегіну – нағыз босаңның ісі. Әсіресе, кейбір жастардың ‘қателестім’ деуі, көбінесе, бекер алаңдаушылықтан, өткінші қызығушылықтан туындаған жаңсақ пайым болып жатады. Тіпті алда-жалда жолыңнан жаңылсаң да, алған бетіңнен айнымай алға басу – батылға тән қасиет. Өйткені Абай айтқандай, «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ». Осы сөзімнен мамандыққа талғаусыз қарай бер, қай саланы таңдасаң да, бәрі еңбекпен оңай келеді деген ұшқары ой туындамаса екен деп ойлаймын», - деген тұжырым жасайды жазушы.

Е.А.Бөкетовтің әдеби мұрасын зерделегенде, оның шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктер – жазушы шеберлігінің, ұлттық болмысты терең түсінгендігінен туындайтын даралықтың белгісі екеніне көз жеткізуге болады. Әдеби және публицистикалық еңбектерінде ол қазақ сөз өнерінің биік үлгілерін көрсетті, әдеби дамуға үлкен үлес қосты. Бөкетовтің шығармашылығы – жас ұрпақ үшін өнеге мен рухани қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бөкетов Е. А. «Көкейкесті» Алматы. Қазақстан. 2000 жыл.
2. Амандосов Т. «Публицистика дәуір үні»// Журналист және өмір. 1992 жыл.
3. Интернет көздері

УДК 130.2

МИФ В ПОЛИФОНИИ ФИЛОСОФСКОГО ДИСКУРСА

Жусупова Б.Ж., Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан

На первый взгляд, о мифе как способе осмысления мира мы знаем достаточно, если судить с точки зрения доминанты научного и философского понимания мира. Миф – объект филологического, исторического, социологического, этнографического, культурологического, религиозного и множества других точек исследования, что свидетельствует о его многогранности, многофункциональности, многозначности, полифоничности. Этим и объясняется множественная полемичность взглядов и разнообразие философских интенций относительно сути мифологической картины мира, остающейся до сих пор в тени неразгаданного. Мифологическое мировоззрение, действительно, скрыто за «глубокой завесой» давности в дебрях человеческой истории и культуры. В какой степени мы способны понять, что именно отражал и выражал миф в жизни древних людей; чем была вызвана его необходимость и жизнестойкость; какова степень его реалистичности или выдуманности, простоты или сложности; как соотносится миф с иными жанрами и видами художественного творчества – до сегодняшнего дня открытые вопросы. Именно эти вопросы-вопрошания привели к возникновению большого разнообразия оригинальных и известных философских и культурологических школ в лице их ярких представителей, таких как М. Мюллер, Э. Тейлор, В. и Дж. Гримм, Дж. Фрезер, М. Элиаде, Б. Малиновский, Э. Кассирер, К. Леви-Стросс, Л. Леви-Брюль, З. Фрейд, К. Юнг, Дж. Кэмпбелл, Э. Дюркгейм, Э. Мелетинский, А.Ф.Лосев, С. А. Токарев, В.Пропп и многие другие.

Почему нас интересуют мифы? Может быть, потому, что и сегодня мы грезим мифами, продолжая находиться в «сладком» плену мифотворчества? Об этом уже написано немало. Ролан Барт утверждает, что мифом может стать все что угодно: «Я полагаю, что дело обстоит именно так, ведь суггестивная (поэтическая – Б.Ж.) сила мира беспредельна. Любую вещь можно вывести из ее замкнутого, безгласного существования и превратить в слово, готовое для восприятия обществом, ибо нет такого закона, естественного или иного, который запрещал бы говорить о тех или иных вещах» [1].

Миф и есть Слово. Именно так «миф» переводится с древнегреческого. Это Слово о происхождении мира, его сущности, целесообразности. Это Слово о самом человеке, раннем, древнем, который в свою бытность уже был озадачен удивительными, сложными вопросами бытия. А в качестве ответов предстают многоцветные, разноликие, противоречиво - *новообразимые* образы.

Как целостен образ, так и в мифе в целостности отражен мир и заодно целостность человеческой сущности. Именно целостно (холистически) отразить мир, схватить его в единстве человеческих порывов пытался древний человек. Аналитических навыков (навыков разделения, классифицирования) он еще не обрел, мыслил синкретично, пытаясь подражать целостности бытия. Пройдет время, прежде чем человек научится абстрагироваться, мысленно раскраивать мир по собственным человеческим лекалам с доминированием рациональных конструкций. Что касается мифа, то он чувственен, эстетичен, играя удивительными образами богатого воображения.

Миф трансформирует эксплицитно (явно, внешне) выраженный онтологический хаос в осмысленный антропоморфный космический порядок, в освоенный человеком образ. Вместе с тем миф представляет собой определенно выстроенную и выстоянную модель в связке человек – мир, некритично воспринимаемую последующими субъектами культуры как реальную связь. Отсюда миф – это особый способ духовно-практического завоевания действительности, его творческого прочувствования и переживания. Подобное переживание бытия происходит не на внешнем уровне субъекта переживания, а изнутри его личностного мира сквозь призму собственного созерцания, восприятия, осмысления, проживания.

Как мы знаем, в своей знаменитой «Диалектике мифа» А.Ф.Лосев предлагает понимать миф исходя не из науки, а из него самого. И тогда получается, что миф – «не выдумка, но – наиболее яркая и самая подлинная действительность. Это – совершенно необходимая категория мысли и жизни, далекая от всякой случайности и произвола…» [2;36]. Мыслитель справедливо замечает, обращаясь к ранней культуре, что трудно объяснить чистым вымыслом древние обычаи самоистязания, самосожжения или жертвоприношения. А если сравнивать миф и науку по степени реалистичности, то неизвестно, где больше субъективных допущений, о чем, например, рассуждал в своей трансцендентальной философии И.Кант. Более того, физику И.Ньютона А.Ф.Лосев называет не чем иным как мифологией нигилизма. И, действительно, в науках XIX века стал серьезно очевиден фактор субъективности научного исследования.

Миф есть и символ. Но понимание его символичности тоже неоднозначное. Настаивая на жизненной реалистичности мифа, на отличной от науки мифологической истинности, А.Ф.Лосев не принимает символическую трактовку мифа Э. Кассирера, который, по мнению русского философа, растворяя миф в символизме, теряет в нем реальную, онтологическую основу. В своей «Философии символических форм» Э.Кассирер утверждает, что суть мифа невозможно рационально исчерпать, мифологические символы указывают на нечто высшее, запредельное и внепредельное, включая эзотерическое, в том числе обусловленное буйной человеческой фантазией. Миф – мистерия – его подлинное значение и глубина не в том, что он выражает в сюжете, а в том, что он скрывает [3;52]. Символическую особенность мифа утверждали в своих культурологических исследованиях Э.Мирча, Е.М. Мелетинский и другие. Но в отличие от концепции Э.Кассирера А.Ф.Лосев утверждает, что миф есть всегда символ, и причём символ не условный и внешне прикреплённый к вещи, а символ в полном и живом смысле слова. В мифе образ и идея неразделимы**.** В отличие от Кассирера, который считал миф функцией символизации сознания, А.Ф. Лосев видел в мифе онтологическую реальность **-** то есть символичность мифа для него не «способ мышления», а бытие самого смысла.

Миф двулик в синтезе визуально - художественной формы и глубинного духовного смысла, ожидающего постижения. Какова степень этой глубины, в которую погружались древние народы, описывая, объясняя мир? Насколько она разнится с современными мифами? Уступает ли или, напротив, возвышается над ними? Насколько далеко продвинулся миф в вопросах постижения бытия? Миф отражает и выражает аутентичное мировосприятие людей разных культурно-исторических эпох. Именно через миф, посредством мифа человек взаимодействует с миром, отдавая себе отчет в целостности мира и целостности его восприятия. Миф - мировоззренческая основа картины мира.

Еще в эпоху тотального рационализма И.Кант объявил человеческое воображение единственной возможностью прикосновения человека к окружающему миру. Именно это делает миф атрибутом всей человеческой культуры. При этом миф автохтонен. Миф как автохтонный способ моделирования картины мира и социального действия в разных культурах подчеркивали в своих трудах известные исследователи мифа К. Леви-Строс, М. Элиадэ, Э. Кассирер, К. Хюбнер, Р. Барт, К. Юнг, В.В. Налимов.

Мифологическое мировоззрение, будучи ранней формой общественного сознания, доминировало в первобытном обществе и, по всей видимости, было обусловлено неспособностью человека выделиться из окружающей реальности, понимаемой в слитности природного и язычески-сакрального, чувственно-эмоционально, натуро-синкретически. Предполагается, мифология была ориентирована на комфортизацию человеческого существования, гармонизацию отношений между человеком и природой, человеком и обществом. Как результат, образно-метафорическое единство природы и культуры, антропоморфизация природного пространства, одухотворение Космоса.

Мифологической модели мышления свойственно безразличие к противоречивым процессам, пространственное и временное сближение объектов, которые выступали а качестве знаков других объектов. Мифотворчеству чужд научный принцип объяснения мира, все в нем акцентировано на нарративе начала, первотворения. Исходя из этого, мифология резко разграничивает ранее, сакральное (священное) время и время последующее текущее, профанное (мирское). Сакральное время – это образец для профанного. Поэтому в мифологическом мировоззрении происходит моделирование нового, исходя из образов прошлого. Это одна из функций мифа. Как известно, в научном мировоззрении выводы вытекают из логической детерминации между конкретным и абстрактным, тогда как в мифологии конкретное и персональное является знаком, а причинно-следственные связи гипостазированы, обозначены как сложная иерархия мифологических персонажей, аксиологически наполненных. Научное подобие в мифологии понимается как тождество, а логическая градация на признаки в мифологии соответствует делению на части. Поэтому в мифологическом мышлении присутствуют два временных измерения - диахронический (рассказ о прошлом) и синхронический (объяснение настоящего или будущего).

В мифе воплощен некритический коллективный способ освоения окружающей реальности различными поколениями людей, опирающийся на веру в реальное его содержание. Именно поэтому мифологическое мировоззрение утверждает в отдельном обществе наличную ценностную систему, санкционирует принятые поведенческие нормы и модели. Мифологический способ мировоззрения и мышления выражался не только в рассказах и повествованиях, но и в практических действиях, обрядах. Миф и обряд тесно связаны во всех древних культурах, их единство – это два взаимосвязанных аспекта во древних обществах – вербальный (словесный) и действенный (практический). Но что чему предшествует – миф обряду либо обряд мифу – вопрос открытый, дискуссионный до сих пор.

Практический аспект мифологии присутствует не только в обрядах, но и в результатах эмпирических знаний, которые человек добывал из материальной практики. Подобные эмпирические знания в связке с мифологическими были также ориентиром в жизни и источником дальнейшего формирования взглядов на мир. Это еще раз свидетельствовало о бессилии человека перед стихиями природы и попытке его иллюзорного преодоления. Помимо познавательных, нравственных ориентиров мифологическое мировоззрение содержит в себе, безусловно, и ориентиры эстетические, нашедшие яркое отражение в калейдоскопе фантастических сюжетов и персонажей.

Значение мифа как основополагающего атрибута мировосприятия человека указывает на мифологичность сознания человека, в котором миф представляется как пространство непосредственно проживаемой драмы человеческой жизни. Мифологизации подверждены все сферы человеческой деятельности и жизни. Миф уже не представляется наивным, искаженным образом действительности, а, напротив, легитимирует роль вынужденной иллюзии в тщетной попытке человека победить сложность бытия, схватить ее в отчаянном порыве. Мифологическое сознание, таким образом, воображает, конструирует свой образ реальности, без сомнения, упрощая, структурируя, схематизируя его, не имея возможности обладать абсолютным знанием сложного, трансцендентного. Именно поэтому важнейшая культурологическая роль мифа – мировоззренческая, связанная с пониманием мира и, самое главное, пониманием места человека в нем.

Мифологической задачей в эпоху архаики или современности всегда была трансформация хаоса жизненных переживаний и впечатлений в упорядоченный космос. В итоге миф демонстрирует единство идейной образности с образом действительности, выступая как целостное единство, целостная конструкция. Все мировоззренческие элементы в своей структурированности и упорядоченности скоррелированы с миром человека. Миф, таким образом, созидает мир, созидает образ человека, выделяя ему особое место в мировой ойкумене.

В современном научном лексиконе миф справедливо понимается как картина мира, которая и есть совокупность коллективных субъективных представлений о мире и месте человека в нем в культурно-историческом пространстве. Миф – это дневник прошлого. Именно из мифов можно черпать информацию о прошлом, о свершившихся исторических событиях, историческом опыте. Это гипертрофированная история, наполненная фантастическими художественными вымыслами и домыслами. Миф уверенно продолжает свое шествие. Но если древний миф – «дневник прошлого», то для современности это «дневник будущего», в котором не разум на поводу чувств, а чувства с опорой на интеллектуальное воображение. А еще миф присутствует в форме сакрализации

важных исторических дат, событий планетарного и личностного масштаба, в виде праздников (Новый год, Наурыз, День Рождения и т.д.). Человеку необходимо сакральное как преодоление обыденного, зримого.

Миф - это не только свойства древнего сознания, но и свойство всего человеческого мира, человеческого освоения мира, независимо от времени его существования. Как ни странно, современное человечество продолжает мыслить мифами. Более того, сегодня мы вступаем в эпоху, может быть, даже доминирования мифологического мышления. В истории человечества все время идет борьба мифа с Логосом, научно рационального философского мышления и религиозного, мифологического.

Мифы – это символические агрегаты, которые помогают или мешают нам, но в любом случае они соприкасаются с реальностью. Однако в отличие от древнего мифа, который был тотален, был замещением реальности, в современном мире мифы не обладают такой тотальностью. Они распространены в каких-то определенных группах, в определенных средах, не покрывают всю реальность, охватывают ее часть и между этими мифами существуют бреши в виде науки, критического сознания, в виде других мифов, которые друг другу противоречат, и на стыке двух мифов могут промелькнуть искры истины. Одним словом, современный мир более сегментирован в плане существования различных мифов и очень сильно раздроблен. Есть, конечно, такие люди, которые до сих пор используют тотальность мифологического мышления. У них такая система мышления, которая покрывает собой всю реальность. у них на все готов ответ, и это ответ часто довольно прост, удобен (например, некоторые свременные идеологи, которые делят мир на «своих» и «чужих»).

Что касается, судьбы древней мифологии в современном мире например, мифологии викингов, древних египтян, древнего вавилона, библейской мифологии, то эта мифология стала основной почвой всей образности и не только в искусстве но и в других областях символического. Миф превратился, например, в литературный сюжет, ключевой образ, который мы все понимаем. Причем, этот образ такой функциональный, он связан с определенными этапами жизни человека, общества, всей земли. Это какие-то универсальные структуры, которые, например Карл Густав Юнг (1875-1961 гг.) назвал «архетипами».

Каждый гуманитарий сегодня понимает, что человеческое мышление разнообразно, но не бесконечно разнообразно, формируясь из каких-то специфических моделей и специфических блоков, которые наполнены современной информацией. Но в какой-то глубинной своей основе оно аналогично древнему, и в этом смысле Клод Леви-Стросс (1908-2009 гг.) писал, что мышление современного западного человека принципиально не отличается от мышления дикаря: «Мы склонны думать, что «дикарь» мыслит иначе, чем мы. Но это иллюзия. Мышление „дикаря“ столь же логично и столь же последовательное, как и наше собственное. Оно отличается лишь направлением интересов: вместо абстрактных категорий оно оперирует конкретными обра зами» [4;36]. Мы мыслим по-прежнему, раскладывая мир на двоичную (бинарную) систему, на бинарные оппозиции и устанавливаем между ними разного типа отношения. Кстати, К.Леви-стросса и вообще мифологическое мышление очень жестко критикиковали постструктуралисты, или постмодернисты, возникшие во второй половине 80-х годов XX века, которые хотели придумать, как можно мыслить вне мифа. Они призывали не расчленять мир на бинарные оппозиции, не выстраивать жестких логических структур, оков реальности и духа, что мы находим в творчестве французского постмодерниста Жака Дерриды (1930-2004 гг.). С точки зрения французского мыслителя, «у мифа нет единства или абсолютного истока. Его фокус или источник всегда оказываются тенями или возможностями — неуловимыми, неосуществимыми и главное несуществующими. Все начинается со структуры, конфигурации или отношения. Дискурс о той ацентричной структуре, какою является миф, сам не может иметь абсолютного основания и абсолютного центра» [5; 361]. Ж.Деррида предложил понятие, метод деконструкции: как только обнаруживается оппозиция какому-либо высказыванию, ее небходимо деконструировать и так бесконечно. Другими словами, каждое утверждение в деконструкции становится зыбким и выражает насилие, от которого нужно увильнуть, превращая все в игру.

Но XXI век показал, что бинарные оппозиции, мифологемы снова возвращаются в различных формах мировоззрения. Миф, который запечатлен в искусстве, дает нам возможность пережить определенный чужой опыт как свой собственный, в этом смысле расширяет, возможно, нашу жизнь дает нам пережить чужой опыт.

Может ли современный человек отказаться от искусства, от мифа, заменив все это наукой? Нет, конечно. Искусство дает то, что не в состоянии дать ни одна, даже гуманитарная, наука. Оно представляет, хоть и воображаемый, но целостный опыт. В любой науке человек выступает как часть мира, а в искусстве целостно, даже если это искусство абстрактное.

Таким образом, древний миф остался. Более того, в последние годы начинается сакрализация древней мифологии, Например, сегодня очень известна скандинавская мифология благодаря ее распространению в зарубежной конематографии, художественной литературе, компьютерных играх. Возник культ героев, *джедаи* (рыцари-миротворцы). Подобная тенденция героизации, наверное, обусловлена тоской по яркой, приключенческой жизни в условиях серых офисных будней современного человека. Человеку нужна отдушина в виде героической скандинавской или кельто-германской мифологии. Человеку нужна героическая идентичность. Видимо, людям всегда нужны герои, кумиры, на которых хочется равняться. Мифы продолжаются в человеческой культуре как мечта, как попытка все же создать вечный двигатель, машину времени, эликсир бессмертия и вечной молодости, как то, что по законам современной науки невозможно.

Современный человек не ограничивается древней мифологией, он ее додумывает, домысливает, осовременивает. Иногда упорядочивает. Древняя мифология используется как арсенал искусства. Причем в миф современные люди не верят, но культивируют (например, образ Деда Мороза). Продолжается ритуализация жизни с привлечением древних экзотических обрядов, отличающихся от современных, скучных и рутинных.

Миф – это действие. В современном мире существуют мифы, в которые верят, которые нами управляют. Эти мифы подвергают разоблачениям со стороны естественных наук, исторического, математического знания. Тем не менее они появляются. Особенно всерьез о современной мифологии стали говорить после второй мировой войны, которая многое изменила, показала фикцию, причем опасную фикцию, в том числе нацистские мифы и нацистская

мифология. К сожалению, до сих пор многих современных молодых людей очень сильно будоражит нацистская эстетика, и ходят слухи о том, что на самом деле в ней существует тайная мистическая подоплека, вспоминают полумифическую организацию Аненербе («Немецкое общество по изучению древней германской истории и наследия предков»), тибетских монахов в третьем рейхе, черные костюмы, подчеркивающие фигуры нацистов – воинов. Эти черные костюмы были придуманы намеренно с целью оккультно-идеологического обеспечения государственного аппарата нацистской Германии. Многие молодые люди поддались подобной эстетике рейха, не вникая в суть всего этого.

Французский структуралист, семиотик Ролан Барт (1915-1980 гг.), анализируя глянцевую парижскую прессу 50-х годов, написал работу «Мифологии» (1957 г.). В ней он показал механизм возникновения современных мифов из широкого распространения масс-медиа. Уже в 50-х годах резко увеличилось количество глянцевых журналов, активно развивается телевидение, радио. Основная мысль Р.Барта в том, что миф делает мир. «Миф есть система коммуникации, это сообщение. Следовательно, миф — это не вещь, не понятие, а способ означивания» [6; 232]. Мы, думая посредством мифа, заблуждаемся, считая, что мы самостоятельно осмысливаем жизнь такой, какая она есть на самом деле. Именно на этом работает современная процедура пиара (public relations — публичные отношения, технологии создания и внедрения образа объекта).

Таким образом, присваивая язык, паразитируя на нем, миф обладает определенными механизмами влияния. Например, в одном из очерков из «Мифологии» Р.Барта под названием «Расин есть Расин» автор утверждает, что миф блокирует критическое мышление с тем, чтобы вовлечь человека в какую-то акцию, чтобы он был преданным поклонником как, например, в сетевом бизнесе, когда участники распространяют свой товар как уникальный, не имеющий аналогов. «Миф превращает культуру в природу… он обезоруживает всякую критику, поскольку то, что является историческим, начинает предствляться как данное от природы [6; 240]. Миф мобилизует.

Сила мифа велика и сегодня. Мифотворчество парисутствует в различных сферах современной человеческой деятельности. Известный казахстанский культуролог Нуржанов Б.Г. справедливо замечал, что даже современная политика зачастую ссылается не на разум, а на миф. Миф сегодня может служить прочным основанием для политики, так как будучи сферой эстетики, сферой чувственности, он увлекает, убеждает, «зажигает» людей больше, чем сухие рациональные аргументы [7].

Синкретичность мифа, единство объективного и субъективного, рационального и иррациональных начал делает этот способ постижения мира исторически более перспективным. В этой связи, миф становится центральной категорией современной философии и культурологии, он снимает оппозиции реального и воображаемого, индивидуального и общественного, и восстанавливает утраченную целостность мира и человеческого сознания. Впрочем, и это вполне оспоримо и требует новых перспектив в развитии данного философского дискурса.

Список использованной литературы

1. Барт Р. Миф сегодня / Р.Барт. Избранные работы: Семиотика.Поэтика; пер. Зенкина С. – М.: Прогресс, 1994. – С. 72-130
2. Лосев А.Ф. Диалектика мифа / А.Ф. Лосев. – М.: Мысль, 2001. – 559 с.
3. Кассирер Э. Философия символических форм / Э.Кассирер. – М.: СПб Университетская книга, 2002. – Т2. – 280 с.
4. Леви-Стросс К. Первобытное мышление / К.Леви-Стросс. – М.: Республика, 1994. – 384 с.
5. Деррида Ж. Письмо и различие / Ж.Деррида: пер. с фр. под ред. Лапицкого В. – Спб: Академический проект, 2000. – 432 с.
6. Барт Р. Мифологии / Р.Барт. – М.: Академический проект, 2008 – 351 с.
7. Нуржанов Б.Г. Бекет Нуржанов в Интеллектуальном клубе Ауэзхана Кодара [Электронный ресурс] / Б.Г.Нуржанов. – Режим доступа: https://www.youtube.com/watch?v=6J-geC9BqVw&ab_channel=AuezKodar

ӘОЖ: 378.1

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ КОНТЕКСТІНДЕ КӘСІПҚОЙЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Жумасултанова Г.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі кезеңде өркениетті қоғамдарда жүзеге асып жатқан көпқырлы жаңғырту үдерістері мен ақпараттық технологиялардың ықпалымен қоғамдық сананың трансформациялануы білімді адамзат дамуының негізгі өлшемдерінің біріне айналдырды. Бүгінгі таңда демократиялық даму жолын таңдаған мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстан Республикасында да, білім берудің жаңа моделін қалыптастыру қажеттілігі күн тәртібінде өткір қойылып отыр. Мұндай модель қоғамның жаңа типтегі әлеуметтік дамуға өтуін қамтамасыз етіп, оған жаңа серпін беруге тиіс. Осыған орай, қазіргі техноцентристік сипаттағы білім беру жүйесін алмастыратын тұлғаға бағдарланған білім берудің қалыптасуы заманауи қоғамның аса маңызды әлеуметтік мәселелерінің бірі ретінде көрініс табуда.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басынан бастап білім беру жүйесін дамытудың негізгі үрдістері мен қағидаттарының қатарында гуманитарландыру ерекше орынға ие болды. Бұл құбылыс қоғамдық өндіріс пен әлеуметтік қатынастарды жаңғырту үдерістерінің объективті заңдылықтарынан туындап отыр. Оның басты мақсаты

– тұлға мен қоғам арасындағы өзара әрекеттестікті оңтайландыру арқылы олардың үйлесімді әрі тиімді дамуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, қазіргі кезеңдегі білімді гуманитарландырудың маңызды бағыты – оның рухани-адамгершілік мазмұнын жетілдіру. Бұл тұлғаның рухани дамуына ықпал етіп қана қоймай, технократиялық бағыттағы білім беру жүйесінің айқын кемшіліктерін жоюға бағытталған.

Қазақстан жағдайында бүгінгі күнде қоғам өмірінің барлық саласына әсер етіп отырған әлеуметтік өзгерістер жаңа қоғамдық ахуалды түсінуге деген әлеуметтік және жеке қажеттіліктерді қалыптастыруда. Бұл өз кезегінде әлеуметтік проблемаларды кешенді талдауды және көпнұсқалы, өзін-өзі ұйымдастыратын әлемдегі адамның жаңа орнын айқындауды талап етеді. Инновациялық даму жағдайында еңбек субъектісінің зияткерлік және адамгершілік деңгейіне қойылатын талаптар артып, оның санасын жаңғыртуға, сондай-ақ күрделі әрі жылдам өзгеретін шынайылыққа бейімделу қабілетіне ерекше көңіл бөлінуде. Кәсіби құзыреттілік – әлеуметтік мәні бар интегративті тұлғалық сапалардың жиынтығы ретінде қарастырылып, маманға өзгермелі әлеуметтік ортаға жедел және тиімді бейімделуге, кәсіби міндеттерді қоғамдық қауіпсіздік, экономикалық тиімділік және мәдени даму талаптарына сәйкес орындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік-гуманитарлық білімнің рөлі ерекше, себебі ол кез келген саланың маманын даярлауда жалпы мәдени құрамдас бөлік болумен қатар, жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіби дайындықтың дербес бағытын да құрайды.

Біздің дәуір көбінесе ғылыми-техникалық революция немесе ақпараттық дәуір ретінде сипатталатынын ескерсек, мұның маңызы айрықша. Бұл анықтамаларда, әдетте, техникалық аспектілерге басымдық беріледі. Шын мәнінде, қазіргі кезеңдегі ғылым мен техниканың жетістіктері орасан зор: адамзат жетілген машиналарды жасап қана қоймай, жануарларды жасанды жолмен көбейтуге және өз бейнесіндегі роботтарды құрастыруға да қол жеткізді. Дегенмен, әлеуметтік шындық көрсеткендей, адамзат дамуы тек қана технологиялық үдеріс бола алмайды. Қазіргі заманғы индивид бұрынғы дәуірлердегіден гөрі әлдеқайда көбірек философиялық пайымдауға, болып жатқан құбылыстарды философиялық тұрғыдан қорытуға мұқтаж. Бұл – адамзат өз технологиялық әлеуетіне сәйкес келетін философиялық концепцияларды қалыптастыруы тиіс дегенді білдіреді. Ғылым мен техниканың даму салдары оларды жай ғана теріске шығарумен шектелмеуі керек. XX ғасырдың көрнекті ойшылы Карл Ясперс атап өткендей: «...Техникаға тәуелді адам оны қалай бағындырады? Адамның бүкіл болашағы техникалық дамудың салдарын және олардың оның өміріне ықпалын қалайша өзіне бағындыра алуына байланысты. Бұл ықпал оның қолжетімді шынайылықты ұйымдастыруынан бастап, әрбір нақты сәттегі жеке мінез-құлқына дейінгі деңгейде жүзеге асады» [1, 139-б].

Осыған байланысты қазіргі қоғамда әлеуметтік-гуманитарлық білімнің айрықша маңызға ие болып отырғаны туралы толық айтуға болады. Бұл ең алдымен еліміздің қазіргі даму кезеңінің ерекшеліктерімен байланысты. Аталған ерекшеліктердің қатарына саяси өзгерістерді, экономикадағы жаңа қатынастардың қалыптасуын, құндылықтар жүйесінің өзгеруін, қазіргі жастардың білім саласындағы сұраныстарының әртараптануын, сондай-ақ білім беру жүйесінің децентрализациясы мен плюрализациясын жатқызуға болады.

XXI ғасырда қоғамның даму бағыттары, оның рухани құндылықтары мен ұлттық болмысын сақтау - гуманитарлық ғылымдармен тығыз байланысты. Атап айтқанда, философия, әдебиет, тарих,қоғамтану, педагогика салалары елдің дүниетанымдық өрісін қалыптастырып, мәдени кодын сақтауда ерекше рөл атқарады. Қазақ философиясының негіздері ежелгі түркілік дүниетанымнан бастау алып, Абай, Шәкәрім, әл - Фараби, Жүсіп Баласағұн секілді ойшылдардың мұрасында жалғасын тапты. Бұл идеялар қазіргі қоғамда гуманитарлық ғылымдардың жаңа парадигмаларын қалыптастыруға ықпал етуде.

Еркін ойлы ғалым, академик Е.А. Бөкетовтің шығармашылық еңбектері осы дәстүр мен қазіргі заман диалогының жарқын үлгісі. Ол әдебиет пен ғылымды қатар ұстап, гуманистік көзқарасты насихаттай отырып, ұлттық мәдениеттің дамуына зор үлес қосты. Сонымен бірге, бүгінгі қоғамда креативті белсенді азаматтың қалыптасуы - гуманитарлық ғылымдар мен сыни ойлаудың нәтижесі деп айтуға толық негіз бар.

Қазақ философиясы – халықтың тарихы, дүниетанымы мен мәдени тәжірибесін бейнелейтін ілім.

Ежелгі дәуірде өмір сүрген әл – Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде білім мен тәрбиенің қоғам үшін шешуші маңызын айтқан болатын. Бұл пікірге тереңірек қарасақ, қазіргі педагогикадағы гуманистік бағыттармен сабақтастығын байқаймыз.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы ел басқару, әділет, парасат, қанағат қағидалары - гуманитарлық ғылымдардағы құндылықтық бағыттың іргетасы екендігін мойындап отырмыз. Ал Абайдың қара сөздері адам болмысының этикалық, рухани қырларын ашып, ұрпаққа сыни ойлау мен өзіндік көзқарастың,ұлттық құндылықтың қажеттілігін дәріптеді: «Адам болам десеңіз, бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген ұстаным – бүгінгі қоғам үшін сан ғасыр өтсе де, өзекті бола бермек.

Қазақ философиясының өзегі - адам мен қоғамның үйлесімі, білім мен имандылықтың бірлігі. Бұл ойлар гуманитарлық ғылымдардың, әсіресе педагогиканың дамуына ықпал етіп, тәрбиенің негізгі қағидаларын айқындайды.

Еркін Ағманович Бөкетов - ғалым, жазушы, қоғам қайраткері. Еркін Ахметович химия ғылымының дамуына үлес қосып қана қоймай, әдебиет әлемінде де өзіндік ізін, ойын қалдырды. Оның шығармаларына тән басты ерекшелік - адамгершілік пен әділеттілік, адалдық идеяларын басты мәселе етіп көтереді.

Бөкетовтің әдеби еңбектері қоғамдағы моральдық құндылықтарды дәріптеп, жастарды білімді болуға шақырды. Ол әдебиет арқылы ғылымды насихаттап, шығармашылық пен еңбектің үйлесімін көрсетті. Е.Бөкетовтың «Ғылым – адамзат өркениетінің жүрегі, ал әдебиет – оның жаны» деген ұстанымы оның дүниетанымын анық айқындайды.

Е. Бөкетовтің ғылыми – әдеби қызметіне келсек, қазақ әдебиеті мен гуманитарлық ғылымдардың тоғысында ерекше орын алады. Ғалым ағамыз ұлттық мәдениеттің дамуына, әдеби мұраның байытылуына зор үлес қосты. Оның шығармалары қазіргі жастардың сыни ойлауын, отансүйгіштігін қалыптастыруда үлкен маңызға ие.

Е.А.Бөкетовтың гуманистік ойлауын айқын бейнелейтін: «Сезімді тәрбиелеу – әннен, әдебиеттен, бейнелеу өнерінен, жалпы өмірдің ғажайып сезімін қалыптастыратын барлық нәрседен басталады. Ақындар мен ғалымдардың түпкі мақсаты бір - сұлулық пен кемелдікті іздеу. Жер бетіндегі ең игі де пайдалы істердің бәрі сұлулық заңына сәйкес жасалады. Және оның бәрін айналадағы адамдармен бөліскің келеді, сондықтан да мен әдебиетпен жан - тәніммен айналысамын...» Бұл дәйексөз арқылы ғалым ағамыз өнер мен әдебиеттің тәрбиелік мәнін айта келіп, сұлулықтың адам өміріндегі орнын және ғылым мен өнердің ортақ мұраты ортақ екендігі, әдебиет- адамның жанын тәрбиелейтін , изгілік пен сұлулыққа жетелейтін күш екендігін айтады.

Е.Бөкетов өнер мен ғылымның біртұтастығын , эстетикалық рух пен адамгершілікті дәріптеп, әдебиетті өмір сүрудің мәндік құралы ретінде көретіндігін айтады.

Тағы бір өлеңінен аударма жасап, мысал келтіретін болсақ,

«Жолыңды таңда қателеспе,
Талантты болсаң-асқақтап тол.
Сенімді кірпіш боп қаланып,
Жаңа тұрғызған қабырғаға қон...»

Осы өлең жолдары арқылы ол адамды шынайы ұстанымға шақырады.

Бұл өлеңнің символикасы Е.Бөкетовтың тұлғалық ұстанымын және оның философиялық ойлау мәнерін бейнелейді: талантты адам өз өмірін биік мақсаттарға ғана арнауға тиіс дегенді меңзейді.

Е.Бөкетов:« Сезімді тәрбиелеу - әндерден басталады... әдебиетпен жан - тәніммен айналысамын...» (Бөкетов, 2015:) Бұл дәйексөз арқылы ол әдебиетті тек эстетиканың ғана емес, рухани тәрбиенің негізі болып табылатындығын, сезім тәрбиесі өнерден, әннен бастау алатындығын, әдебиет тек жүрек қалауымен, шын ықыласпен айналысатын іс екендігін айтады.

Бүгінде қоғамда білімді, жауапкершілігі жоғары, креативті ойлайтын белсенді азамат қалыптастыру – басты міндет. Бұл бағытта гуманитарлық ғылымдардың алатын орны ерекше. Педагогика тұлғаны азаматтық жауапкершілікке, шығармашылық белсенділікке тәрбиелейді.

Креативті тұлға – тек жаңа идея тудыратын адам емес, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік мәселелерін шеше алатын, сыни ойлау мәдениеті қалыптасқан азамат. Қазақстандағы білім беру реформалары, «Жаңа Қазақстан» идеясы – креативті тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған.

Қоғамдық проблемалардың ішінде жастар арасындағы құндылық дағдарысы, әлеуметтік теңсіздік, ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері бар. Бұларды шешуде гуманитарлық ғылымдар – ой мен пікірдің тірегі болып табылады. Қазақ философиясы мен Бөкетовтің ақыл-ойлары жастарды әділеттілікке, еңбексүйгіштікке, баулуда жол көрсетеді.

Сыни ойлау мәдениеті – кез келген дамыған қоғамның көрсеткіші, ол жалған ақпаратқа қарсы тұруға, азаматтық ұстанымды қалыптастыруға, елдің болашағы үшін жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақ философиясы, Е.А. Бөкетовтің шығармашылығы және қазіргі қоғамдағы гуманитарлық ғылымдардың рөлі – өзара сабақтас, олардың барлығы адамды, қоғамды, рухани құндылықтарды жаңғыртуды көздейді. Бүгінгі таңда ұлттық философиялық мұралар мен гуманистік идеялар жастардың ойлау мәдениетін дамытуға, креативті азамат қалыптастыруға, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Ендеше, педагогика мен гуманитарлық ғылымдар – дәуірлер арасындағы диалогты жалғастырып қана қоймай, болашақтың бағдарын айқындайтын іргелі сала болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әл-Фараби. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары». – Алматы: Ғылым, 1975.
2. Жүсіп Баласағұн. «Құтты білік». – Алматы: Жазушы, 1986.
3. Абай. «Қара сөздер». – Алматы: Раритет, 2010.
4. Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Үш анық». – Алматы: Арыс, 2007.
5. Букетов Е.А. Әдеби және ғылыми еңбектері. – Қарағанды, 1980–1990 жж. жинақтар.
6. Әбділдин Ж.М. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1998.
7.Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Жолдаулары. – Астана, 2020–2024.
8. Сыни тұрғыдан ойлау. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021.

УДК 336.6

ФАКТОРНЫЙ АНАЛИЗ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ВЛОЖЕНИЙ В ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

Калкабаева Г.М., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан
Курманалина А.К., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Привлечение инвестиций в экономику и их эффективное использование является очень важной задачей для любого государства. Инвестиции служат основой для создания производственных мощностей и инфраструктуры, внедрения современных технологий, что способствует повышению производительности и росту ВВП. Инвестиции, направленные на новые проекты, строительство и модернизацию предприятий, способствуют созданию рабочих мест, что улучшает жизненный уровень населения и обеспечивает социальную стабильность. Хорошо развитое инвестиционное обеспечение экономики помогает стране не отставать от мировых тенденций, создавать привлекательную инвестиционную среду для иностранных инвесторов, повысить экспорт и технологическое развитие. Достаточный объем инвестиций является необходимым условием формирования устойчивой, инновационной и конкурентоспособной экономики, которая может адаптироваться к изменениям и преуспевать на мировом рынке.

Исследуя исторические данные Казахстана, можно отметить, что высокие темпы роста экономики с начала 2000 годов были связаны с высокими темпами роста инвестиций. Однако мировой финансовый кризис 2008-2009 гг. и пандемия COVID-19 привели к тому, что многие экономики испытали замедление ключевого драйвера роста – инвестиций. Экономика Казахстана не стала исключением: уровень инвестиций в основной капитал упал с 31,9% в 2005 году до 14,7% в 2023 году. Это замедление инвестиций наблюдается уже более 10 лет [1].

Замедление инвестиций усугубилось нарастанием диспропорций в инвестиционном обеспечении секторов экономики. Преодоление этих негативных тенденций требует углубленной оценки факторов, влияющих на динамику инвестиций в Казахстане.

В условиях глобализации и неопределенности мировой экономики понимание факторов, влияющих на объемы и направление инвестиционных потоков, становится особенно важным для устойчивого экономического развития. Наиболее актуально это для развивающихся стран и стран с формирующимся рынком, таких как Казахстан, где внешние и внутренние инвестиции играют решающую роль в обеспечении роста экономики. Исследование факторов, определяющих инвестиционные потоки, позволит выявить ключевые проблемы и возможности для улучшения ситуации, разработать стратегии, способствующие наращиванию инвестиционных вложений и их эффективному использованию.

Целью исследования является выявление ключевых факторов, оказывающих влияние на объем инвестиционных вложений в экономику Казахстана, на основе проведения социологического опроса и интерпретации его результатов.

В настоящем исследовании переменные, влияющие на инвестиционное обеспечение экономики, изучаются на основе опроса респондентов и факторного анализа результатов опроса. Используя данный подход, исследование направлено на предоставление более глубокого понимания различных аспектов и динамики инвестиций. Исследование вносит вклад в продолжающееся обсуждение о влиянии факторов на инвестиции и экономический рост, устраняя выявленные пробелы. Оно предлагает некоторые меры по улучшению инвестиционной политики и расширению инвестиций в экономику Казахстана.

В экономической литературе обсуждается множество факторов, влияющих как на инвестиции, так и на экономический рост. Исследователями He Y. et al (2024) анализируются факторы, влияющие на эффективность инвестиций. Они утверждают, что финансовое развитие положительно влияет на эффективность инвестиций, но до определенного порогового значения [2]. Эмпирические результаты, полученные Farooq et al (2023), продемонстрировали положительное влияние не только финансового развития, но и уровня инфляции на корпоративные инвестиционные решения, за счет «дешевого финансирования и эффекта повышения цен на обогащение производства» [3].

В свою очередь, Zhang Y. et al (2024) выделяют такой важный фактор как институциональное качество принимающей страны, которое оказывает значительное влияние на прямые иностранные инвестиции [4]. Исследование Sağdıç E.N. et al. (2021) подтверждает значительное влияние государственных инвестиционных стимулов на рост регионов и отраслей [5]. Для инвестиционно-ориентированных стран, как отмечают Geda & Yimer (2024), важны макроэкономическая и политическая стабильность, а также эффективность правительства. Кроме того, изобилие природных ресурсов является решающим фактором, стимулирующим инвестиционные потоки, только в краткосрочной перспективе. В долгосрочной перспективе оно важно для нестабильных и факторно-ориентированных экономик [6].

В Казахстане немногие исследования посвящены изучению влияния факторов на инвестиции. Имеющиеся исследования сосредоточены на анализе взаимосвязи между прямыми иностранными инвестициями, экономическим ростом, уровнем инфляции и объемом международных резервов [7]. Влияние прямых инвестиций на энергетическую индустрию Казахстана выявлено в работе Tumatay & Zhantore (2024) [8]. Факторы инвестиционной привлекательности отраслей промышленности Казахстана были изучены Imashev & Utebaliyeva (2024). Они выявили территориальные особенности распределения инвестиций в основной капитал, что позволило им определить приоритетные направления для привлечения инвестиций [9]. В свою очередь, исследователи Shin et al (2024) оценили влияние инвестиций на развитие обрабатывающей промышленности [10].

Хотя обширная литература раскрывает некоторые особенности развития инвестиционного обеспечения экономики разных стран, остаются некоторые пробелы, особенно касающиеся степени влияния отдельных факторов на объемы инвестиционных вложений. Одним из существенных пробелов является ограниченное внимание к факторам в инвестиционной сфере Казахстана, где различия в структуре экономики и доминирование добывающего сектора существенно предопределяет движение инвестиционных потоков. В этой связи возникает потребность в применении подходов качественного анализа, таких как социологический опрос, который предлагает возможности проведения анализа трудно измеряемых аспектов.

Опираясь на подробный обзор имеющейся литературы, это исследование формулирует следующий исследовательский вопрос: какие факторы влияют на инвестиционное обеспечение экономики и какие из них являются ключевыми? В исследовании предполагается проверка следующей гипотезы: объем инвестиций зависит как от макроэкономических факторов, так и внутристрановых условий.

В качестве метода анализа результатов социологического опроса был применен факторный анализ, который позволил выяснить степень влияния факторов и сформировать группы параметров, связанных между собой. С помощью факторного анализа можно выявить скрытые переменные (факторы), которые объясняют взаимосвязи между наблюдаемыми явлениями. Для поиска и исключения аномальных респондентов. Это те респонденты, которые на большинство вопросов могли ответить минимальными или максимальными баллами, или не дали ответов на большее количество вопросов. Согласно расчетам, верхняя граница равна 36, а нижняя – 12. Ответы респондентов, выходящих за эти границы, были исключены из анализа. Затем была определена корреляция Спирмена между вопросами. В нашем случае доля вопросов, между которыми корреляция Спирмена 60% и более составила всего 5%. Значит, большинство вопросов независимы или слабо коррелируют между собой. Данный факт дает возможность осуществить факторный анализ. Для того, чтобы определить, подходят ли полученные данные для факторного анализа была проведена проверка на критерий Бартлетта и тест Кайзера-Мейера-Олкина с расчетом Chi-square value и P-value. Результаты теста Бартлетта показывают, что данные подходят для проведения факторного анализа, так как переменные имеют достаточные корреляции для выявления факторов. В свою очередь, значение KMO равно 0,71, что указывает на среднее соответствие для проведения факторного анализа.

Следующим шагом является определение групп вопросов, результаты которых схожи между собой. Были выявлены 3 фактора со значением больше 1. Остальные факторы объясняют меньшую часть вариативности. Расчет корреляционной матрицы между вопросами и тремя выделенными факторами показал следующие результаты. Вопросы, связанные с влиянием инфляции, волатильности курса и мировых цен на энергоносители, имеют высокую нагрузку на первый фактор. Вопросы, связанные с влиянием налогов, ставок вознаграждения, экологических ограничений и инноваций на инвестиции, имеют высокую нагрузку на второй фактор. Вопрос, связанный с потребностью в инвестициях, имеет высокую нагрузку на третий фактор. В таблице 1 представлены значения коэффициентов корреляции и средний баллы вопросов и факторов.

Таблица 1 - Значения коэффициентов корреляции и средний баллы вопросов и факторов

Вопрос	Средний балл вопроса	Фактор 1	Фактор 2	Фактор 3
потребность в инвестициях	3	0,079	0,065	0,625
влияние государственной политики на инвестиции	3,27	0,113	0,259	0,433
влияние налогов на инвестиции	2,85	0,099	0,624	0,117
влияние экологических ограничений на инвестиции	2,79	0,207	0,670	0,177
влияние инноваций на инвестиции	3,38	0,005	0,509	0,386
влияние ставок вознаграждения по кредитам на инвестиции	2,5	0,474	0,639	0,253
влияние инфляции на инвестиции	2,06	0,546	0,183	0,365
влияние волатильности курса нацвалюты на инвестиции	2,24	0,763	0,116	0,000
влияние повышения мировых цен на энергоносители на инвестиции	2,28	0,813	0,156	0,185
Средневзвешенный балл по факторам		2,21	2,85	3,00
Средний балл по всем вопросам и факторам	2,71	2,69		
Примечание – рассчитано авторами				

Расчет среднего балла по вопросам показал, что в основном респонденты отмечают негативное влияние рассмотренных показателей, так как средний балл у большинства вопросов ниже 3. Только по двум вопросам средний балл выше 3, что указывает на небольшое положительное влияние государственной политики и инноваций на объемы инвестиционных вложений в экономике Казахстана. Средний балл вопроса о наличии потребности в инвестиции равен 3, это свидетельствует о том, что 1/2 предприятий респондентов необходимы инвестиции.

Наибольшая корреляция фактора 1 наблюдается с вопросами, связанными с внешними факторами (влиянием волатильности курса и мировых цен на энергоносители). При этом влияние мировых цен на энергоносители имеет корреляцию 0,813, а значит этот вопрос оказывает наибольшее влияние на оценки этой группы вопросов. Следовательно, при проведении инвестиционной политики необходимо обратить повышенное внимание на этот аспект. Самый низкий балл в этой группе у вопроса – влияние инфляции на инвестиции, что означает значительное отрицательное влияние инфляционных процессов на динамику инвестиций. Возможно, что данная ситуация связана со значительным ростом цен на импортируемые товары, сопровождаемым ослаблением курса тенге и другими процессами.

Фактор 2 коррелирует с вопросами, включающими влияние налогов, ставок вознаграждения на кредитном рынке, экологических ограничений и инноваций на инвестиции. Эту группу вопросов можно отнести к факторам внутристранового характера. При этом наибольший коэффициент корреляции 0,670) у вопроса о влиянии экологических ограничений на инвестиции. Наименьший коэффициент корреляции имеет влияние инноваций (0,509). Однако вопрос о влиянии инноваций имеет наибольший средний балл у рассматриваемой группы вопросов и оказывает повышающее действие на фактор 2.

У фактора 3 значимая корреляция только с одним вопросом – наличие потребности в инвестициях. У этого вопроса нейтральное значение среднего балла.

Результаты среднего балла по всем вопросам и факторам практически совпадают, разница составила 0,02. Это подтверждает значимость результатов факторного анализа.

В результате проведенного исследования были выявлены ключевые факторы, влияющие на объемы инвестиционных вложений в сектора экономики Казахстана. В этой связи были собраны первичные данные с помощью анкеты, показывающие, что больше половины респондентов считают, что их предприятия нуждаются в инвестициях. Исследование уровня достаточности инвестиций продемонстрировало, что в основном предприятия респондентов либо не используют инвестиции в своей деятельности, либо объем инвестиций значительно меньше, чем требуется. Более трети респондентов подтвердили, что вкладываемых объемов инвестиций недостаточно для их организации. При изучении вопроса об эффекте инвестиций на объемы производства, большинство респондентов отметили, что увеличение инвестиций положительно влияет на рост объемов производства. Предпочтительными видами инвестиций, как показали результаты опроса, являются инвестиции в основной капитал, государственные инвестиции и другие инвестиции.

Для изучения значимости исследуемых вопросов был применен факторный анализ. Было проанализировано 9 вопросов, касающихся влияния государственного регулирования, экономической стабильности и уровня использования инноваций на инвестиционную деятельность. Расчет корреляции Спирмена подтвердил, что большинство вопросов независимы. Проверка на критерий Бартлетта и тест Кайзера-Мейера-Олкина показали, что данные подходят для проведения факторного анализа. В результате группировки вопросов были выделены 3 фактора: к первому фактору, характеризующему макроэкономические тенденции, были отнесены вопросы, связанные с влиянием инфляции, волатильности курса и мировых цен на энергоносители; ко второму фактору -

вопросы, связанные с влиянием налогов, ставок вознаграждения, экологических ограничений и инноваций на инвестиции; к третьему фактору - вопрос, связанный с уровнем потребности в инвестициях.

По результатам анализа необходимо подчеркнуть, что текущие мировые экономические тренды могут оказать влияние на инвестиционные потоки в Казахстане. Наиболее значимым оказалось влияние мировых цен на энергоносители, что указывает на уязвимость экономики Казахстана к внешним шокам и требует дополнительного анализа возможных стратегий снижения внешних рисков и диверсификации экономики.

Влияние таких факторов, как налоги, процентные ставки, экологические ограничения и инновации, обозначает важность создания стабильной и предсказуемой внутренней политики для поддержания инвестиционной активности в стране. Это указывает на необходимость совершенствования государственного регулирования экономики, налоговой и монетарной политики для стимулирования внутренних инвестиций, улучшения инвестиционного климата и увеличения инвестиций в научные разработки.

Дальнейшие исследования могут быть сосредоточены на рассмотрении других переменных, которые могут оказывать влияние на инвестиции, но не были включены в данный анализ, такие как доступность финансирования, социальные факторы, уровень образования и другие. Кроме того, перспективным направлением дальнейших исследований могло бы стать сравнение результатов факторного анализа показателей других стран.

Список использованной литературы

1. World Bank (2025). Indicators. https://databank.worldbank.org/source/world-development-indicators

2. He, Yizhou, Yoo Tae Hwan. (2024). Financial development impact on domestic investment: does income level matter? *Cogent business & management,* 11, 121-135. Retrieved from: https://doi.org/10.1080/23322039.2024.2321811

3. Farooq, U., Tabash, M. I., Hamouri, B., Daniel, L. N., & Safi, S. K. (2023). Nexus between Macroeconomic Factors and Corporate Investment: Empirical Evidence from GCC Markets. *International Journal of Financial Studies*, *11*(1), 35. https://doi.org/10.3390/ijfs11010035

4. Zhang, Yu, Li Yihang, Zhang Kun. (2024). The impact of host country institutional quality on OFDI: Evidence from China. *Journal of international trade & economic development*, 14, 51-64. Retrieved from: https://doi.org/10.1080/09638199.2024.2320156

5. Sağdıç, E.N., Karaş, G. and Yıldız, F. (2021). The Impact of Investment Incentives on Regional Economic Growth in Turkey: An Empirical Analysis. *Sayıştay Dergisi*, 32 (121), 39-64. Retrieved from: https://doi.org/10.52836/sayistay.966483

6. Geda, A., Yimer, A. (2024). What Drives Foreign Direct Investment into Africa? Insights from a New Analytical Classification of Countries as Fragile, Factor-Driven, or Investment-Driven. *J Knowl Econ* 15, 14199–14234. https://doi.org/10.1007/s13132-023-01639-5

7. Isatayeva G.B., Seitbekova S.T., Seitova V.N. (2024). Impact of foreign direct investment on the economic growth of Kazakhstan. *Central Asian Economic Review*, 4, 133-145. (In Russ.) https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-4-133-145

8. Tumatay G., Gu J., Zhantore U. (2024). The impact of China's direct investment on energy industry development in Kazakhstan. *Central Asian Economic Review,* 2, 77-89. https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-2-77-89

9. Imashev Э., & Utebaliyeva Б. (2024). Territorial differentiation of investment attractiveness of the industry in Aktobe region. *ECONOMIC Series of the Bulletin of the L N Gumilyov ENU*, (3), 57–79. https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-3-57-79

10. Shin Ye.P., Mussabayev T.T., Zholamanova M.T. (2024). The impact of investments on the competitiveness of the manufacturing industry (using the example of the Karaganda Region). *Central Asian Economic Review*. 1, 154-164. (In Russ.) https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-1-154-164

ОӘЖ 372.891

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Кенжина К.Д., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Жангожина Г.М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Қуандық С.М., «Байтуған ЖББМ» КММ, Нұра ауданы, Қазақстан

Қай халықты танығың келсе де, оның өміршеңдігі мен ұлттық, танымдық, саналы ғұмырын дәріптейтін, тарихи мәліметтер беретін еңбектерді зерттеу міндетті. Осы орайда аталған еңбек авторлары өз заманында халықтың, елдің, қоғамның өмірі мен тағдыры туралы, дамуы мен дағдарысын көрсететін құнды деректер береді. Ол еңбектердің иегерлері қоғамның заманауи қажеттіліктеріне орай адамзат санасы мен сауаттылығын қалыптастыруда үлкен рөл ойнайды. Қазақстан қоғамы дамуында үлкен үлес қосқан ғылыми еңбектер авторлары тізімінің басында зор тұлға – Е.А.Бөкетовты атауға болады.

Ірі ғылыми тұлға, тарихи қайраткер Евней Арыстанұлы өзінің кәсіби мамандығымен бірге география ғылымы мен білімі саласына қосқан үлесі өте зор. Бұл байланысты кезінде, ғалымның ұстазы, нұсқаушысы Қ.И.Сәтбаевтың салған сара жолы орнатқан. Ел экономикасында кен-химиясы, кен-металлургиясы кешендері маңызды рөл ойнайды. Бұл салалар отандық экономикалық, әлеуметтік географияның дамуындағы жетекші фактор болса, ғалымдардың еңбек жолы, ғылыми зерттеу нысандары физикалық географияның, еліміздің табиғи-ресурстық потенциалы негізін қалауда ықпал етті. Сәйкесінше, жоғарыда аталған еңбектер отандық кешенді географияның қалыптасуында

маңызды орын алады. Бүгінгі қоғамның қарқынды динамикалық үдерісінде «келешек ұрпақтың осы дәстүрлі де, заманауи ғылым саласына деген қызығушылығы мен білімі деңгейі қандай?» деген заңды сұрақ туындайды.

Кеңестік дәуірде қалыптасқан географиялық білім – қазақстандық қоғамның сауаттылық деңгейін анықтап берді. XXI ғасыр өзінің заманауи даму үлгісімен қатар, жалпы білім саласына, елдегі географиялық сауаттылық деңгейінің өзгеруіне де әсер етті.


Қазіргі таңда Қазақстан халқының географиялық сауаттылық деңгейін анықтау мәселесі қоғамда ерекше маңызға ие болып отыр. Бүгінгі тандағы жаһандану, ғаламдық климаттың өзгеруі, урбандалу және т.б мәселелер географиялық білімнің маңыздылығын арттыруда. Қазақстан – кеңбайтақ аумақты қамтитын ел ретінде аймақтық даму, экологиялық қауіпсіздік, көші-қон және ауыл шаруашылығы сияқты салаларда географиялық сауаттылықты қажет етеді. Сондықтан қоғам мүшелерінің географиялық сауаттылық деңгейін анықтау – елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық міндет. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі үздіксіз жаңару үстінде, ұлттық білім беру стандарттары халықаралық талаптарға сай келгенімен, географиялық сауаттылық деңгейі туралы кешенді зерттеулер аз. Әсіресе қоғамның әртүрлі топ өкілдеріндегі – оқушылар, студенттер, ересек адамдар арасындағы географиялық білім мен кеңістіктік деңгейін түсіну өзекті мәселе [1]. Әлемде болып жатқан табиғи, әлеуметтік-экономикалық және табиғи үдерістерді дұрыс түсініп, оны бағалай білу – әсіресе келешек буын үшін маңызды.

Географиялық сауаттылық – бұл адамның жер бетіндегі табиғи, әлеуметтік және экономикалық үдерістерді түсінуі, олардың өзара байланысын бағалай алуы және географиялық ақпаратты (карта, сызба, диаграмма) дұрыс пайдалана білу қабілеті. Географиялық сауаттылық – кешенді географиялық ұғымдарды, яғни әлем белдеулерін, түрлерін, табиғи-ресурстық әлеуетті, экономикалық-географиялық, демографиялық жағдайларды, олардың өзіндік байланысы мен қоғамдық ішінара жітелуі мен қажеттіліктерін, пайда болу немесе жойылып кету себеп-салдарын, жаһандық мәселелердің кеңістіктік таралуы мен шешу жолдарын түсініп, оларды сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Осы білім негізінде адамзат қоғам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің сақталуын, қоршаған табиғи ортаның қоғамдық маңызын айқындай алады.

Географиялық білім мен сауаттылық – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін аса маңызды аспектілердің бірі. Әр азаматтың өзі туып өскен, қоршаған ортасын тануға және табиғи ортаны қорғап, табиғи байлықтарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Қазақстандағы географиялық сауаттылық деңгейін зерттеу мәселесі негізінен білім беру жүйесіне, білім алушылар мен студенттердің білімін талдауға, қоғамның экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатынасына бағытталған.

Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманауи үдерісте геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) географиялық сауаттылықты арттыратын қосымша мүмкіндіктің бірі болып табылады. Осы орайда заманауи қарқынды жүйені дамытуға үлес қосқан атақты ғалым Роджер Томлинсонды де атап өту орынды. Оны «ГАЖ әкесі» деп те атайды. Автор құрған жүйе географиялық деректерді талдау мен визуализациялау арқылы білім беру жүйесіне жаңашылдықтар әкелді.

Географиялық сауаттылық деңгейін зерттеу халықаралық шеңберде жүйеленген. Олардың бірегейі ретінде PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық бағалауын атауға болады. Аталған зерттеу жүйесі әр үш жыл сайын жүргізіледі және еліміз бойынша көрсеткіштер, PISA нәтижелерін басқа елдермен салыстырғанда, әлдеқайда төмен. 2012 және 2015 жылдармен салыстырғанда, 2018, 2022 жылдардағы нәтижелілік төмен түсіп кеткені анық. Әрине, бұл нәтижеге әртүрлі адами факторлармен қатар, ғаламдық деңгейдегі жағдайлар да әсер етті. Оның бір көрінісі ретінде бүкіл әлемдік COVID-19 вирусының өршу себебін атауға болады. Жалпы осы аталған кезеңдердегі нәтижелер төмендегідей: 2012 жылы оқу сауаттылығы – 393 балл (59-орын), ғылыми-жаратылыстану бағыты бойынша – 425 балл (48-орын), 2015 жылы оқу сауаттылығы 427 балл (54 -орын), ғылыми-жаратылыстану бағыты бойынша – 456 балл (43-орын), 2018 жылы оқу сауаттылығы 387 балл (69-орын), ғылыми-жаратылыстану бағыты бойынша – 397 балл (69-орын), 2022 жылы өткізілген соңғы зерттеу нәтижесі бойынша оқу сауаттылығы – 386 балл (61-орын), ғылыми жаратылыстану – 423 баллды құрады (49-орын). Аталған көрсеткіштер төмендегі 1-суретте берілген [2].



1-сурет. Халықаралық сауаттылықты бағалау PISA зерттеулеріндегі Қазақстан білім алушыларының нәтижелері

Зерттеу нәтижелерін зерделесек Қытай, Сингапур, Макао, Тайвань және Жапонияның көрсеткіштері жоғары. Еліміз нақты критерийлер бойынша математика (55-орын), жаратылыстану мен оқу сауаттылықтары бойынша 70-орынға тұрақтады. 2012 және 2015 жылдары өткізілген бағалау тест нәтижелері бойынша Қазақстан алдыңғы 50 елдің қатарында болған еді. Geography Awareness Week (National Geographic Society) – географиялық апталық іс-шарасы барысында National Geographic Society географиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған сауалнамалар мен зерттеулер жүргізетін халықаралық ұйым. Негізгі мақсаты – географиялық білімді насихаттау (адамдардың географиялық түсінігін қалыптастыруға арналған), қазіргі кезде болып жатқан экологиялық мәселелермен жалпы адамзатты таныстыру, жергілікті жердегі мәдениеттер мен географиялық ерекшеліктерді зерттеу болып табылады. Бұл апталық міндеттері шеңберінде қарапайым сұрақ-жауап алынып, викториналық ойындар өткізіліп, дәріс және саяхаттау арқылы қолданушының географиялық ой-өрісін кеңейту қарастырылған.

Әрине, елімізде географиялық сауаттылықты арттыру мақсатында бірнеше бағытта іс-шаралар атқарылуда. Олардың ішіндегі ең маңыздылары ретінде: еліміздегі білім беру жүйесін қайта қарап жаңғырту, яғни география мен эколгоиялық білім беруде бірлесе жұмыс атқару арқылы студенттер мен білім алушыларды практикалық дағдыларға үйрету. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарын аталған салаға бейімдеу, географиялық сауаттылықты арттыру бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарын, әсіресе ауылдық жерлерде жүргізу [3]. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында экологиялық-географиялық бағдарламаларды әзірлеу: университеттер мен колледждерде экологиялық-географиялық сауаттылықты дамытуға бағытталған мамандандырылған курстар мен бағдарламаларды енгізу.

Қазақстандық қоғамның географиялық сауаттылық деңгейін зерделеу арқылы, отандастарымыздың қоршаған орта, жаһандық экологиялық мәселелер және жалпы әлем туралы пікірлерін қалыптастыруға болады. Географиялық білім қоғамның тұрақты дамуы мен саналы болашағын қамтамасыз етудің маңызды факторы.

Алдыңғы зерттеулер нәтижелері қазақстандық қоғамның географиялық сауаттылық деңгейін орта деп бағалауға жеткілікті. Отандастарымыз елдегі табиғат ресурстар мен экологиялық мәселелерді түсініп ұғынады, алайда соларды тиімді пайдалану мен климаттың жылынуы және геосаясат тақырыптарында білімдері шектеулі.

Жоғарыда аталған мәселелердің негізгі шешу жолдары ретінде: жалпы білім беретін мектептердегі география пәнінің сағатын көбейту мен қолданбалы оқыту әдістерін енгізу, яғни пәнді тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық тапсырмалар, зертханалық жұмыстар, экспедициялар арқылы оқытуды жүзеге асыру [4]. Заманауи технологияларды пайдалану – цифрлық карталар мен ГАЖ сияқты технологияларды кеңінен пайдалану білім беру деңгейін жақсартуда өзіндік үлеске ие. Қоғамдық сауаттылықты арттыруда ақпараттық науқандар мен оқыту тренингтерін ұйымдастыру маңызды. Ақпараттық қарқынды даму кезеңінде географиялық контенттерді арттыру, оларды толығымен цифрландыру әлі де өзектілігін жоймауы тиіс. [5]. Аталған зерттеулер мен ұсыныстар қоғамдық географиялық сауаттылық деңгейін көтеруге, болашақ ұрпақтың жаһандық өзгерістерге бейімделуіне көмектеседі.

Жоғарыда аталған зерттеу, бағалау жұмыстарының қорытындысы арқылы әлем елдеріндегі географиялық білім деңгейінің әртүрлі екендігін көреміз. Сауаттылық деңгейін шартты түрде үш топқа жіктеп қарастыруға болады: жоғары (Финлядия, Германия, Оңтүстік Корея, Канада, Жапония, Сингапур), орта (Ұлыбритания, АҚШ, Австарлия) және төмен деңгейі (Үндістан, Бразилия, ОАР, Нигерия).

Скандинавиялық Финляндия әлемдегі ең сауаттылығы жоғары мемлекет болып табылады. Бұл елді бағалау барысында, басқа сауаттылықтармен қатар, географиялық сауаттылық деңгейінің де – жоғары екені анықталған. Жоғарғы нәтижеге жетудің басты себебі – білім берудің соңғы технолгияларын қолданып оқыту. PISA 2022 жылғы нәтижелеріне сәйкес финдік оқушылар өте жақсы білім көрсеткен. Аталған ел білім алушыларының сыни тұрғыдан ойлауы өте жоғарғы деңгейде [6].

Германия білім алушыларының көрсеткіші – 80%. Дегенмен, бұл елдің оқушылары соңғы PISA-2022 жарысында төмен нәтиже көрсетті. Нәтижеге әсер еткен басты себеп ретінде әлемді жайлаған COVID-19 жұқпалы ауыру пандемиясын атауға болады. 2018 жылғы нәтижемен салыстырғанда 2022 жылы барлық бағыт бойынша төмендеу байқалған [7]. Неміс оқушылары жаһандық мәселелерге байланысты сұрақтарға сенімді түрде жауап берген. Ал Оңтүстік Корея оқушылары – 85% оң нәтиже көрсетті. Аталған ел білім алушылары географиялық мәселелерге байланысты есептерден, басқа ел оқушыларына қарағанда үздік екені анықталды.

Канада тек табиғи ресурстарға ғана бай емес, білім беру деңгейі бойынша да көш ілгері. Канада тұрғындары арасында географиялық сауаттылық деңгейі халықаралық зерттеулер мен сауалнамаларда әртүрлі нәтижелер көрсетеді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес канадалықтар әлемдік картаны талдауды және өз елінің табиғи ерекшеліктерін өте жақсы біледі. Білім беру саласы қарыштап дамыған Жапонияда география пәні бастауыш сыныптан бастап оқытылады. Шығыс Азия елдеріне тән математикакалық бағыт болғандықтан, география пәнінде кездесетін мәселелік есептерді оқушылар жақсы шығарады.

Сауаттылық деңгейі орташа елдердің негізгі тізімінде әлемдік сахнада ойып тұрып орын алатын ірі экономикалық державаларды айтуға болады. Американдықтардың география пәнінен сауатталық үлесі әдетте төмен – 70-75% аралығында. Бұл тенденцияның басты себебі соңғы National Geographic Society ұйымдастырған зерттеулер бойынша американдықтардың географиялық түсініктер мен картаны қолдануда қиындықтарға тап болатыны анықталған. Жастар арасында 18-24 жас аралығындағылардың небәрі 20-25% ғана географиялық сауаттылық көрсеткіші бойынша жоғарғы деңгейге ие. Халықтың қоныстануы бойынша да географиялық сауаттылық деңгейі өзгереді: ауылдық жерлермен салыстырғанда қалалық деңгей жоғары [8].

Ұлыбританияда Geography Competency немесе география сауаттылығынның деңгейін тексеретін зерттеулерге сәйкес, 15-24 жас аралығындағы британдықтардың сауаттылық үлесі біршама төмен, 20%-дан сәл асады. Жастар арасында географиялық ақпараттарды түсіну мен қолдану бойынша кедергілер туындайды.

Австралияда халықтың сауаттылығы басты мәселе болып табылады. PISA тесті Австралиялықтардың білім сапасын жиі тексеріп тұрады. Басқа да зерттеулерге сүйенсек, Geography Competency зерттеулері бойынша Австралиядағы мектеп оқушыларының 10-15% ғана географиялық ақпараттарды түсінеді.

PISA – 2022 жылғы зерттеуі көрсеткендей, соңғы өткізілген тестілеу нәтижелері бойынша ғылыми – жаратылыстану бағытындағы көшбасшы мемлекеттерге Шығыс Азия елдерін жатқызуға болады. Басты себеп – аталған мемлекеттердің ғылым және білім салаларына баса көңіл аударуы. Ғылыми сауаттылық бойынша Сингапур, Жапония, Макао (Қытай), Қытайлық Тайбэй, Корея, Эстония, Гонконг (Қытай) және Канада – ең сапалы нәтиже беретін білім беру жүйелері болып табылады. Аталған тоғыз аумақтан басқа, 15 мемлекеттің білім беру жүйесі ЭЫДҰ-ның ғылымдағы орташа көрсеткішінен жоғары нәтиже берді. Орташа нәтиже – 485 балл. ЭЫДҰ құрамындағы елдердегі төрт оқушының үшеуі оқу және жаратылыстану сауаттылығы бойынша негізгі білімге қол жеткізді. 2018 жылғы PISA нәтижесі бойынша ЭЫДҰ елдері көрсеткішінде тек ғылыми-жаратылыстану бағыты ғана өзгеріссіз қалған. Төмендеу әсіресе Германияда, Исландияда, Нидерландыда, Норвегияда және Польшада айтарлықтай сезілген. Барлық зерттеу аймағында 2018-2022 жылдар аралығында тек төрт мемлекет өз нәтижесін жақсартты: Бруней, Камбоджа, Доминикан Республикасы және Қытайлық Тайбэй [9]. PISA-2022 нәтижесі бойынша ғылыми-жаратылыстану бағытында ең үздік нәтиже көрсеткен – Сингапур. Бұл елде білім беру жүйесі нақты бір жолға қойылған. Сондай-ақ, осы қатардағы Шығыс Азия мемлекеттері: Жапония, Макао, Тайвань, Корея Республикасы бұл тізімнің көшбасшылары (2-сурет). Көрші Ресейде мектеп оқушыларының нәтижесі жыл өткен сайын төмендеу үстінде. Мектептегі география оқу сағатының қысқаруы, маңыздылығының төмендеуі және практикалық маңызының толық түсіндірілмеуі қазіргі ресейлік білім беру саласының басты мәселесі болып отыр.



2-сурет. PISA-2022. Ғылыми-жаратылыстану бағыты бойынша жоғарғы деңгей көрсеткен мемлекеттер.

Ғылыми-жаратылыстану бағыты бойынша PISA-2022 зерттеулерінде төмен нәтиже көрсеткен мемлекеттер тізіміде көрсетілді (3–сурет). Тізімде экономикалық дамуы жағынан артта қалған және енді даму жолына түскен мемлекеттер жарияланған. Аталған мемлекетер ішінде болып жатқан әлеуметтік теңсіздіктер, жемқорлық, соғыстар және геосаяси тұрақсыздық білім мен ғылым саласының төмен сатыларда орналасуына өз әсерін тигізеді. Әсіресе, Доминикан Республикасындағы кедейшілік пен ішкі қақтығыстар білім саласының дамуына өзіндік кедергілер келтіруде. Тізім соңына жайғасқан көрші Өзбекстанның соңғы жылдардағы экономикалық даму жолына түсуін көре отырып, білім саласын дамыту бойынша қабылданып жатқан өзгерістерінің ауқымдылығына қарай отырып,болашақта тізім бойынша жоғарлау үдерісін көруіміз бек мүмкін.



3-сурет. PISA-2022. Ғылыми-жаратылыстану бағыты бойынша төмен деңгей көрсеткен мемлекеттер.

Географиялық сауаттылығы төмен елдер экономикалық тұрақсыз, ішкі қақтығыс салдарынан және басқа да мәселелерді келтіреге бағытталады. Географиялық сауатсыз елдер денін Африка және Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін жатқызсақ болады. 3–суретте көрсетілген мемлекеттерден бөлек, тестілеуге қатысуға мүмкіндігі жоқ мемлекеттерде тізімді толықтыруда. Нақты деректердің болмауы, аталған мемлекеттердің географиялық сауаттылығын қай деңгейде екенін анықтап бере алмайды.

Халық санының көп болуымен байланысты, әлеуметтік қоғамда өзіндік орны бар Үндістанда географиялық сауаттылық туралы нақты деректер көрсетілмеген. Мемлекеттің өзінде жалпы сауаттылықтың орта деңгейде екенін ескерсек, оның ішінде география саласына көңіл бөліну деңгейі аса төмен. Әлеуметтік теңсіздіктің болуы, кедей халықтың басым болуы сауаттылықтың төмендеуіне әкеледі. Білімнің қарапайым халық қолжетімсіз болуы осы мемлекеттегі сауатсыздық деңгейінің төмен болуына тағы бір нақты фактор бола алады. Үндістандағы географиялық білім деңгейі жалпы тұлғаның қоныстанған жеріне және инфрақұрылымға байланысты өзгеріп отырады.

Сондай-ақ, Бразилияда да халықтың географиялық білім деңгейі туралы деректер шектеулі. Бұл елдің ірі қалаларында Рио-де-Жанейро, Сан Паулу сияқты қалаларда сауаттылық деңгейі жоғары, алайда жағалаудан алыс жатқан елді мекендермен салыстырғанда аралары жер мен көктей.

Көптеген Африка елдеріне тән сауаттылық деңгейі Оңтүстік Африка Республикасына тән. PISA тестілеу нәтижесі ОАР орташадан төмен деңгейге жатқызды. Оның себебі инфрақұрылымның ірі қалаларда ғана шоғырлануы және ауылдық жерлерде мүмкіншіліктің аз болуы.

Соңғы жылдары Қазақстанда географиялық сауаттылық деңгейі едәуір жақсарғанымен, көптеген проблемалар сақталуда. Білім беру жүйесінде география пәніне арналған бағдарламалар бар, бірақ кейбір аймақтарда бұл пәннің сапасы мен мазмұны әртүрлі болуы мүмкін. Еліміздің ірі қалаларында ғана цифрландыру процесі кеңінен жүргізілген. Яғни, шалғай жатқан елді-мекендерде жағдай нашар екенін білуімізге болады. Шалғай жатқан елді мекендердің көбісі ғаламторға тікелей қосылмаған, сондықтан біз бұл аймақтардың цифрландыруы біраз уақытқа дейін шешілмейтінің түсіне аламыз. Ұлан-ғайыр жерді толықтай игеріп, барлық Қазақстанды цифрландыруға көп уақыт кетеді. Қазақстанның географиялық ерекшеліктері мен табиғи ресурстары туралы білім беру өте маңызды, өйткені ол қоғамның экологиялық мәдениетін, экологиялық шаралары мен экономикалық даму бағыттарын түсінуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, дүние жүзінде географиялық сауаттылықтың деңгейі әр елдің білім беру жүйесіне, қоғамның ақпаратқа деген сұранысына және жалпы экономикалық жағдайына байланысты. Егер мемлекеттің геосаяси жағдайы тұрақты болып, білім саласына қажетті қаржы бөлініп отырған жағдайда біздің ел басқа мемлекеттермен салыстырғанда көш ілгері жүретіні сөзсіз. Ал қарама-қайшы жағдайда, яғни әлем елдерінде жүріп жатқан соғыс әрекеттері мен саяси қақтығыстар, ол мемлекеттердегі қоғамдық білімнің дамуына қиындық тудырады және ел дамуын артта қалдыратыны анық. Сол себепті білім деңгейі бойынша дамыған және дамушы елдер арасындағы арақашықтық басым. Әр мемлекет жыл сайын өтетін географиялық білім деңгейін зерттеуде қолданылатын PISA сынды халықаралық білімді бағалау үдерісіне қатысу арқылы білім мен қоғам саласында жаңа бетбұрыс жасай алады. Географиялық сауаттылықтың жоғары деңгейі адамзаттың әлемді дұрыс түсінуіне және ғаламдық мәселелерді шешуде тиімді шешімдер қабылдауға көмектеседі. Біздің елімізде бұл мәселені шешу үшін білім беру саласында реформалар мен жаңа жүйелі, сапалы әдіс-тәсілдерді енгізу маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Елубаева П., Ташқын Е., Беркінбаева Г. Тұрақты даму үшін қазақстандық білім берудегі проблемаларды шешу (2023)

2. Международная программа по оценке образовательных достижений учащихся - Википедия

3.«География сабағында инновациялық әдістерді қолдану» // Білім айнасы газеті

4. Әбілова З., Садықова М. (2018). Географияны оқыту әдістемесі. Алматы: Білім баспасы.

5. UNESCO. (2016). Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives. Paris: UNESCO Publishing.

6. Финляндия PISA зерттеуіндегі көшбасшылар қатарында (2019). Это Финляндия

7. Германия — Pisa–2022. MKRU Германия(2023)

8. National Geographic Society**.** (2018). *What the World Knows: National Geographic-Roper 2018 Survey of Geographic Literacy.* Washington, D.C.

9. PISA-2022. Результаты

ӘОЖ 374.1

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Кожина А.Б., №43 «Гүлдәурен» балабақшасы, Ақтөбе, Қазақстан
Абилхаирова Э.И., №43 «Гүлдәурен» балабақшасы, Ақтөбе, Қазақстан

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты басты мақсат ретінде – «Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде

тәрбиеленушінің жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыру» белгіленген. XXI ғасырдағы жаһандану жағдайында ұлттық мәдениет пен өркениетті үйлестіре отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру көзделуде.

Еліміздің болашағы – өскелең ұрпақты ойлы, іскер, өзіне сенімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары азамат етіп тәрбиелеуде мектепке дейінгі ұйымдардың, атап айтқанда балабақшаның орны ерекше. Себебі балабақша – баланың білім, дағды және іскерлікті меңгеруінің бастапқы кезеңі. Басты міндетіміз – әр баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін қалыптастыру, білімге қызығушылығын оятып, оқу-танымдық ынтасын дамыту.

Қазіргі ғылым мен технологияның жедел дамуы білім беру жүйесіне үлкен міндеттер жүктейді. Сондықтан жас ұрпақты жан-жақты дамыған, ой-өрісі кең, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғам алдындағы маңызды мәселе. Бұл әрбір тәрбиешіден шығармашылық ізденісті, жаңашылдықпен жұмыс істеуді талап етеді [1].

Балабақшада балалардың танымдық қызығушылығын дамытуда басты рөл атқаратын фактор - олардың білім мен дағды деңгейі ғана емес, сонымен қатар баланың маңызды психикалық үдерістерін және ақыл-ой әрекетінің әдіс-тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Баланың шығармашылық қабілеттері де ойлау мен практикалық әрекет арқылы дамиды. Осыған байланысты, баланың ойлау қабілетін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар - дамыта оқыту сабақтары ретінде қарастырылады.

Ерте замандарда қазақ тілінде қазіргі «патриотизм» ұғымына сәйкес нақты сөз болмағанымен, бұл ұғым халқымыздың дүниетанымында, өмір сүру салтында терең орныққан. «Патриотизм» термині қазақ тілінің сөз қорына Қазан төңкерісінен кейін енген. Оның түп-төркіні грек тілінен шыққан, мағынасы — «жерлестік», «отандастық», яғни туған жерді, елді сүю, оны қорғау деген ұғымды білдіреді.

Алайда қазақ халқы бұл ұғымды сөзбен айтпағанымен, іс-әрекетімен дәлелдеп келген. Батырлар бастаған халық елін, жерін жаудан қорғап, отанға деген шексіз сүйіспеншілікті көрсеткен. Қазақ халқының бойындағы ұлтжандылық пен отансүйгіштік сезім ежелден қалыптасқан және бұл қасиеттер халық ауыз әдебиетінде, әсіресе мақал-мәтелдерде кең көрініс тапқан.

Мысалы, «Туған жерге туың тік», «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне», «Туған жердей жар болмас, туған елдей ел болмас» сияқты мақал-мәтелдер қазақ халқының туған елі мен жеріне деген шынайы сүйіспеншілігін білдіреді. Бұл сөз мұралары - халықтың патриоттық рухының айғағы.

Бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеу – қоғам мен әрбір ұстаз үшін үлкен жауапкершілік. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін алғашқы маңызды кезең – балабақша. Бұл ортада тәрбие мен оқытудың түрлі тиімді тәсілдері қолданылады. Солардың ішінде балалардың қызығушылығын арттырып, ой-өрісін кеңейтуге, белсенділігін дамытуға ықпал ететін ең пәрменді құралдардың бірі – танымдық ойындар мен дамыту жаттығулары.

Белгілі ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Ойын – балалар үшін танымнан да қымбат» деген сөзі осы тұста ерекше маңызға ие. Танымдық ойындар мен арнайы ұйымдастырылған жаттығулар баланың психикалық даму процесіне оң әсер етіп, қоршаған ортаны жақсы түсінуіне, есте сақтау қабілетінің артуына, сондай-ақ тілдік дағдыларының дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Балабақша тәрбиеленушілерінің патриоттық сезімін қалыптастыру үшін, ең алдымен, әрбір тапсырманы сыни тұрғыдан ойлауға бағыттап, олардың шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы дамыту қажет. Бұл бағытта балалардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолы ретінде дамыта оқыту технологиясы мен ойын технологиясын қатар қолдану маңызды [2].

Дамыта оқыту – бұл оқыту үдерісінің мақсаты, міндеттері мен әдіс-тәсілдері баланың табиғи даму заңдылықтарына сай құрылатын оқыту жүйесі. Бұл жүйенің негізінде оқыту барысында баланың психикалық дамуында жаңа құрылымдар қалыптасып, сапалық өзгерістер орын алуы қажет деген тұжырым жатыр. Сондықтан да заманауи талаптарға сай шығармашыл әрі қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін дамыта оқыту жүйесі – ең басты бағдар ретінде қарастырылуы тиіс.

Оқыту процесінде баланың ақыл-ойын, қиялын және басқа да танымдық үдерістерін дамыту ғана емес, сонымен қатар оны түрлі іс-әрекет түрлерінің белсенді қатысушысы, яғни субъектісі ретінде қалыптастыруға баса назар аударылады.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру – баланың ақыл-ой әрекетін игеруіне қолайлы жағдай жасау ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл үдерісте бала оқу әрекетімен айналысып, теориялық тұрғыда ойлау дағдыларын дамытады және білімді өз бетімен меңгеруге мүмкіндік алады. Дамыта оқыту – сабақтағы ерекше педагогикалық ахуал мен мұғалім мен бала арасындағы жаңаша қарым-қатынастың көрінісі. Мұғалім бұл жағдайда баланың танымдық белсенділігін бағыттап, шығармашылық қабілетін дамытуды басты мақсат етіп қояды.

Дамыта оқыту жүйесінде баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Осыған орай, Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдов ұсынған жүйе үш негізгі компоненттен тұрады:

1.Оқу мақсаттарын айқындау.

2.Мақсатқа жету жолдарын бірлесе талқылау.

3.Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Іс-шара барысында тек алғыр және пысық балалармен ғана белсенді жұмыс істеп қоймай, барлық баланың дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, әрқайсысының қабілеті жеткен деңгейге дейін еңбек ету ұйымдастырылса, әр баланың кез келген нәрсеге деген қызығушылығы артады.

Дамыта оқыту концепциясы ұлы неміс педагогы А. Дистербергтің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінің негізінде жатыр. Ол дамыта оқытуды баланың білім алуға бағытталған әрекеттерін ұйымдастыру деп сипаттаған. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушыны өзін ізденуге жетелейді» деген сөздер осы ұғымды нақтылайды. Сонымен қатар, ойлау қабілетін дамытуға арналған іс-шаралар дамыта оқыту сабақтары ретінде арастырылады.

Дегенмен, неге біз бүгін қазақстандық қана емес, жалпыадамзаттық ауқымда да қолданыстағы білім беру жүйелерінің қазіргі жағдайы білім беру қызметінің әрбір қатысушысына өзін-өзі өзектендіру деңгейіне жетуге мүмкіндік бермейтінін мойындауға мәжбүрміз? Бүгінде әңгіме, ең алдымен, бұқаралық білім берудің қайшылықтары туралы екендігін атап айтуға болады. Себебі, білім берудің бұқаралылығы қоғамның жалпы сауаттылық деңгейін арттырғанымен, өз мазмұны жағынан мәдениеттің шынайы байлықтарынан едәуір алшақ жатыр; ол, негізінен, еңбек күшін даярлау және әлеуметтік нормалау талаптарына бейімделу дағдыларын дамытуға байланысты утилитарлық мақсаттарды көздейді. Сонымен бір мезгілде қоғамның жаңа өндірістік және әлеуметтік технологияларға деген сұранысы қойылатын міндеттерді шешуге қабілеті жоғары индивидтерді іріктеуге негізделген элитарлық білім беруді сақтап отыр. Бұл ретте мұндай іріктеуге қазіргі қоғамдағы әлеуметтік артықшылықтар мен мүліктік теңсіздіктің бар болуы едәуір ықпал етеді. Іріктеудің өзін демократияландыру әрекеттері, яғни «қабілетті» деп аталатындарды таңдау жүргізілетін адамдар санын көбейту бұл тығырықтан шығатын жол деуге келмейді. Өйткені тәрбиелеу мен оқытуға бағытталған әлеуметтік қызметке тартылған халықтың негізгі бөлігі тура да, ауыспалы мағынада да орта деңгейдегі біліммен шектелуге мәжбүр. Бұл білім беру ұйымдары – олардың ішіндегі ең бұқаралығы мектеп – өз қызметінің мәні бойынша, негізінен, еңбек нарығының қатысушыларын, белгілі бір өндіріс түріне және қолдағы әлеуметтік шындық талаптарына функционал тұрғыдан бейімделгендерді ғана даярлайтынын білдіреді; алайда осыған қарамастан, даярлықтың мазмұны мен ұсынылатын міндеттер көп жағдайда адамның табиғаты мен мүдделерімен еш байланысы болмай шығады.

Адамдардың өздерінің әрекеттік қабілеттері бұл жағдайда индивидтерден мүлде тәуелсіз әрі олардан ажырап кеткен, өздеріне емес, анонимді әлеуметтік тұтастыққа тиесілі нәрсе іспетті көрінеді. Адамдар осы анонимді әлеуметтік тұтастық әлемін дербестікпен «жарақтандырған» дәрежеде, дәл сол дәрежеде өз дербестіктерін жоғалтады. Бұл әлемді материалдық әрі рухани тұрғыдан байыта отырып, өздері материалдық та, рухани да тұрғыдан кедейленеді. Сөйтіп, халықтың басым көпшілігі үшін олардың өмір сүруінің қолдағы жағдайлары – шығармашылық ізденіске және өз таланттарын танытуға шақыратын мәселелер мен міндеттер әлемі емес, керісінше, сыртқы талаптар мен әзір тұрған даусыз заттар тәртібінің алгоритмдері үстемдік ететін әлем болып шығады. Адамның жеке қажеттіліктері, өзінің табиғатынан туындайтын біліктері мен икемдері өзін-өзі өзектендірудің іргетасы болудың орнына, бөгденің қабілеттерін кәдеге жаратудың тәсілдеріне айналады. Осылайша, белгілі бір мінез-құлыққа және сананың белгілі бір формаларына бағдарламаланған, адам бейнесіндегі өзгеше «автоматтар» қалыптасады. Сондықтан өзін тұлға ретінде айшықтау өзін-өзі өзектендіру үдерісінде заттардың табиғи тәртібінен өзіндік «ауытқу» ретінде қабылданады. Ал әлеуметтік қызметті қазіргі ұйымдастыру көбіне-көп жан-жақты қанау мен пайдалы әсерді сыпырып алудың патшалығы болып табылады; мұнда басты рөл мазмұны мен мағынасына қарамастан кез келген адамдық әрекетті, тіпті адамның өзін де – жалаң құрал ретінде – қанау шеберлігіне беріледі. Мұнда белсенді әрекетшілдік идеологиялық тұжырымдамасы қалыптасады, онда барша бар нәрсе иррационал еріктің тек қана құралдары мен тетіктері, аспаптары мен саймандары ретінде ұғынылады.

Бұл жағдайды тек шығармашылық-сыни үдеріс қана өзгерте алады; оның негізгі мазмұны мен мәні – адамдардың өз қызметінің әлеуметтік заттық формаларын өзгерту арқылы өзін өзгертуі. Аталған үдерістің тиімділігі адамның өзіндік болмысы мен өзін-өзі өзектендіруге ұмтылысын әлеуметтік қызметтің ең маңызды мақсаты ретінде мойындауды көздейтін принциптің табысты жүзеге асуымен айқындалады; бұл өз кезегінде дамудың тұтастығын, яғни алдын ала белгіленген қандай да бір өлшемге тәуелсіз, адамдық барлық күш-қуаттың өзімен-өзінің дамуын өз

алдына мақсатқа айналдырады. Сол себепті, тұлғалық қуаты ұмтылыстардың, қажеттіліктердің, мақсаттардың жалпылығын дараландыра алу қабілетінде, көптеген индивидтердің тарихи жинақталған энергиясын өз бойында шоғырландырып, оны ескірген әлеуметтік қатынастарды түрлендіруге, ойлау стереотиптері мен адамдардың шығармашылық бастамасын тұсаулайтын штампталған әрекеттерді бұзуға бағыттай алуында болатын адамдардың шығармашылық тәжірибесін қабылдау және игеру айрықша маңызды. Шынайы тұлғаның қайталанбастығы – оның бәріне ортақ жаңа нәрсені өз әдісімен ашуында; өзге адамдардың «мәнін» өзгелерден артық та толық та білдіруінде; өз іс-әрекеті арқылы қолдағы мүмкіндіктердің шекарасын кеңейтіп, жұрт әлі білмегенін, меңгермегенін, түсінбегенін бәріне ашуында. Оның бірегейлігі де дәл осында: алғаш рет жаңа жалпылықты жасай отырып, ол жеке түрде өрнектелген жалпылық ретінде көрінеді. Шынайы тұлға ортақ игілік үшін көбірек әрі жақсырақ нәтижелерге жету мүмкіндіктері туралы тұрақты ойтолғаумен және өз табанды еңбегімен сыналған, бәріне ұсынар еңбектің жаңа эталонын жасап ұсына білу қабілеті арқылы танылады.

Осындай толғамдар қазақстандықтардың басым көпшілігі үшін өзекті ме, олар өздерін нағыз тұлға деңгейіне дейін тәрбиелеудің қажеттілігі туралы ойлануда ма? Біздің көзқарасымызша, бүгін осы сұраққа берілетін жауап қазақстандық қоғамның алдына қойылған міндеттерді шешудегі табысты айқындауға қабілетті. Дәл осындай деңгейдегі, қазақстандық жастарға лайықты үлгі бола алатын тұлға – академик Е.А. Бөкетов.

Оның өмірі мен қызметімен таныса отырып, ең алдымен, біз өмір жолы қазіргі өмірлік әл-ауқат, әлеуметтік жеткіліктілік және өзін-өзі жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар туралы түсініктерден мейлінше алыс басталған адамды көреміз. Алдымызда нақты өмірлік жағдаяттардың сан қырлы байлығында, шынайы өмірлік қиындықтар аясында ашылатын, соларды еңсеру барысында тұлғалық келбеті қалыптасқан адамның өмірбаяны тұр.

Екіншіден, біз бүкіл қоғамның игілікті дамуы үшін өзінің жеке жауапкершілігін терең сезінген әрі өзге адамдардың да мұндай жауапкершілікке дайын екеніне сенген, әлеуметтік міндеттеріне лайықты да парасатты қатынастың үлгісін көрсеткен адамды көреміз.

Үшіншіден, біз нақты адамның өмірі халық пен елдің тарихи тағдырына барынша табиғи түрде өріліп кеткенін көреміз; бұл жекелеген адамның мүдделері мен бүкіл қоғамның мүдделері қаншалықты тығыз өзара байланысты екенін және осы өзара байланысты адамның өзі ұғынып-түсінуінің оның қоғамдағы жеке шақыруын пайымдауы мен тұлғалық қалыптасуы үшін қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетеді.

Е.А. Бөкетовтың шығармашылық мұрасына жүгінсек, өзін-өзі түсінуге, тұлғалық өсуге, өз мүмкіндіктері мен шектерін зерделеуге, тұрақты өзіндік білім алуға және рефлексияға ұмтылысындағы адамның өзін-өзі өзектендіруінің айқын үлгісін көреміз. Оның қызметіне ойлау мен мінез-құлықтағы дербестік, сыртқы қысымнан емес, ішкі сенімдерінен туындайтын шешімдер қабылдай білу қабілеті, тек өзінің өмірі үшін ғана емес, ортақ игілікке қосқан үлесі үшін де жеке жауапкершілікті сезіну, өзгелерге жәрдемдесу сияқты маңызды қасиеттер тән.

Қоғам қайраткері ретінде Е.А. Бөкетов ағартушылықтың, интеллигенцияның моральдық жауапкершілігінің және адамдық қадір-қасиетті қорғаудың белсенді жақтаушысы болды. Ол білім беруді тек білімді жеткізу тәсілі ретінде ғана емес, саналы, жауапты тұлғаны қалыптастыру құралы деп қарастырды. Оның еңбектерінде жастардың тағдыры мен олардың алатын біліміне қатысты алаңдаушылық айқын естіледі: оның пікірінше, олар барған сайын формализмге, мансапқорлыққа, немқұрайдылыққа бағынып барады. Міне, осы тұста оның азаматтық ұстанымы көрінеді: жаны жоқ жүйеге қарсылық, білім мен ғылымның гуманитарлық негіздерін қорғау. Е.А. Бөкетовтың мақалаларында білім берудегі формализмге өткір сын айтылады. Автор білімнің құндылығы дипломдармен және атақ-лауазымдармен өлшенетін жүйені айыптайды. Ол шынайы білім – ақпарат сомасының жиынтығы емес, ойлай білу, күмәндану және іздену қабілеттерін дамыту екеніне баса мән береді. Оның пікірінше, студент дайын ақиқаттарды тұтынбауы, надандықпен күрес барысында ақиқатты өзі табуға үйренуі тиіс. Е.А. Бөкетов «жоғары кәсіби білімді толық меңгерген, жан-жақты білімдар болумен қатар, жоғары адамгершілік қасиеттерді де бойына сіңірген мамандарды сапалы даярлауға қам жасау қажеттігіне» берік сенді [3; 65].

Е.А. Бөкетов білімнің өмірден алшақтауына ерекше алаңдады. Ол өзіне замандас жоғары оқу орны білімін танымға деген шынайы құштарлық жоғалған, ал ғалымдар көбіне «ғылымның шенеуніктеріне» айналатын кеңістік ретінде сынайды. Ал студенттерге сабақ беретін ғалымның шынайы мұраты – тек білімді жеткізу емес, сонымен бірге рухтандыру, шәкірттің дербестігін және этикалық сезімін ояту. Е.А. Бөкетов жазған мәтіндер оның көкжиегінің кеңдігін, тұтас картинаны көре білу қабілетін айғақтайды: этика мен метафизикадан бастап университеттің, ғылымның, қоғамның нақты мәселелеріне дейін. Ол ғылымның бюрократияландыруын, оқытушылардың ішкі еркіндігінің жоқтығын, ақиқаттан қорқуды батыл сынады. Бұл оны академиялық қауымдастықтың ар-ожданы етеді. «Жизнь замечательных людей» сериясымен жарық көрген Е.А. Бөкетов туралы кітабында М. Сарсеке былай деп жазады: «Университетті басқару тізгінін қолына алған Е.А. Бөкетов ол кезеңдегі жоғары мектепке тән формализмді, догматизмді, қағазбастылық пен кеңселік селқостықты түп-тамырымен жоюға ұмтылды. Оқу үдерісін ол қалыппен ойлайтын ортақолдарға емес, дербес ойлауға және шығармашылық ізденіске қабілетті студенттерге бағдарлады» [4; 352].

Бұл Е.А. Бөкетовтың ғалым ретінде де, ғылыми қызметті ұйымдастырушы ретінде де өзінің ұстанымына толық сай келеді: ғылым – рухани ақиқатқа бастар жол. Е.А. Бөкетов ғылымның «ішкі еңбектену» екені туралы жазады; мұнда бастысы – сыртқы жетістіктер емес, ойдың адалдығы, тереңдігі және батылдығы: «Ғылым — ішкі еңбектену. Ол адам ақиқатпен бетпе-бет қалған жерден басталады» [5; 18]. «Ғылым — кәсіп те емес, міндет те емес, еркіндік» [5; 20].

Е.А. Бөкетов ғылымды тек қана утилитарлық құрал ретінде түсінетін идеяны қабылдамай, оның метафизикалық өлшемін айрықша атап көрсетеді. Ол ғылыми ізденісті ішкі қызмет етудің бір түрімен – қоғамға да, мемлекетке де емес, ақиқатқа қызмет етумен – салыстырады. Мұндай ұстаным ғылымды технология мен пайдаға ғана әкеп тірейтін прагматикалық көзқарасқа қарсы қойылады. Е.А. Бөкетов үшін шынайы ғылым – шығармашылық пен еркіндіктің түрі; мұнда ғалым өз-өзіне адал болып, мансаптық өсу не мойындалу үшін ымыраға бармауы тиіс, өйткені ғылым жан тұтастығын, шынайылықты және моральдық беріктікті талап етеді. Ол конформизмнің қатерінен сақтандырып, қорқақтық пен атаққұмарлықты ақиқаттың басты жаулары деп атайды. «Сен ақиқатқа қызмет етіп

жүріп, өз-өзіңе өтірік айта алмайсың — ғалым кәсібінің тұтас трагедиясы осында» [5; 42]. Осы контексте біз құрып жатқан ғылым мен білімнің сипаты үшін жеке жауапкершілікке шақыру анық естіледі.

Е.А. Бөкетов ғылымды қоғамның мәдени өмірінің бір бөлігі ретінде де қарастырады. Оның пайымдауынша, мәдениет және тарихпен рухани байланыссыз ғылым өзінің гуманистік өлшемін жоғалтады. Ғылыми еңбек жекелеген мәселелерді шешудің ғана емес, адамзат алдындағы борыштың сезімімен нәрленуі керек. «Ғылым тарихы — рухтың тарихы. Біз оны мұрағат ретінде емес, ар-ождан ретінде арқалаймыз» [5; 40].

Е.А. Бөкетов дәйекті түрде шынайы ғылыми шығармашылық тек ішкі еркіндік жағдайында ғана мүмкін екенін негіздейді. Ғылым — билікке қызмет те емес, мансап та емес, қоғамға көрсетілетін жай ғана қызмет те емес, ақиқатты еркін зерделеудің формасы. Оның пікірінше, ғылыми ізденіс — сыртқы беделдерге бағынбайтын, дербес әрі еркін ойлау. Е.А. Бөкетов шынайы білім берудің ішкі еркіндіксіз, ал ғылымның ақиқатқа қызмет етусіз мүмкін еместігіне кәміл сенді. Сондықтан көрнекті ғалым мен педагогтың бүкіл өмірі мен қызметі — утилитаризмге, бюрократияландыруға және интеллектуалдық өмірді формалдандыруға қарсы шақыру әрі ғылыми және педагогикалық әрекетте адалдыққа, ерлікке, рухани қадір-қасиетке қуатты үндеу.

Е.А. Бөкетовтың өмірі адамның табанды еңбегі, өзінің шығармашылық күш-қуаты мен қабілеттеріне деген сенімі, барша адамдар үшін өмір сүру жағдайларын жақсартуға ұмтылысы арқылы сәттік өмірлік ахуалдың оның өз дамуын бұғаулайтын шарттылықтарын еңсеріп, әлеуметтік қызметінде еркін бола алатынын, тұлғалық дамуында тарихи ауқымға қол жеткізе алатынын көрсетеді. Демек, әрқайсымыз өзімізге барынша жоғары талап қоя отырып, өз әлеуметтік қызметімізге адал әрі жауапкершілікпен қарауға тиіспіз. Сонда ғана, бәлкім, адамның шынайы ұлылығы мен оның тұлғасының ақиқаттығы қандай да бір лауазым иеленуде немесе әлеуметтік иерархия сатысымен ілгерілеуде емес, қайта баршаға және әр адамға әлеуметтік игілік әкелуге адал еңбегімен еркін әрі саналы түрде ұмтылуда екенін түсіне бастаймыз. Көрнекті тұлға әрі ұлы ғалым ретінде Е.А. Бөкетов – адамның өзін-өзі өзектендіруінің жарқын үлгісі. Оның өмір жолы, шығармашылығы, ғылыми жаңалықтары өзінің әлеуетін жүзеге асыруға ұмтылысын, туа біткен таланттарын ашуын және қиындықтарға қарамастан қойылған мақсаттарына табандылықпен жетуін айқын көрсетеді. Тегін емес, Е.А. Бөкетов туралы естеліктерінде Қарағанды мемлекеттік университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, бірінші орынбасары Р.А. Клещева былай деп атап өткен: «Жекелік құпиясы – өз-өзің бола білу өнерімен байланысты. Бұл – өзің үшін жауап беру, өз өміріңнің тарихын өзің жасау деген сөз» [6; 238].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Маслоу А. Новые рубежи человеческой природы. – М.: Смысл, 1999. – 425 с.

2. Тоқаев, Қ.-Ж. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзі (15 наурыз 2024 жыл) [Электрондық ресурс]. – Қолжетімдік режімі: URL: https://www.akorda.kz/ru/vystuplenieglavy-gosudarstva-ktokaevana-tretem-zasedaniinacionalnogo-kurultaya-1525116.

3. Букетов Е.А. Грани творчества. – Алма-Ата: Жазушы, 1977. – 124 с.

4. Сарсеке М. Евней Букетов. – М.: Молодая гвардия, 2007. – 605 с.

5. Букетов Е.А. Шесть писем другу. – Алма-Ата: Жалын, 1989. – 288 с.

6. Воспоминания о Евнее Букетове / Сост. К.А. Букетов, В.П. Малышев. – Караганда: ТОО «Арко», 2004. – 284 с.

ӘОЖ 94(574)

ҒАЛЫМ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДАҒЫ ЭТИКА МӘСЕЛЕСІ: ТАРИХИ-ӨМІРНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Смагулова Г.М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Тулеуова Б.Т., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге».

Абай

Ғылым қарыштап дамып, оның салаларындағы бәсекелестік күшейген сайын ғылыми этика мәселесінің маңызы арта түседі. Ғалымдар арасындағы адалдық, сенім және сыйластық қағидалары ғылым дамуының негізгі кепілі болып табылады. Қазақ жерінде ғылымның дамуы қоғамның дамуымен қатар жүрді. Ғылыми ой-пікірдің тууы ежелгі замандардан бастау алса, қазіргі Қазақстан жерінде орта ғасырларда пайда болды. Аристотельден кейін «екінші ұстаз» атанған Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби, Қарахандар дәуірінде өмір сүрген Жүсіп Баласағұни тәрізді ғылыммен айналысқан тұлғалаларды білмейтін адам кемде-кем. Бүгінде олардың еңбектерін әлемнің көптеген мемлекеттерінің ғалымдары ғылыми тұрғыдан зерттеулерін жалғастырып келеді. Олар Шығыс пен Батыстың ғылымы мен мәдениетін табыстырып, өзара интеграциялауына жол ашты. Бұл ғалымды танып, ғылымды мойындау дегенді білдіреді. Кейінгі ғасырларда Қазақстан жерін, оның бай тарихы мен мәдениетін, тұрмысы мен

салтын Батыс Еуропа елдері мен Ресейден шыққан ғалымдар, саяхатшылар, өлкетанушылар, миссионерлер зерттей бастады.

Қазақ ғылымының қалыптасуына ең алғашқылардың бірі болып үлес қосқан Шоқан Уәлиханов. Ол жан-жақты ғалым - этнограф, ориенталист, фольклортанушы, географ, тарихшы, саяхатшы болды. XIX ғасырда өмір сүріп, еуропаша оқып, жоғары дәрежеде білім алған және қазақ ұлтының арасынан алғаш рет ғылыми қызметке араласқан тұлға. Аз ғана өмір сүргеніне қарамастан, қазақ халқын Еуропа білімі мен мәдениетіне жеткізу жолында қызмет атқарды, артында өшпейтін мол рухани мұра қалдырды. Сол мұралардың қатарына Шоқан Уәлихановтың Қытайға сапары барысында жинаған деректері жатады. Сонымен бірге Ш. Уәлихановтың Қытайдың Батыс өлкесі, Құлжа, Қашқарияға экспедициясының ізі бүгінде шығыстану деп аталатын үлкен ғылыми мектептің ашылуына жол салды деуге болады. Шығыстану ұғымы мен ғылымы Ресей империясында Ш. Уәлихановтың Қашқарияға сапары кезінде басталды деп айтуға толықтай негіз бар. Оған жоғарыда атап өткен сапарлары барысында жинақтап, жазып кеткен еңбектері дәлел болады. Соның бірінде ол: «Бұл сапарымнан жинап алып қайтқан географиялық мәліметтерім мен маршруттарымның маңызы қазіргі бар зерттеулерге байланысты болғандықтан және мәлімет көздерімен алдын ала танысуды керек қылғандықтан оларды Қоқан жөніндегі мәліметтер сияқты өз алдына жеке мақала етіп жазу үшін кейінге қалдыра тұрам, ал енді қазір Алтышаһар жөніндегі, яғни Шығыс Түркістанның батыстағы алты қаласы жөніндегі жазбамды ұсынамын», - деп жазғаны, [1, 435] оның тек саяхатшы емес, ғалым ретінде айтқаны деп қабылдаған дұрыс.

Ш. Уәлихановтың Қашқария сапарының ғылыми нәтижелері туралы Орыс География қоғамында мәлімдеме жасағаннан кейін-ақ, оның материалын Еуропа елдерінде басылып шығарылды. 1865 ж. Лондонда ағылшын тілінде жарияланды. Ендеше оның Қашқария сапарында жинаған мәліметтері дүниежүзілік география ғылымына қосқан үлесі деп айтуға болады. Ал «Ыстықкөл күнделіктері», «Қазақтар туралы жазбалар», «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы пікірлер» және басқа да түркі тілдес халықтар жайлы жазған зерттеулері нағыз ғылыми еңбектерге жатады. Оның жазып кеткен барлық еңбектері мен жасаған карталары Орталық Азияны зерттеушілер үшін маңызды дереккөз болатыны сөзсіз.

Ш. Уәлихановтың ізгілікті істерін жалғастырған келесі буын өкілдері Қазақстандағы іргелі ғылымның қалыптасуы мен дамуына үлес қосты. Олардың қатарында Алаш зиялылары атанған Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков, сондай-ақ Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұландар болса, кейін олардың қатары Е.А. Бөкетов, А.С. Сагинов, Ш. Шөкин, А.П. Полосухин, Ө. Жәнібеков, Б. Атшабаров, С. Нугманов, Н.Д. Беклемишев, И. Қарақұлов, Т. Шарманов, Т.А. Көкетаев, А. Биғалиев тәрізді көптеген ғалымдармен толықты. Бүгінде осындай тұлғалардың жолын жалғастырған жаңа буын ғалымдар легі жетіліп келеді.

Ғұлама ғалым әл-Фараби «Ғылымы жоқ елдің – болашағы жоқ» демекші, ғылымды дамыту – кез-келген мемлекеттің дамуын анықтайтын басты көрсеткіш. Осы ретте Ш. Уәлиханов XIX ғ. қазақ ғылымы мен ағартушылығының бастаушысы ретінде танылса, 2025 ж. 100 жылдығын тойлағалы отырған Е.А. Бөкетов XX ғасырда осы дәстүрді жалғастырып, жаңа тарихи-мәдени жағдайда қазақ ғылымының дамуына зор үлес қосты.

Е.А. Бөкетов (23.03.1925 – 13.12.1983) - химик-металлург, ғалым, қоғам қайраткері. Қазақ тау-кен металлургия институтын бітірген (1950). Техника ғылымының докторы (1967), профессор (1967), Қаз КСР Ғылым академиясының академигі (1975), КСРО Жазушылар одағының мүшесі (1971).

Е.А. Бөкетов – Орталық Қазақстандағы өзі негізін қалаған Қарағанды Мемлекеттік Университетінің тұңғыш ректоры. Оның университеттегі қызмет еткен жылдары жемісті болды. Ғалым ретінде өзінің шәкірттерін дайындап, кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғатты; басшы ретінде университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтты, жақсы жабдықталған лабораториялар құрды, жаңа мамандықтар ашты, нәтижесінде университет республикадағы ең ірі әрі танымал жоғары оқу орнына айналды; мықты маман кадрларды университетке қызметке шақырып, білікті ғалымдардан құралған ұжым қалыптастырды; шығармашылықпен айналысты. Орыс жазушылары мен ақындарының бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударды. Сонымен қатар Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің қайраткерлері туралы көркем публицистика, естелік және өмірбаяндық повесть жанрында орыс және қазақ тілдерінде жазылған бірқатар әдеби шығармалары жарияланды. Атап айтқанда «Түйе қомында туған адам» («Человек, родившийся на верблюде»), «Грани творчество», «Шоқанның қасиетті ісі» («Святое дело Чокана»), «Жас Қаныш» («Детские годы Каныша»), «Об академике Сатпаеве» және т.с.т. Өкінішке орай көптеген шағармалары Е.А. Бөкетов қайтыс болғаннан кейін жарық көрді.

Е.А. Бөкетовтың тұлғаларға арналған шығармаларында олардың бейнелерін атқарған істері арқылы, адами қасиеттері тұрғысынан ашып көрсетті. Мысалы, қазақ ғылымының қалыптасуының басында тұрған Шоқан Уәлихановқа арнаған «Шоқанның қасиетті ісі» («Святое дело Чокана») еңбегінде оның өмірі мен шығармашылығына терең үңілуінің мәнін былай деп түсіндіреді: «Мало жил этот человек, краткой была его деятельность. Но он жил так содержательно, проявил свой творческий темперамент так бурно и так плодотворно, что тщетно было бы дерзать на полноту описания его вдохновенных деяний и проникновенных чувствований, на глубину раскрытия психологической причинности, проявлявшейся в его воле и его поступках. И этот очерк о Чокане Валиханове является, может быть, лишь одним из отзвуков, которыми откликается наша душа, удивленная и пораженная непостижимой гармонией могучего духа выдающегося сына народа» [2, 9]. Жалпы Ш. Уәлиханов та, Е.А. Бөкетов та өз заманы үшін жаңа бағыттарды игеріп, ғылыми жаңалықтарды қоғамға жеткізуді басты міндет санағандар. Екеуінің де зерттеушілік өрісі кеңдігімен сипатталады. Ш. Уәлихановтың еңбектері тек этнография мен тарих саласымен шектелмей, география, фольклортану, шығыстану ғылымын да қамтыды. Ал Е.А. Бөкетов негізінен химия ғылымының көрнекті өкілі бола тұра, осы бағытпен шектеліп қалмай, әдебиеттану, аудармашылық, публицистика саласында да белсенді еңбек етті. Бұл екеуінің де әмбебап ғалым бейнесін айқындайды. Е.А. Бөкетовтың шығармаларындағы Ш. Уәлихановтың бейнесі жайлы өз мақалаларын арнаған қарағандылық ғалымдардың еңбектерінен де танысуға болады [3].

Е.А. Бөкетов тоқырау кезеңінде орын алған заңсыздықтың салдарынан ректорлық қызметтен кетуге мәжбүр болды. Ол кеңестік кезеңнің саясатында орын алған қысым көрсетуге қарамастан қоғам алдындағы жауапкершілікті сезініп, ғылымды тек тар шеңберде емес, қоғам мүддесі үшін дамытуға күш салды. «Ғылыми жұмыс, ғылыми ізденіс шығармашылық қызметтің шыңы. ... Шынайы шығармашылық адамды қайта жаңғыртады, қанаттандыра түседі...», - дейді Евней Арыстанұлы. Расында ғалымның бұл айтқандары шындық. Ізденіс болмаса, ғалым дамымайды. Тек қана үнемі ізденіспен жүретін ғалымдар ғана оның нәтижелеріне қол жеткізе алады.

Кезінде Е.А. Бөкетовтың рухани ұстазы болған академик Қаныш Сәтпаев та осындай принцип ұстанған. Олар ұлттық рух пен ғылыми этикадағы ғылымдағы адалдық пен әділдікті жоғары қойған ғалымдар.

Қ. Сәтпаев Қазақстандағы геологиялық зерттеулердің дамуына ғана мән бермей, ғылымның басқа салаларының қалыптасуына аянбай тер төкті. Ғалымның ең басты еңбектерінің бірі - кешегі аграрлы ел болып келген Қазақстанды индустриалдық қуаты бар мемлекетке айналдыратын қажетті күш ғылыми-интеллектуалдардың қалыптасуы үшін қызмет етуі болды. Осы бағытта өзін жетілдірді. Кәсіби қызметі барысында ол әлемдегі ең ірі мыс кен орны Қарсақпайда екендігін дәлелдеу үшін өмірінің 15 жылын арнады, Жезқазғанды зерттеген ғалым оны әлемдегі ең бай мыс провинцияларының бірі екенін дәлелдеді және т.с.т. Пайдалы қазбалардың орасан зор қорын тауып, қазақ ғылымының дамуына баға жетпес үлес қоса білді. Нәтижесінде, Қаныш Сәтбаев 1946 жылы 1 маусымда елімізде бірінші болып ашылған Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті болып сайланды. Осы қызметінің барысында ғалымның жолы бір жағынан даңғыл болғанымен, екінші жағынан ғылымның жолында күресумен болды. Бұл жөнінде 1964-1967 жж. аралығында академияның президенті болған Ш. Шөкин өзінің «Путь национальной академии наук» деген естеліктерінің бірінші тарауында Академияның тұңғыш президенті Қ. Сәтпаевтың қызметіне ерекше көңіл бөледі. Ғылымдағы этиканың сақталмауынан Қ. Сәтпаевтың орнынан түсуі, осы кездегі оның қиналған сәттері, сонымен қатар Сәтпаевтың төңірегіндегілерге қысым көрсету тәрізді оқиғалар баяндалады [4, б.5-63]. Дәл осыған ұқсас келетін«Қаныш және ғылыми майдан» атты тағы бір зерттеу 2024 ж. жарық көрді. Бұл еңбектің авторлары да Сәтпаевтың ғылым жолындағы күресі мен жанқиярлық ерлігі туралы жазады [5]. Өзіне жасаған кедергілерге қарамастан, Қаныш Имантайұлы өмірінің соңына дейін қазақ ғылымын өндірістің тәжірибелерімен байланыстыра отырып дамытуды, одан әрі жандандыруды, әлемдік деңгейге жеткізуді ғана мақсат тұтқан. Оны ғалымның «Өз білімін, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады», - деп айтқандары дәлдейді.

Қ.И. Сәтпаев пен Е.А. Бөкетовтың замандастары, солардың қатарында жүрген медицина саласының ғалымдары Бахия Атшабаров, Сәкен Нұғаманов, олардан кейінгі буын Төрегелді Шарманов та қазақ халқының денсаулығы мәселесімен айналысып, ондағы өзекті мәселелерді көтеруде бірқатар кедергілер тап болды. Бұл ғалымдар Қазақстан тарихында еліміздің медицина ғылымының қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті тұлғалар. Осы ғалымдардың қызметтері арқылы ғылымдағы этика мәселесіне бір-екі мысал көрсетейік.

Б. Атшабаров ҚазКСР ҒА Өлкелік патология ғылыми-зерттеу институтының директоры болып тұрған кезде, оның жетекшілігімен қазақ халқының қасіреттерінің біріне айналған Семей ядролық сынақ полигонының зардаптары зерттелді. Ол Семей полигонын зерттеуге қалай келгендігі туралы өзінің «Заблуждения, ложь и истина по вопросу оценки влияния на здоровье людей испытания атомного оружия на Семипалатинском ядерном полигоне» деп аталған еңбегінде былай деп жазады«... В начале 1957 г. ко мне, директору института, обратились из Минздрава Казахской ССР с вопросом, как я оцениваю возможность изучения радиактивного загрязнения территории республики и выяснения его влияния на здоровья людей. Вопрос был поставлен в порядке предложения - не возмусь ли я за изучение этой щекотливой проблемы. К сделанному предложению Министерства здравохранения республики я отнесся с пониманием, не сомневался в необходимости проведения научных исследований по вопросам поднятой проблемы, но в то же время видел трудности в их проведении, связанные с вхождением в сферу влияния могущественного военно-промышленного комплекса (ВПК). Видимо, эти трудности и натолкнули Министерство здравохранения обратиться ко мне с предложением, не находя у себя исполнителя такой ответственной работы. Я подумал о том, что, в конечном счете, кому-то надо взяться за решение этой научной задачи, и обратился к президенту Академии наук Казахской ССР Канышу Имантаевичу Сатпаеву с ходатайством о разрешении Институту краевой патологии организации экспедиционных исследований по изучению радиоактивного загрязнения территории Семипалатинской области и выяснению влияния его на здоровья людей. К.И. Сатпаев принял ожидаемое решение - санкционировал проведение научных исследований согласно предложенной мною программе...» [6, с. 51-52].

Ғалым тарапынан осындай батыл ұсынысты академик Қ.И. Сәтпаевтың қолдағанын көреміз. Бұл жерде екі қазақ ғалымының туған жер және ондағы адамдардың тағдырларына, болашағына байланысты көзқарастарының ортақ, ұстанымдарының бір екендігі анық сезіліп тұр, сондай-ақ екі ғалымның бірін-бірі іштей түсінуі де байқалады. Осы мәселеде екі тұлғаның ұлтжанды, шоқтықтары биік азамат екені даусыз. Олар Семей полигоны мәселесі саясатпен байланысты болса да, бұған бейжай қарай алмайтындықтарын көрсетті. 1957-1959 жж. аралығында Семей ядролы полигоны аймағын кешенді түрде зерттеген Б. Атшабаров басқарған ғылыми зерттеулер туралы мынадай ақпараттар берген: «... Сол аймақта (Семей полигоны - авт.) радиологиялық, клиникалық және ветеринарлық бағыттарда кең көлемді зерттеулер жүргіздік. Ең алғаш рет ядролық сынақтардың өңір халқының денсаулығына зияндылығы жөнінде бұлтартпас анық әрі жүйелі мәліметтер алынды. Экспедиция нәтижелері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі арнайы кеңестерде әскери-өнеркәсіп кешені өкілдерінің қатысуымен екі мәрте – 1958 және 1959 жж. талқыланды. Біздің өтінішімізбен Қазақстан басшылығы 1958 жылы Одақтық үкімет алдында Семей облысының кейбір аудандарына атом бомбасы сынақтарынан зардап шегушілер ретінде көмек көрсету жөнінде мәселе қойды. Көп ұзамай Алексей Косыгин қол қойған зардап шегуші аудандарға материалдық жеңілдік туралы қаулы қабылданды. Алайда кейіннен әскерилердің қысымымен бұл құжаттың күші жойылды. Олардың ойынша, бұл атом сынағының адамдар денсаулығына зияндылығын мойындаған айғақ болар еді...» [7, б.5].

Полигонның зардабы туралы 1958 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика үкіметіне хат жолдап, онда Семей полигонындағы атом қаруының сынағы адамдарда сәуле ауруының таралуына әкелгендігін жазған. Осы жағдайға байланысты қандай іс-шаралар қабылдау қажеттігі туралы мәселе көтерген. Бірақ Б. Атшабаровтың бұл өтінішіне Қазақстан үкіметі жауап бермеген. Ол түсінікті де. Өйткені Орталықтың мүддесіне қарсы шығу ешкімнің құзырында жоқ. Тіпті Орталық Б. Атшабаровтың экспедициясы жұмысын тоқтатуды тапсырып, партиялық-әкімшілік тұрғыдан жазалауды талап етті. Сонда Орталықтың келтірген дәйектері мынадай болды: «Б. Атшабаров экспедициясының ғылыми-зерттеу бағдарламасында қасақана атом қаруы сынақтарының адамдар денсаулығына зиянды әсерін ашуды мақсат етіп қойған. Ал бұл Кеңес мемлекетінің мүдделеріне қайшы келеді және әлем жұртшылығы алдында КСРО-ның беделін түсіреді. Абыройға орай, Қазақстан үкіметі әскерилердің бұл өктем талабын талқылай келе, қабыл көрмепті...» [7, б. 5]. Ия, Кеңестер Одағының «ішкі отарлау» саясаты қатаң болды. Қазақ ССР КСРО-ның құрамындағы республика болғандықтан, кеңестік саясатқа қарсы шыға алмады. Орталыққа, яғни Мәскеуден басқарып отырған билікке Қазақстан үкіметінің сөзі жүрмеді. Керісінше, Мәскеу тарапынан Семей полигоны туралы тақырыпты көтеруге тыйым салынды және экспедицияның жұмысын әрі қарай жалғастыруды тоқтатты.

Бірақ, бәрібір де Семей ядролық полигоны зардаптары мәселесін жауып тастау ұзаққа созылған жоқ. 1961 жылы 17 ақпанда Москвада КСРО Медицина ғылымдары академиясының биофизика институтында Қазақстанның кейбір аудандарындағы тұрғындардың денсаулық жағдайы және радиологиялық ахуалды зерттеуге арналған конференция өткізілді. Оның жұмысына аталған институттың, КСРО Ғылым академиясының, В.И. Ленин атындағы ауылшаруашылық ғылымдарының Бүкілодақтық Академиясының және Қазақ ССР ҒА Өлкелік патология ғылыми-зерттеу институтының өкілдері қатысты. Бұл конференция қазақстандық ғалымдар мен әскери ведомство ғалымдары арасындағы тартыспен өтті. Негізгі тартысты тудырған негізгі мәселе полигон аймағында тұратын адамдар мен мал түрлерінде байқалған ауытқушылықтардың жиілеуі, адамдарға әсер ететін радиоактивті сәулелердің мөлшері туралы сұрақтар болды. Конференцияға қатысқан қазақстандық ғалымдар 1957-1959 жылдарғы экспедиция материалдары бойынша дайындаған баяндамаларын қорғап шықты. Конференцияға қатысқан қазақстандық ғалымдар полигон зардаптары туралы 18 баяндама жасаған. Олар: Б.А. Атшабаров, Е.Н. Алексеев, Я.Л. Бульвахтер, С.А. Аккерман, А.С. Соколова, И.А. Симин-Северская, А.Л. Питюшин, А.Г. Адырхаев, Ю.П. Торопкина, Ж.А. Хайрушев, И.И. Великанов, А.Т. Алданазаров, С.Н. Нугманов, Т.Г. Беглова, В.П. Всеволодов, В.С. Мошкевич. Бұл ғалымдардың әр қайсысы өз тараптарынан методологиялық тұрғыдан негізделген баяндамалары арқылы Семей полигоны сынақтарынан кейін таралатын радиациядан болатын зардаптарды нақты зерттеулерінің нәтижелері арқылы көрсеткен. Соған қарамастан әскери ведомство ғалымдары қазақстандық ғалымдар алған нәтижелерді толықтай жоққа шығара отырып, амалсыздан мойындаған. Соның айғақтарының бірі Сәкен Нұғмановтың экспедиция барысында нәтижелі жұмыс атқарғанын КСРО МҒА-ның биофизика институтының директоры А.В. Лебединский «... Большую, хорошую и в высшей степени полезную работу провел С.Н. Нугманов, который показал, что в зараженных районах несколько чаще встречаются уродства и мертворожденные...», - деп ғалым ағамыздың жұмысына әділ баға берген [8].

Сәкен Нұғмановтың кім екеніне тоқталатын болсақ, ол еліміздің медицина салаларының бірі онкология және радиология бағытының қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті тұлға. Ол 1947 жылы соғыстан елге аман-есен оралған соң, өзінің бұрын оқып бітіріп кеткен Алматы медицина институтына қайтып келеді. Осында акушерлік және гинекология кафедрасында ассисент болып жұмысқа кіріседі. Осы уақыттан бастап С.Н. Нұғмановтың алдынан ғылымға баратын жол ашылды. Онкология саласы бойынша ғылыми-тәжірибелік жұмыстармен белсенді түрде шұғылдана бастады. 1953 жылы «Тәжірибелік қатерлі ісіктің дамуындағы ми қыртысының рөлі» («Роль коры головного мозга в развитии экспериментального рака») тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады, ал 1955 жылы доцент атағын алды. С.Н. Нұғмановты акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі етіп тағайындады.

1957-1959 жж. Б. Атшабаров экспедициясының жұмыстарына қатысты. Өзінің экспедициясындағы клиникалық отрядта жұмыс істеген Сәкен Нұғманұлы туралы Б. Атшабаров былай дейді: «... В получении огромного фактического материала, в его анализе и в формулировании научных выводов по результатам экспедиции велика заслуга Сакена Нугмановича. Во время 3-хлетней совместной работы в условиях экспедиции мы хорошо узнали Сакена Нугмановича. Он был компетентным специалистам с высокими нравственными качествами, его яркая личность, порядочность, редкая широта души, отзывчивость и приветливость притягивали к нему молодежь, больных, друзей. Он находил общий язык со всеми, малыми и большими. Сакен Нугманович умел сочувственно, со всей душой относиться к нуждам и невзгодам людей, а при необходимости подтолкнуть их к принятию того или иного правильного решения. Он был вдумчивым диагностом высокого класса, прекрасным хирургом, чутким и терпеливым врачом, золотые руки которого спасли многих и многих больных...» [9, б.553-554]. Б. Атшабаров әріптесі туралы дұрыс және әділ баға берді.

1957-1960 жылдарғы экспедиция барысында Семей полигоны зардаптарын зерттеудің нәтижелері туралы он екі томдық есептердің ішіне Сәкен Нұғманұлы дайындаған материалдар кірген. Нақтырақ айтқанда 1958 жылғы экспедицияның нәтижелері туралы дайындалған есептердің 4-ші томында Сәкен Нұғманұлының қатысуымен жазылған «Тұрғындарды акушерлік-гинекологиялық тексерудің нәтижелері», «Кейбір акушерлік көрсеткіштер және сүт бездерінің жағдайы», «Гинекологиялық аурулардың сипаттамасы» деген мақалалары енген. Дәл осындай есептерді 1959, 1960 жж. дайындады. Оның өмірі мен қызметіндегі жаңа белестер 1960 жылдары басталды. Бұл кезде ол ғалымдар мен онколог мамандар арасында өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен танылды. Оған Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасымен Алматы қаласында бірінші Онкология және радиология қазақ ғылыми-зерттеу институтын құруды тапсырды және оның директорлық қызметін С.Н. Нұғмановтың өзіне жүктеді. Министрліктің бұл тапсырмасын үздік деген бағаға орындады. Өзі негізін қалаған ғылыми-зерттеу институтында 10 жыл директор болды, осы жылдар ішінде 32 ғылыми-проблемалық бөлімдер - лабораториялар, секторлар, бөлімдер ашты, 400 төсектік өте жоғары деңгейдегі клиникалық базаны құрды. Институтта жұмыс

істейтін маман-кадрлар болмағандықтан, бірден мамандар даярлауды қолға алды. Әлемнің ғылыми онкологиялық орталықтарымен халықаралық байланыстарды орнатуды ұйымдастырды. 1960-1970-ші жж. Кеңестер Одағына танымал болған ғалым-онкологтар Н.Н. Блохин, Б.Е. Петерсон, Л.М. Шабад, алыс шетелдік ғалымдар Ваги (Үндістан), Т. Хирояма (Жапония), Я. Кмет (Югославия) және басқа да ғалымдар С.Н. Нұғмановтың шақыруымен Қазақстанға келіп, өзара тәжірибе алмасты. Көп ұзамай қазақстандық Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты КСРО көлемінде онкология бойынша ұйымдастырушы-әдістемелік орталыққа айналды. Орталықта жас мамандар отандық және шетелдік ғалымдардың дәрістерін тыңдады, онколог мамандар шыңдалу үшін тағлымдамадан өтті.

1970-ші жылдары Қазақстанда онкологиялық аурудың көбейе бастауы мамандарға деген қажеттілікті тудырды. Бірақ елімізде де, КСРО бойынша да медициналық жоғары оқу орындарында өз алдына жеке онкология кафедрасы болған жоқ. Осыған байланысты Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің 1972 жылдың 29 маусымында № 341 бұйрығына сәйкес Қазақстанда Алматы медицина институтында онкология кафедрасын ашылды. Оның меңгерушісі болып С.Н. Нұғманов тағайындалды. Осы жерде ол өмірінің соңғы күніне дейін қызмет етті. Бірақ осы жылдар ішінде ары таза, жаны таза, өз келбеті мен ойы, өзіндік пікірі мен ұстанымы бар тұлғаны аяқтан шалып, ақырында қызметтен кетірді. Оны қызметтен кетіріп, орнына басшы болған өзінің әріптесі, қасында жүрген замандасы. Ол адам 1961 ж. Семей ядролық полигоны зардаптары туралы Москвада өткен конференцияда өзінің әріптестерін сатып кетіп, әскерилердің жағына шығып кеткен С. Балмуханов болатын. Ғылымға да, әріптестеріне де, жолдастарына да адал болмаған бұл тұлға туралы сынды кезінде Б. Атшабаровтың өзі ашық жазып, әшкерелеген болатын. Ол туралы басқа да ғалымдар жазған еңбектерден танысуға болады.

Ал Б. Атшабаров жетекшілік еткен экспедицияның зерттеулерінің нәтижесі ретінде дайындалған 12 томдық талдаулар мен деректер әлі күнге дейін аса құнды, ол өзінің өзектілігін жойған жоқ. Кеңестік дәуірде «өте құпия» деген белгімен сақталған ғылым есептер тәуелсіз Қазақстанның зерттеушілерін қызықтыруда.

Жоғарыда есімдерін атаған ғалымдар уақыт пен ғылым салаларының алшақтығына қарамастан, оларды ортақ зерттеушілік рух байланыстырды. Оларды тоғыстыратын ең басты қасиет - ғылымға адалдық, халық мүддесіне қызмет ету және кең ауқымды, гуманистік көзқарас. Ғалым адам ретінде олардың бойында ғылыми мәдениет болды, ал ғылыми зерттеулерінде өздерінің жаңа ұстанымдары мен методологиялық әдістерді қалыптастырды.

Ғалым бейнесі тек ғылыми жетістіктерімен ғана емес, сонымен бірге оның адами және этикалық ұстанымдарымен қалыптасады. Қ.И. Сәтпаевтың, Б.А. Атшабаровтың, С.Н. Нұғмановтың, Е.А. Бөкетовтың ғалымдық жолы ғылыми ортадағы этикет пен мәдениеттің озық үлгісі ретінде бағалануға лайық. Олардың ғылыми мұрасы қазіргі және болашақ ғалымдар үшін кәсіби адалдық пен адамгершіліктің биік өлшемін көрсетеді. Аға буын ғалымдардың ғылым жолындағы ұстанымдары мен адалдықтары, методологиялық әдістерді меңгерулері, шәкірт дайындаудағы шынайы еңбектері қазіргі ғылыми ортаға қажет, өлмейтін азық әрі тәжірибе. Өйткені XXI ғасыр - ғылым мен техниканы барынша дамытуға итермелеу үстінде. Интернеттің пайда болуы, заманауи ақпараттық технологиялардың тез дамып, күн сайын түрлене түсуі, адамзат баласының өмір сүру дағдыларын да өзгертуде. Солардың қатарында ғылыми этиканы бұзушылықтың орын алуы, яғни плагиатқа жол берілу тәрізді мәселелер де бар. Егер біз мемлекетіміздің дамығанын қалайтын болсақ, ғылымды дамытуда ғылыми этика мәселесінде адалдықты, тазалықты сақтауымыз керек. Ғылымда бұл басты көрсеткіш болуы тиіс. Осы ретте қазақтың Ұлы ақыны Абай атамыздың «Қара сөздері» еске түседі. Мақаламызды Абай Құнанбайұлының «Отыз екінші қара сөзінде» айтқан философиялық ойларымен жалғастырғымыз келеді.

Отыз екінші қара сөз «Білім-ғылым үйренбекке талып қылушыларға әуелі білмек керек» деп басталып, әрі қарай Абай Құнанбайұлы ғылым жолындағы адамға керек алты шартты көрсетеді. Біз мақаламызды осы алтыншы шартта айтылған сөздермен аяқтағанды дұрыс көрдік: «... Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!...» [10, б.92-96]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Уәлиханов Ш. Зерттеулер, ғылыми жазбалар, хаттар / Шоқан Уәлиханов. — Алматы: «Рауан» баспасы, 2014. - 560 б.

2 Букетов Е. Святое дело Чокана. Об академике Сатпаеве. - Караганда: Полиграфия, 1994. -144 с.

3 Даниярова А.Е., Данияров Н.А. Значение литературы в творчестве академика Е. А. Букетова // Известия Томского политехнического университета. - 2013. - Т. 322. - № 6. - С.155–159; Сыздыкова Ж.С., Досова Б.А. Е.А. Букетов о Чокане и его времени / Наследие Чокана Валиханова: синтез евразийских культур. Сборник материалов Международной научно-практической конференции, посвященной 185-летию со дня рождения Чокана Валиханова/ Мос. гос. ун-т имени М. В. Ломоносова, Ин-т стран Азии и Африки / отв. ред. Е.А. Абиль, О.П. Кобзева, Ж.С. Сыздыкова. - М.: Издательство Московского гуманитарного университета, 2021. – С.192-199.

4 Чокин Ш. Путь национальной академии наук: (Воспоминания и размышления). – Алматы: Ғылым, 1996. – 256 с.

5 Қаныш және ғылыми майдан: Отбасы хрестоматиясы / С. Керимбай, Ә. Нәби – Алматы: «Отбасы» Баспа үйі. – 2024. – 456 бет.

6 Атчабаров Б.А. Заблуждения, ложь и истина по вопросу оценки влияния на здоровье людей испытания атомного оружия на Семипалатинском ядерном полигоне / Б.А. Атчабаров. - Алматы, 2002. - 200 с.

7 Дабыл: 1957-1960 жылдары Семей полигоны маңайына тұңғыш ғылыми экспедиция ұйымдастырған ғалым Б. Атшабаровпен сұхбат. Әңгімелескен Қ. Аманжол // Егемен Қазақстан. - 2009. - 8 қыркүйек. - Б. 4.

8 ОМҒТҚА, Қор.79, Тізім.1, Іс.21

9 Опередивший время. Сборник документов и материалов о враче, ученом, организаторе онкологической службы Казахстана Сакене Нугмановиче Нугманове. Редакционная коллегия: Ж.С. Нугманова, Д.С. Нугманова, Г.С. Сарсенова, Т.Н. Тойбаев. Составители: Е.М. Грибанова, В.Е. Печерских. – Алматы: «Print express», 2017.- 748 с.

10 Абайдың қара сөздері / Жубатканова А.Ж. – Тараз: «Формат-Принт», 2025. – 192 бет.

UDC 1(574).092.316.3

HUMANITARIAN GUIDELINES OF MODERN EDUCATION

Smailova A.S., Academician E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan
Shulgina-Tarachshuk A.S., Academician E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan

Evney Arstanovich Buketov (1925-1983) was an outstanding metallurgist, academician, writer, editor, teacher and public figure, after whom the Karaganda National Research University is named. His work went far beyond the natural sciences, covering the humanitarian and social spheres. He was not only a researcher, but also a thinker, for whom science is inextricably linked with culture, morality and social development. The study of the legacy of E.A. Buketov is especially important in the context of modern higher education. Today, we are witnessing a desire for narrow specialization, in which students receive deep professional knowledge, but sometimes remain cut off from the humanitarian and social context of science. Buketov warned of such a danger back in the 1970-1980s. He insisted that a scientist should be not only a specialist, but also a citizen, a cultured person, a bearer of moral guidelines [1].

For students of the Faculty of Mathematics and Information Technology, turning to the humanitarian heritage of Buketov is of particular importance. Mathematics is a science of precision and strict logic, but it is also a universal language of knowledge that influences the development of society and technology. Understanding the social mission of mathematics, its role in culture and in humanitarian knowledge helps future specialists to form a holistic worldview. The purpose of this article is to consider E.A. Buketov as a social thinker in the context of the humanities and social sciences, to show the relevance of his ideas for modern educational practice and, in particular, for the training of specialists in the field of mathematics.

For students of the Faculty of Mathematics and Information Technology, acquaintance with the humanitarian heritage of Buketov is of great importance. Mathematics as a strict science is often perceived in isolation from the humanitarian sphere. However, Evney Arstanovich Buketov himself showed an example of integration: he believed that science cannot exist outside of culture and that a scientist must think broadly, understanding the consequences of his activities for society.

Buketov Evney Arstanovich argued that science is not only a search for technical solutions, but also a part of the cultural heritage of mankind. He opposed narrow specialization, believing that a true scientist should also be a thinker. For him, scientific knowledge has always had a cultural dimension: discoveries are inextricably linked with history, philosophy, literature and moral values.

The scientist emphasized that each discovery shapes not only the scientific, but also the cultural environment of society. Science influences language, art, the education system and the everyday worldview of people. That is why Buketov E.A. saw in the scientist not only a researcher, but also a cultural figure capable of shaping the spiritual image of society.

In his works and journalism, he repeatedly noted that the progress of science is impossible without preserving the humanitarian foundations. Science deprived of culture and morality can turn into a dangerous force, while in alliance with humanitarian values, it becomes a source of creation.

For students of the Faculty of Mathematics and Information Technology, this idea is especially relevant: mathematics as a universal language of science plays a fundamental role in the culture of mankind. It is not only a tool for precise calculations, but also part of the intellectual heritage that unites different civilizations and eras. Understanding this connection helps future mathematicians realize that their activities have not only applied, but also cultural and humanitarian significance.

In addition to scientific works, Buketov actively wrote fiction and journalism. His literary texts raise the topics of morality, historical memory, and the fate of man in society. This proves that the scientist saw in humanitarian forms of creativity an equal way of understanding the world.

One of Buketov's key postulates was the idea of social responsibility of science. He warned that scientific discoveries can have both a constructive and destructive impact. Therefore, a scientist must be aware of the consequences of his work.

Buketov E.A. emphasized that science does not exist in a vacuum: it develops within society and has a direct impact on social processes. Research results are used in industry, economics, medicine, education, and even politics. This means that a scientist is responsible not only for the accuracy of calculations and the correctness of experiments, but also for how his discoveries will be used.

He often spoke about the need for a moral choice facing a researcher. In the era of scientific and technological progress, when achievements can be used both for good and for harm, the responsibility of a scientist increases many times over. The scientist believed that the duty of a true scientist is to foresee the possible consequences of his discoveries and defend their humanistic use.

In addition, Buketov saw an educational mission in the responsibility of a scientist. He was sure that a scientist is obliged to share knowledge, to form critical thinking in young people, respect for science and the desire to use its achievements for the benefit of society. Thus, social responsibility is expressed not only in control over the practical application of discoveries, but also in active educational and pedagogical activities.

For students of the Faculty of Mathematics and Information Technology, this idea is especially important. Mathematics is the basis of modern technologies: algorithms, models and computational methods are used in economics, information systems, artificial intelligence. The responsibility of a future mathematician lies in the understanding that his work can influence society - from the development of technologies to the formation of ethical standards for their application.

Buketov considered moral values as a necessary part of scientific activity. For him, science could not be neutral: it is always connected with the fate of a person, with his cultural and spiritual guidelines.

He noted that scientific knowledge is inextricably linked with the choice of a person - a scientist, a teacher, a researcher. This choice includes not only methodology and accuracy, but also the moral principles that guide the researcher. This is why Buketov argued that moral principles should accompany any scientific work. He paid special attention to the problem of "dual use" of scientific discoveries. Any new technology can serve both for the benefit of society and for harm. In this context, morality acts as a filter that determines the direction of scientific development. Buketov believed that a scientist must be guided by humanistic values so that his activities contribute to progress, not destruction.

In his journalistic works, he emphasized: science without morality loses its true meaning. If knowledge is used solely for profit or political interests, it turns into an instrument of pressure, not creation. Only in alliance with moral principles can science remain the true engine of civilization.

For future mathematicians, this idea is of particular importance. Mathematical methods and algorithms are used today in a wide variety of areas - from financial systems to military technologies. Therefore, the moral choice of a specialist plays a key role: whether to use knowledge to strengthen justice and sustainable development of society or to subordinate it to narrow interests.

Thus, morality for science, as Buketov understands it, is not an abstract addition, but a necessary condition for its existence and development.

In addition to scientific works, Buketov actively wrote fiction and journalism. His literary texts raise the topics of morality, historical memory, the fate of man in society. This proves that the scientist saw in the humanitarian forms of creativity an equal way of understanding the world. The scientist was the author of short stories and journalistic articles, in which he touched upon issues of spiritual values, national identity, patriotism and moral choice of the individual. His works were distinguished by the simplicity of language, depth of content and a bright civic position. The writing talent of E.A. Buketov allowed him to address a wide range of readers, making complex philosophical and social ideas accessible.

Қорытынды. STEM-білім беруді Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін білім беру реформалары қажет. Мектептер, университеттер және индустрия өкілдері арасындағы ынтымақтастық STEM бойынша өзекті және практикалық бағдарламаларды құру үшін маңызды рөл атқарады. Технологиялық компаниялармен және ғылыми-зерттеу институттарымен серіктестік арқылы Қазақстан мектептері білім алушыларға практикалық тәжірибе мен заманауи технологиялық жетістіктермен танысу мүмкіндігін ұсына алады [8].

Қазақстандағы STEM-білім беру өзгеріс алдында тұр, соңғы жылдары айтарлықтай ілгерілеушілік болды, бірақ сонымен қатар шешілуі тиіс айтарлықтай қиындықтар да бар. Инновациялық оқыту әдістеріне назар аудара отырып, гендерлік және әлеуметтік-экономикалық кедергілерді жойып, білім беруді болашақ технологиялық трендтерге сәйкестендіргенде, Қазақстан оқушыларын қарқынды дамып келе жатқан әлемнің талаптарына дайындайтын берік STEM-білім беру жүйесін құра алады. Ел экономикасының болашағы оның ғалымдардың, инженерлердің және жаңашылдардың жаңа буынын тәрбиелеу қабілетіне байланысты, олар тұрақты даму мен экономикалық өсуге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Әділ Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». - 2024. [Электронный ресурс] - Режим доступа: https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-vystupil-s-poslaniem-narodu-kazahstana-281550.

2 Шваб К. Четвертая промышленная революция / К. Шваб. - М.: ЭКСМО, 2016. - 138 с.

3 Бейсембаев Г., Караев Ж. Актуальные проблемы трансформации системы среднего образования на основе STEM-подхода / Г. Бейсембаев, Ж. Караев // Білім-Образование. - 2021. - №3. - С. 33-61.

4 Гендерное равенство в STEM-образовании: мировой и региональный контекст / ЮНЕСКО. - Париж: ЮНЕСКО, 2021. [Электронный ресурс] - Режим доступа: http://unesco.org.

5 National Research Council. A Framework for K-12 Science Education: Practices, Crosscutting Concepts, and Core Ideas. - Washington, DC: National Academies Press, 2012. – 401 p.

6 Шевченко Н. А. Проблемное обучение и активные методы обучения в современной школе / Н. А. Шевченко. - Новосибирск: Сибирское университетское издательство, 2015. – 57 с.

7 Гусев В. И. Методы активного обучения: Педагогические аспекты и применение метода FILA / В. И. Гусев. - М.: Просвещение, 2021. – 455 с.

8 Проблемы и перспективы STEM-образования в Казахстане / Совет по науке и технологиям Казахстана. - Астана: Совет по науке и технологиям Казахстана, 2023. – 10 с.

ӘОЖ 374:002.6

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНА ӘСЕРІ

Сатиева Ж.К., №43 «Гүлдәурен» балабақшасы, Ақтөбе, Қазақстан
Абубакирова А.Т., №43 «Гүлдәурен» балабақшасы, Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі уақытта еліміздің білім беру жүйесінде оқыту процесін жақсарту мақсатында көптеген шаралар атқарылуда. Бұл шаралар ғылыми тұрғыдан «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады. Инноватика ұғымы латынның «in-novus» сөзінен алынған, ол «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағына береді. Бұл педагогика саласында жаңа әдістер, тәсілдер, құралдар мен бағдарламаларды енгізу дегенді білдіреді.

Педагогикалық технологияның негізігі маңызды элементі – баланың оқу-тәрбие процесіндегі белсенділігі мен ересектердің балаға деген көзқарасы. Әр жастағы балалардың өзара әрекеттесіп, үйлесімді жұмыс істей алу қабілеттері ескеріледі. Негізгі мақсат – баланың тұлғалық тұрғыда қалыптасуына ықпал жасау. Осы тұрғыда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің педагогтарының басты міндеті – балалармен жұмыс істейтін әдістер мен формаларды таңдай отырып, баланың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдану.

Инновациялық білім беру құралдарына аудио-видео жабдықтар, компьютерлер, интерактивті тақталар, интернет, мультимедиялық компьютерлік құралдар, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банктер, инновациялық веб-сайттар және тағы басқа құралдар жатады. Қазіргі уақытта интерактивті бағдарламалық бөлімдер мен қозғалмалы объектілер жасауға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтардың көпшілігі қолданысқа енгізілуде. Бұл құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтар, олар балабақшада оқу іс-әрекеттерін жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік береді. Осылайша, тәрбиешілер әрбір оқу іс-әрекетін өткізер алдында көрнекіліктерді жиі ауыстыру қажеттілігінен арылып, мультимедиялық оқулықтар арқылы уақытты тиімді әрі нәтижелі пайдалана алады.

АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) – бұл ақпаратты өндіру, тарату және өңдеу үшін қолданылатын сандық және коммуникациялық құралдар кешені, оның ішінде компьютерлік техникалар, мультимедиялық құралдар, аудио және бейнемазмұнды құрылғылар мен әртүрлі байланыс технологиялары бар[1.8].

Біздің ойымша, ең маңызды ақпараттық және коммуникациялық технологиялар қатарында аудио, бейнемазмұнды ойнатқыштар, мультимедиялық құралдар және әртүрлі ойындар бар, олар арқылы балалар бір уақытта бірнеше тілді меңгеруге мүмкіндік алады. Оқу процесінде АКТ пайдалану екі негізгі мотивацияны дамытуға ықпал етеді: біріншісі – өзіндік мотивация, мұнда ұсынылатын материал қызықты және мектепке дейінгі жастағы балалар үшін жаңа тілдерді түсіну қабілетінің артатыны көрінеді. Бұл өз кезегінде баланың қуанышын, өзін-өзі жетілдіруге деген сенімділігін және ынтасын арттырады.

Балаларға оқыту бағдарламасын қарағаннан гөрі ертегі, әңгіме немесе танымдық фильмдер тыңдау немесе көру әлдеқайда қызықтырақ. Олар тілдің мағыналық негізін жылдам түсініп, өздері сөйлеуге бастайды. Әсіресе, оқыту барысында толық ену әдісі қолданылғанда, нәтиже айтарлықтай әсерлі болады. Бұл баланың қазақ тілімен терең әрі тұрақты байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Баланың санасы өте тез қабылдайды, және нәтиже бірден көрінбесе де, бір-екі жылдан кейін оның лингвистикалық қабілеттері айқын байқалады.

Мектепке дейінгі балаларға білім беру қызметінде қолданылатын барлық ақпараттық құралдар келесі түрлерге бөлінеді:

- Аудио құралдар;
- Бейнемазмұнды құралдар;
- Мультимедиялық құралдар.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы - балаларға ақпараттық білім беру негіздерін қалыптастыру, логикалық және құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияларды өзіндік дамуға және оны жүзеге асыруға құрал ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ ақпараттық қоғамға бейімделу.

Бұл тұрғыда білім беру жүйесіндегі ең тиімді технологиялардың бірі болып ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) табылады. АКТ білім беру саласының барлық деңгейлерінде, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде де кеңінен қолданылады. Балалардың танымдық, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытуда АКТ-ның маңызы ерекше.

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды пайдаланудың басымдықтары

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану – білім беру сапасын жетілдірудің маңызды тетігі болып саналады. Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда АКТ-ның өзіндік бірқатар артықшылықтары бар.

Балалар үшін тиімді жақтары:

- ✓ ақпарат ойын түрінде ұсынылатындықтан, баланың ынтасын оятады;

- ✓ экран арқылы берілген мәлімет көрнекілігімен ерекшеленеді, бұл балалардың тез әрі жеңіл қабылдауына көмектеседі;
- ✓ дыбыс, қимыл-қозғалыс пен анимация баланың назарын ұзақ уақыт сақтап тұрады;
- ✓ әр балаға жеке қарқынмен білім алуға жағдай жасайды;
- ✓ тапсырмалардың көлемін және жылдамдығын өз бетінше таңдай алады;
- ✓ компьютермен жұмыс барысында өз күшіне сенімділік қалыптасады;
- ✓ АКТ шынайы өмірде тікелей көрінбейтін құбылыстарды бейнелеуге мүмкіндік береді (мысалы, ғарышқа ұшуды, табиғи құбылыстарды немесе тәжірибелерді көрсету);
- ✓ баланың қателерін қайталай отырып түзетуіне және тәжірибе жинақтауына мол мүмкіндік береді.

Педагог үшін пайдалы қырлары:

- ✓ арнайы білім беру саласындағы педагогтердің оқшауланuын азайтып, әріптестік қарым-қатынасты нығайтады;
- ✓ онлайн байланыс пен өзара әрекет кәсіби ой толғауға (рефлексияға) ықпал етеді;
- ✓ мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіріп, жаңа дағдыларды игеруіне жол ашады.
- ✓ ақпараттық технологияларды мұғалімдерге оқушыларды оқыту мақсатына тезірек және сапалы жетуге көмектеседі [2.52].

Ақпараттық технологиялардың алдыңғы ақпарат беру жүйелерінен бірқатар артықшылықтарын төмендегідей атап көрсетуге болады:

Оқу үдерісінің сапасын арттыру: АКТ құралдары (интерактивті тақталар, мультимедиялық бағдарламалар, мобильді қосымшалар) балаларға білім алуды қызықты әрі қолжетімді етіп, ақпаратты көрнекілік арқылы жылдам меңгеруге мүмкіндік береді.

Балалардың қызығушылығын арттыру: Түрлі анимациялар, ойын үлгісіндегі тапсырмалар мен интерактивті жаттығулар балалардың оқу үдерісіне деген ынтасын көбейтеді.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту: Әр баланың даму деңгейіне сәйкес тапсырмаларды таңдау және жеке білім беру жолдарын қалыптастыру мүмкіндігіне ие бола отырып, оқу үрдісін жекелендіреді.

Тілдік дағдыларды дамыту: Электронды ертегілер, аудиокітаптар мен мультимедиялық жаттығулар арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын байытып, дұрыс дыбыстау қабілетін жетілдіреді.

*Қол моторикасы мен логикалық ойлауды дамыту***:** Интерактивті ойындар мен қосымшалар баланың қол моторикасын жетілдіріп, логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Тәрбиешілер мен ата-аналарға көмек: АКТ тәрбиешілер мен ата-аналарға баланың даму деңгейін бақылап, білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Тақтаны қолдану күнделікті өмірде байқалмайтын жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Біздің балабақшада әр топ үшін медиатека құрылып, ол оқу-тәрбие процесінің барлық бағыттарында белсенді пайдаланылуда. Баланың бірлескен және жеке іс-әрекетінде ID технологиясын қолдану оқу үдерісін ынталандыру мен дараландырудың, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен жағымды эмоционалды ахуал қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі болды. Мектепке дейінгі білім беру іс-әрекетінде ақпараттық-компьютерлік технологиялар оқу материалдарының мүмкіндіктерін кеңейтеді, қоршаған ортадағы әртүрлі жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді және балалардың қызығушылығын оятып, олардың танымдық белсенділігін арттырады, бұл өз кезегінде мектеп жасына дейінгі балалардың білім сапасын жоғарылатудың кепілі болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану балалардың танымдық қабілеттерін жетілдіріп, оларды жаңа білімге ынталандырады. Алайда, АКТ-ны дәстүрлі әдістермен үйлестіре отырып, баланың денсаулығына зиян келтірмеу үшін қолдану уақытын шектеу өте маңызды.

Компьютерлік ойындарды пайдалану когнитивтік икемділікті дамытады, яғни баланың мәселені шешудің әртүрлі жолдарын көбірек табу қабілетін арттырады. Қарапайым математикалық түсініктер балалардың визуалды модельдерді құрастыруы мен қолдануы арқылы қалыптасады. Сабақ барысында оқушылар бір объектіні екіншісімен сәйкестендіруді үйреніп, пәндік модельдер жасайды. Мұндай модельдер сандық қатынастарды көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді: заттарды алмастыру немесе орнын басатын құралдарды қолдану арқылы жүзеге асып, алмастыру ұғымын тереңірек түсінуге жағдай жасайды[3.12].

Ақпараттық технологияларды мектепке дейінгі білім беру үдерісінде тиімді пайдалану балалардың оқуды қызықты әрі нәтижелі етіп, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бірақ, АКТ-ны шамадан тыс қолданудан сақтанып, дәстүрлі әдістермен бірге қолдану өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев, Қ. (2018). "Педагогикалық технологиялар." Алматы: Рауан.
2. Құдиярова, Ш. (2017). "Мектепке дейінгі педагогика." Астана: Фолиант.
3. Сағындықова, Г. (2015). "Ақпараттық технологиялар және педагогика." Алматы: Қазақ университеті.
4. Мовчан Н.И. Информатиканы оқытудағы инновациялық тәсілдер: Қазіргі ғылыми зерттеулер мен инновациялар. 2014. Электрондық ресурс:http://web.snauka.ru/issues/2014/05/34180.

ӘОЖ 316.346.32-053.81:061.2

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ДАМУЫ

Саттар Б.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Ахметова И.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Кіріспе. Қазіргі заманда азаматтық қоғамның дамуын сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі – бұл халықтың әлеуметтік белсенділігі. Әлеуметтік белсенділіктің айқын көрінісі болып саналатын еріктілер қозғалысы бүгінгі таңда қоғам өмірінде ерекше орын алып отыр. Еріктілік – бұл адамдардың өз еркімен, ешқандай материалдық пайда көздемей, қоғамға пайдалы істерге қатысуы. Мұндай әрекеттер тек көмекке мұқтаж жандарға ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамның дамуына да зор ықпал етеді.

Қазақстанда еріктілер қозғалысы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап біртіндеп қалыптаса бастады. Алғашқы кезеңде ол халықаралық ұйымдардың қолдауымен жүзеге асырылған қайырымдылық жобалары түрінде көрініс тапты. Кейінірек еріктілер қызметі жастар ұйымдары мен білім беру мекемелерінде белсенді түрде дами бастады.

Бұл үрдіс 2016 жылы қабылданған «Волонтерлік қызмет туралы» заңнан кейін жүйелі сипатқа ие болды [1]. Ал 2020 жылдың «Волонтер жылы» деп жариялануы елімізде еріктілер қозғалысына жаңа серпін беріп, көптеген жастарды осы салаға тартты.

Еріктілер қозғалысының маңыздылығы тек әлеуметтік қолдау көрсетумен шектелмейді. Ол жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, кәсіби дағдылар қалыптастыруына және қоғамдық сана-сезімін арттыруына ықпал етеді. Сонымен қатар, еріктілік қызметі адамдарда жауапкершілік сезімін, жанашырлық пен өзгелердің мұқтажына қол ұшын беруге дайындықты тәрбиелейді.

Менің ойымша, еріктілік – қоғамдағы ең құнды құбылыстардың бірі болып табылады. Әрбір жас өмірінің белгілі бір кезеңінде ерікті болуы өте пайдалы, өйткені бұл тәжірибе адамның өмірге деген көзқарасын кеңейтіп, жаңа достар тануға мүмкіндік береді. Ең бастысы, ол азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сондықтан да еріктілер қозғалысын азаматтық қоғамның негізі деп санауға болады.

1-тарау. Азаматтық қоғамдағы еріктілер қозғалысының рөлі

Азаматтық қоғам – бұл мемлекеттік басқарудан тыс дамитын қоғамдық институттар, бейресми ұйымдар мен әлеуметтік қозғалыстардың жиынтығы.

Оның басты ерекшелігі – азаматтардың өз еркімен бірігіп, қоғам өміріне белсенді араласу мүмкіндігі. Осындай қоғамдық белсенділіктің маңызды көріністерінің бірі – еріктілер қозғалысы. Еріктілер қызметі халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге, қоғамдық қатынастарды нығайтуға және қоғамда өзара сенім қалыптастыруға зор үлес қосады [2].

Еріктілер қозғалысы азаматтық қоғам үшін екі негізгі тұрғыдан маңызды. Біріншіден, ол әлеуметтік қолдау жүйесін толықтырады. Мысалы, мемлекет белгілі бір топтарға көмектескенімен, барлық жағдайды қамти алмайды. Ал еріктілер қарт адамдарға, көпбалалы отбасыларға немесе мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетіп, қоғамдағы әлсіз топтарға қолдау көрсетеді. Бұл мемлекет пен халық арасындағы байланыс көпірін нығайтады. Екіншіден, еріктілер қызметі азаматтардың мәдени және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Өз еркімен көмек көрсеткен адамда жанашырлық, мейірімділік, ортақ іске жауапкершілік сезімі артады [3].

Еріктілік қозғалысының тағы бір маңызды рөлі – жастардың тәрбиесінде көрінеді. Еріктілік арқылы жастар ұжымдық жұмыс істеу, уақытты тиімді басқару, сондай-ақ көшбасшылық қабілеттерін дамыту сияқты құнды дағдыларды игереді. Бұл тәжірибе олардың болашақ кәсіби жолына айтарлықтай үлес қосады деп ойлаймыз.

Жеке тәжірибиемізге сүйене отырып, еріктілікке белсене араласқан жастардың өздеріне деген сенімі артып, қарым-қатынас құру дағдылары айтарлықтай жақсаратынын байқадық. Сондай-ақ, еріктілер қозғалысы азаматтық қоғамдағы әлеуметтік серіктестік пен ынтымақтастықты нығайтуда шешуші рөл атқарады. Қоғамдық ұйымдар, жергілікті қауымдастықтар мен мемлекет арасындағы әріптестік қарым-қатынастар дәл осы еріктілер қызметі арқылы жүзеге асады. Мәселен, экологиялық акцияларға қатысқан жастардың бастамалары кейін мемлекеттік деңгейде қолдау тауып жатады. Бұл азаматтық қоғамдағы өзара әрекеттестіктің нақты мысалы болып табылады [4].

Жалпы алғанда, еріктілер қозғалысын азаматтық қоғамның негізгі тірегі деп атауға болады. Ол қоғамдағы әлеуметтік әділдік принциптерін нығайтумен қатар, адамдарды ортақ және игі мақсаттар айналасында біріктіреді. Біздің пікірімізше, бүгінгі Қазақстан контекстінде еріктілердің ең маңызды рөлі – азаматтар арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастық сезімін арттыру болып табылады. Себебі, кез келген қоғамның тұрақтылығы мен гүлденуі оның азаматтарының бір-біріне деген жанашырлығы мен өзара көмекке дайындығына негізделеді.

2-тарау. Қазақстандағы еріктілер қозғалысының қалыптасу тарихы мен даму эволюциясы

Қазақстандағы еріктілік іс-әрекеттердің тарихи түбірлері кеңестік дәуірге апарып тірейді. Сол кезеңде қоғамдық пайдалы іс-шаралар негізінен комсомол ұйымдары, жастар құрылымдары мен жұмыс бригадалары, сондай-ақ жалпықазақтық сенбіліктер түрінде ұйымдастырылды. Аталған бастамалар сыртқы түрде еріктілік белгілеріне ие болғанымен, іс жүзінде олар міндетті сипаттағы қоғамдық жұмыс ретінде жүргізілді. Демек, нағыз мағынадағы еріктілер қозғалысы Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдарынан бастап қалыптасып, қарқынды даму үстінде.

1990-жылдардың ортасында Қазақстанда алғашқы үкіметтік емес ұйымдар пайда болып, еріктілердің бастамаларына жол ашылды. Әсіресе әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жастар ұйымдары мен қайырымдылық қорлары белсенді жұмыс істей бастады. Сол кезеңде еріктілік негізінен халықаралық ұйымдардың ықпалымен дамыды. Мысалы, БҰҰ Даму бағдарламасы, «Сорос-Қазақстан» қоры сияқты ұйымдар еріктілерді тарту арқылы түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асырды [5].

2000-жылдары еріктілер қозғалысы жаңа деңгейге көтерілді. Бұл кезде экологиялық, әлеуметтік және мәдени бағыттағы көптеген еріктілер топтары құрылды. Әсіресе студент жастар арасында еріктілік белсенді дамыды. Университеттер жанынан арнайы жастар ұйымдары құрылып, олар қарттар үйлерінде көмек көрсету, жетім балаларға қолдау жасау, табиғатты қорғау шараларына қатысу сияқты жұмыстарды атқарды.

Қазақстанда еріктілер қызметінің дамуына мемлекет те көңіл бөле бастады. 2016 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы волонтерлік қызмет туралы» заң – осы саланы жүйелі дамытуға бағытталған алғашқы құқықтық құжат болды. Бұл заң еріктілердің құқықтарын, қызмет ету бағыттарын және мемлекеттік қолдау түрлерін нақтылап берді [1].

Еріктілер қозғалысының дамуына ерекше серпін берген кезең – 2020 жыл болды. Қазақстанда «Волонтер жылы» жарияланып, республикалық ауқымда көптеген жобалар жүзеге асты. «Birgemiz» жалпыұлттық жобасы аясында жастардың мыңдаған бастамаларына қолдау көрсетілді. Пандемия кезінде еріктілер халыққа азық-түлік жеткізу, қарт адамдарға дәрі-дәрмек апару, онлайн білім беруге көмектесу сияқты игі істерді атқарды. Бұл азаматтық қоғамдағы еріктілер рөлінің қаншалықты маңызды екенін нақты көрсетті.

Қазіргі таңда Қазақстанда еріктілер қозғалысы бірнеше бағытта дамып отыр. Олар:

- әлеуметтік көмек көрсету;
- экологиялық бастамалар;
- мәдени іс-шараларды қолдау;
- білім беру және ағартушылық;
- төтенше жағдай кезіндегі көмек.

Жалпы алғанда, еріктілер қозғалысы елімізде азаматтық қоғамның тұрақты институтына айналып келеді. Оның дамуы жастардың белсенділігін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге мемлекеттің әлеуметтік саясатына да қолдау көрсетеді.

3-тарау. Еріктілер қызметінің негізгі бағыттары және оның қоғамдық маңызы

Қазақстандағы еріктілер қызметі қоғам өмірінің ең әртүрлі салаларын қамтиды. Оның негізгі мақсаты қоғамға нақты пайда әкелу, әлеуметтік-әлеуметтік мәселелерді шешуге қол ұшын беру және азаматтардың белсенділігін арттыру болып табылады. Еріктілердің іс-әрекетін мазмұнына қарай шартты түрде мынадай негізгі бағыттарға бөлуге болады:

1. Әлеуметтік бағыт

Әлеуметтік сала – еріктілер қызметінің ең кең тараған бағыты. Бұл салада еріктілер қарттар үйлеріне, жетім балаларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетеді. Мысалы, қарт адамдарға азық-түлік жеткізу, тұрмыстық мәселелерін шешуге жәрдем беру, жалғызбасты аналарға қолдау көрсету – еріктілердің тұрақты жұмыстарының бірі. Бұл бағыттағы қызмет әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етіп, қоғамдағы бірлік пен жанашырлықты нығайтады [6].

2. Экологиялық бағыт

Соңғы жылдары экологиялық волонтерлік ерекше қарқын алды. Қазақстанда жастар «Жасыл ел» бағдарламасы аясында ағаш отырғызу, қалаларды көгалдандыру, өзен-көлдерді тазалау жұмыстарын жүргізіп келеді. Сондай-ақ, экологиялық ұйымдар табиғатты қорғау, пластик қалдықтарды азайту, қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыруға атсалысады. Мұндай қызмет жастардың экологиялық санасын арттырып, табиғатты аялауға баулиды.

3. Мәдени-ағартушылық бағыт

Бұл салада еріктілер әртүрлі мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға, тарихи ескерткіштерді сақтау мен насихаттауға қатысады. Кітапханаларда, музейлерде, театрларда еріктілер келушілерге көмек көрсетіп, мәдени жобаларды жүзеге асыруға қолдау білдіреді. Сонымен қатар, жастар арасында рухани құндылықтарды насихаттауға бағытталған ағартушылық жұмыстар да жүргізіледі.

4. Білім беру бағыты

Білім беру саласындағы еріктілер балаларға қосымша сабақ өткізуге, ауыл мектептеріне кітап жинауға, ҰБТ-ға дайындық бойынша тегін сабақтар ұйымдастыруға көмектеседі. Әсіресе пандемия кезінде еріктілер қашықтықтан оқытуда интернетке қолы жетпеген оқушыларға қолдау көрсетіп, онлайн сабақтар жүргізді. Бұл жастардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуде маңызды болды.

5. Төтенше жағдайлардағы еріктілер қызметі

Табиғи апаттар, төтенше жағдайлар кезінде еріктілер алдыңғы қатарда жүреді. Су тасқыны, өрт, пандемия сияқты қиын кезеңдерде еріктілер халыққа көмек көрсетіп, құтқарушыларға қол ұшын береді. Бұл олардың қоғамдағы жауапкершілігін көрсетеді.

Еріктілер қызметінің маңызы.Еріктілер қозғалысының қоғам үшін маңызы зор. Біріншіден, ол азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады. Еріктілік арқылы жастар қайырымдылық пен жанашырлықты үйренеді, бұл олардың тұлғалық дамуына ықпал етеді. Екіншіден, еріктілер мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайтады. Үкімет пен халық арасындағы өзара қолдау азаматтық қоғамды дамытады. Үшіншіден, еріктілер қозғалысы елдің бірлігін күшейтіп, жастарды пайдалы істерге жұмылдырады [7].

Жалпы алғанда, еріктілер қызметінің негізгі бағыттары тек әлеуметтік көмекті ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы мәдени, экологиялық және білім беру салаларын дамытуды көздейді. Ол азаматтық белсенділікті арттырып, әрбір адамның қоғамдағы рөлін сезінуге мүмкіндік береді.

4-тарау. Еріктілер қызметінің халықаралық тәжірибесі және Қазақстанға ықпалы

Еріктілік тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде азаматтық қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды құбылыс болып саналады. Әлем елдерінің тәжірибесін талдау арқылы Қазақстандағы еріктілер қозғалысын жетілдіруге болатын тиімді жолдарды анықтауға болады.

1. Халықаралық тәжірибе

АҚШ-тағы еріктілік

АҚШ еріктілер қозғалысы ең дамыған мемлекеттердің бірі болып есептеледі. Мұнда еріктілер қызметі мектептен басталады: оқушылар мен студенттер міндетті түрде қоғамдық пайдалы істерге қатысады. Үлкен университеттердің барлығында «волонтерлік орталықтар» бар. Американдықтар үшін еріктілік – кәсіби тәжірибе жинақтаудың, жаңа таныстар табудың және қоғамға үлес қосудың маңызды жолы болып есептеледі.

Еуропадағы тәжірибе

Германия, Франция, Ұлыбритания секілді елдерде еріктілер ұйымдары мемлекет тарапынан заң жүзінде қолдау табады. Мысалы, Германияда «Фрайвиллигес Йар» (еріктілер жылы) бағдарламасы бар, ол жастарға бір жыл бойы әлеуметтік мекемелерде жұмыс істеп, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама арқылы еріктілер әлеуметтік салада тәжірибе алып қана қоймай, кейін мамандық таңдауда үлкен артықшылыққа ие болады.

Азиядағы тәжірибе

Жапонияда еріктілер қозғалысы ұлттық дәстүрмен тығыз байланысты. Жапон халқы табиғи апаттар кезінде бір-біріне жаппай көмек көрсетіп, бүкіл қоғам болып жұмыла әрекет етуімен ерекшеленеді. Ал Қытайда еріктілер қозғалысы студент жастардың бастамасымен дамып келеді. Университеттерде міндетті еріктілік бағдарламалары енгізілген, жастар білім беру, экология, медицина салаларында белсенді қызмет атқарады.

БҰҰ аясындағы еріктілер қозғалысы

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) арнайы «БҰҰ еріктілері» (UN Volunteers) бағдарламасы бар. Бұл бағдарлама әлемнің 150-ден астам елінде жұмыс істейді. Оның мақсаты – халықаралық ынтымақтастықты нығайту, дамушы елдерге әлеуметтік, экономикалық және гуманитарлық көмек көрсету. Қазақстан жастары да осы бағдарламаға қатысып жүр [8].

2. Қазақстанға ықпалы

Халықаралық тәжірибелер Қазақстандағы еріктілер қозғалысының дамуына айтарлықтай әсер етті. Соңғы жылдары елімізде волонтерлік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар іске қосылды:

- **«Жасыл ел» бағдарламасы** экологиялық тәжірибені ескеріп, жастарды табиғатты қорғауға жұмылдырды.
- **«Birgemiz» ұлттық жобасы** әлеуметтік көмек, экология, мәдени-ағартушылық және білім беру салаларындағы волонтерлерді біріктірді.
- **«Волонтер жылы – 2020»** аясында Қазақстанда мыңдаған жастар әлеуметтік жобаларға тартылды. Бұл халықаралық тәжірибені ескерудің нақты нәтижесі болды.
- Халықаралық тәжірибенің Қазақстанға ықпалы бірнеше бағытта көрінеді:
- Волонтерлік қызметті заң жүзінде қолдау (2016 жылы «Волонтерлік қызмет туралы» заң қабылданды).
- Университеттер мен мектептерде еріктілік бағдарламаларын енгізу.
- Жастардың кәсіби тәжірибе жинақтауына еріктілік арқылы жағдай жасау.

Қазақстан жастарының халықаралық еріктілер қозғалыстарына қатысуы арқылы тәжірибе алмасу. Жалпы алғанда, халықаралық тәжірибе Қазақстандағы еріктілер қозғалысының сапалық дамуына ықпал етті. Әлемдік үлгілерді пайдалану арқылы елімізде еріктілік азаматтық қоғамның маңызды құрамдас бөлігіне айналып келеді. Еріктілік жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, олардың өз елінің дамуына үлес қосуына жол ашады.

Қорытынды. Осылайша, зерттеу нәтижесінде еріктілер қозғалысының қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына едәуір ықпал ететін құнды қоғамдық құбылыс екендігі анықталды. Еріктілер қызметі тек қана халықтың әртүрлі қажетті топтарына көмек көрсетумен шектелмейді, сонымен бірге азаматтардың тұлғасында жауапкершілік сезім, инабаттылық, ынтымақтастық және отансүйгіштік сияқты ізгі қасиеттерді тәрбиелеуге және қалыптастыруға үлес қосады.

Қазақстанда еріктілер қозғалысы тәуелсіздік алған алғашқы жылдарынан бастап эволюциялық даму жолынан өтіп, қазіргі таңда нәтижелі мемлекеттік қолдау мен назардың арқасында кең көлемге ие болды. «Волонтерлік қызмет туралы» Заңның қабылдануы және 2020 жылдың «Еріктілер жылы» деп жариялануы бұл бағыттағы шешуші қадамдар болып табылады, бұл еріктілердің заңды мәртебесін бекітіп, олардың қоғамдағы беделін айтарлықтай арттырды.

Бүгінгі күні еріктілер қызметі білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, экология, әлеуметтік қамсыздандыру сияқты қоғам өмірінің өзекті салаларында тиімді жүзеге асырылып келеді. Бұл қызмет тек жастарға тәжірибе жинақтауға және кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар азаматтық қоғам институттарының нығаюына нақты үлес қосады деген үміттеміз. Осының барлығы негізінде, еріктілер қозғалысын әрі қарай дамыту – бұл жеке әлеуметтік серіктестіктерді қолдау мәселесі ғана емес, сонымен бірге Қазақстан қоғамының рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтатын, оның бірлігі мен болашақ табысты дамуына деген сенімін терендететін стратегиялық маңызы зор әлеуметтік институт екендігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы» Заңы, 30.12.2016 ж №483-V

2. Нысанбаев Ә.Н., Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет, Алматы: Жеті жарғы, 2006, 114-б.
3. Садовничий В.А., Социальная активность молодежи, Москва: Просвещение, 2012, 92-б.
4. Семенова В.В., Гражданское общество и социальные практики, Москва: Наука, 2011, 75-б.).
5. Сапарғалиева Г., Қазақстандағы азаматтық қоғам институттарының дамуы, Алматы: Қазақ университеті, 2014, 56-б
6. Бекжанова Ә., *Әлеуметтік жұмыс негіздері*, Алматы: Қазақ университеті, 2019, 142-б.
7. Clary E.G., Snyder M. The Motivations of Volunteers: Theoretical and Practical Considerations // Current Directions in Psychological Science. – 1999. – Vol. 8(5). – P. 156-159.

ӘОЖ 331.08

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Сейткулова Д.Р., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі қоғамдағы жаһандану, цифрландыру және білім сапасына қойылатын жоғары талаптар білім беру ұйымдарында персоналды басқару жүйесін жетілдіруді қажет етеді. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру, мотивациясын көтеру және тиімді басқару тетіктерін енгізу - білім беру сапасының басты кепілі. Сондықтан заманауи мектептер мен колледждерде персоналды басқару жүйесі стратегиялық маңызға ие болып отыр.

Персоналды басқару жүйесінің мәні мен маңызына келетін болсақ, персоналды басқару -ұйымның кадрлық әлеуетін қалыптастыру, дамыту және тиімді пайдалану процесі. Білім беру ұйымдарында бұл жүйе төмендегі бағыттарды қамтиды:

- кадрларды іріктеу және орналастыру - педагогтарды кәсіби стандарттарға сәйкес таңдау;
- кәсіби даму - мұғалімдердің біліктілігін арттыру, заманауи әдістемелерді меңгеру;
- мотивация және ынталандыру - еңбекақы жүйесін жетілдіру, марапаттау тетіктері;
- персоналды бағалау - кәсіби қызмет сапасын мониторинг арқылы бақылау;
- ұйымдық мәдениетті дамыту - қолайлы психологиялық климат қалыптастыру.

Білім беру ұйымдарының тиімді жұмысы көбінесе персоналды басқару әдістерінің жиынтығын сауатты пайдалануға байланысты. Қызметкерлер ұйымдағы басқарудың ең күрделі нысандарының бірі болып табылады, өйткені материалдық факторлардан айырмашылығы, қызметкерлер шешім қабылдауға және оларға қойылатын талаптарды сыни бағалауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар субъективті қызығушылықтарға ие және реакциясы анықталмаған басқару әсеріне өте сезімтал [1].

Персоналды басқару - жұмыскерлерді тиімді пайдалану бойынша барлық ұйым басшылары мен кадр қызметінің атқаратын міндеті. Жоғары кәсіби деңгейде жүргізілетін персоналды басқару - білікті кадрларға деген қажеттілікті толығымен және уақытылы қамтамасыз етуге; жұмыскерлердің білімін, іскерлігін, дағдыларын тиімді пайдалануға; еңбек ақы төлеу жүйесін және мотивацияны жетілдіруге; персоналдың шығармашылық белсенділігін ынталандыруға; қолайлы әлеуметтік-психологиялық климатты құру мен оны сақтауға мүмкіндік береді [2].

Қазіргі қоғамның білім саласындағы өзекті мәселесі - әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейім және өзі өмір сүріп жат-қан қоғамды өзгертетін тұлға қалыптастыру. Қоғамда өмір сүруге бейім тұлға шығармашыл, интеллектісі жоғары, белсенді, әлеуметтік жауапкершілігі мол, ой-өрісі кең, терең білімді, кәсіби сауатты болуы тиіс.

Мысалы мектепке жаңа келген жас маман тәжірибелі мұғалімнің тәлімгерлігі арқылы бейімделеді, ал бұл - персоналды басқарудың бір бөлігі деп анық айта аламыз.

Бүгінгі таңда педагогикалық кадрлар сапасы білім беру жүйесінің тиімділігін анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Білім беру жүйесіндегі қазіргі жағдайлар мен проблемалар туралы айтар болсақ, Қазақстандағы білім беру ұйымдарында персоналды басқару жүйесі бірқатар қиындықтарға тап болып отыр:

1. Кадр тапшылығы және жас мамандардың тұрақтамауы салдарынан ауылдық мектептерде маман жетіспеушілігі байқалады;

2. Педагог мамандығының беделінің төмендеуі бойынша қоғамда мұғалім мәртебесін арттыру мәселесі әлі де өзекті болып тұр;

3. Мотивацияның жеткіліксіздігі мұғалімдердегі еңбекақының төмендігі, қосымша жүктеменің көптігімен сипатталады;

4. Цифрлық құзыреттіліктің жеткіліксіздігінің негізгі сипатына жаңа технологияларды меңгеру қиындықтарын жатқызуға болады;

5. Кәсіби даму жүйесінің формальділігіне келспе, бұл жерде оқытылатын курстардың сапасы әрқашан тиімді еместігі сөзге тиек болады.

Бұл проблемаларды шешу үшін персоналды басқарудың жаңа тәсілдері қажет екені белгілі, осы орайда қазіргі білім беру ұйымдарында персоналды басқаруды жетілдіру үшін төмендегідей бағыттарды ұсынуға болады:

1. *Стратегиялық кадрлық жоспарлау*. Әрбір білім беру ұйымы өзінің даму стратегиясына сәйкес кадрлық саясатты қалыптастыруы тиіс. Бұл - кадр тапшылығын алдын ала болжау, резерв құру, жас мамандарды тартуды реттеуге септігін тигізеді.

2. *Мотивациялық жүйені жаңарту*. Мұғалімдердің еңбегін материалдық және моральдық тұрғыда ынталандыру маңызды. Бұл орайда үздік педагогтарды марапаттау, қосымша үстемақылар төлеу, бонустық жүйе енгізу тиімділік береді.

3. *Кәсіби даму мен цифрлық құзыреттілікті арттыру*. Заманауи педагог тек пәндік біліммен шектелмеуі тиіс. Ол үшін IT технологияларды меңгеруді, инновациялық әдістерді қолдану бойынша тұрақты оқыту бағдарламаларын жетілдіру қажет.

4. *Жас мамандарды бейімдеу және ұстап қалу*. Менторлық жүйе, тәжірибелі педагогтар тарапынан тәлімгерлік, әлеуметтік қолдау шаралары жас мұғалімдердің мектепте тұрақтап қалуына ықпал ету үшін атқарылатын жұмыстар біраз.

5. *HR-технологияларды енгізу*. Персоналды басқаруда электрондық жүйелерді пайдалану - деректерді автоматтандыру, қызметкерлердің кәсіби дамуын бақылау, бағалау және рейтинг жүргізу үшін тиімді құрал болып табылады.

Кадр саясатының басты мақсаты - педагогтардың кәсіби деңгейін жетілдіру арқылы білім сапасын арттыру. Оған бірнеше мысал келтіруге болады:

Іріктеу және бейімдеу. Университеттерде оқытушыларды жұмысқа қабылдағанда ғылыми дәрежесіне, тәжірибесіне, зерттеу жобаларына қатысуына мән беріледі.

Кәсіби даму. Мектеп мұғалімдері үшін «Өрлеу» біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылады.

Ынталандыру. Жоғары оқу орындарында үздік оқытушыларға «Жылдың үздік оқытушысы» гранты беріледі.

Сонымен қатар, білім беру саласында қызметкерлердің мотивациясы ерекше рөл атқарады. Мұғалімнің кәсіби қызығушылығы мен оқытудағы шығармашылығы - білім беру сапасының кепілі. Сондықтан ынталандыру жүйесі тек жалақымен шектелмей, кәсіби жетістіктерді мойындау, марапаттау, ғылыми-зерттеу қызметін қолдау сияқты моральдық ынталандыруды да қамтуы қажет.

Мұғалімнің еңбегін бағалау - персоналды басқарудың маңызды бөлігі екені белгілі, келесідей үш ынталандыру түрін мысал ретінде ұсынуға болады:

Материалдық ынталандыру. Қазақстанда 2020 жылдан бастап мұғалімдердің жалақысы кезең-кезеңімен өсірілуде.

Моральдық ынталандыру. «Үздік педагог» мемлекеттік конкурсы арқылы мұғалімдердің еңбегі еленіп, марапатталады.

Шығармашылық ынталандыру. ЖОО-да ғылыми-зерттеу жобаларына қатысқан оқытушылар гранттар алып, кәсіби деңгейін арттырады.

Білім беру ұйымдарында персоналды басқару - стратегиялық маңызы бар процесс болып табылады. Ол тек кадрлық ресурстарды тиімді пайдалануды ғана емес, педагогикалық ұжымның кәсіби әлеуетін дамыту мен білім сапасын арттыруды көздейді. Заманауи басқару әдістерін қолдану арқылы білім беру ұйымдары қоғам талаптарына сай бәсекеге қабілетті кадрлар дайындап, тұрақты даму жолына түсе алады.

Бүгінде білім беру ұйымдары классикалық басқару үлгілерінен заманауи әдістерге көшуде:

Құзыреттілікке негізделген басқару. Мысалы, Назарбаев Университеті оқытушыларын іріктеу кезінде тек дипломына емес, зерттеу әлеуетіне және халықаралық тәжірибесіне ерекше назар аударады.

Коучинг және менторинг. Жас мұғалімдерге тәжірибелі ұстаздар тәлімгер болып, кәсіби өсуіне қолдау көрсетеді.

HR-аналитика. Кейбір жоғары оқу орындарында қызметкерлердің жүктемесін, ғылыми жарияланымдарын, студенттердің бағалау нәтижелерін цифрлық жүйе арқылы бақылап, кадрлық шешімдер қабылданады.

Цифрлық құралдар. Мектептерде «Kundelik.kz» сияқты платформалар мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, ата-ана мен оқушы арасындағы байланысты күшейтуде.

Қазіргі білім беру ұйымдарында персоналды басқару жүйесін жетілдіру - білім сапасын арттырудың негізгі факторы десек қателеспейміз. Бұл үшін кадрлық саясатты жаңғырту, педагог мәртебесін көтеру, мотивацияны күшейту және цифрлық трансформацияны енгізу қажет. Жаңаша ойлайтын, кәсіби дамуға ұмтылатын педагогтарды қалыптастыру - білім беру жүйесінің басты мақсаты.

Қорыта айтқанда, білім беру ұйымдарында персоналды басқару - тек кадрлық ресурстарды басқару ғана емес, педагогикалық ұжымның дамуына, олардың кәсіби және шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған кешенді жүйе. Заманауи басқару тәсілдерін қолдану арқылы мектептер мен жоғары оқу орындары білім сапасын арттырып, қоғам талабына сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бахтыгазинова, М. К. Білім беру ұйымының қазіргі кезеңдегі персоналды басқару жүйесінің ерекшелігі / М. К. Бахтыгазинова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2021. — № 2 (344). — С. 295-297. — URL: https://moluch.ru/archive/344/77360/.

2. Нұрсейтова Г.Б. Персоналды басқару: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 98 б.

3. Әбенова С.С. Білім беру менеджменті. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

4. ҚР БҒМ. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020.

УДК 37.017

АКТУАЛЬНОСТЬ И ЗНАЧИМОСТЬ ВЗГЛЯДОВ Е.А. БУКЕТОВА ДЛЯ БУДУЩИХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ

Сардова А.Ю., Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан
Яковенко И.В., Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

В условиях двадцать первого века, когда активно развиваются цифровые технологии, а искусственный интеллект способен найти ответ на любой вопрос и выполнить то, на что ранее был способен только человек, люди не перестают учиться, познавать новое и поступать в учебные заведения, собираясь в дальнейшем построить достойную карьеру. Согласно данным Электронной биржи труда и департамента прогнозирования Центра развития трудовых ресурсов на 2023-2024 годы: «Среди вакансий на Enbek.kz 40% относятся к сферам образования и здравоохранения, по 8% – к сферам обрабатывающей промышленности, сельского хозяйства и торговли, 7% – к строительной» [1]. Представленные данные свидетельствуют о том, что педагогические специальности особо востребованы и в настоящее время, поэтому одной из основных задач развития образования в Республике Казахстан является не только подготовка квалифицированных специалистов, но и воспитание педагогов нового поколения – тех, кто сможет стать личным примером и моральным ориентиром для учащихся.

В этом контексте особую актуальность приобретает философское и педагогическое наследие академика Евнея Арстановича Букетова, выдающегося учёного в области химии и металлургии, талантливого писателя, доктора технических наук. Философский взгляд на мир и общественную деятельность, а также глубокое понимание человеческих отношений сформировались у него под влиянием личного примера, как членов его семьи, так и учителей. В двадцать первом веке, веке информационно-коммуникационных технологий, автоматизации и неограниченных возможностей, когда общество сталкивается с новыми вызовами, идеи Букетова о нравственной ответственности и духовности приобретают особую актуальность во всех сферах, в том числе и в сферах образования.

Букетов в своих трудах отмечал, что главная ценность общества – это человек и человеческие отношения. Педагоги, как в школах, так и в высших учебных заведениях являются главным примером для своих учеников, поэтому приоритетом в подготовке студентов педагогических специальностей должен являться не только процесс передачи знаний, а также процесс воспитания личности самого преподавателя, способного уважать и понимать учащихся.

Согласно результатам проведенного опроса студентов из 6 ведущих высших учебных заведений Казахстана, 65% опрашиваемых, то есть больше половины, считают, что искусственный интеллект способен полностью заменить педагогов, и лишь 35% учащихся считают, что искусственный интеллект может только помочь преподавателям, но не способен полноценно выполнять их работу [2]. Исходя из этих данных, большинство студентов, принявшие участие в опросе, утратили ценность живого общения с педагогами, которые могут поделиться бесценным опытом и стать личным примером для совершенствования.

В своем сборнике «Шесть писем другу» Евней Арстанович подчеркивает важность личного примера и общения с преподавателями в процессе получения образования. Он верил, что педагог — это не просто источник передачи информации, а наставник, способный передавать нравственные ориентиры и жизненный опыт. Так он вспоминал своих учителей: учителя истории Ивана Анатольевича, глядя на которого мечтал попасть в учительский институт и стать учителем «причем непременно учителем истории» [3, С.20]; учителя химии и биологии Анну Агеевну, у которой «в самой высшей степени сочетается глубочайшая добросовестность…с абсолютно полным отсутствием даже намеков на умиление и восторг от собственных деяний» [3, С.50]; и Аграфевну Петровну, которая говорила, что «в науке нет широкой столбовой дороги, и только тот достигнет ее сияющих вершин, кто, не страшась усталости, карабкается по ее каменистым тропам» [3, С.39].

Евней Арстанович Букетов не только говорил о ценности личности, но и призывал к конкретным действиям, направленным на оказание помощи другим. Для него гуманизм был настоящим призванием человека поддерживать тех, кто оказался в сложной жизненной ситуации, и помогать слабым.

Данная идея является особо актуальной с учетом изменений нынешней системы образования, когда активно развивается система инклюзивного образования, основой которой является включение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательный процесс. В настоящее время студенты педагогических специальностей должны обучаться находить подход не только к нормотипичным детям, но и владеть навыками взаимодействия с детьми разных категорий: с нарушениями опорно-двигательного аппарата, с расстройствами аутистического спектра, с задержкой психического развития, с нарушением эмоционально-волевой сферы и с нарушением интеллекта. Будущим педагогам необходимо обладать развитым чувством эмпатии, они обязаны стремиться помочь усвоить программный материал всем учащимся, вне зависимости от их возможностей и социального положения.

Эти идеи находят продолжение в современной практике педагогического образования, где особое место занимает волонтёрская деятельность студентов. Таким образом, в высших учебных заведениях Казахстана успешно реализуют свою деятельность волонтёрские клубы, в которых студенты педагогических специальностей помогают детям с особыми образовательными потребностями, принимают участие в благотворительных ярмарках и акциях.

Ярким примером является волонтерский клуб «Meyirim» педагогического факультета Карагандинского Национального исследовательского университета имени Е.А. Букетова, цель которого заключается в оказании социальной помощи всем нуждающимся [4]. Студенты 1-4 курсов организовывают досуговые мероприятия, ярмарки

и благотворительные акции, посещают специальные школы для детей с особыми образовательными потребностями, а также в преддверии праздников навещают детей, которые обучаются на дому. Подобная деятельность не только способствует социальной адаптации и интеграции детей с особенностями в развитии, но и формирует у будущих педагогов важные профессиональные качества: эмпатию, терпение и ответственность. Волонтерская деятельность клуба «Meyirim» также способствует раннему включению студентов педагогических специальностей в образовательный процесс для получения ценного опыта уже на начальных этапах обучения в стенах университета.

Таким образом, у будущих педагогов формируется четкое понимание, что они должны стремиться стать не просто «проводниками» знаний, а последователями принципов гуманизма, готовыми организовывать комфортное образовательное пространство, основанное на уважении, взаимопомощи и взаимопонимании.

В трудах и общественной деятельности Букетова ярко прослеживается мысль о нравственной ответственности интеллигенции перед народом. В рядах интеллигенции во все времена стояли и будут стоять педагоги, которые ответственны за формирование будущего страны, а именно за обучение и воспитание подрастающего поколения. В условиях двадцать первого века педагог должен быть не просто источником знаний, но и личным примером честности и справедливости.

В настоящее время, время активного развития информационных технологий, многие студенты пренебрегают нравственными принципами обучения. Согласно исследованиям Центра Академической честности более 75% студентов прибегают к списыванию, 68,1% опрошенных не считают, что списывание и плагиат является нарушением академической честности, а 66% студентов выдавали работы других авторов за свои собственные [5].

Человек должен быть честен не только по отношению к окружающим, но в первую очередь с самим собой, однако многие студенты пренебрегают этим, когда, выбирая специальности при поступлении, основываются не на собственных желаниях и возможностях, а на таких второстепенных факторах, как размер получаемой стипендии. Согласно информационному порталу Zakon.kz, у студентов медицинских и педагогический специальностей в настоящее время размер стипендии превышает ежемесячную выплату за обучение студентам остальных специальностей [6]. Именно это является также одной из главных причин, почему многие выпускники школ, не смотря на отсутствие желания и стремления работать в данных сферах, выбирают специальности из вышеперечисленных двух направлений, тем самым обманывая самих себя. Сам Евней Арстанович в одном из писем рассказывал о том, что пренебрег своей давней детской мечтой, которая была привита ему учителем истории Иваном Анатольевичем, стать непосредственно педагогом истории, из-за увеличенной стипендии в горно-металлургическом институте. «…это было совершенной случайностью, связанной с моей бесхарактерностью» [3, С.77-78], - говорит сам Букетов. Несмотря на это, благодаря колоссальным усилиям и тяжелому труду Евнею Арстановичу все-таки удалось достичь высоких результатов и стать великим ученым в области химии и металлургии.

Большинство современных студентов относятся к процессу обучения как к набору формальных требований, которые можно позволить себе выполнить с минимальными усилиями. Студенты забывают, что педагог — это человек, который через свое обучение берет ответственность за всех детей, которых он будет обучать в дальнейшем, а для этого нужно быть честным в первую очередь с самим собой, выполнять все задания на совесть, стараясь самостоятельно достигнуть результатов, чтобы, как говорил Букетов: «не допустить отклонений от истины» [3, С.69].

Достижения Букетова, философский взгляд на жизнь, его стремление к труду - это не только его личная заслуга, это результат совместной работы семьи, в том числе отца, который призывал Евнея Арстановича учиться, а также его учителей и педагогов, которые своим личным примером показывали, что труд, упорство и искренняя преданность своему делу всегда приводят к большим свершениям. Именно поэтому взгляды Букетова помогают обратить внимание к духовно-нравственным основам образования: уважению к окружающим, формированию у учащихся гуманистического мировоззрения, развитию их внутреннего мира на основе передаваемых знаний и демонстрации личного примера. Идеи выдающего ученого и общественного деятеля по сей день передаются от одного поколения выпускников к другому в стенах Карагандинского Национального исследовательского университета имени академика Е.А.Букетова, являясь основой для воспитания нового поколения педагогов, которые будут вдохновляться его примером и совершать новые открытия в науке.

Список использованной литературы

1. Краткосрочный прогноз вакансий на 2025 год [Электронный ресурс] / Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. – 2025. – Режим доступа: https://surl.li/jiwglr. – Дата доступа: 29.08.2025

2. Персонализированное обучение на основе искусственного интеллекта: мнение студентов. / Е.А. Спирина, Д.А. Казимова, Д.А. Турмуратова, С.С. Копбалина, Г.Н. Турсынгалиева // Өрлеу. Вести непрерывного образования. – 2025. – №1. — С. 58-66.

3. Букетов Е.А. Шесть писем другу. – Алма-Ата.: Жалын, 1989. – 289 с.

4. Волонтерское движение и соц проекты для студентов [Электронный ресурс] / Карагандинский университет имени Е.А. Букетова. – Караганда, 2025. – Режим доступа: https://buketov.edu.kz/ru/page/volunteer. – Дата доступа: 29.08.2025

5. Академическое мошенничество субъектов постдипломного образования: сущность, текущее состояние / А.Д. Сыздыкбаева, У.М. Абдигапбарова // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. Сер. пед. – 2022. - №3. – С. 167-172. DOI 10.32014/2022Ped3/167-172

6. Брифинг: начало 2025-2026 учебного года: приоритеты и задачи в системе высшего и послевузовского образования [Электронный ресурс] / Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан. – 2025. – Режим доступа https://surli.cc/ooraxq. – Дата доступа: 29.08.2025

ӘОЖ 376.112.4

Е.А. БӨКЕТОВТЫҢ ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТИЗМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Садықов Қ.И., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Иманбетов А.Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Нуркеев Р.Ж., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Кулейменов А.Ж., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Аннотация

Мақалада академик Е.А. Бөкетовтің тұлға тәрбиесі жөніндегі педагогикалық идеялары және олардың жастардың патриотизмін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Ғалымның көзқарастары гуманизм, адамгершілік және үйлесімді дамуды қамтамасыз ету принциптеріне негізделген. Зерттеу барысында патриотизмді қалыптастыруда бастапқы әскери дайындық пен дене шынықтырудың маңыздылығы айқындалады.

Кілт сөздер: Бөкетов, патриотизм, тұлға тәрбиесі, бастапқы әскери дайындық, дене шынықтыру, педагогика.

